ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

«Жаһандану үдерісіндегі білім, ғылым және тәрбие»

атты Байтанаев оқулары – 9 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ

международной научно-практической конференции

Байтанаевские чтения – 9:«Образование, наука и воспитание в процессе глобализации»

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES

international scientific and practical conference
Baitanaev Readings-9: "Education, science and education in the process of globalization»

I том

Шымкент – 2021

ӘОЖ
ББК
Б

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - ОҚМПУ ректоры

Ұйымдастыру алқасы:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы - т.ғ.к., доцент
Бегалиева Рауан Нармаханқызы - п.ғ.к., доцент м.а
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы -т.ғ.к
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы - ф.ғ.к., аға оқытушы
Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы - ф.ғ.к
Ибашова Альмира Байдабековна - п.ғ.к., аға оқытушы
Саулембаев Алтынбай Тагабаевич - г.ғ.к.,аға оқытушы
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы - п.ғ.к., доцент
Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы -п.ғ.к., доцент м.а

**«Жаһандану үдерісіндегі білім, ғылым және тәрбие»
атты Байтанаев оқулары – 9 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы** - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

Сборник научных статей международной научно-практической конференции
Байтанаевские чтения – 9: «Образование, наука и воспитание в процессе глобализации»
«Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES international scientific and practical conference
Baitanaev Readings-9: "Education, science and education in the
process of globalization» Оңтүстік Полиграфия":- Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ӘОЖ
ББК

ISBN

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті сан жылдар бойы білікті педагог мамандар дайындауда өлшеусіз қызмет жасап келеді. Сексен төрт жылдан астам тарихы бар қарашаңырақта белгілі ғалымдар, танымал ұстаздар еңбек етіп, үлкен ғылыми мектептің негізін қалады. Сол тұлғалардың ішінде филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Жоғары оқу мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, соғыс және еңбек ардагері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Әбіш Байтанаевты ерекше атап айтуға болады. Ол қырық жылдан астам осы педагогикалық оқу орнында ұстаздық етіп, қарапайым оқытушылықтан, ғылым докторы, профессор дәрежесіне дейін жетіп, ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Ғалымның «Шын шеберлік», «Абай жолы айшықтары», т.б. монографиялық еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына үлкен үлес қосты. Байтанаев мектебінің университет тарихында ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымында атқаратын ролі зор.

Мәңгілік ел болуды мақсат етіп, татулық пен бірлікті ту еткен тәуелсіз мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңіне қызмет етер жастарды тәрбиелейтін біздің білім ордамызда Байтанаев сынды бірегей тұлғаның өмірі мен еңбегін үлгі-өнеге етіп, ұлықтау мақсатында университетімізде жыл сайын «Байтанаев оқулары» ұйымдастырылады.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған **«Жаһандану үдерісіндегі білім, ғылым және тәрбие»** атты Байтанаев оқулары – 9 халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясында білім беру жүйесіндегі жаңашылдық, педагогикалық креативтілікті қалыптастырудың аспектілері, тілдірдерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері, білім беру мен қолданбалы зерттеулердегі жаңа ақпараттық-математикалық және жаратылыстану ғылыми технологиялары, өнер, мәдениет және спорт ғылымдары төңірегінде ғылыми ой-пікірлер ортаға салынады.

Конференция жұмысы сәттілік тілеймін және сіздерге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОФЕССОР БАЙТАНАЕВ - ҚҰНАНБАЙ ОБРАЗЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы
филология ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данный работе анализируется монография профессор А.Байтанаева роман-эпопея М.Ауезова «Путь Абая». Исследователь рассматримастерство автора во всестороннем раскрыти образа Кунанбая, также изложена новая точка зрения в интерпретации данный проблемы.

Summary

In the article the monography novel by A.Baitanayev «Abay's way» is analyzed. The researcher is investigating the authoris technigues in all lightning of Kunanbayev's personality. New points of view of view of the problem interpretation is e[fmined as well.

Қазақ халқының сан ғасырлық мол тәжірибесінен жинақталған даналық сөз бар. Ол сөз «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді». Белгілі ғалым, профессор, әдебиеттану ғылымының майталманы, «Абай жолы» роман-эпопеясының шын мәніндегі зерттеушісі, «Шын шеберлік» атты монументальды монографияның авторы Әбіш Байтанаұлы Байтанаев осы айтылған екі ұғымның да қасиетті жүгін арқалап ғұмыр кешкен жан. Әбіш Байтанаев сынды ардақты тұлғаның бұл екі қасиетін бір шағын зерттеуде, «Шын шеберлік» атты монография жайлы жазылған еңбекте түгелге жуық қамтып шығу мүмкін емес. Әбіш ағаның жақсы адам ретінде ғұмыр кешкенін дәлелдейтін «Әбіш Байтанаев» атты естеліктер жинағы өткен жылдары жарық көрді, құрастырушы ғалымның қазіргі күні бірден-бір іздеушісі, ғылыми-әдеби мұраларының шырақшысы болып отырған Дина Әбішқызы, бұл жинақта өзіміз де «Әбіш аға және Ақсүмбеліктер» деген дүниемізді жарияладық. Сол себепті де профессор Байтанаевтың ғалым ретінде қалай еңбек еткені, соның ішінде ғалымның төлқұжаты іспеттес басты еңбегі «Шын шеберлік» монографиясында және «Абай жолы» айшықтары» атты зерттеу еңбектеріндегі Құнанбай образының қазіргі таңдағы әдебиеттану ғылымындағы алар орны, мәні мен маңызы жайында ғана айтпақ ойымызды, пікірімізді сабақтаймыз. Тақырыбымыздың атауын да жоғарыдағыдай «Профессор Байтанаев - Құнанбай образы зерттеуші ғалым» деп алуымыздың сыры осында. Әйтседе, жоғарыда атап өтілген «Әбіш Байтанаев» атты естелік кітабы қалың оқырманның қолына жете бермеуі де мүмкін, осы жағдайларды ескере келіп, ұстаз, ғалым, әдебиетші Байтанаевтың мағыналы өмірбаяны, ел алдындағы

еңбек жолы, білім мен ғылымда, мәдениет пен руханият әлеміндегі кейбір қырлары жайында шолу үлгісінде болса да айтып өткенді жөн санадық.

Байтанаев Әбіш Байтанаұлы 1910 жылы 25 желтоқсанда қазіргі Отырар ауданы (бұрынғы Шәуілдір) Ынталы ауылында дүниеге келген, [1.148.] кейбір дерек көздеріне қарағанда ғалымның ата-бабасы Түркістан қаласы төңірегіндегі Тоған деп аталатын жерді мекен еткен. Әбіш Байтанаевтың білім жолындағы сапары кеңес дәуірінің алғашқы аласапыран жылдарымен сәйкес келді. 1927 жылы № 5 Түркістан қалалық мектебін жақсы үлгеріммен бітірген ол одан әрі Алматы қаласындағы жерге орналастыру техникумының алғаш дайындық бөлімінде, кейін осы оқу орнын үздік бітіріп, аталған техникумда оқытушылық қызметте қалып, еңбек жолын бастайды. Қазақ халқының басына нәубет болып келген 1932-1933 жылдары әскер қатарына алынып қызмет етеді, 1933 жылы елге оралған ол 1936 жылдың зобалаңына дейінгі аралықта «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде журналистік қызмет атқарады, бөлім меңгерушісі болып абырой мен құрметке ие болады. Бұдан кейінгі жылдары ұстаздық қызметке қайта оралады, 1936-39 жылдары Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, 1939-41 жылдары Шымкент қаласындағы №26 мектепте орыс тілі пәнінен сабақ береді. 1941 жылы өз еркімен сұранып соғысқа кеткен ол 1943 жылы жараланып, денсаулығының жарамсыздығына байланысты елге оралады. Сұрапыл соғыстан жаралы оралғанына қарамастан өзінің туған өлкесі Шәуілдірге қайта оралып, аудандық партия, совет қызметіне белсене араласты. Мемлекеттік қамсыздандыру саласында және аудандық газетті басқарған жауынгерді 1945 жылы Шымкент қаласына, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне қызметке шақырады. Сұрапыл соғыста жеңіске жеткен елінің өр рухын асқақтатуға бар күш-жігерімен үлес қосқан журналист Байтанаев газеттің жауапты хатшысы болып еңбек етті. Ұстаздық, журналистік жұмысты қат-қабат атқарған Байтанаев ендігі кездегі ел тыныштығын пайдаланып жоғары кәсіптік білім алуға ұмтылды, нәтижесінде 1948 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын сырттай оқып, оқу орнын үздік бітіріп шықты. 1947 жылы Шымкенттегі мұғалімдер дайындайтын екі жылдық институтқа (1953 жылдан пединститут) оқытушылық қызметін бастаған ол 40 жылдан астам осы оқу орнында еңбек етті, көп жылдар бойы кафедра меңгерушісі болып абыроймен еңбек етті, аталған оқу орны кейініректе М.Әуезов атындағы Шымкент педогогикалық институты болып, оңтүстік өлкесіндегі педагог мамандар дайындайтын қара шаңыраққа айналды, ғалым аталған оқу орнында 40 жыл тапжылмай еңбек етіп, ғұмырын арнады, 1988 жылы жылы құрметті демалысқа шықты. Бұдан кейінгі жылдары да қарт ұстаздың қаламы қолынан түскен жоқ, әрбір оқу жылы басталғанда өзінің бүкіл мағыналы ғұмыры өткен пединситутына арнайы келіп, шәкірттеріне батасын беріп кетуден жаңылған жоқ, 1993 жылдың 3 маусым күні ұзаққа созылған ауыр науқастан көз жұмды.

Ғалымның ұзақ жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ, «Еңбек Қызыл ту» орденімен, (1986) және көптеген медальдармен, құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

Әбіш Байтанаев ұстаздық еңбегінің бір парасын ұдайы ғылыммен ұштастырды, нәтижесінде 1956 жылы «Жамбыл Жабаевтың ақындық өнері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаса, 1971 жылы «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазудағы шеберлігі» деген тақырып аясында докторлық диссертация қорғады. Ғылым-білімге сіңірген ұзақ еңбегі үшін 1981 жылы «Қазақ ССР Жоғарғы оқу орнының еңбек сіңірген үздік қызметкері» деген құрметті атаққа ие болды. 1986 жылы профессор атағын алды.

Әбіш Байтанаевтың ғылым көкжиегінде де өз ізі қалды. «Шын шеберлік» (1969), «Абай жолы» эпопеясының образдар жүйесі» (1970), «Абай жолы» айшықтары» (1995), «Әдебиет теориясын орта мектептерде оқыту» (Әдістемелік нұсқау, 1988), «С.Ерубаевтың творчествосы туралы» (1978), «Жамбыл Жабаев» (1957), «Саттар Ерубаев» (1958), т.б. сан алуан ғылыми еңбектері бар. Сонымен қатар ғалым Байтанаевтың жазушылық өнерде («Дәл төртте» новелла), драматургия жанрында («Замандастар»), аударма саласында («Қарауыл», М.Зощенкодан), тіпті сонау 50 жылдардың соңында қытай жазушысы Лу Синьнің әңгімелері мен повестерін де қазақ тілінде сөйлетіпті, әрине орыс тілі арқылы болу керек.

«Шын шеберлік» ғалым Байтанаевтың төлқұжаты дейтіндей монографиялық еңбек, олай дейтініміз ғалым дәл осы еңбегі арқылы докторлық диссертация қорғады. Еңбек өзара сабақтастықта, ғылыми теориялық тұтастықта жазылған төрт тараудан тұрады. Ол тараулардың тақырыптары төмендегідей: «Абай жолының» сюжеттік желісі», «Эпопеяның композициялық құрылысы», «Абай жолының» тіл мәдениеті жайлы», «М.Әуезовтің әдебиеттік стилі туралы». Ғылыми монографияда жоғарыда атап көрсеткеніміздей кіріспе немесе алғысөз болмағанымен, көлемді, тиянақты жазылған қорытынды бар. Еңбек М.Әуезов жайлы, кемеңгер жазушының «Абай жолы» деп аталатын роман-эпопеясы жайлы.

Зерттеуші ең алдымен «Абай жолының» сюжеттік желісін» басты нысана, зерттеу обьектісі еткен. Әуезов әлеміне көп ғалымдар барды, жазушы мұраларына әр қырынан барлау жасады. Қ.Сәтпаев, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Ы.Дүйсенбаев, т.б. зерттеулері, ал алғашқы монографиялық очерктерді З.Кедрина, А.Нұрқатов жазды. Аға буын өкілдерінің ізін ала осындай күрделі тақырыпқа барған Әбіш Байтанаевтың бұл монографиялық еңбегі кейінгі кезеңдегі осы ғажайып дәстүрді жалғастырған З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Мырзахметов, К.Сыздықов, Т.Жұртбаев сынды ғалымдардың ізденісіне бағдаршам болды, жол көрсетті, дәстүр сабақтастығын дамытты.

Әлем әдебиетінің алтын қорына енген роман-эпопеяның сюжеттік желісі жайында сөз қозғаған ғалым бұл жетістікті былай түсіндіреді: «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының даңқы әлемді дүбірлетуінің бір себебі – оның ішкі көркемдік мазмұнға барынша молыққандығы еді»,-деп бір түйсе, осы ойын

одан әрі: «Көркемдік мазмұнның бірден-бір таянышы сюжеттік желінің күшті, шебер шығуында»,-деп [2.3.] тиянақтайды. «Эпопеяның композициялық құрылысы» жайында зерттеу жазып отырған ғалым енді бірде: «Композиция құрамына не жатады?» - деп сұрақ қояды және одан әрі осы композиция құрамына «аңыздау, бейнелеу, суреттеу, баяндау, мазмұндау, мінездеу, портреттеу, пейзаж, диалог, монолог, эпилог, т.б., сонымен бірге сюжеттен тыс элементтер: шегініс, көмкеру, т.б. жатады»,-деп түсінік береді. Ғалымның бұл пікірін кейінгі кездегі зерттеулермен, соның ішінде академик әдебиеттанушы З.Ахметов пікірімен салыстыра қарастырдық. «Композициялық тәсілдер алуан түрлі. Солардың ішінде екі нәрсені салыстыра суреттеу немесе қарама-қарсы қойып суреттеу жиі кездеседі. Бұларға қоса, шығарманың композициялық құрылысын белгілеуде елеулі орын алатын ерекшеліктер: уақиға автордың, автордан басқа баяндаушының атынан айтылуы немесе кейбір тұстарда болған жағдайлар шығармадағы кейіпкердің көзімен көрген қалпында алынып, соның ұғым-түсінігі арқылы берілуі»,- деп [3.182] келетін пікірлердің арасында ортақ ұғым бар екеніне қапысыз көз жеткізуге болады. Ғалым Байтанаевтың тағы ерекшелігі кез-келген теориялық тұжырымын одан әрі тиянақтап, түсіндіріп, нақты мысалдармен дәлелдеп отыруы қатты қызықтырды, соның дәлелі жоғарыда композиция құрамында болатын бөлшектердің деніне жеке-жеке тоқталып, түсінік беріп отырған. Мысалы: «Композиция құрамының үлкен бір тетікті мәселесінің бірі – мінездеу. Жазушыларымыздың шығармаларында көп орын алатын бейнелеудің мол тетігі – осы», -деп атап көрсеткен ол енді бірде: «Композиция құрамының негізгі бір бөлшегі – портрет. Бұл тетік композицияның байырғы бөлшектерімен есептеледі. Алғашқы көркем әдебиетті жасаушы нұсқалардың бірі – осы портрет. Егер көркем әдебиеттік шығармаларымыздан осы портрет пен пейзажды алып тастасақ, алғашқы кездегі шығарманың ертегілік бұйымнан айырмасы болмай қалар еді»,- деген [2.107.] мүлдем тың ой айтады. Портрет жайында айтылған ұшқыр ойларының ішінде бізді «Абай жолы» роман-эпопеясының бас кейіпкерлерінің бірі Құнанбайға қатысты тұжырымдары елең еткізді, себебі өткен ғасырдың жетпісінші жылдары социалистік реализмнің дәурені жүріп, тап тартысының биік тұғырда тұрғаны бізге мәлім. Осы және басқа да себептердің қыр-сырына тереңірек үңілгіміз келген біз Әбіш Байтанаұлының Құнанбай образы туралы сол замандағы кезеңдік пікірін білгіміз келді. Ғалым бұл портретке былай деп баға береді: «Құнанбай – ұнамсыз кейіпкер. Бірақ ол сондай ақылды, беделді, пайымды, қандай жаудың болса да, алысуына да, айтысуына да татитын образ». Құнанбайдың ұнамсыз образ екенін романның алғашқы кітабы шыққан 1942 жылдан бастап айтумен болған зерттеушілер ол ұстанымымен 1990 жылдарға дейін өмір сүрді, алайда Байтанаев Құнайбайдың ұнамсыз кейіпкер екенін ғана айтумен шектелмеген тәрізді, ғажайып образдың ішкі әлеміне терең сүңгіп, барлық табиғатын ашып отыр, кейінгі ұрпаққа Құнанбайдың «сондай ақылды, беделді, пайымды» екенін меңзеп отыр. Ең бастысы ғалым көрегенділік

танытқан, кеш те болса қасиетті қажы Құнанбайдың ақылды екенін ұққан жайымыз бар, ол әрине тәуелсіздіктің арқасында.

«Шын шеберлік» «Абай жолы» сияқты әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған мұраның сюжеттік желісін, композициялық құрылысын, тіл мәдениетін, стильдік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан талдаған еңбектің ғылыми құндылығы бүгінгі азат, тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ елінің білімі мен ғылымын дамытуға септігін тигізе береді деп сенеміз. Бір сөзбен айтқанда «шығарма көркемдігінің неде жататынын танытатын бұл еңбек - әдебиетші сыншыларға, жазушыларға, жалпы оқырмандарға керекті дүние, оқу құралы іспеттес. Сонымен бірге ұлы Абайды Әуезовтей елге танытқан, ал Әуезовтің «Абай жолын» Ә.Байтанаевтай бүге-шігесіне дейін талдаған ғалым өте сирек» екені жайында айтылған пікірді [4.5.[үнемі есте ұстаған абзал.

Профессор Ә.Байтанаевтың әлі де болса ғылыми айналымға көп түсе қоймаған еңбегінің бірі «Абай жолы» айшықтары». Ғалым қайтыс болғаннан кейін, 1995 жылы жарық көрген кітап екі томнан тұрады. Бірінші кітап «Кейіпкерлер келбеті» деген атаумен беріліп, іштей екі бөлімге бөлініпті. Екінші кітап «Эпопеяның сюжеттік поэтикасы» үш бөлімге жіктеліпті. Біздің алдымызда тұрған міндет Құнанбай образына ғана қатысты болғандықтан өз зерттеу обьектімізге байланысты ғана талдау жүргізіледі.

«Кейіпкерлер келбеті» деп аталатын алғашқы кітаптың екінші бөлімі «Образдар жүйесі» деген атаумен берілген. «Образдар жайлы түсініктен» бастаған әңгімені одан әрі Құнанбай, Абай, атқамінерлер, билер, ұрылар, әйелдер, қыздар, ақындар образы деп жіктепті. Құнанбай образы жайында ғалым айтқан пікірлердің бір шоғыры былайша өрбиді. «Құнанбай – қазақ халқына тарихтан былайша да белгілі болып қалған жан, тіптен сондықтан да емес шығар, әйтеуір автор оған экспозиция бермей, оқушыны бірден әрекетке енгізіп жібереді», дейді. [5.31] Құнанбай туралы айтқан келесі бір пікірлері де өткір, ақиқатқа жақын. «Біз оны бірден суырылған қылыштай тартыс үстінде көреміз». [5.32] Құнанбайдың бала тәрбиесі, әкелік ролі, бала Абайдың алдындағы әкелік касиеті жайындағы келесі бір эпизодты зерттеуші былайша жеткізеді: «Өзіне жүгіріп келе жатқан баласына Ұлжан: «Балам, мынау әкең тұр, алдымен әкеңе сәлем бер» - дейді. Мұның бәрі жазушының тапқырлығы, философиялық тереңдігі деп біледі Байтанаев.

Ә.Байтанаевтың шығармашылығы кеңестік кезеңнің социалистік реализм дәуіріне тұспа-тұс келді. Сол себепті де зерттеуші Байтанаевтың Құнанбай образына қатысты айтқан артық-кем пікірлері жоқ емес. Мұны естен шығармаған жөн. Құнанбайға берген сипаттаманың бірі төмендегідей: «Құнанбай – феодализмнің тірегі, осы төңіректегі ең мықты таянышы, феодализмнің ту ұстары. Өзінің айдынын асыру үшін Қодарды дарға кінәсіз астырады. Оның өлімі үстінде рушылдық қасиеттерінің ынтымағы ретінде қырық ру өкіліне кесек аттырып, өлігіне лағнет айтқызады». Қазіргі уақыт, азат дәуір көзімен қарағанда Қодар мен Қамқаның оқиғасы, Қодардың айуандық әрекеті әшкереленді. Тас боран, тас аттыру сияқты ауыр жаза қазақ тарихында

болған, аса ауыр қылмыс жасағандарға қолданылған. Оны ойлап тапқан Құнекең емес, Құнекең тек сол лағнет иесіне лайықты жазасын беруші. Өмір сайысында Құнанбай құдіретті адамға тән сегіз қырлы, бір сырлы жан екенін мойындай отырып, дәуір талабына сай оның бәрі солақай әрекет еді деп өзі де солақай саясатқа бұрып кетеді.

Әдебиет теоретигі, соның ішінде образдар әлемі жайында көп ізденген Байтанаевтың Құнанбай образына қатысты айтқан келесі бір пікірлері қазіргі заман рухына сай, Құнекеңнің шынайы бейнесін қапысыз көрсетіп отыр. Зерттеушінің: «...жетілген образдарға осы Құнанбай образы жатады. Құнанбайдың істеген әрбір әрекеті – үлкен характерлердің түрлі қырлары. Қодар оқиғасы – қайсарлығының, айлакерлігінің ...характері. Тоқпамбет оқиғасы және Мұсақұл соғысы – ұйымдастырғыш алғырлығының характері, тілмашпен, майормен әңгімесі – оның тапқыр, өктемшіл, мансап иесінің характері. ...Мырзалық характері – мешіттің біту кеші, қонақасы беруі. Бұлардың бәрі әр жерден көрініп тұрады. Сонда Құнанбай жай шешен емес, үлкен философ, өз тұрғыластарының ішінде - өз заманының үлкен қайраткері»,- деген пікірлері ең алдымен уақыттан оза айтылған ойлар. Қаншама дерек көздерінде, зерттеулерді Құнанбай бейнесі үстем тап өкілдерінің ең бір қатігез, қатал, кертартпа өкілі ретінде айтылып, талданып жатқан тұста дәл бұлайша баға беру ерлік әрі көрегендік, ең бастысы әділдік әрі ақиқатшылдық.

Құнанбайдың кемел ойлы кемеңгер әрі философ екендігін дәлелдейтін ғалым зерттеулеріндегі келесі бір ойлар былай өрбиді: Абай Байдалының бар ашуын, сөздерін түгел жеткізіп келгенде, Құнанбай терең ойланып отырып, тағы да тамаша қорытынды жасайды. «Адам пенде ғой, пенденің жоқ-жетігі толған ба? Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады». [5.33] Тікелей философиялық ұғымның ауыл өміріне жақын құбылысы. Көпті көрген Құнанбайдың болашағынан мол үміт күттіретін баласы Абайға: «Таязсың, кім-көрінгенге қолыңды бере ұмтыласың, арзансың, орысшылсың» дегендері ірі тұлғалардың ғана аузынан шығатын сөз екенін сол кездері айтып үлгеріпті. Ә.Байтанаев «Құнанбай – күшті, барынша сан қырланған образ» деген қорытынды жасайды.

Ой қорытар тұста әлем мойындаған «Абай жолы» эпопеясының авторы М.Әуезовтің атақты Құнанбайдың тағылымды ісі туралы кейбір ойларын жаңғырсақ: «Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі – орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кезі, яки Балқаштың Камал деген түбегіне қарай көшіп бара жатқан кездері бола ма, әйреуір сол жүрісінің бірінде үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан.

Қуған қол Кенесарының көшіне келіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық

дегенде: Құнанбай намаз уақытында шаппаймыз деп, шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді». [6.59]

Осы тұрғыдан алғанда, біздің қазақ халқының қанында ғасырлар бойы жинақталған өте бір асыл қасиеттер осы әулеттің жетесінде мол еді. Қазіргі замана зерттеушілерінің бірі М.Мағауиннің Құнанбай қажы туралы айтқандары азат ел рухына сай: «Құнанбай – жай ғана ірі шонжар емес, жай ғана билік басындағы үлкен би, білгір адам емес. Бұл – өз заманының барлық даналығын бойына сіңірген, қазақтың халық әдебиетін, ескі сөздерін, ескі жыраулардың, билердің нақылдарын, толғауларын – бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақ халқының философиясын, далалық философияны бойына сіңірген дана адам. Абай сол жас кезінен бастап, әрине, тілі шыққан кезден бастап, алғаш апыл-тапыл басып, есі кірген кезден бастап, әкесінің, әрине, тізесінде отырады... Абайдың дүние тануына, қалыптасуына Құнекеңнің орны айрықша. Абай ешқашан әкесінің алдынан шықпаған». [7.315]

Қорыта келгенде ұлы Әуезов сомдаған Құнанбай образы жайында ертелі-кеш жазылған зерттеулердің ішінде Ә.Байтанаев зерттеулері де ерекше орын алады. Өмірде, көркем шығармада аңыз әңгіме, кейіпкер болған қасиетті тұлға жайында шынайы, ақиқаттан аттамай пікір айтқан профессор Байтанаев ойлары дәуір келбетімен рухани үндесіп, азат елінің Құнанбайға деген сүйіспеншілігі мен құрметін жаңғыртып отырғаны қандай құрметке де лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. А. Білік. 1999.
2. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. А. Жазушы. 1969.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. А.Ана тілі.1998.
4. Тұрысбеков З. Әкімдер ақынын іздейді. // Байтанаев Ә. «Абай жолы» айшықтары. Шымкент. Қасиет. 1995.
5. Байтанаев Ә. «Абай жолы» айшықтар». Шымкент. Қасиет. 1995.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 8-том. А. Ғылым. 1998.
7. Мағауин М. Толық шығармалар жинағы. 13-том. Қанағат – ҒМО баспасы. Алматы.2009.

УДК

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ – БЕСЦЕННО

Абдыханов У. К., доцент, к.филол.н.

Южно-Казахстанский государственный педагогический институт

Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада ұлы қазақ ақыны, философы, аудармашысы, композиторы, педагогы Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ және әлем мәдениетінің қазынасы ретінде қарастырылады. Автор сонымен бірге Абай идеяларын қазіргі заманымен байланыстырып өзекті екені ашады.

Summary

The article considers the work of the great Kazakh poet, philosopher, translator, composer, teacher Abay Kunanbayev as a treasure of Kazakh and World Culture. At the same time, the author reveals the relevance of Abay's ideas, linking them with modernity.

Великий казахский поэт-гуманист, философ, композитор, переводчик, педагог, общественный деятель Абай Кунанбаев, не оценённый своей эпохой, сегодня стоит рядом с такими классиками, как Рудаки, Низами, А. Навои, У. Шекспир, Дж. Байрон, И. Гёте, А. Пушкин, М. Лермонтов, Л. Толстой, Ф. Достоевский.

Наследие Абая Кунанбаева – величайшее достояние национального и общечеловеческого значения. Идеи его произведений актуальны и сегодня, мудрые мысли его будут востребованы всегда. Это осознавали его современники и ученики ещё в начале XX века. «Насколько мы будем удалены от дня смерти Абая, настолько будем сближаться с ним духовно, в этом не может быть и крупицы сомнения» [1, с. 138], – пишет поэт, общественный деятель, просветитель Миржакип Дулатов

Чтобы понять природу Кунанбаева, истоки его вдохновения, проникнуться духом его произведений и оценить их значимость, необходимо знакомство с той атмосферой, в которой родился и жил поэт, которая питала его творчество. Именно об этих обстоятельствах писал племянник Абая Шакарим Кудайбердиев – яркий представитель казахской интеллигенции начала прошлого столетия: «Ибрахим (Абай) мырза жил в казахской степи, потому и не получил должного признания в мире. А был он гениальным поэтом, просветителем, философом. Он родился в ничтожной среде и прожил унизительную жизнь» [1, с. 138]. Обратим внимание на словосочетания «ничтожная среда» и «унизительная жизнь». Кудайбердиев даёт верную характеристику эпохе своего учителя, по ней проницательный читатель может определить социально-экономическое, морально-нравственное, этико-эстетическое положение степняков, их уровень знаний на рубеже XIX –XX веков. Кудайбердиев с горечью пишет о том, что Кунанбаев «не получил должного признания в мире». Тем не менее передовая интеллигенция того времени восхищалась великим поэтом, философом, которому нет равного во всей степи.

«Первый поэт казахов – А. Кунанбаев. Ни в раннем, ни в позднем развитии казахов не известно имя поэта, превосходящего его по величию духа», [1, с. 138] – напишет выдающийся представитель казахского народа Ахмет Байтурсынов. Ученики, воспитанные просветителем Кунанбаевым, приложили свои силы и знания для воплощения в жизнь заветов своего духовного вождя. Они пошли в степь, чтобы продолжить просветительскую миссию своего учителя, чтобы изменить судьбу степи. В значимость Абая для народа свято верил Миракип Дулатов: «Положение народа не может оставаться неизменным, со временем народ просветится, напитается плодами знаний и искусства, слава Абая будет расти изо дня в день, потянутся люди к праху Абая, называя его первым своим поэтом, и тогда светом любви продлятся и укрепятся узы между

народом и Абаем» [1, с. 138]. Благородные деяния образованной части общества позволили казахскому народу преодолеть нравственную ущербность эпохи. Ныне казахская и мировая культура немыслима без Кунанбаева, как Абай – без родного народа.

Нельзя пройти мимо такого факта: Кунанбаев мечтал о том, чтобы его народ по уровню знаний соответствовал европейским стандартам. Лирический герой его знаменитого стихотворения сожалеет о том, что не получил такого образования:

С детства видел я в науке свет благой,
Но беспечен был и шёл тропой другой,
А когда я спохватился, возмужав, –
До науки не дотянешься рукой.
Кто повинен, что остался я ни с чем?
Овладев наукой, был бы не такой! [2, с. 42]

Русские писатели Максим Горький и Андрей Платонов, не имея даже полного начального образования (А. Платонов окончил два класса церковно-приходской школы), завоевали сердца читателей талантом человековедения, призывом бережного отношения к «человеку сокровенному». На мой взгляд, если бы Кунанбаев учился в школе европейского образца хотя бы три-четыре года, он смог бы совершить подлинный переворот не только в гуманитарной сфере, но и в естественных науках. Но и сегодня он занимает достойное место в ряду всемирно известных писателей-гуманистов.

Абай – прозорливый мыслитель. В XIX веке Кунанбаев в своей знаменитой «Книге слов» разъяснял историческую роль русского языка, способствующего взаимодействию разных культур. Он стремился изменить жизнь родного народа просвещением, приобщением к достоянию мировой цивилизации. «Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них, не унижается никчёмными просьбами» [1, с. 185], – так высоко поднимает казахский мыслитель опыт других народов. «Нужно учиться русской грамоте. Духовные богатства, знания, искусство и другие несметные тайны хранит в себе русский язык. Чтобы избежать пороков русских, перенять их достижения, нужно изучить их язык, постичь их науку. Потому что русские, узнав иные языки, приобщаясь к мировой культуре, стали такими, какие есть» [1, с. 138]. Как видим, Абай показывает, каким образом русский народ стал в один ряд с передовыми странами и пропагандирует путь к знаниям – изучение русского языка: «Русский язык откроет нам глаза на мир. Русская наука, культура – ключ к мировым сокровищам. Владеющему этим ключом всё другое достанется без особых усилий» (Слово 25-е) [1, с. 186].

Абай-мыслитель ещё на заре совместного интенсивного социально-экономического, культурно-этического развития России и Казахстана указывал на то, что овладение русской культурой, наукой поможет родному народу перенять все лучшие качества русских, разгадавших пользу просвещения, изучающих тайны природы, законы развития науки, общества, экономики.

Опыт русских поможет распознать их же несовершенство, избежать изъянов в их развитии, а через русский язык – эти знания обретут и другие народы. Процессы, происходившие в мире с древнейших времён, показывают, что развитие человечества немыслимо без взаимодействия культур, языков. Первый Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев настойчиво проводит такую линию, призывая молодое поколение страны к получению полилингвального образования.

Как свидетельствуют последние события, происходящие в мире (Афганистан, Ирак, Ливия, Египет, Сирия, Украина и многие другие), развитые государства не стремятся создать такие условия, которые в своё время были предоставлены Россией народам Центральной Азии и Казахстана, следовательно, для овладения английским или же китайским языком необходимо, как выразился Чингиз Айтматов, «не одно столетие». Ныне всему миру ясно, что передовые страны не заинтересованы в приобщении народов Азии и Африки к достижениям мировой цивилизации, не стремятся совершить «благородную историческую миссию».

Нам ещё предстоит освоить языки развитых государств, а потому негативное отношение к русскому языку может привести Казахстан к застою, если не к откату назад на многие десятилетия. Кунанбаев, предвидя такое развитие, отмечает значение человека, владеющего несколькими языками, во взаимодействии цивилизаций. Большую роль в нём играет, как отмечал и Айтматов, как утверждают писатели-билингвы, многоязычие и поликультурная среда.

«Исторической виной колонизаторов (западноевропейских – У.А.), – пишет исследователь культуры африканских народов В. Большаков, – было уничтожение коренных культур до основания». Следует отметить, что белые переселенцы из Европы после открытия Америки (официальная дата открытия – 12 октября 1492 года) только на нынешней территории США и Канады за 5 веков из 103 миллионов коренных жителей (индейцев) уничтожили 95 миллионов. (Ныне в открытых источниках сообщается, что со всей территории Американского континента уничтожено или вытеснено со своей исконно проживающей территории около трёхсот миллионов аборигенов. «Традиции сохранились в народных ремёслах и в народном творчестве на уровне тлеющего огонька, – продолжает В. Большаков. – <…> Колонизаторы привили свою культуру «хорошим неграм», уничтожив культуру предков» [3]. Большаков подчёркивает, что известный в Европе поэт Леопольд Сенгор, получивший образование во Франции, окончивший филологический факультет Сорбонского университета, «навряд ли овладел родными языками сенегальских племён волоф и фульбе, поэтому был и является **французским** поэтом и академиком, чем **сенегальским** народным бардом» [2]. Исследователь считает, что Сенгор как человек, воспитанный на традициях **французской** культуры, «использовал африканскую тематику для своей чисто французской поэзии так

же, как Гумилёв использовал образ «задумчивого жирафа», что «бродит у озера Чад», для своих «африканских» стихов».

Большаков отмечает, что писатели, деятели культуры и учёные, вышедшие из Африки, оторваны от своих корней. «Африканские поэты писали на французском, английском, португальском, испанском, немецком и итальянском языках (в зависимости от колониальной империи), но ничего значительного до сих пор так и не создали ни на суахили, ни на кирунди, ни на зулу, ни на кимбунду, ни на свази, ни на прочих языках банту, на которых говорят *свыше 100 миллионов человек.* И из этих племён, естественно, таких, как Сенгор, вышли единицы. Остальная масса – народ без серьёзных корней национальной культуры» [3]. К этому ряду можно добавить имена мартиниканца Эме Сезера, гвианца Леон-Гонтрана Дамаса и других.

Мы все являемся свидетелями того, что казахский, узбекский, таджикский, туркменский и другие народы Центральной Азии, Кавказа, Севера, Сибири и Дальнего Востока знакомы не с одним десятком творений своих подлинно народных поэтов и писателей, художников и композиторов, режиссёров, певцов и музыкантов, архитекторов и скульпторов. Они знают творчество мастеров искусства и культуры, признанных в мире, они с гордостью называют имена отечественных деятелей культуры и искусства, учителей и врачей, учёных и экономистов. Большинство из них окончили Литературный институт им. Горького в Москве, консерватории – в столицах, академии художеств – в Ленинграде и других городах бывшего советского пространства, а вернувшись на свою родину, они творили на родном языке, они служили родному народу.

Мировое значение влияния русской культуры в XX веке на народы Европы и Азии отмечено Айтматовым. Он откровенно признаётся, что «…не было бы русской литературы – не было бы и современной казахской, киргизской, каракалпакской и многих других литератур…» [4, с. 51]. Действительно, ни одна из развитых культур мира, точнее евроатлантическая, в XIX и XX веках не совершила того, что осуществила русская литература, которая благотворно влияла на народы царских окраин, а затем – советских республик.

Айтматов и Большаков отмечают, что многие колониальные народы Азии и Африки в социально-экономической сфере, культурно-этическом отношении и в области литературы отстали от развитых стран. Для достижения европейского или американского (США) уровня им необходимо, как указывает Айтматов, несколько веков [4, с. 51]. В то же время развитые страны не стоят на одном месте, они продолжают интенсивно использовать открытия науки и техники, достигая ещё больших успехов. А народы, и в XX веке в своём социально-экономическом, культурном развитии находившиеся на уровне средневековья, не имеющие представления об образовании и современной науке и технике, этике и эстетике, склонные к безусловному сохранению всех форм и видов традиций, ещё больше отстают от первых, не имея взможности самостоятельно решать свои проблемы. Таким образом, достижения науки, литературы, искусства, многие грани культуры всего человечества, оставались

и остаются для них неведомыми и недоступными. К тому же государства, господствующие во всех сферах жизни, используют своё интеллектуальное, техническое преимущество и непременно проводят политику военного, экономического давления на народы с низким уровнем развития, что ведёт к вытеснению их культуры. Такие действия развитых стран в эпоху глобализации, начавшей интенсивно завоёвывать белый свет со времён открытия Америки, способствовали стагнации, обнищанию народов Азии, Африки, Америки. В начале 3-го тысячелетия эта политика продолжает действовать так же, как и столетия назад.

Можно констатировать, что мысли провидца Кунанбаева оправдались сполна. Ныне Абай известен всему миру. В 1995 году при поддержке Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева казахский писатель-билингв, драматург, публицист, переводчик, общественный деятель Роллан Шакеновича Сейсенбаев создал в Лондоне Дом-музей имени Абая, его филиалы открыты на Родине Кунанбаева, в Семипалатинске, также в Алматы и Шымкенте. В организацию перевода творчества Кунанбаева на языки Востока и Запада большой вклад вносят Р. Сейсенбаев и его супруга Клара Серикбаева.

Новое столетие с высоты познанного и достигнутого, соблюдая незыблемость преемственности эпох, ставит перед казахстанским обществом новые цели и задачи. Ныне настоящая интеллигенция Казахстана, продолжая традиции Кунанбаева, пропагандирует наследие поэта-гуманиста, философа и просветителя.

Литература:

1. Книга Слов. Поэмы. – Алматы, Ел, 1993.
2. Кунанбаев А. Избранное. – Алма-Ата, Художественная литература, 1958.
3. Литературная газета, 2010, № 5.
4. Айтматов Ч. Т. В соавторстве с землёю и водою. – М., Правда, 1995.

ӘӨЖ

ӘБІШ БАЙТАНАЕВ – МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫН ЖАЗУДАҒЫ ШЕБЕРЛІГІН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә.,
ф.ғ.к., ОҚМПУ доценті
Шымкент қ.

Резюме

В данной статье раскрывается деятельность ученого Абиша Байтанаева как исследователя мастерства Мухтара Ауэзова в эпопее «Путь Абая».

Summary

This article reveals the activities of the scientist Abish Baytanaev as a researcher of the skill of Mukhtar Auezov in the epic "Abai's Way".

Өткен жылдың соңғы күндерінде, дәлірек айтсақ 2020 жылдың 25 желтоқсанында, Шымкент педагогика институтының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Отан соғысы және

Еңбек ардагері, Еңбек Қызыл Ту ордені иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаевтың туғанына 110 жыл толды.

Биыл 9-рет өткізіліп отырған дәстүрлі Байтанаев оқуларында ғалымның өмірі мен ғылыми еңбегі жайында сөз етуді жөн көрдік.

Ә.Байтанаев бұл оқу орнында 1947 жылдан 1988 жылға дейін 41 жыл еңбек етті. Бұл кезең Совет үкіметінің Ұлы Отан соғысы біткеннен бастап, Одақ ыдырағанға дейінгі дәуірді толық қамтиды.

Соғыс біткеннен кейін жастар жаппай білім алуға ұмтылды. Шымкенттегі жалғыз мұғалімдер институты Жамбыл, Қызылорда қалаларын да мұғалімдермен қамтамасыз етті. Мұғалімдер училищесін бітіргендер кейін педагогикалық институт болғанда қайта келіп, оқуларын жалғастырып, маман болып жатты.

Әбекең студенттерге тек білім беріп қана қоймай, ол әдебиетті сүйген, өлең жазатын, көркемсөз оқитын жастарды айналасына жиып, олармен тікелей үйірме жұмыстарын жүргізіп, өлеңдерін, шығармаларын талдап, келешек шығармашылық жұмыстарына жол сілтеп, республикамыздың белгілі азаматтары болып қалыптасуына өз септігін тигізді. Олардың қатарында белгілі академиктер Абдуали Қайдар, Мәлік Асылбеков, Мекемтас Мырзахметов, Әбсаттар Дербісалиев, ақын-жазушылар Мамытбек Қалдыбаев, Ысрайыл Панзабеков, Қазыбек Тажиев т.б. Бұл тізімді ары қарай жалғастыра беруге болады. Бұлардың бәрі Әбекеңнің бай кітапханасынан нәр алып, тәлім-тәрбие көріп, үлкен әдебиетке жол тартқан азаматтар.

1956 жылы ҚазМУ-дің Ғылыми кеңесі мәжілісінде «Жамбыл лирикасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында диссертация қорғап, институттың ең бірінші филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

1971 жылы Әбіш Байтанаев ҚазМУ-дің Ғылыми кеңесі мәжілісінде «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазудағы шеберлігі» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, институтымыздың ең бірінші филология ғылымдарының докторы, профессоры атақтарына ие болды.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазудағы шеберлігін зерттеуде Әбекең XX ғасырдың ұлы жазушысына айналған М.Әуезовпен тығыз қарым-қатынаста болып, өте қызық кездесу кештерін өткізуге мүмкіндік тауып, әрі ұлы ғұлама жазушыдан ақыл-кеңес ала отырып, институт студенттерінің ғылыми жұмыстармен айналысуына зор ықпал жасады.

1960 жылы Ә.Байтанаевтың ұйымдастыруымен пединститут тарихында «Абай жолы» эпопеясына арналған тұңғыш ғылыми конференция өтті. Бұл конференцияға Мұқтар Әуезовтің өзі, сонымен бірге Абайдың алыс-жақын туыстары шақырылды. Екі күнге созылған конференцияға қала әкімшілігі, радио, теледидар және «Оңтүстік Қазақстан» газеті атсалысты. Конференцияда соңғы курс студенттері «Абай жолы» эпопеясының көркемдік ерекшеліктерін талдап, өз пікірлерін ортаға салды.

Зерттеуші Ә.Байтанаев Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының көркемдік ерекшеліктері жайында «Шын шеберлік» атты монографиясын

басып шығарды [1]. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің қолдауымен 1995 жылы «Абай жолы айшықтары» деген кітабы [2] Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойының қарсаңында басылып шығып, Семей қаласына келген шетел қонақтарына сый ретінде тартылды.

«Абай жолы» эпопеясының жарыққа шығуы, бүкіл советтік әдебиет өміріне келген тарихи оқиға болды. Эпопеяның авторы – шын мәнінде ерекше талантты жазушы Әуезов өзі Абайды көріп, бір ауылда өсіп, Абайдың әдеби-көркемдік идеяларының жолымен тәрбие алған. Ескі ауылдың өмірі мен тарихын жақсы білген. Абай поэзиясын түгелдей жатқа білген.

Романның бірінші кітабы шыққанда Ғ.Мүсірепов: «М.Әуезов әлемдік деңгейдегі роман жазған», – дейді [3]. «Абай жолы» эпопеясының алғашқы екі кітабы бірінші дәрежедегі мемлекеттік сыйлыққа ие болса, ал бүкіл эпопеяға 1959 жылы Ленин сыйлығы берілген еді.

Белгілі француз жазушысы Жан Спангаро: «Романда көз алдымызға біз білмейтін бүкіл халық өмірі келеді. Мұны қызық оқиғалы, әрі халық өмірі туралы эпос бола тұрып, оның ернеуіне дейін өткен өмірдің ащы, сиқырлы дәмімен толтырылған роман дейміз», – дейді.

Неміс сыншысы Герберт Кремпиен: «Әуезовтің романы – ең талғампаз деген оқырманның өмірінде оқиғаға айналатын шығарма», – дейді [4].

Бұл алып эпопеяның жарық көруі республикадағы әдеби сынды, әдеби зерттеулердің деңгейін жоғары көтерді. Профессор Мұхаметжан Қаратаев бұл романды алғаш болып «қазақ эпопеясы» деп атады [5]. Сыншылар мен ғалымдар А.Нұрқатов, З.Кедрика, М.Қаратаев, Е.Лизунова М.Әуезовтің романы бойынша жеке кітаптар шығарды. Зерттеуші Ә.Байтанаев «Абай жолы» эпопеясының әлі де зерттелмеген тұстарын, М.Әуезовтің шеберлігін жетілдіре ашуды мақсат етті.

Диссертацияның бірінші тарауында романның әлеуметтік-қоғамдық маңызын, оның халықтығын терең көрсетілген оқиғалар, кейіпкерлер бастауы қарастырылады.

Алдымен «Абай жолы» эпопеясы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірінің энциклопедиясы деген ұғым орнықтырылады.

Роман жазудағы негізгі екпін оның идеялық-тақырыптық талдауына беріледі. Сондықтан бірінші тараудың «Қайтқанда» деген бөлімінде әлеуметтік мәселе, оның персонаждары қызу өмірлік драмада көрінеді. Алпыс бетке сыйған бұл бөлім бүкіл романның мазмұнын түсіндіретін негізгі кілті есебінде қарастырылады. Ал эпопеяда мұндай кесек оқиғалар отызға жуық. Романның мұндай құрылысы оны энциклопедиялық деңгейге көтерді дейді зерттеуші. Сондықтан романдағы таптық күрес сол кездегі қоғамның түрлі қабат өкілдерінің арасындағы күрделі жағдайлары және қарама-қарсы жақтардың қақтығыстары арқылы суреттеледі.

Романда ауыл старшиналарынан бастап губернияға дейінгі мемлекеттік аппараты жұмысының стилін көрсетуге көп орын берілген. М.Әуезов шенеуніктердің қалыптасып қалған дәстүрлі әрекеттерін шеберлікпен

суреттейді. Әсіресе заңсыздықтың орын алуы; Сібірге Бөжейді жіберу үшін өтірік құжат жасау; пара беру т.б.

Сол заманда әйелдер қоғам жұмысына араласпаған. Бірақ қоғамның әлеуметтік жаппай трагедиясын Қамқа, Тоғжан, Салтанат, Салиха, Нұрғаным, Айгерім, Мәкен сияқты рухы биік қазақ әйелдерін бейнелеумен көрсетеді. Романда жазушы адами қарым-қатынастың ең қастерлісі – ұлттар достығын түрлі ұлт өкілдерін көрсету арқылы береді.

М.Әуезовтің эпопеясы халық өмірінің терең қабаттарын жан-жақты көрсететін ұлттық шығарма. Мұнда қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері кеңінен сипатталған. Олар: «үлкенді сыйлау; ер азаматты сыйлау, өйткені ол отбасына, елге жауапты адам; халық ақындарының суырып салма – айтыс өнерін көрсетуі; үлкендердің әңгімесі, ақыл-кеңесі – көпшілік қауымға насихаттау жұмысын жүргізудің бір түрі; Абайдың өзінің оқыған кітаптары жайында әңгіме айтуы; Зере әжесінің әңгімелері; тыңдаушылардың ақын, жырауларды, өнер адамдарына сый жасауы; тоғыз түрлі зат беруі; жас отбасыларға жәрдем беру; адамның адалдығына, Құдайды ауызға алып ант беруге сену; даулы мәселелерді шешуге араласу; қазақтың дәстүрлі ұлттық қонақжайлылығы; көшіп келгендерге ерулік беру; қайтыс болғандарға көңіл айту т.б.» Эпопеяда қазақ халқының жомарттығы, адамгершілігі, кеңпейілдігі, ақындығы, достығы мен бауырмалдығы романда барынша мол көрсетіледі.

Диссертацияның екінші тарауында М.Әуезовтің сюжет жасаудағы шеберлігі сөз болады.

Көркем әдебиетте әлем образ арқылы, лирика – ой мен сезім арқылы, эпос пен драмада – адамдардың әрекеттері арқылы беріледі. Ол әрекеттердің негізі – өмір оқиғалары, – дейді зерттеуші.

«Эпикалық шығармалар сюжетсіз өмір сүре алмайды», – дейді М.Кузнецов [6]. Жазушы шығарманың сюжетін құрастырғанда, оны оқырман шынайы деп қабылдайтындай жасауы керек. Шығарманың мазмұны сюжет арқылы беріледі.

Эпикалық шығармалар әдетте бөлек эпизодталған бөлімдерден тұрады. «Абай жолы» эпопеясы бастан аяқ толыққан көркемдік мазмұннан тұрады. Романның тартымдылық күші де осында. Шығарманың көркемдік байлығын сипаттау да, жай әңгімелеу де емес, тығыз өрнектеліп қызықтыратын сюжет көрсетеді. Романды қайталап оқығанда өзіңе көркемдіктің жаңа белестерін аша, алғаш оқығандай, таңғала қабылдайсың.

«Абай жолы» эпопеясының сюжеттік құрылысы ерекше жасалған. Оның тығыз, көпқабатты сюжеттілігі бір роман-эпопеяда бірнеше романның, бірнеше повестің, әңгімелер мен новелла, эпизодтардың материалдарының қамтылғанында.

Диссертацияның үшінші тарауы эпопеядағы образдар жүйесіне арналған.

М.Әуезов образдарды халық эпопеясын жасау тұрғысынан көрсеткен. Ол үшін оған персонаждардың бұқаралығы мен қоғамның барлық қабат өкілдерін кеңінен қамту керек болды. Романды образдар топтастырылған. Мысалы, Құнанбайды қоршаған ескі феодал өкілдері мен Абайды қоршаған оның

ықпалындағы жас өкілдері. Мұндай топтар көп. Олар: ауыл шенеуніктері, орыс шенеуніктері, орыс интеллигенттері, қазақ интеллегенттері, ауыл жігіттері, қазақ әйелдері (олар жасына қарай тағы да бөлінеді), қала тұрғындары; саудагерлер, дін өкілдері, жұмысшылар, аңшылар. Орыс халқының өкілдері: каторжниктер, демократтар, қара халық өкілдері.

Романда түрлі ұлт өкілдері орын алады. Олар: қырғыздар, украиндар, өзбектер, татарлар, орыстар, еврейлер т.б. Романда 1000-ға жуық персонаждардың жүз шақтысының аты жоқ және негізінен олар романда бір-ақ рет кездеседі.

Бұл образдардың бәрі М.Әуезовке халық өмірін мүмкіндігінше толығырақ көрсету үшін керек болған. Сондықтан Әуезов бір топқа сол топқа қатысты персонаждарды ендіріп отырған. Ал адам характерлерін (мінезін) олардың іс-әрекеттеріне қарай көрсетіп отырған.

Төртінші тарау романның композициясына арналған. Көркем шығарманы жетілдіру құралдары тіл мен композиция, – дейді зерттеуші ғалым. Көптеген қазақ жазушылары өз шығармаларына тіл арқылы лиризмді ендіріп, әдейі көркемдейді [6] де, шығарманың композициясы, архитектоникасы деген мәселелер шет қалып қояды дейді.

Әдебиет – ол шартты әлем. Ол шарттылық ұлы шебердің көркемдік бейнелеуі арқылы әсемделеді. М.Әуезов Абай өмірін баяндау арқылы жарты ғасырлық қазақ халқының өмірін көрсетпек болды. Ал ондай роман біржолды, біржоспарлы композициялық сюжетпен жазылуы мүмкін емес. Автор сол кездегі қоғамның табиғатына қарама-қарсы жақтардың тартыстары арқылы кеңірек, тереңірек сипаттауға тырысты. Тек осылай түрлі тап өкілдерінің күрделі қатынастарын көрсетуге болар еді.

М.Қаратаевтың айтуы бойынша, бұл керемет романның композициясы асқан шеберлікпен тоқылған [5]. Автор төрт кітап жазуды жоспарлаған. Бірінші кітапта феодализм өмірі мен кітаптың соңында оның ыдырауының басталуы көрініс тапқан. Бұл кезеңде Абайдың өскелең бала кезі суреттеледі. Екінші кітапта Құнанбай Меккеге кетеді. Абай қалада оқып, орыс әдебиетінен нәр алады. Құнанбай қоғамдық аренадан кетеді. Үшінші кітапта Құнанбай мен оның жақтастары қоғамдық аренадан толық кетеді. Абай ұлы дана болып, халықтың қамын ойлайды. Төртінші кітапта феодализм құлайды. Абай жалғыз қазаққа емес, басқа халықтарға да белгілі ойшыл болады.

Шығармада Абай 13 жасынан бастап, өмірінің аяғына дейін өз халқының бақыты үшін күрескен ақын, ойшыл дана ретінде суреттеледі.

Диссертацияның бесінші тарауы романның тілін талдауға арналған.

М.Горькийдің айтуынша, халықтың сөйлеу тілі әдеби тіл бола алмайды. Әдеби тіл – қолданыстан өткен, әбден шыңдалған әдебиет классиктерінің тілі, – дейді.

Тіл – ұлттық көрініс. Әр ұлт тілінің даму тарихы бар. Мысалы, орыстарда бұдан мың жыл бұрын жазуы болған. Қазақ тілінде XX ғ. дейін сауаттылық өте

төменгі дәрежеде болды. Оның есесіне ауыз әдебиеті дамып, халықтың рухани және мәдени өмірінің негізіне айналды.

М.Қаратаевтың айтуы бойынша, М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясының тілі өте бай, онда қазіргі қазақ интеллигенциясына белгісіз сөздері көп, халық лексикасынан енген сөздер романда жүздеп кездеседі. М.Әуезов өзінің шеберлігін халық ауыз әдебиетінің бар байлығын пайдалану арқылы көрсетті. Сондықтан М.Әуезов шығармасының тілі шынайы халықтық болды [5].

Диссертацияның алтыншы тарауы М.Әуезовтің «Абай жолындағы» әдеби стиліне арналған.

Стиль дегеніміз – жазушының көркемдік құралдарының жиынтығы. Стильді айтудан бұрын шығарманың тақырыбы мен жанрлық ерекшелігін сөз ету керек. Шығарманың негізгі тақырыбы – мал шаруашылығымен айналысқан қазақ ауылының революцияға дейінгі өмірі, ал оның жанры – эпопея. Әрине, М.Әуезов қазақ өмірінің барлық қырларын көрсету мақсатында жеке әңгімелер, новеллалар, повестер жазды.

Шығарманың сюжеті мен композициясы дәстүрлі халық ауыз әңгімелері арқылы іске асырылды; оның сюжеті – нақты, композициясы – қарапайым. Өзінің идеалдарын М.Әуезов толығынан көркем образдарда бейнелейді.

М.Әуезовтің сюжеттері көпқырлы және көпмақсатты. Мысалы, Абайдың ұрығы айналуы оның батырлығын, ақын ретінде тапқырлығын көрсетеді.

М.Әуезовтің шығармаларының сюжеттік түйіндері қашан да жаңа болып келеді.

«Абай жолы» эпопеясының композициялық құрылысының тағы бір ерекшелігі – оның эпизодтарының тығыз орналасып, шығарманың ішкі мзмұнын байытуында. Барлық оқиғалар бір-бірімен байланыста және логикалық бірізділікте дамиды.

Соңғы жетінші тарауда М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының маңызы жайында сөз болады.

Роман – эпопеяның күштілігі онда сезім мен ойдың байлығында. Автор оқырманды ойландырады, олар уайымдайды, қуанады, қайғырады.

Философиялық тұжырымдар мен терең ойларды қамтитын роман-эпопеясын оқырман XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ халқының көркемдік тарихы деп түсінеді. Табиғатынан талантты жазушы өмірге өз танымымен, түсінігімен келеді, ал жазушылық мәдениет жұмыс барысында өзінен өзі орын табады, – дейді зерттеуші Ә.Байтанаев.

Шыңғыс Айтматов: «Абай мені өз халқым жайында әлемге кеңірек, тереңірек, батылырақ айтуға шақырады. Сол үшін ол маған қымбат... Өз уақытында Пушкин орыс мәдениетіне қалай әсер етсе, Әуезов те солай әсер етеді», – дейді [7].

В.Г.Белинский Пушкиннің ұлылығын айта отырып, келе жатқан ұрпақтар Пушкинді өз қырынан жаңаша оқиды дейді [8]. Бұл ойды М.Әуезовтің қазақ әдебиетінің мақтанышы «Абай жолы» эпопеясы туралы да айтуға болады. Бұл эпопеяны оқыған әрбір ұрпақ оны өз қырынан, жаңаша оқитыны сөзсіз.

Осыдан 10 жыл бұрын университетіміз Әбіш Байтанаевтың 100 жылдық мерейтойын өткізді. Осыған байланысты ұйымдастырылған халықаралық конференцияда Әбіш Байтанаевтың шәкірті, белгілі ғалым-абайтанушы Мекемтас Мырзахметов: «Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазудағы шеберлігі» туралы аса күрделі де, сол кезең үшін қиын тақырыптан тұңғыш рет докторлық диссертацияны аса еңбекқор, ізденгіш, әрі даярлығы мол Әбіш Байтанаевтың қорғап шығуы – сол кезең үшін аса жоғары сатыдағы ғылыми ізденістің биік эталонына айналған еді», – дейді [9].

Әдебиеттер

1. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. –Алматы: Жазушы баспасы, 1969, 217 бет
2. Байтанаев Ә. Абай жолы айшықтары. -Шымкент, 1995
3. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. -Алматы, 1970. 158-159 б.
4. Байтанаев А. Мастерство М.О.Ауэзова в эпопее «Путь Абая». Автореферат докторский диссертации. -Алма-Ата, 1971
5. Каратаев М. Первая казахская эпопея. Сб. Статей о казахской литературе. -Алма-Ала, 1957 стр 175
6. Кузнецов М. Советский роман. -М., 1963. Стр 47
7. Айтматов Ч. «Казахстанская правда». 8. XII. 1957
8. Белинский В.Г. Избр. соч. -М-Л; 1949, стр 62
9. Мырзахметов М. Әбіш Байтанаев – педагог, филолог ғалым/ Әбіш Байтанаев: Естеліктер жинағы. –Шымкент: Нұрлы бейне, 2011 ж., 191 бет

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕДЕЛДЕТІП ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә., ф.ғ.к., ОҚМПУ доценті
Полатова М.Х., п.ғ.к., ОҚМПУ доценті

Резюме

В данной статье раскрываются инновационные приемы, используемые в ускоренном обучении казахскому языку.

Summary

This article reveals innovative techniques used in accelerated learning of the Kazakh language.

XXI ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Мамандардың алдында тұрған бірден-бір мақсат – студенттің алған білімдерін пайдаға асырып, оларды өз бетінше түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, өмірге өзіндік көзқарасы бар маман болып жетілуіне көмектесу.

Егеменді еліміздің рухани және экономикалық өрлеуі білімді азаматтарды, жоғары дәрежедегі маманды даярлауды қажет етеді. Сондықтан білім беру жүйесі білім алушыларға бүгінгі күннің талабына сай сапалы кәсіптік білім беру мақсатын алға қояды.

Білім мен біліктілікті дамыту пән мамандарына көп ізденісті, қарқынды шығармашылық жұмысты атқаруын талап етеді.

Тіл маманы шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – әдістеме саласындағы озық тәжірибені жетік меңгеріп, өз шығармашылығында пайдалану, сол арқылы келешек ұрпақтың еркін дамуына, белсенді болуына жағдай жасау.

Орыс топтарында өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты студенттерді қазақша сөйлеп, қоршаған ортамен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға үйрету ғана емес, сонымен бірге олардың мамандық бойынша тілін дамытып, өзара тілдік қарым-қатынасқа түсетіндей, мамандық бойынша әдебиеттерді оқып, іс қағаздарын сауатты жаза алатындай дәрежеге жеткізу. Оқытудың жұмыс түрлері студенттерді түрлі салада және мамандық бойынша лексиканы игеруге, ғылыми мәтіндерді еркін оқып, оның мазмұнын толық және қысқаша айтып беруге машықтандырады [1].

Бүгінгі күні білім саласында қолданыста жүрген түрлі технологиялар бар. Олар: деңгейлеп оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, т.б.[2].

Бұл технологиялардың авторлары, оны сабақта пайдаланып, іс-тәжірибесін көрсетіп жүрген белгілі ұстаз-педагогтар және олардың ұстаздық еңбек нәтижелері үлгі етілуде. Жалпы жаңа технологиялық әдістерді қолданудың нақты жолдары көрсетілген, оны әрбір маман өз ыңғайына қарай шешеді. Жаңа технологиялық әдістерді өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуде тіл мамандары оқу топтарының деңгейіне, сабақтың тақырыбына байланысты қажетті жерінде қолданады.

Оқытушы сабақтың барлық кезеңдерінде деңгейлеп, саралап оқытуды ұйымдастырады. Сол арқылы деңгейлеп оқыту технологиясын іске асырады. Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П.Гузик үш деңгейге бөліп оқуды ұсынады: «А» - оқытудың міндетті жүйесіне сәйкес; «В» - қосымша жаттығулар көзделеді; «С» - оқу-әдістемелік әдебиеттерден тапсырмалар орындалады.

Жобалап оқыту технологиясының негізін салған – Карл Фрей. Бұл технология бойынща белгілі бір тақырыпқа студенттерді қызықтырып, жоба құрып, жоспар бойынша ұжыммен жұмыс атқарылады. Бұл жұмыс алдын-ала дайындық жұмыстарының орындалуын талап етеді [3].

Модульдік оқыту технологиясында студент өзінше мақсатты жеке бағдарламамен оқитындай етіп оқу процесін өзгертеді, қайта құрады, яғни оқу модулі құрастырылады. Мұғалімнен тапсырма алған студент өз бетінше жұмыс атқарады, жоспарлауға, өз жұмысын бағалауға үйренеді.

Жанпейісованың модульдік технологиясы диалогтік негізде және 3 бөлімнен тұрады [4]:

1) Кіріспе бөлім (модульге ену);
2) Диалог арқылы танымдық әрекет ұйымдастыру;
3) Қорытынды (бақылау жұмыстары).

Дамыта оқыту технологиясының авторлары – Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов. Олар дамыта оқыту деп оқыту мақсаттары, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды айтады. «Даму» ұғымының

психологиялық анықтамасы – жаңару процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Дамыта оқыту білім алушының белсенділігін ұйымдастырумен іске асады [5].

Орыс топтарында түрлі ұлт өкілдері оқиды. Солардың ішінде қазақ тілін білмейтін, не төменгі деңгейде білетін, тіпті сөйлей де алмайтын ұлты қазақ студенттердің кездесетіні ескеріліп, олармен жеке жоспар тақырыптары жасалып, білім беруде деңгейлеп оқыту технологиясы жүзеге асырылады. Кей жағдайларда орыс топтарында қазақ мектебін бітірген, қазақ тілін ана тілі ретінде жоғары деңгейде білетін студенттер кездеседі. Бұл жағдайда тіл мамандары мұндай студенттермен білімді дамыта оқыту технологиясын пайдалану арқылы игертеді.

Тіл – танымдық іс-әрекет құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. Студенттерді мемлекеттік тілден тиянақты, сапалы білім беру оқытушының оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы іске асады.

Сабақ – оқытудың негізгі формасы, ал оқытушы – жеке әдіскер тұлға. Сабақта жаңа технологиялық әдістерді қолданып, оны түрлендіріп, сапасын арттыру оқытушының әдістемелік шеберлігіне байланысты. Сабақ барысында электронды оқулықты, интернетті, тест жүйесін пайдалануды үйлесімді қолданып, инновациялық әдіс-тәсілдерді ретімен ендіру арқылы оқытушы студенттердің қызығушылығын, белсенділігін арттырады және ең маңыздысы сабақтың сапасы көтеріледі.

Бүгінгі күні қазақ тілінде қолданылатын негізгі әдіс – қатысым әдісі. Оның теориясы мен әдістемесін зерттеген ғалым – Ф.Оразбаева.

Ф.Оразбаева: «Жедел оқыту (яғни интенсив) – оқушыны аз уақыт көлемінде сапалы біліммен қамтамасыз ету; оқушы тарапынан да, оқытушы жағынан да, мөлшерлі сағат көлемінде тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін ең керекті материалдарды меңгере білу», – дейді [6].

Тілді жеделдете оқыту деген ұғым – лингвистикада бұрыннан қалыптасқан, өзінің зерттелу тарихы бар ғылым. Мәселен, шет тілдерін жедел оқыту, орыс тілін жедел оқыту – әрқайсысы өзіндік сала ретінде арнайы қарастырылып, жеке мектеп болып таралған. Орыс тілін жедел оқыту мәселесін Китайгородская Г.А., Зайцев А., Лозанов П., Шаталов В. сияқты ғалымдар өз еңбектері арқылы ілгері дамытты.

Қазақ тілін жеделдете оқытудың ең басты мақсаты – аз уақыт мөлшерінде ұтымды әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, тіл үйренушілерді сөйлеуге, пікір алысуға үйрету. Қазақ тілін оқыту дәрежесі тек сөйлеуді ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар адам мен адамның, ұлт пен ұлттың ұғынысуын қамтамасыз етуі керек [7].

Қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жақтары бірнеше бағыттарды қамтиды.

1. Сөйлеуге үйрету; ауызекі сөйлеудің, түсінісудің мүмкіншіліктерін арттыру.

2. Белгілі бір ортаға байланысты адамдар өз ойларын жеткізе білу.
3. Айтар ойын ауызша жеткізіп қана қоймай, дұрыс жаза білу.
4. Газет-журнал, баспа беттерінен қажет материалдарды оқи алу.
5. Көлемді не шағын мәтіндермен, сөздіктермен жұмыс істей білу.

Қазіргі уақытта қазақ тілін жедел оқыту сабақтарында екінші (ана тілінен басқа) тілдерді оқыту әдістемесі жиі қолданылады: сөздерді белгілі бір лексикалық тақырып төңірегінде топтастыра келіп, сабақты бірнеше кезеңдерге бөліп жүргізу. Мұнда жеделдете оқыту әдістерінің бірнеше түрлері қатар пайдаланылады. Лексикалық тақырып қажетті грамматикалық материалдармен толықтырылады. Әрбір лексикалық тұлға әр түрлі ортаға байланысты түрліше грамматикалық байланысқа түседі.

Тілді жеделдете үйретудің ішіндегі ерекше көңіл бөлуді қажет ететін әдістің қатарына педагогика-психологиялық әдіс жатады. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі: оқытушы мен оқушы арасында психологиялық кедергі болмауға тиіс: оқытушы тіл үйретушінің барлық қабілетін ескеріп, тілді үйренуге, көбінесе оның ауызша сөйлеу қабілетін дамытады.

Қазақ тілін жеделдете оқытудағы тиімді жолдардың қатарына жататын педагогикалық-психологиялық әдіс пен дәстүрлі әдістің бірігіп қолданылуы. Өйткені мемлекеттік дәрежесіндегі қазақ тілін үйрету мен оқыту – екі адамның қарым-қатынасын, сөйлесуін қамтамасыз ететін ауызекі сөйлеу үлгісі емес, бұл қатысымдық қызметке ие болатын қоғамдық-әлеуметтік орны бар тілді үйрету [6].

Тілді оқыту тек ауызша түсінісу кедергісін жоюмен ғана емес, оқушының үйренген тілі арқылы өз ойын дұрыс, жан-жақты жеткізуімен де, сауатты жазып, кез келген ортада еркін пікір алмасуымен де өлшенуі тиіс.

Кейінгі жылдары жоғары оқу орындары жоғарыда айтылғандай оқытудың кредиттік технология жүйесіне көшкені белгілі. Кредиттік технологияның мақсаты – студенттерге қысқа уақытта көп білім беру және оларды өз бетінше жұмыс істеп, білім алуға үйрету болып отыр. Бұл мақсатқа жетуде кластерлік жүйе әдісін пайдалану көп нәтиже бермек.

Ғалым-әдіскер Н.Г.Төлепбергенова мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытуда дәстүрлі әдістеме және жаңа технологияларды пайдалануға байланысты өзінің әдістерін ұсынуда. Ол әрекет сөздерді (яғни етістік сөздерді) кластерлік жүйе әдісі арқылы меңгерту мәселесін алға тартады.

Бұл әдістің басқа әдістерден негізгі ерекшелігі – етістікті сөздердің бірден бірнеше бағытта қолдану аясын үйрету болып отыр.

Студенттер бірден етістікке байланысты сөз тіркестерін, олардың үш жақта, үш жақта жіктелу формаларын, түрлі іс-әрекетті көрсететін сөз тіркестерін, яғни етістікке байланысты барлық тілдік формаларды қамтып, кең, ауқымды көлемде түсіндіреді (1, 2, 3, 4-кесте).

1-кесте. Етістіктің жіктелуі

Жақ **Етістіктің шақтарына жалғанатын жұрнақтары мен жіктік жалғаулары**

Жекеше түрі	***Келер шақ***	***Жіктік жалғау***	***Осы шақ***	***Көмекші етістіктер***	***Жіктік жалғау***	***Өткен шақ***	***Жіктік жалғау***
Мен	-а, -е, -й	-мын, -мін	-ып,-іп, -п, -а, -е	тұр, отыр, жүр, жатыр	-мын,-мін	-ды, -ді, -ты, -ті	-м, -м
Сен	-а, -е, -й	-сың, -сің	-ып,-іп, -п, -а, -е	тұр, отыр, жүр, жатыр	-сың, -сің	-ды, -ді, -ты, -ті	-ң, -ң
Сіз	-а, -е, -й	-сыз, -сіз	-ып,-іп, -п, -а, -е	тұр, отыр, жүр, жатыр	-сыз, -сіз	-ды, -ді, -ты, -ті	-ңыз, -ңіз
Ол	-а, -е, -й	-ды, -ді	-ып,-іп, -п, -а, -е	тұр, отыр, жүр, жатыр		-ды, -ді, -ты, -ті	

2-кесте.

Тұйық етістік	***Келер шақ***	***Осы шақ***	***Өткен шақ***
түсіну	түсінеді	түсініп отыр	түсінді
тыңдау	тыңдайды	тыңдап отыр	тыңдады
сөйлеу	сөйлейді	сөйлеп жүр	сөйледі

3-кесте.

Қалай?	***Қайда?***	***Қашан?***
қуанып	үйге	күндіз
жылдам	қонаққа	қазір
шаттана	досына	таңертең
үміттене	қалаға	түнде



КЕЛУ

4-кесте.

Нені?	*Қайда?*	*Қалай?*
жемісті	үстелге	тез
үйді	қапқа	реттеп
даланы	жәшікке	қуана
кітапты	үйге	жігерлене



ЖИНАУ

Жеделдетіп оқыту барысында студенттермен ізденімдік-зерттеушілік қабілетін дамыту үшін соған лайықталған арнайы жаттығулардың маңызы зор [8].

Жазба түрде орындалуын қажет ететін грамматикалық тілдік жаттығулардың арқалайтын жүгі салмақты, өйткені бұл жаттығулар арқылы оқушы сөз таптарының грамматикалық ерекшелігін танудың нық әрі сенімді баспалдағын қалайды және оқушы үшін маңызды болып табылатын жазу, орфография ережелерін меңгереді.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру», - делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында. Бұл талап білім беру жұмыстарының бағыт-бағдарының заман талабына сай жасалуын міндеттейді.

Әдебиеттер

1. Байтанаева-Молдалиева Д.А. Мемлекеттік тілді мамандыққа сай меңгерту, -Шымкент, Нұрлы бейне, 2008 – 124 бет
2. Сарманов Е., Сапаров С. Оқытудың жаңа технологиялары, -Шымкент, 2005
3. Карл Фрей. Жобалау әдісі. -Бель, 1977
4. Жанпейісова М.М., Модульдік оқыту технологиясы. -Алматы, 2007
5. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. -М.,Проосвещение 1986
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. -Алматы, 2000
7. Молдалиева Д. Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту бағдарламасы. -Шымкент, 2001
8. Құрманова П.Ж, Тойбазарова Н.А. Морфологияны дамыта оқытуға арналған жаттығулар жүйесі. – Ақтөбе, 2006 ж.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ МӘТІНМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә., ф.ғ.к., ОҚМПУ доценті
Полатова М.Х., п.ғ.к., ОҚМПУ доценті

Резюме

В данной статье раскрываются виды работы с текстами в школах с неказахским языком обучения.

Summary

This article reveals the types of work with texts in schools a non-kazakh language of instruction.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде түрлі ұлт өкілдері оқиды. Бұл мектептерде оқушылардың ана тілінде, яғни орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік т.б. тілдерде жүргізіледі. Оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге, біреудің сұрағына жауап беріп, өз ойын еркін айта алуға, жалпы, қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалануға үйрету.

Қазақ тілінде қатысым әдісі, оның негізгі қағидалары Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» деген еңбегінде көрініс тапқан. Автор: «Тілдік қатысым адамдардың тіл арқылы түсінісуін қамтамасыз етіп қана қоймай, сол елдің мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін үйретеміз, тіл арқылы оқушылардың іскерлігін, сөйлеу дағдылары мен әдептерін қалыптастырамыз», – дейді [1].

Мағжан Жұмабаев тілдің қасиеттері жайында былай дейді: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабыр мінезі – бәрі көрініп тұр», – дейді [2]. Тіл үйретуде тіліміздің бұл қасиеттерін негізге алуымыз керек.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде тіл дамыту жұмыстары негізінен мәтін бойынша жүргізіледі. Мәтін – лингвистиканың күрделі объектілердің бірі екені белгілі, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер жүйесін құрайды. Онда белгілі ой, мазмұн бар және оның құралдары бір-бірімен мазмұн жағынан да, құрылысы жағынан да біртұтас байланысқан жүйе.

Тіл дамытуға байланысты жүргізілетін жұмыстың бәрі сөйлеммен жүргізіледі. Өйткені сөйлем – тілдік қатынастың грамматикалық жүйеге түскен түрі. Сөздерді сөйлемде еркін пайдалануға үйретететін бірден-бір жол – мәтінмен жүргізілетін жұмыстар. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі оқулығы әрі грамматикалық, әрі әдебиеттік материалды қамтиды. Оқушы грамматикадан алған білімдерін мәтіндік материалда пысықтайды, мәтінмен істелінетін жұмыстар арқылы жаттығады. Мәтін арқылы сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлерін (тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйлесім, тілдесім) меңгереді.

Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері:

1. Диалог құрастыру. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп болғаннан кейін оқушылар диалог құрастырады. Мәтіннің әр сөйлеміне сұрақ қойылып, ол сұраққа оқушылар мәтін бойынша жауап береді. Мұндай жұмыс екі оқушылар арасында ауызша жүргізіледі.

Мысалы, 6-сынып оқулығының 160-бетінде XV модульдегі «Шелек» тақырыбындағы мәтін бойынша екі оқушы келесі диалог құрайды [3].

Шелек

Шелек құдық басында тұратын. Қызметі – келген-кеткен өзінің туыстарына тереңге сүңгіп кетіп, су алып беру.

Күндер өтті. Бұл жұмыстан әбден жалықты.

- Мен болмасам, қайтер едің? Суды өздерің алыңдар, – деп міндет ететінді шығарады. Даңғыр-дұңғыр етіп ұрсып, кейіп, басқалардың әбден жүйкесіне тиіп болады.

Бір күні оның жібі үзіліп кетті де, құдыққа күмп берді. Алайда оны ешкім де ізден те жатпады. Орнын басқа шелек басты.

Сұрақтары:

- Шелек қайда тұратын?
- Ол қандай қызмет атқаратын?
- Шелек қандай күйге келді?
- Бір күні не болды?
- Шелекті неге ешкім іздемеді?

2. Мәтін бойынша әңгіме (монолог) құрастыру.

Мәтін бойынша әңгіме мазмұны бойынша монолог құрастыруға болады. Монолог дегеніміз бір адамның сөзі. Ол әңгіме болуы мүмкін. Монологты құрастыру арқылы біз оқушыларды өз ойын еркін айтуға, сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйретеміз. Мәтінді өтіп болған соң оқушыларға сол мәтіннің мазмұнын екі түрлі жолмен айтқызуға болады:

1. Мәтіннің мазмұнын қысқаша өз сөзімен айтып беру.

2. Мәтіннің мазмұнын толық кітап сөзімен айтып беру.

Мәтін мазмұнын қысқаша өз сөзімен айтып бергенде оқушы мәтіндегі негізгі ойды өз сөзімен байланыстырып айтуға үйренеді.

Сабақта мәтінді, әсіресе, толық айтып беруге көп көңіл бөлу керек. Оқушы мәтінді бірден толық айтып бере алмайды. Ол үшін алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Ол жұмыстар мыналар:

● жаңа сөздерді сөздік дәптерлеріне жаздырып, оның мағынасын түсіндіру, дұрыс айтқызу, антоним, синонимдерін таптыру;

● күрделі сөйлемдердің құрылысына, қиын соғатын сөз тізбектеріне көңіл бөлу;

●мәтінді оқығанда тыныс белгілері мен интонациясына көңіл бөлу;

●мәтінді бөліп оқу, оқу барысында өтілген жаңа сөздермен грамматикалық құрылыстарды ескеру.

3. Мәтіннің мазмұны бойынша сурет салу. Мәтіннің мазмұнын негізге алып, балалар алған әсері бойынша сыныпта не үйде мұғалімнің берген тапсырмасымен сурет салады. Мұндай суреттер шығармашылық жұмыс ретінде аса бағаланып, оның нәтижесі оқушылар көрмесінен орын алуы мүмкін.

6-сыныпта сурет салуға қолайлы тақырыптар: «Күз», «Қыс», «Көктем», «Туған жерім», «Табиғатты қорғау» т.б.

4. Мәтіннің тақырыбына сай салынған сюжетті суретпен жұмыс істеу. Бұл жұмыс көбіне өткен материалды пысықтау үшін қолданылады. Мәтіннің тақырыбына сай суретпен жұмыс жүргізудің мақсаты – жаңа сөз үйрету, жай сөйлемдерді есіту, қайталап айту жолымен оқушылардың тілін ширату. Оқушылардың салған суреті талапқа сай, көрнекі болуы керек.

Сюжетті суретпен жұмыс жоспарлы түрде жүргізіледі. Жоспар төмендегіше болуы мүмкін:

1. *Сурет мазмұнына байланысты кіріспе әңгіме.*
2. *Суретке қарап, ондағы заттардың атын ауызша оқушыларға айтқызып шығу.*
3. *Сурет бойынша әңгіме, яғни сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құрастыру.*
4. *Сурет бойынша толық әңгіме құрастыру.*
5. *Сөздік жұмысы.*

Мысалы, 6-сыныптың XV модуліндегі «Жазғы ауа райы» деген тақырып бойынша оқушыларға өз еркімен оқулықта берілген 5 сюжетті суреттің қалағанына шығарма жазу беріледі. Сол суреттің біріне «Саяжайда» деп атап, келесі сөз тіркестерін пайдаланып, көрсетілген жоспармен шағын шығарма жаздыруға болады: Самат пен атасы, бақша ағаштары, жер қазу, ағаш отырғызу, су құю, ауа райы жылы.

Жалпы сурет бойынша мәтін құрастырудағы мақсат оқушылардың тілін дамыту, ой-өрісін кеңейту, былайша айтқанда, шығармашылық жұмыспен шұғылдандыру.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының 39-бетіндегі «Қазақ тілі кабинеті» деген суретті алайық. Тапсырма бойынша әңгіме құрастыру керек [3].

Кіріспе әңгімеде оқушылар біртіндеп заттардың атын атап, солармен жеке сөйлемдер құрастырады. Мұғалім сұрақ-жауап әдісімен тақырыпты ашып, оқушылардың білімін тереңдетеді.

- Бұл кабинет қалай аталады?
- Қазақ тілі кабинетінде қандай сабақ жүргізіледі?
- Қазақ тілін білу үшін біз не істейміз?
- Қазақ тілі қандай тіл, мемлекеттік тіл дегеніміз не?
- Тілдер мерекесі қашан өтіледі?
- Қазақтың қандай ақын-жазушыларын білесіңдер?
- Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?
- Әрбір Қазақстан азаматы неше тіл білуі керек? т.б.

Бұл сұрақтардың жауабы мына кесте бойынша қорытындыланады

Келесі кезекте оқушылар жаттап келген тіл туралы мақалдарын ортаға салады:

Тіл – көңілдің кілті.

***

Өнер алды – қызыл тіл.

***

Аталар сөзі – ақылдың көзі.

***

Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

***

Жақсы сөз – жарым ырыс.

***

Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.

***

Шешеннің тілі – шебердің бізі.

Оқушылар тіл туралы өлеңді мәнерлеп оқиды:

Мен – қазақтың тілімін
Беретін көп білімім.
Достасатын сендермен
Жаңа пәннің бірімін.
Сөзіме құлақ сал бәрің,
Менімен тез іске асар,
Ойға алған арманың [68.87].

(О.Асқар)

Дәулет – деген ұғыңдар!
Кеше болса, бүгін жоқ.
Тілің болса – күнің бар.
Тіл болмаса – түгің жоқ!

Тіл туралы жан-жақты білім алған оқушылар енді өз бетінше шағын шығарма жазуға, яғни мәтін құрастыруға кіріседі.

Оқушылардың құрастырған шығарма мәтіні былай болуы мүмкін.

Қазақ тілі кабинеті

Біздің мектепте қазақ тілі кабинеті бар. Кабинетте қазақ тілі сабақтары жүргізілді. Мемлекеттік тілді үйрену үшін біз әр түрлі жаттығулар жазамыз, кітап оқимыз, әңгіме тыңдаймыз, бір-бірімізбен сөйлесеміз.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Барлық іс-қағаздар, қарым-қатынас мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жыл сайын 22 қыркүйекте Тілдер мерекесі өтеді. Әрбір Қазақстан азаматы үш тіл білуі керек. Ол: қазақ, орыс және

ағылшын тілдері. Осы тілдердің ішіндегі ең бастысы – қазақ тілі, өйткені ол мемлекеттік тіл, екінші тіл – орыс тілі. Ол ұлтаралық тіл, үшінші тіл – ағылшын тілі – халықаралық тіл.

5. Грамматикалық жаттығуларды орындау.

Грамматикалық тақырыпқа байланысты бағдарлама аясында жүргізіледі. Ол тапсырмалар мына төмендегідей болуы мүмкін:

1. Мәтіннен үлгі бойынша сөз тіркестерін теріп, оның аудармасымен жазу.
2. Мәтіннен септік жалғауларында тұрған сөздерді теріп жазу.
3. Мәтіннен баяндауыштарды теріп жазып, оның жақ формаларын ажырату.
4. Мәтіндегі зат есімдерді теріп жазып, олармен сөйлем құрастыру.
5. Синоним, омоним, антоним сөздермен жұмыс істеу.
6. Мәтіннен анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш қызметін атқаратын сөздерді теріп жазу, олармен сөйлем құрастыру т.б. (61).

6. Шығармашылық жұмыс.

Жоғарғы сыныптарда оқушылардың тілін және ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында мәтіннің мазмұнын өз бетінше ары қарай жалғастыру жұмыстары жүргізіледі, яғни оқушылар оқиға жалғасы осылай болуы мүмкін деп жорамалдап, мәтіннің мазмұнын әрі қарай жалғастырады. Нәтижеде оқушының сөздік қоры дамып, тілі ширайды.

7. Мазмұндама жазу. Оқушылар мәтін мазмұнын толық игеріп болған соң, мазмұндама жаздыруға болады. Ол үшін бұрын өтілген мәтінді мұғалім мәнерлеп оқып, екі-үш оқушыға қайта оқытып, мәтін мазмұнын игертеді. Жаңа сөздер түсіндіріліп, жоспар құрылады. Содан кейін оқушылар мазмұндама жазады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мазмұндама жаздырудың маңызы зор. Өйткені оқушылар мәтінді қайталап еске түсіреді, сауатты жазуға үйренеді және өз ойын байланыстырып жеткізуге жаттығады [4].

Мәтінді өтуде дұрыс та сауатты оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу талаптары іске асырылады. Мәтінмен жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп, оны игеруде түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Сынып жоғарылаған сайын мәтін тақырыбы, мазмұны мен құрылысы жағынан күрделенеді. Күрделі тақырыптағы мәтіндер оқушылардың тілін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге шығармашылық жұмысқа қызығушылығын, белсенділігін арттырады.

Қ.Ы.Сариева, А.Қ.Рауандина, Ж.Д.Адамбаева т.б. «Қазақ тілі» оқу пәні орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде оқытатын мектептерге арналған бағдарламасында [5] оқушылардың бұл пән арқылы қазақ тілінің сөз байлығын, көркемдігі мен әуездігін, сөйлеу мәдениеті мен этикетін, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормалары мен оны қолдануын меңгеруі тиіс делінген.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамымызда халықтар арасында ізгілік қатынасты, түсіністестікті, келісімді нығайтуға, оның ұйтқысы болуға қызмет етеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін, территория тұтастығын, халықтар достығын, заңын, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үндей отырып, оқушылар бойында Қазақстандық ұлтжандылық сезімін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. -Алматы. Республикалық баспа кабинеті, 2000 ж., 208-бет
2. Жұмабаев М. Педагогика. -Алматы, Рауан, 1993 ж., 112-бет
3. Қазақ тілі. -Алматы, Атамұра, 2011 ж.
4. Байтанаева-Молдалиева Д.А., Искакова Д. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мемлекеттік тілді меңгерту жолдары. -Шымкент, 2016 ж., 112-бет
5. Сериева Қ.Ы, Рауандина А.Қ., Адамбаева Ж.Д т.б. «Қазақ тілі» оқу пәні орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде оқытатын мектептер үшін (5-11 сыныптар).

ӘӨЖ

САТТАР ЕРУБАЕВ ЖӘНЕ МЕНІҢ ҮЛКЕН ӘЖЕМ

Молдалы Ж.Ө. –Саттар Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейінің оқушысы.
Ғылыми жетекшісі: Пазилова С., №24 мектеп-лицейінің мұғалімі. Шымкент қ.

Резюме

В данной статье ученица школы делится своими впечатлениями о Саттаре Ерубаеве по рассказам своей пробабушки.

Summary

In this article, a school student shares her impressions of SattarErubaev from the stories of her pro-grandmother.

Менің «үлкен әжем» деп отырғаным – әжемнің анасы Мырзай Алтынбекова. Ол Шымкент педагогика институтының негізін қалаушылардың бірі, СССР жоғары оқу орнының үздік қызметкері, Отан соғысы және Еңбек ардагері, СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының «Еңбектегі табыстары үшін» және «Батыр ана» төсбелгілернің иегері, филология ғылымдарының кандидаты, доценті, ғалым-педагог, әдебиетші.

Саттар Ерубаев 1914 жылы туылса, менің үлкен әжем 1913 жылы туылған, яғни Саттар Ерубаевтың замандасы, құрдасы. Оның қызықты әңгімелерінен білгенім Саттар Ерубаевпен танысуы былай болған екен.

Өлең жазуға аса құштар үлкен әжем 1933 жылы ҚазПИ-дің филология факультетіне оқуға түседі. Бұл жерде оқи жүріп, курстас Мәлік Ғабдуллинмен (кейін Совет Одағының батыры) бірге жазған өлеңдерін бастыруға «Лениншіл жас» газетінің сол кездегі редакторы Саттар Ерубаевқа апарып береді екен. Жиі-жиі бару арқылы Саттар Ерубаевпен және оның бір ауылдан шыққан, бірге

оқыған досы Әбіш Байтанаевпен де (яғни менің үлкен атаммен) таныстығы нығая түскен. Осы таныстық Саттар өмірінің соңына дейін жалғасқан [1].

Менің үлкен әжем Мырзай Алтынбекова Шымкент педагогика институтында 40 жылдан аса еңбек етіп, 2013 жыл 100 жасқа толған шағында қайтыс болады. Бүкіл педагогтік өмірін ғылыми-шығармашылық жұмысқа арнаған. «Мен жазбасам кім жазады Саттарды», – деп кандидаттық диссертациясының тақырыбын «Саттар Ерубаевтың өмірі мен шығармашылығы» деп бекітеді, көп жылдары Саттардың өмірі мен артында қалған шығармаларын тауып, зерттеп, талдап, табысты қорғап шығады. 2001 жылы «Саттар Ерубаев» деген кітабы жарық көрді. Саттар Ерубаевтың өмірін, шығармаларын зерттеу барысында көптеген мақалалары жарық көрді. Атап айтсақ: «Саттар туралы сөз», «Біз Саттарды білеміз», «Бір ауылдан түлеп ұшқан жастар еді» (Саттар Ерубаев пен Әбіш Байтанаев жайында), «Жастықтың жалынды жаршысы» т.б.

Өмір деген өксігімді баса алмаған жан едім,
Өмірімнің барлық гүлін аша алмаған жан едім.
Бәсе, кәні, мәңгі жасау, өлшеушілік қайда екен.
Өте ұмытшақ уақытқа сенбеушілік қайда екен!

Неге маған Саттар өлеңдері сонша өмірге құштарлық, жастық жігер береді? Неге мен оның өлеңдерін оқи бергім келеді? Неге оның өлеңдері өмірге, жақсылыққа, биік шыңдарға ұмтылуға шақырады? Мұның сыры неде? Бұл сұрақтар мені мазалап, Саттардың өмірін, оның өлеңдерінің сырын білуге ұмтылдырды. Жастарға айтайын деген сырын, сені биікке жетелейтін күшін бәріміз білуіміз, сезінуіміз керек деймін.

Саттар 1914 жылы Түркістан қаласында туылып, жастық шағын осы қалада өткізген. 1922 жылы осы Түркістан қаласында тұңғыш ашылған Абай атындағы үш кластық қазақ бастауыш мектебін бітіреді. 1925 жылы осы қаладағы Ленин мектебі деп аталатын 7 жылдық орыс мектебіне түседі (Ол мектеп қазірде Саттар музейі). Ол оқуға алғыр, қабілетті болумен бірге қоғамшыл болды. Мектептің қабырға газеті мен әдебиет үйірмесін басқарды. Тіпті мектеп жанындағы жетім балалар интернатына жиі барып, балаларды әдеби кітаптар оқуға тартады. Оларды Абайдың, Пушкин, Крылов, Горькийдің шығармаларымен таныстырады. Жоғары оқу орнына түсуді арман еткен, 15 жасқа енді жеткен қаршадай қазақ баласы Саттар 1930 жылы Ленинградқа барып, ондағы Герцен атындағы университетінің тарих және философия факультетіне оқуға түседі. Орыс тілінде жүретін лекцияларды қиындығына қарамай, мұқият тыңдап, оны зерек қабылдауымен бірге, күні-түні үлкен кітапханалардан шықпай, көп оқып әзірлену арқасында 1933 жылы университетті алдыңғы қатарда бітіреді және осында ол «Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» деген тақырыпта диплом жұмысын жазып, оны үздік қорғайды [2].

Саттардың негізгі арманы біреу-ақ еді – білімді білікті болып, Отанға қызмет ету. Сондықтан оқуын бітіргеннен кейін университеттің аспирантурасына қалдырылғанына қарамастан, Қазақстанға қайтады. Отаным деп өршеленген жасты Алматы асыға күтіп тұрғандай сезінеді. Өзі де Алматыға тезірек жетуге асығады. Сол университеттің жатақханасында жатып жазған «Ақын жыры» деген өлеңінде:

Бүгін ұйқы көрмедім,
Бұл таң неге атпайды.
Оқуды міне бітірдік
Бір күні қарап бос жату
Коммунистік тәртіпке.

Еш уақытта жатпайды – деп, жас талант ақын өзінің отаншылдық сырын шертеді [3].

19 жасар Саттар Қазақстандағы орталық газеттің бірі «Лениншіл жаста» жастар және әдеби бөлімін басқарады. Осы қызметте істеп жүріп, КазПИ-де философия мен әдебиет теориясынан орыс тілінде лекциялар оқыды. Ол кезде бұл пәндерді тек орыс мұғалімдері ғана оқитын. Ал Саттардың бұл мамандыққа дайындығы мол болатын. Ленинградта жүргенде тек оқуымен ғана шұғылданып қоймай, орыстың, батыстың классикалық әдебиетін де көп оқып, онымен жақын таныса білген. Оған Анри Барбюстің, Шекспирдің, Джек Лондонның, Горький мен Маяковскийдің, Есениннің шығармалары киетін көйлегіндей жақын болған. Ол шығармалар қашан да жанында, жастығының астында болатын. Саттардың білімділігі мен еңбекшілдігін осыдан да көруге болады.

Саттар Ленинградтан Қазақстанға зор білім, үлкен әсермен қайтты. Жалынды ақын Қазақстанға шаттық пен еңбекті, бақытты жырлауға, Отанға қызмет істеуге деген соншама құштарлықпен, шалқыған жыр жазу құмарлығымен оралды. Саттардың осындай тамаша беталысын байқаған Қазақстан Үкіметі оны 1934 жылы республикамызда тұңғыш ашылған Абай атындағы опера және балет театрының директоры етіп тағайындайды. Саттар осы кезде 20-ақ жаста екен. Бірақ Саттар бұл басшылық жұмыста көп уақыт істемеді. Қазақстан Үкіметінің басшылығы оны «Қарағанды пролетариаты» газетінің жұмысын жақсарту мақсатында Қарағандыға жібереді. Мұнда ол «Қарағанды пролетариаты» газетінің мәдениет және жастар бөлімін басқарады.

Қарағандының алып өндірісіне барып жұмыс істеу – Саттардың бұрыннан келе жатқан басты арманының бірі еді, сондықтан ол Қарағандыға қуанып келді. Мұндағы басты мақсат та газет жұмысын жолға қоя жүріп, үлкен өндіріс жайында роман жазу болатын. Бұл мақсатқа жету үшін ол Қарағанды көмір шахтасының астында да, үстінде де болып, жұмысшы және жастар еңбегімен, өмірімен көзбе-көз танысады. Сөйтіп, ол өзінің әйгілі «Менің құрдастарым» романына материал жинайды. Бұл әрекетіне Саттардың өзі де сонша ынталана, қызыға, үлкен күш-қайратпен, сүйіспеншілікпен қызу кіріседі. Ол Алматыда «Лениншіл жаста» істейтін досы Әбіш Байтанаевқа: «Әбіш, сен білесің бе, мен

нағыз қызықты өмірге – Қарағанды өндірісіне киліктім. Мен сол үшін қандай бақыттымын. Мен романның атын жұмысшы жастардың еңбек өмірі жайында болғандықтан «Менің құрдастарым» деп қоямын. Оның басты бейнесі интеллигент жас инженер Рахмет Дәуіржұлы болады», – деп Саттар қуанышты айқаймен дүркін-дүркін хат жазып жатты [2].

Саттар өзінің көркем шығармашылық жұмысына осылай кіріскен еді. Өзінің басқа да новелла, өленderін, пародияларын жаза жүріп, сол кездегі өркендеп өсіп келе жатқан қазақ әдебиетін барлық жанрда дамыту ісіне араласты. Әсіресе пародиялар жазды. Бұл ретте ол сын айтып отырған адамының үлкен-кішілігіне қарамай, өткір, батыл да батыр сын, пікір айта білді.

Жазушылардың Алматыдағы тұңғыш съезі үстінде бұл мәселеге көбірек көңіл аударады. Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсіреповтерге арнап мақала, пародиялар жазып, батыр, батыл сынады. Бұл үшін олардың рахметі мен алғыстарына ие болды. Міне, осының барлығы талантты, 20 жасқа жаңа жеткен жас Саттардың әдебиетке құштарлығы мен шын жанашырлығын және оның бойында қайнаған жастық күш-жігері толы екендігін көрсетеді емес пе?

Рас, Саттар аз жасады, небәрі жиырма екі-ақ жыл өмір сүрді. Бірақ ол алдымен өзінің сүйікті Отаны, Қазақ халқына, еліне деген шын сүйіспеншілік жүрек сезімін қалдырды. Отаны мен елімнің болашағына деген тәтті қиялдары мен қыруар әдеби еңбектерін қалдырып, жастарға қалай оқып, қоғамға қалай қызмет жасап, еңбек етудің өнегесін көрсетті.

Олай болмағанда Саттар Саттар да болмас еді ғой. Саттардың қысқа, әрі таңғажайып жалыны, талантты өмірі қазіргі егемендікте өмір сүріп жатқан жас ұрпақтарға бірден бір үлгі-өнеге болып қала бермек.

Мен Саттар Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейінде оқимын. Кіре берісінде Саттар Ерубаевқа арналған ескерткіш орнатылған. Ескерткіштің айналасы гүлдермен безендірілген. Күнде мектепке кіргенде, іштей Саттар атамен амандасқандай боламын. Ескерткіш жанында тұрып, достарыммен суретке түсемін.

Мектебімізде 2014 жылы Саттар Ерубаевтың 100-ге толған мерекесі өтті, ал 2019 жылы Саттар Ерубаевтың 105-ке толғанына арналған конференция ұйымдастырылды. Оқушылар Саттар өленderін жатқа айтты. Оқушылардың өздері жазған өленderі жинақ болып жарияланды.

Мектебімізде Саттар Ерубаев мұражайы бар. Мұражайда ол туралы көптеген деректер жиналған: шыққан тегі, отбасы, туыстары, достары, шығармалары жайында мәліметтер мол. Солардың ішінде менің үлкен әжем Мырзай Алтынбекова мен үлкен атам Әбіш Байтанаевтың суреттері мен еңбектері бар. Үлкен әжемнің «Саттар Ерубаев» деген кітабын достарыма көрсетіп, «бұл кітапты менің үлкен әжем жазған» дегенімде, бәрі маған: рас па? қашан? қалай? деген сұрақтарды жаудырады. Мен мақтанышпен барлық сұрақтарына жауап беремін. Менің үйім алыс болса да, осы Саттар Ерубаев атындағы мектепте оқуымның сырын түсінген шығарсыздар деп ойлаймын.

Мен Саттар Ерубаев сықылды білімді, білікті, отансүйгіш, жүрегінде лаулап тұрған оты бар азамат болып өскім келеді. Барлық сабақтан жақсы оқитыным соның дәлелі болса керек. Түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға да ие болудамын. Мен мектебіммен мақтанамын. Мектебімізде оқитын әрбір оқушы да осылай мақтанады деп ойлаймын.

Саттардың жақсы өмір жасауға бұлқына ұмтылған жалын атқан жастық жігері, адал ниет ақпейілмен жазылған асыл шығармалары бүгінгі жастарға өнеге болуға, адамгершілікке тәрбиелеуде атқаратын қызметі зор демекпін.

Әдебиеттер

1. Ұстаздардың ұстазы, -Шымкент, 2013
2. Саттар Ерубаев. -Шымкент, 2004
3. Саттар Ерубаев. Мәңгілік өмір, -Алматы, 2004

УДК

СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РУССКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ: КОМПОНЕНТНО-СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

ТЕМИРБЕКОВА Г.А.,
к.п.н., ЮКГПУ
г. Шымкент

Түйін

Бұл мақалада орыс тілі мен қазақ тіліндегі синтаксис ерекшеліктері компоненттік-салыстырмалы түрде қарастырылады.

Summary

In this article, the syntactic features of the Russian and Kazakh language are companent-comparative.

Основу синтаксиса как русского, так и казахского языков составляет учение о предложении, о принципах его построения, а также связи слов в нем, о разных видах предложения.

В синтаксисе русского и казахского языков имеются как общие для обоих языков признаки, так и отличительные особенности. Синтаксические формы, способы и приемы в двух языках различны. Изучение их в сопоставительном плане представляет большой интерес, так как они являются очень важными элементами грамматического строя и в них особенно ярко проявляются основные внутренние закономерности развития каждого конкретного языка.

Теоретические положения русской и казахстанской науки в области языкознания, освещены в трудах В.Виноградова, Н.С.Шанского, С.Аманжолова, М.Балакаева, С.Кенесбаева, а также в методических рекомендациях для учителей в трудах Н.З.Бакеевой и З.П.Даунене, М.Баранова, Д.Турсунова, Х.А.Бекмухамедовой и др.

В русском языке предложение определяется как «грамматически» оформленная по законом данного языка целостная единица, являющаяся главным средством формирования, выражения и сообщения мысли [1].

В казахском языке предложение представляет собой целостную единицу речи, оформленную по законом грамматики языка и выражающую законченную мысль.

Таким образом, и в русском и в казахском языках предложение является основной единицей речи, при помощи которой люди сообщают друг-другу свои мысли.

Предложение в обоих языках характеризуется предикативностью, т.е отношением подлежащего сказуемого, на основе сочетания которых «реализуется в языке мыслительный акт понятий. Предикативность является главным признаком предложения и грамматически оформляется в категориях модальности, времени и лица» [2].

В русском и казахском языках предложения различаются:

1) По отношению к действительности – утвердительные и отрицательные;
2) По структуре главных членов – односоставные и двусоставные;
3) По цели высказывания – повествовательные, вопросительные, побудительные;
4) По эмоциональной окрашенности – восклицательные;
5) По строению – простые и сложные [3].

Подлежащее и сказуемое как в русском, так и в казахском языках составляют основу предложения, его ядро, вокруг которого группируются все другие члены предложения. Функции подлежащего одинаковы в русском и казахском языках – это грамматически независимый главный член двусоставного предложения, обозначающий предмет речи. В обоих языках основной формой выражения подлежащего является имя существительное в именительном падеже или личное местоимение [4].

Молодой месяц показался на ясном небе. Он поднимался всё выше и выше над землей.

Ашық аспанда жаңа туған ай көрінді. Ол біртіндеп жерден жоғарылай берді.

Сказуемое в русском и казахском языках является основным членом двусоставного предложения, зависящим от подлежащего. Как и в других тюрских языках, сказуемое в казахском языке «концентрирует элементы всех остальных членов предложения» [5]. Оно обозначает действие, состояние или признак подлежащего. В русском и казахском языках сказуемые бывают глагольными и именными; глагольное может быть простым, составным и сложным. Типичной формой сказуемого двусоставного предложения является глагол в личной форме.

Сложное глагольное сказуемое в русском языке образуется из связки начать, стать, продолжить и неопределенной формы глагола. В казахском языке в роли связок употребляются глаголы отыр, тұр, жүр, жатыр.

Второстепенными в русском и казахском языках называются члены предложения, служащие для пояснения главных членов предложения.

Второстепенные члены предложения в обоих языках выражаются различными частями речи и имеют разные значения. В обоих языках выделяются три основные группы второстепенных членов предложения: дополнения, определения, обстоятельства.

Функции второстепенных членов предложения и в русском и в казахском языках одинаковы. Способы выражения их также соответственны [5].

В зависимости от наличия одного или обоих главных членов в русском и казахском языках выделяются предложения двусоставные или односоставные. Двусоставные включают в состав предложения подлежащего и сказуемого с относящимися к нему словами.

К односоставным предложениям в русском и казахском языках относятся предложения определенно-личные (жақты сөйлем), неопределенно-личные (белгісіз жақты сөйлем), обобщенно-личные (жалпылама жақты сөйлем), безличное предложение (жақсыз сөйлем), назывное предложение (атаулы сөйлем), неполное предложение (толымсыз сөйлем).

Сложное предложение в русском и казахском языках состоит из двух или более взаимосвязанных друг с другом простых предложений, которое образует смысловое и интонационные единство: сложное предложение, так же как и выражения и сообщения мысли т.е. функции простого и сложного предложения в языке едины: различие между ними состоит в том, что строительным материалом для простого предложения являются слова, а для сложного – простые предложения. Простое предложение может иметь в своем составе одну предикативную единицу, а сложное может состоять из двух или более предикативных единиц.

В русском и казахском языках простые предложения при объединении в сложные видоизменяются, в некоторой степени теряют свою самостоятельность как в смысловом, так и в грамматическом отношении.

В составе сложного предложения они воспринимаются как взаимосвязанные друг с другом части единого целого [6]. В этом отношении к сопоставляемым языкам вполне применимы слова академика В.В.Виноградова о том, что, «хотя составные части сложного предложения по внешнему строению однородны с простыми предложениями, но в составе целого они не имеют смысловой и интонационной законченности, характерной для категорий предложения и следовательно, не обладают признаками отдельных предложений» [7].

Сложносочиненные предложения в русском и казахском языках состоят из двух или нескольких простых предложений, независимых друг от друга и соединенных между собой сочинительными союзами.

Однако смысловая самостоятельность и равноправность простых предложений, образующих сложносочиненное предложение, в обоих сопоставляемых языках относительна:

Содержание каждого простого предложения находится в неразрывной связи с содержанием другого предложения, с которым оно составляет единое целое.

Как в русском, так и в казахском языках сложносочиненное предложение выражает значения одновременности или последовательности, противопоставления, разделительные, присоединительные, причинно-следственные отношения.

Сложноподчиненным предложениям русского языка с придаточными определительными, дополнительными, а иногда и с придаточными подлежащими и сказуемыми в казахской языке соответствуют простые предложения с развернутыми членами. В этом – одно из основных различий в структуре сложноподчиненных предложений русского и казахского языков, что составляет специфику казахского языке по сравнению с русским. В связи с тем, что некоторым видам придаточных предложений в казахском языке соответствуют развернутые члены предложения, число видов придаточных предложений в казахском языке значительно меньше, чем в русском. В обоих языках имеют определенное соответствие: придаточное времени, придаточное места, придаточное причины, придаточные следствия, придаточное условия, придаточное цели, придаточное уступительное, придаточное сравнительное.

В казахском языке нет придаточных определительных. Но в составе простого предложения в казахском языке встречаются такие обороты и конструкции, которые выражают такие же значения как придаточные определительные русского языка. Они переводятся на русский язык как придаточные определительные предложения. Поэтому такие определительные обороты являются эквивалентами придаточных определительных предложений русского языка.

В казахском языке также отсутствуют придаточные дополнительные предложения. Но в казахском языке есть развернутые дополнения, которые по своему значению соответствуют придаточным дополнительным предложениям в русском языке.

Развернутые дополнения имеют очень сложный состав и соединяются со сказуемым при помощи вспомогательных глаголов «деп», «екен».

Материалы компонентно-сравнительного анализа синтаксических особенностей русского и казахского языков, безусловно, помогут учителям русского языка в казахской школе при изучении курса синтаксиса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Грамматика русского языка Т.2.ч.1/изу АН СССР, М., 1954
2. Аманжолов С, Аилкаев А, Уйыкбаев И. Грамматика Современного казахского языка. Синтаксис.-Алма-Ата, 1960
3. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Алма-Ата, 1966

4. Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов/ АН КазССР – Алма-Ата, 1987
5. Турсунов Д., Хасанов Б и др. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Алма-Ата, 1967
6. Демесинова Н.Х. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Синтаксис. Алма-Ата, 1965
7. Виноградов В.В. Основные принципы русского синтаксиса в «грамматике русского языка»/известия АН СССР.М., 1954

УДК

ПРИЕМЫ АКТИВИЗАЦИИ СЛОВАРНОЙ РАБОТЫ В КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ

Темирбекова Г.А.,
к.п.н., ЮКГПУ
г. Шымкент

Түйін

Бұл мақалада қазақ мектебінде сөздік жұмысын белсенді жүргізу тәсілдері сөз болады.

Summary

This article discusses the methods of active vocabulary work in the Kazakh school.

В казахских школах на уроках русского языка и литературы часто можно заметить ошибки учителей в методике проведения словарной работы. Это: отсутствие системы в организации словарной работы; неверное определение места и времени словарной работы на уроке; однообразие приемов толкования слов; отсутствие системы тренировочных упражнений при введении новой лексики в активный словарный запас, и др. поэтому хочется обратить внимание учителей на некоторые особенности организации словарной работы как эффективного средства обучения учащихся русской разговорной речи.

Главной задачей учителя является не только обогащение словаря учащихся, но и развитие связной речи путем повседневной активной речевой тренировки – упражнений в диалогической и монологической речи и на уроках и во внеурочное время [1].

Одним из основных путей обогащения речи учащихся, их активного лексического запаса является систематическое и целенаправленное использование учителем дополнительного материала к учебнику, что поможет ввести в словарь школьника новые слова и расширить рамки употребления изученных ранее. Добавим, что на каждом уроке русского языка и литературы необходимо проводить орфоэпическую зарядку, которая особенно полезна в младших и средних классах; она способствует лучшему восприятию прочитанного и услышанного.

Словарная работа в зависимости от ее назначения предполагает следующие виды упражнений: словарно-орфоэпические, словарно-

орфографические, словарно-морфологические, словарно-семантические. Эти упражнения способствуют осознанному закреплению активного словаря: школьники не только правильно произносят и пишут слова, но и отчетливо видят их морфологические признаки, вполне сознательно употребляют их и конструируют из них предложения по законам русской грамматики [2].

Словарно-семантические упражнения расширяют и обогащают лексический запас учащихся. Такие упражнения нужно проводить на каждом уроке не менее 5-12 минут следует также помнить, что лексико-семантические упражнение надо проводить до объяснения нового материала, чтобы подготовить учащихся к осознанному его восприятию.

Учащиеся казахских школ зачастую, не понимая значения того или иного слова, употребляют его неправильно, не всегда разграничивают прямое и переносное значение. Вызывает у школьников затруднение и использование синонимов, антонимов, омонимов, они с трудом различают паронимы и т.п. Отсюда – низкая речевая культура, затрудняющая общение.

«Расширение и обогащение словаря идут рука об руку с расширением общего кругозора учащихся, даже их мировоззрения, поскольку в словаре отражается точка зрения на мир, на явления окружающей детей объективной действительности» [2].

Важную роль в углублении и расширении лексических знаний, в формировании соответствующих навыков и умений играет работа над тематически сгруппированными словами. Группировка слов по тематическому принципу является эффективным методическим приемом, позволяющим активизировать словарь учащихся. Преимущество его в том, что у обучаемых возникают ассоциативные связи, а это создает благоприятные условия для включения слов в речевую деятельность.

Приведем для примера тематическую группу слов. В подобные группы включаются как новые, так и уже ранее известные учащимся слова, достаточно прочно вошедшие в их активный словарь. Такая работа вполне оправдана, потому что она дает возможность систематизировать лексические знания, активизировать ассоциативные связи между словами, уточнить значение отдельных слов, их морфологическую принадлежность и сочетаемость и таким образом установить морфологические отношения между родственными словами [3].

Например, город: улица, парк, сквер, аллея, площадь, вокзал, автобус, универмаг, почта, баня, школа, дворец, больница, киоск, магазин, бассейн, театр, цирк, фонтан; идти, ехать, гулять, чистить, переходить, садиться, подниматься, заказать, удивляться, смотреть, купить, помочь, посещать, играть, брызгать, садиться, подниматься и т.д.

Обычно слово записывается на доске, произносится выделяя слоги и ударение, затем подбираются к нему синонимы, антонимы и учащиеся его записывают в свои словарики.

Задача состоит в том, кто это слово нужно ввести в речевую практику т.е. конструировать словосочетания разных типов, составление предложений, написание рассказа, сочинения, составление диалогов, устных рассказов на темы: «В кино», «В театре», «В цирке», «На площади» и т.д.

Учащиеся старших классов уже имеют определенный запас слов и различают прямые и переносные значения слов. При объяснении отвлеченных понятий, обозначающих человеческие чувства, состояние природы, характеристики людей и животных нужно прибегать к переводу на родной язык. Переводом можно пользоваться и тогда, когда вводятся слова, с синтаксически обусловленным значением [4].

It is known that in the course of communication there is a selection of language means under the influence of communicative conditions. In this sense language of business communication represents close to ideal a model of "not creative" use of language units. So, according to P. Voloshin, communication with use of ready "blocks", the stiffened clichéd educations, is the dominating characteristic of business communication. This cliché is shown not only at the level of phrases and sentences, but also at the level of the whole texts, whether it be business correspondence, bank documents or presentation materials. Even the unofficial dialogical speech between participants of communication, as a rule, is not beyond standard, formal, globally clichéd units of big and small syntax.

Thus, according to the Russian linguistic school, the business discourse as a kind of an institutional discourse, represents "a specialized clichéd kind of communication between people who can not know about each other, but have to communicate according to norms of this society". In this regard several typical signs for characteristic of an institutional business discourse are distinguished:

1) the specific purpose of communication consisting in mutually advantageous professional activity, in establishment of conditions of cooperation, in achievement of the business arrangement between two and more interested parties or unilateral definition of positions on any question;

2) the specific participants presented in the person of managers of all links which are engaged in production, trade, rendering services; the business people having own enterprises; the scientific figures who are engaged in scientific developments, training of specialists, rendering consulting and expert services; various clients; people who are interested in business;

3) specific social chronotope, including social space and social time as important components for the social relations with communicants;

4) the specific values consisting in receiving profit, in effective management, in creation of partnership, monitoring of the competitive environment, selection and training, etc.;

5) the specific strategy of a business discourse presented in various forms depending on the purpose of professional communication, for example, the presentation, negotiations, articles in special media, interviews, an interview, trainings, etc.;

6) specific overall picture of the world as one of the main functions of institutional communication and stability conditions of business community;

7) the specific characteristics of texts which are expressed by the index of the social status representing the addressee of the text as the member of institutional community and also testifying to its belonging to professional business community.

However, despite existence of a large number of researches on the considered problem, insufficiently studied there are questions connected with a cognitive component of a business discourse, interlingual communicative and pragmatic and cross-cultural features of business correspondence that is caused by internationalization processes, the globalization and integration factors characteristic of the modern business world.

REFERENCES

1. Муратов С. ТВ эволюция нетерпимости (история и конфликты этических представлений) / С. Муратов. - М.: Логос, 2001. - 240 с.
2. Терин В.П. Массовая коммуникация. Исследование опыта Запада / В.П. Терин. М., 2000. - 224 с.
3. Dijk T.A. van. Knowledge and news / T.A. van Dijk. 2001. - (http//www.discourses.org/Unpublished/know-news.html)

ӘОЖ 572:811

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕР («ДИУАНИ ЛҰҒАТ-АТ ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ КІСІ ЕСІМДЕРІ)

Құрбанов А.Г.-ф.ғ.к., доцент**, Асан Н.Б.**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы», Шымкент
e-mail: assan.nazerke@mail.ru

Резюме:

В данной статье дается определение понятиям «ономастика», «антропоним». Объектом исследование выбрано произведение М.Кашкари «Дивани лугат-ат турк», проведен анализ имен собственных.

Summary:

This article gives a definition of the concepts of "onomastics", "anthroponym". The object of the research is the work of M. Kashgari "Divani lugat – at turk", the analysis of proper names is carried out.

«Ономастикалық лингвокультуремалардың (соның ішінде антропонимдердің) ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі, ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді» (Маслова 2001: 76).

«Антропонимдер, антропонидер жиынтығы мифонимдер сияқты тілдік семиотикалық таңбалар ретінде қазақ танымында, тілдік санасында өз әлемін құрып, сол әлемнің тілдік көрінісін бере алады. Осы когнитивтік тілдік көрініс жалқы есімдер деңгейіндегі (онамастикалық деңгей) көрініс болып табылады, себебі олар антропонимдер негізінде құрылып суреттеледі» (Тілеубердиев Б 2018:1).

Ғалым Т.Жанұзақов кісі аттары туралы қазақ тіл білімінде алғаш рет қалам тартқан Қ.Жұбанов екенін, оның біріккен тұлғалы кісі аттарының синтаксисіне, құрылысына байыптылықпен ерекше тоқталғанын айтады (Жанұзақов 1965: 7).

XX ғасырда айтылған мәселенің тілдің құрылымдық жүйесіндегі көріністері мен ұлттық сипаты Т.Жанұзақов, Қ.Рысбергенова т.б. ономаст-ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді.

Ғалым Т. Жанұзақов тіліміздегі антропонимдердің тарихын, шығу, пайда болу кезеңдерін талдағанда, бір заманға тән телімей, бірнеше дәуірге бөліп қарауымыз керек екендігін айтады. Қазақ антропонимикасының даму тарихын 4 кезеңге бөледі (Жанұзақов 1971: 27).

Ғалым екінші кезеңге тән деп қарастырған Орта ғасырда жазылған шығармалардың ішіндегі М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» кітабынан қазіргі қазақ тіліне тән сөздер мен этнонимдерді, онамастикалық материалды молынан кездестіретініміз туралы айтқан болатын (Жанұзақов 1971: 37).

Бұл мақалада сол «Түркі тілінің сөздігінде» кездесетін кісі есімдерінің қазіргі қоғамда қолданылуы мен беретін мағыналық сипаты турасында айталады.

«Түрік жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Түрік сөздігінде» барынша нақты тарихи-деректілік сипатпен танылған. Яғни, тіл туралы еңбек болумен бірге түрік әлемінің бай рухани қазынасын, кенеулі жан-дүние кеңістігін бәз күйінде алға тартады...

Түрік жерінің аумағы, онда мекендеген ұлт-ұлыстардың сипаты, тарихы, соған қатысты тарихи деректер мен аңыз әпсаналар, бірқатар тайпалардың түрік жеріне келуі мен қоныстануы, олардың шежірелері көзі ашылмай келген тарихи көмбе. Кітаптағы осыған қатысты деректердің құндылығында шек жоқ» (Егеубай 2017: 17).

«Махмуд Қашқари еңбегіндегі есімдердің біразы құрылысы жағынан тіліміздегі кісі аттарына өте сәйкес. Мысалы: *Махмұт, Атім, Утуш (Өтеш), Абі, Көл, Білгі-хан, Чагрібег, Қабанбай, Кусайн, Болуч, Кулуч (қылыш), Тутуш, Төкиш т.б.* Ерте кездерге тән есімдердің құрамында кездесетін эпикалық теңеулер мен әкімшілік титулдардың түрлі тұлғада қолданылғанын көреміз. V-VII ғасырларға тән ескерткіштерге *тігін(патша ұлы, ханзада), қаған (хан), білга (данышпан), баг(бек), тутук, сенгун, алп, санун (қолбасшы)* т.б.

Мұндағы *алп, санун (шинун), тігін* деген титулдар үнемі батырлар есімдерінің бейнесі ретінде қолданылған.

Алп (алып) титулымен қатар *ер* титулының XI ғасырда жарыса жұмсалғанын мына мысалдан көруге болады:

Алп эр Тоңа өлдіму,
Әлсіз ажун қалдіму,
Озлак очін алдіму,
Эмді иурак јіртілур. (Махмуд Қашқари)

Қазіргі біздің дәуірімізге жеткен эпостарда *ер, батыр* сөздері синоним ретінде жұмсалып отырады. *Алып* сөзі жалпы атауға айналып, одан *алмапсадай* деген туынды форма жасалады» (Жанұзақов 1965: 27-28).

Ортағасырлық түркі қоғамында көп кездесетін кісі есімдердің бірі деп М. Қашқари «Отаміш» атауын айтады. («Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»)-Алматы, «Ана тілі», 1993.25 бет). *Отаміш*- көне тұлғадағы өтеген, төлеген сөздерінің синонимі. Ғалым Т. Жанұзақов өз еңбектерінде бұл есімге байланысты «Өлген баланың орнын бассын деп *Орынбасар, Төлеген, Өтеген, Өтеміс* қояды» деген пікір айтады. (Жанұзақов 1965: 42). *И/у, е/ə, с/ш, с/з, й/г* дыбыстарының алмасуылары мен өзгеріске ұшырауы қазақ тіліндегі кісі аттарына тән құбылыс. *Өтеміс (Отаміш)* есімі осы сөзімізге мысал бола алады.

Сонымен қатар, М.Қашқари: «*Қылыч хан*- Хақания бектерінің құрметті аты. Бұл қылыштай өткір хан деген ұғымды білдіреді» деген анықтама береді («Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»)-Алматы, «Ана тілі», 1993.25 бет). Бұл есімнің қойылуын Т. Жанұзақов қазақ даласындағы өнеркәсіптің дамуымен, болат балқыту, қылыш құю өнерінің жандануымен байланыстырады. Мұнда да дыбыстың өзгеріске ұшырағанын байқай аламыз. Ал сөздікте *Сабит* есімінің анықтамасы «...иемендік арабтың аты. Тубут әулетінің атасы»деп жазылған (Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»)-Алматы, «Ана тілі», 1993.25 бет). Бұл жерден ешқандай дыбыстық өзгерісті кездестірмейміз. Демек, кейбір антропонимдер дәл сол қалпында тілде сақталып отырған. Қазіргі кезде бұл есімдерді орта жастағы ер адамдар арасында жиі кездестіргенімізбен, жаңа туылған сәбилерге қойылуы сирек.

Көне түркі сөздерінен жасалған есімдердің ішінде лексикалық мағынасы айқын антропонимдік композиттер көп-ақ. «Олар: *Баjлан* (бай және жан сөзінен бірігіп жасалған), *Бəклан* (бекбол, бекін деген мағынаны білдіре), *Бəктүр* (мықты бол, берік бол деген мағыналы есім). *Буғрахан* (бура сөзінің тұлғасы), *Табду* (тапты, туды етістігінің көне тұлғасы), *Турумтай* (тұрымтай атты құс), *Қаз* (құс аты)... *Құтлұғ* (құтты, ырысты, бақытты)» (Жанұзақов 1971:38). Ортағасырлық қазақ қоғамында жиі қолданылған бұл есімдер өз мағыналық сипатын жоймай кеңестік кезеңдерде де көп қолданысқа ие болды. Қазір жаңа туылған балалар мұндай есімдермен аз аталады.

«...Араб-парсы тілдерінен енген *Абу Бакр, Абулфатх, Бану Салим, Ібрахим, Іса, Ісхақ, Махмуд, Салим, Хусоин т.б.* есімдерінің сөздікте берілуіне қарағанда сол дәуірде олардың кеңінен қолданыс тапқаны байқалады» (Жанұзақов 1971:38). Ислам дінінің қазақ даласына таралуына байланысты араб сөздері де біздің тіл қолданысымызға кеңінен ене бастады. Балаға есімнің қойылуы да халықтың сол замандағы жағдайынан хабар береді. Белгілі бір арман-мақсатқа негізделе отырып аталады. Бұл антропонимдер кеңес дәуірінің саяси ахуалына байланысты көп қолданылған жоқ. Алайда, Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсариннің азан шақырып қойылған есімдерінің «Ибраһим» екендігін ескерсек мүлдем қолданылмады деген сөз емес. Тәуелсіздік алғаннан кейін

халықта рухани ояну процесі басталды. Дінге деген көзқарасымызды ашық айта алатын халге жеттік. Оны қазіргі қоғамда жаңа туылған сәбилерге қойылып жатқан мұсылманша есімдердің көбеюімен байланыстыра аламыз. Бүгінгі таңда *Ибраһим, Әбубәкір, Әли, Рамазан, Ислам* атаулар жиі аталады. Ал *Махмуд, Салим, Хусоин* сияқты атауларды ислами мемлекеттерде: түрік, қырғыз, өзбек халықтарынан жиі естіп жатамыз. Ғалым Т. Жанұзақов араб есімдерінің қысқарған тұлғалары, яғни оларды халықтың тіліне бейімдеп, өзгертіп айту құбылысы да болғанын айтады. «Мысалы: *Jәңші* (Жамшид есімінің қысқарған, өзгертіп айтылған түрі), *Сүлі* (Сүлеймен есімінің қысқарған, өзгертілген түрі) т.б. Қазір де бұл үрдіс қолданыстан қалған жоқ.

XI ғасырда жазылған Махмуд Қашқаридің сөздігінде берілген 98 антропонимнің ішінде 53-ке жуығы қазіргі қазақ антропонимдеріне сәйкес келіп отыр» (Жанұзақов 1971:38). Ол антропонимдер аударманы қажет етпейтін лексикалық мағынасы жағынан бізге түсінікті. Бірақ жоғарыда атап өткеніміздей ол атаулардың барлығы қазір қолданылып жатқан жоқ. Себебі, әр дәуірде жаңа сөздер туып, көптеген сөздер ескіріп, қолданыстан шығып қалады. Жаңа сөздердің пайда болуы елдер арасындағы мәдени қарым-қатынасқа немесе бір тілдің екінші тілге еткен ықпалына, техника мен шаруашылықтың өсуіне байланысты болады. Жаңа есімдердің пайда болуына осы жағдайлар ықпал етеді. Әсіресе, шет елдердің ықпалынан туып жатқан антропонимдерді жиі кездестіреміз. Мысалы: *Марлен, Анель, Дамир* есімді балалардың саны көп. Ал, әлі де қолданылып келе жатқан есімдер сол замандағыдай жақсылыққа негізделеді.

«Кісі аттарының қойылуында белгілі бір заңдылық пен халықтың этнографиялық, тарихи дәстүр жолы бар. Кейбір кісі аттарының жасалуында саяси-әлеуметтік, діни аспектердің көрінісінің бары да мәлім» (Жанұзақов 1965:40). Балаға жарасымды есім беру – ежелден келе жатқан игі дәстүр. Есімдер де қарт шежіре сияқты ұрпаққа жеткізіліп отырады. Сондықтан бұл өмірлік мәселе болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. -592 б.
2. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) антропонимиялық бейнесі. https://atau.kz/kz/article/7 [Ономастикалық электрондық база]. Қаралды: 03.12.2020
3. «Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»)-Алматы, «Ана тілі», 1993
4. Қазақ тілі энциклопедиясы. –Алматы, 1998. – 253 б.
5. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965. – 138 б.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы: Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау. — Алматы: Ғылым, 1971. – 226 б.

ӘОЖ 811.512.122.каз.яз.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚОРЫ МЕН СӨЗДІК ҚҰРАМЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Құрбанов А.Г. Ф.ғ.к., доцент., Сарманова Ф
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается соотношение словарного запаса и словарного состава казахского языка

Summary

This article deals with the ratio of vocabulary and vocabulary of the Kazakh language

Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйытқысы, қайнар бұлағы, шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Сөздік құрамға қарағанда негізгі сөздік қордың сан мөлшері, көлемі әлдеқайда шағын болады. Оған қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сөздер ғана кіреді.

Қазақ тілі негізгі сөздік қорының құрамы біркелкі емес. Оның негізінде түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер жатыр.

Негізгі сөздік қордың мынадай басты белгілерін көрсетуге болады. Бұл белгілер арқылы негізгі сөздік қордың сөздік құрамнан өзіндік ерекшелігін көрсетумен бірге, оған қандай сөздер енетінін анықтауға болады.

1. Негізгі сөздік қорға тән басты белгі – тұрақтылық. Оған бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп, барша ұрпақ үнемі қолданып келе жатқан сөздер кіреді.

2. Негізгі сөздік қорға тән екінші басты белгі – оның сөз тудыруға ұйытқы болатындығы. Негізгі сөздік қор болмаса, сөздік құрам молайып байымас еді. Әсіресе негізгі сөздік қордағы бір буынды түбір сөздерден қаншама сөз жасалып отырған.

3. Негізгі сөздік қордың үшінші басты белгісі – оның жалпыхалықтық сипатында. Негізгі сөздік қорға енетін сөздерді қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығы тек түсініп қоймайды, оны күнделікті өмірінде үнемі қолданып отырады.

4. Негізгі сөздік қорға енетін сөздерге стильдік қабаттасулар тән емес. Оған кіретін сөздерді стильдік салалардың жеке түрлеріне телуге болмайды. Өйткені ол лексиканың ең негізгі саласы, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер.

Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның бір – бірінен түбірлі айырмашылықтары бола тұрса да, олардың ара жігі сіресіп қатып қалған, өзгермейтін дүние емес, керісінше, бір – бірімен үздіксіз қарым – қатынаста болып отырады. Бұлардың өзара қарым – қатынасы мынадай жәйттерден нақты көрінеді:

1. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрам бір – бірін толықтырып, жаңартып отырады. Тіл дамуының бір кезіндегі негізгі сөздік қорға енген сөздер, оның екінші бір кезеңінде сөздік құрамға ауысады. Мысалы: *шидем, асадал, қорамсақ, отқа салар, малай, дүре, әмеңгер, сабан, тіс ағаш, құн алу* т.б.

Сөздер бір кезде халық өмірінде аса қажет ұғымдарды білдіріп, негізгі сөздік қорда болса, жаңа заманда ол ұғымдардың ескіріп, қолданылмауына байланысты сөздік құрамға ауысып, оның пассив қабатынан (тарихи сөздер) орын алады. Керісінше, сөздік құрамдағы *электр, радио, почта, телефон, ферма, бригада, арифметика, институт, пенсия, стипендия, автобус, трактор, комбаин, вокзал* т.б. сөздер тілге кейін енгеніне қарамастан жалпыхалықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға ауысып отыр.

2. Негізгі сөздік қордың сөз тудыруға ұйытқы болатын қасиетінің арқасында сөздік құрам үнемі жетіліп, толығып отырады. Негізгі сөздік қор сөзжасам тәсілдері арқылы тілдің бүкіл лексикалық жүйесінің даму бағытын анықтап, әрдайым сабақтастырып, байланыстырып отырады. Сол себепті бұлардың арақатынасының жылжымалы, шартты сипаты бар [1, 130-133 б.б.].

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күнкөріс - тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым сол тілдің сөздік құрамы да бай болады деген сөз. Өйткені қазақ тілінің лексикалық құрамында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер де, кірме сөздер де, кейін пайда болған неологизмдер мен термин сөздер де, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де, қысқасы, тіліміздегі барлық сөздер кіреді. Осыншама мол сөздің қолданылу жиілігі, қалыптасу тарихы, атқаратын қызметі де бірдей емес. Соған байланысты сөздік құрам өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді.

Сөздік құрамдағы сөздер қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер болып екі салаға бөлінеді [1, 128 б.].

Күнделікті әлеуметтік қажеттілігі мол, қарым-қатынас жасауға жиі қолданылатын байырғы сөздер, олардан өрбіген туынды сөздер мен сөз тіркестері, көп мағынада жұмсалатын сөздер – полисемия, омонимдер, синонимдер, антонимдер, мақалдар мен мәтелдер құрамындағы лексика, кірме сөздер мен терминдер және неологизмдердің тілге әбден сіңісіп кеткен түрлері т.б. тілдің актив лексикасына жатады.

Мұндайлар қарым-қатынас жасау, пікір алысу, өзара түсінісудің күнделікті құралдары ретінде тіл стильдерінің бәрінің де дерлік құрамында және сөйлеудің ауызекі де, жазбаша да түрлерінде жиі кездеседі.

Сөйлеу процесінде сирек қолданылатын сөздер пассив лексика қатарына жатқызылады. Пассив лексика сөздері жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермеуі де мүмкін; кейде ғылым мен техниканың арнаулы бір саласына ғана тән болуы ықтимал; кейде белгілі бір әлеуметтік топ, мамандық, кәсіп иелері арасында ғана, кейде белгілі бір аймақ тұрғындарының тілінде ғана ұшырасуы мүмкін. Мәселен, жаңадан пайда болған кездегі неологизмдер және архаизмдер мен тарихи сөздер, диалектизмдер, профессионализмдер, варваризмдер, арголар, әр түрлі жаргондар мен пиджиндер, креольдар лексика т.б. тілдің пассив лексикасына кіреді. Бірақ көп жағдайда мынау – тілдің актив

лексикасы, мынау – пассив лексикасы деп, екеуінің шекарасын дәл айқындап, қолмен қойғандай айта қою қиын [2, 28 б.].

Оны мынадай жәйттан-ақ аңғаруға болады: дифтонг, лексика, фонема, жанр, сюжет, морфема, сөз тіркестері, сөйлем мүшесі деген сияқтылар – филологтар үшін актив лексика; мұндай сөздер мен сөз тіркестері және солардың ұғымдары – медиктер мен биологтар және басқа да мамандық өкілдері үшін пассив лексика; сондай-ақ медиктер мен биологтарға өз мамандықтарының сөздері мен терминдері – актив лексика [3, 110 б.].

Сөздердің актив және пассив қабаттарға бөлінуінде белгілі бір дәрежеде шарттылық бар. Бір заманда актив қолданылған сөздердің бірқатары келесі бір заманда пассив қабатқа ауысуы ықтимал. Мысалы, жаугершілік заманда жиі қолданылған *атой салу, қорамсақ, адырна, кіреуке, сауыт, дулыға, шерік, қол* т. б. сөздер сол кездегі лексиканың актив қабатында болды. Әлеуметтік құрылысқа байланысты *хан, ханзада, ақсүйек, төленгіт, жатақ, болыс, жүзбасы, қарашығын, барымта, шабарман* т. б. сөздер XVIII-XIX ғасырлардағы лексикада жиі қолданылған сөздер. Бірақ бұлардың бәрі де қазіргі қазақ лексикасының пассив қабатындағы сөздер болып табылады. Бұл кезде халық тілінде актив қолданылған ай, жыл аттарын (наурыз, көкек, маусым, тышқан, қой, жылқы, т.б.) Кеңес өкіметі жылдарында халықтың көпшілігі қолданбайтын бұл сияқты сөздер қайтадан лексиканың актив қабаттарына ауысты.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) сөздің әдеби және әдеби еместігіне қарай: әдеби лексика мен диалектілік лексика болып, 2) әдеби тілдегі сөздердің халыққа таныс және онша таныс еместігіне қарай жалпыхалықтық лексика мен арнаулы лексика болып, 3) тілдегі сөздің жұмсалу аясы мен көркемдік мәніне қарай бейтарап сөздер мен экспрессивті сөздер болып бөлінеді.

Қоғам өмірінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе оның лексикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым сезімтал келеді. Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымының арақатынасынан көрінеді. Лексикалық тіл білімінің негізі - сөз және оның мағынасы. Сондықтан оқушыларға лексика туралы, оның ерекшеліктері мен түрлері туралы мәлімет игертіледі. Ал оны игертудің негізі мағына мен ұғым. Көптеген оқулықтарда: “Сөз - мағына мен дыбыстардың бірлігі” деген анықтама берілген. Ой елегінен өткізе зерделесек, шындығында сөздің құрамында мағына мен дыбыстың болатыны даусыз. Дыбысталусыз сөз болмайтын сияқты, мағынасыз да сөз болмайды. Бірақ бұл анықтама сөздердің барлық қасиеттерін анықтап бере алмайды. Өйткені бір сөздің мағынасы тіл-тілдерде әр-түрлі сөз арқылы беріледі. Сондай-ақ бұл анықтама сөздердің көп мағыналық қасиеті мен синоним, антоним сияқты тілдік құбылыстардың басын ашып бере алмады.Тіл адамның барлық жұмыс саласындағы іс-әрекетімен түгелдей байланысты болғандықтан, сөздік құрам қоғам өмірде не бар соны дереу және тікелей көрсетіп отырады. “Сөз - дыбыстар мен мағынаның

тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық бейнесі”,“Сөз дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз - белгілі бір құбылыстың аты”- деп сөздің мағынасын сәл күрделендірген анықтыма да кездеседі. Тілдің негізгі қызметі адамдардың катынас құралы болу екендігі анық. Сондықтан да тілдің белгілі бір адамзат қоғамына танылған сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы да болуы керек. Бұлардың барлығы да дыбыстар арқылы өмір сүреді. Бірақ мағынасыз дыбыстардың жалаң өздері қатынас құралы қызметін атқара алмайды. Осы негізде жүйелі дыбысталудың барлығы да сөз бола бермейтіндігі анық. Қатынас құралы болатын тілдің негізгі қызметі - адамдардың пікір алысуы. Бұл үдеріс сөзсіз адамдарға тәуелді болмаған табиғи құбылыстар мен шындық дүниедегі түрлі жағдайлармен байланысты болады. Сөзге «мағына мен, дыбыстың бірлігі, не мағына мен дыбыстың және грамматикалық категориялардың бірлігі» деп берілген анықтамалардың қазіргі тілшілерімізді қанағаттандыра алмайтындығы анық.

Тіліміздегі сөздердің ең үлкен тобы заттар мен құбылыстарды, олардың негізгі қасиетін білдіретін толық мағыналы, дербес сөздер болып келеді. Лексикалық мағынаға ие болатын негізінен осы сөздер. Грамматикалық тұрғыдан алғанда оларға зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сөздер жатады. Бұлардың ең маңызды қасиеті – заттар мен құбылыстарды, іс-әрекеті, олардың белгілерін атап білдіретіндігінде. Сондықтан бұлар лексикологияда қарастырылады. Ал шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер шындық болмыстағы зат, құбылыстарға тікелей қатысты болмағандықтан, олар әдетте лексикологияда емес, грамматикада зерттелетіндігі жоғарыда ескертілді.

Балаға тіл үйреткенде дайын сөздерді (мағына мен дыбыстар бірлігін) үйретеміз де, оған біртіндеп мағынаны ажыратуды көрсетеміз. Екінші сөзбен айтқанда, тіл үйренгенде әр адам жаңа тіл не жаңа сөз жасамайды, ертеден келе жатқан, ата-бабадан мұра болып берілетін даяр форманы қабылдайды, біртіндеп оны үйренеді. Тіл үйренгенде үйренуші бала сөздің жеке фонемалық элементтеріне, сөздердің грамматикалық формаларына назар аудармайды. Сөйлем құрап оның ең жоғарғы формасына келтіргенде ғана сөздердің тұлғасына, байланысу тәсіліне, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібіне, т б. көңіл аударылады.

Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер белгілі бір зат туралы ұғымымыз болмаса, оның мағынасын да білмейміз. Ұғым бар жерде мағына бар. Демек, ұғымның болуы сөз мағынасының ең маңызды шарты болып табылады. Бірақ сөз мағынасының қалыптасуына ұғымнан басқа да себеп болатын жайттар бар. Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының ақиқат дүниеге көзқарасын, әр түрлі көңіл-күйін, сезімін және сөздің грамматикалық сипатын да білдіре алады. Бұдан сөз мағынасының ұғымнан кең екенін көреміз.

Тіл-тілдердегі сөздердің табиғаты мен түрлі қасиеттерінің сәйкес келе бермейтіндігі кей ғалымдарымыздың жалпы сөзге тиянақты анықтама беруге

болмайды деген қорытындыға келуіне себепші болған Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тілінің сөздік құрамында мынадай басты өзгерістер болды [4, 226 б.].

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқан. Сондықтан да сөздердің пайда болуы әр түрлі себепке және тарихқа байланысты, тіл-тілдің өзіне тән төл лексикасы және грамматикалық құрылысы болады. Бірақ онымен шектеліп қалатын тіл жоқ. Халықтар қашанда тұйық өмір сүрмейді, өзге халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланыста болады.

Көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір шындығын біліп тануымызға ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады. Соның барлығын қорытындылай келе мектеп оқушылары өздерінің сөйлеу тілі мен жазу тілін әдеби де көркем сөздермен өрнектей білсе, онда олардың «көңілдегі көрікті ойлары ауыздан шыққанда да өзінің шырайлылығын жоғалтпаған» болар еді дегіміз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. -256 б.
2. Жапбаров. А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері. п.ғ.д.дисс., 2004. –Б. 139.
3. Хасенов Ә. Тілі білімі. –Алматы: Санат, 1996. -416 б.
4. Степанов Ю. С. Қарым – қатынас, сөйлеу және адамның сөйлеу қасиеттері. Кітап., Жалпы психология. А., 1980, 350б.

ӘОЖ 372.8:811.512.122

ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫ МЕН БҮГІНГІ КҮНГІ ТАЛАПТАР

Құрбанов А.Г. Ф.ғ.к., доцент., Кәрібек Анель
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается теория языковой коммуникаций и требованиях к ней на сегодняшний день

Summary

This article discusses the theory of language communication and the requirements for it today

Ұлт мектептерінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың негізгі мақсаты – студенттерді қазақша сөйлеуге, олардың біреудің сөзіне жауап беріп, өз ойын еркін айта алуға, жалпы қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалануға үйрету.

Тілдік қатынас (языковая коммуникация) қазіргі кезеңде халықаралық байланыс үшін қажетті мәселелердің бірі, сондықтан бүгінгі күні лингвистикада ең өзекті жаңа салаға айналып отыр. Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас ғылыми мәселе ретінде теориялық жағынан да, әдістемелік жағынан да арнайы зерттелген емес, «Тілдік қатынас» деген терминнің өзі алғаш

Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» [1, 65 б.] деген еңбегінде қолданыла бастады.

Тілдік қатынас дегеніміз – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б.әрекеттеріне тікелей қатынасты құбылыс. Сондықтан тілдік қатынасқа байланысты құбылыстардың теориялық негіздерін анықтау; сол сияқты қарым-қатынас құралдары мен тұлғаларын, олардың қолдану жолдарын белгілеу қазіргі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінгі күні халықаралық қатынас жан-жақты дамыған уақытта тілді оқыту мен үйретуге айрықша назар аударылып отырғаны белгілі.Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін (коммуникативный метод) алға тартады.

Қарым-қатынастың түрлері көп тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісуі, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді. Осының ішінде сөйлеу түріне ерекше мән беріліп, жалпы адамзаттың сөйлеу құралы екені ескеріліп «сөйлесім тілі » (языковая речь) деген термин ендіріледі.

Қазақ тілінің ең басты қатысымдық қасиеті – бір ұлт пен екінші ұлт өкілдерінің өзара түсінісуіне, ұғынысуына жол ашу, қарым-қатынас құралы ретінде бүтіндей қоғамға қызмет ету.

Қазақша тілдік қатынас пен оқыту әдістемесі тіл ғылымының қоғамдық мәні мен тәрбиелік маңызын қатар үйлестіруге тырысады. Тілдік коммуникация адамдардың тіл арқылы түсінісуін қамтамасыз ғана етіп қоймай, сонымен қатар жалпы адамға тән қасиеттерді меңгертуге көмектеседі. Адамдар бір-бірімен сөйлесумен, пікірлесумен шектелмейді, тілдесудің нәтижесінде бірінің жанын бір ұғады, бірінің сезіміне, мінезіне екіншісі әсер етеді. Тіл арқылы студенттердің іскерлігін, сөйлеу дағдыларын, әдептерін қалыптастырамыз.

Осы тұрғыдан келгенде, тілді үйретуге бөлінген білім көлемі неғұрлым көп болса, мазмұны қаншалықты сапалы болса, әдіс-тәсіл де неғұрлым тиімді болса, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас соғұрлым жан-жақты болып, тілді үйренудің нәтижесі терең болады.

Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тіл арқылы ойды айту, жеткізу, қабылдау, сезіну құбылыстарымен байланысты. Белгілі бір тілде сөйлеу үшін адам тілдік құралдарды көзбен көру, құлақпен есту, мимен ойлау арқылы іске асады. Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді оқыту барысында студенттің сана-сезіміне әсер етіп, оның қажеттілігі мен маңызы түсіндіріліп, пәнге деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру. Сонымен, тілдік қатынастың ең басты психологиялық негізі – тіл, ойлау және сөйлесім құбылыстары болып табылады.

І. Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағнасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу. Оқылым арқылы тіл үйретуші бүкіл тілдік қатынасқа қажетті хабардың, ақпарттың барлығын алады және тілдік қарым-қатынаста керегін жаратады. Оқылымның нәтижесінде

әдеби, мәдени, әлеуметтік салаларда адамзаттық тәжірибелер адамдардың білімін арттырады, ішкі ой-санасын байытады.

II. Жазылым – ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетіне сауатты жеткізе білу деген сөз. Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын күрделі тарихи әрекет. Жазылым әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады. Графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады. Жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады. Жазу арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізу үшін жазуды үйренеді.

III. Тыңдалым, яғни есту арқылы түсіну. Тыңдалым – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік тұлғаларды тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу. Тыңдалым процесін есту құбылысымен алмастырмау керек. Есту – дыбысты акустикалық жағынан қабылдау, ал тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату. Тыңдалымға арналған мәтін жеңіл болса студенттердің қызығушылығы төмендейді, ауыр болса, студенттердің түңілуіне әкеп соғады. Сондықтан тыңдалымға арналған мәтіндер тақырыбына, мазмұнына тілдік ерекшелігіне қарай таңдалады.

IV. Айтылым. Тілді оқытудағы ең басты мақсат – студентті сөйлетуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Көптеген әдістемелік әдебиеттерде «говорение», «сөйлеу» деп аталып жүр. «Сөйлеу» терминінің орнына Ф.Оразбаева «айтылым» деген терминді ұсынады. Айтылым адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізу үшін айтады. Сол үшін сыртқа шығарады. Айтылым – адам мен адамның тілдік қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, яғни адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлесуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік реакция жасауы немесе жауап қайтаруы. Мұның өзі сөйлеуге үйретудің тек бір адамға ғана байланысты мәселе емес екенін көрсетеді.

Сөйлесуге үйрету кезінде мынадай шарттар қойылады:

1. Тілді үйренуші мен тіл үйретуші арасындағы қарым-қатынасы шәкірт пен ұстаз арасындагы емес, екі жақтың өзіне-өзі сенгендіктен пікірлесушілер қатынасты дәрежесіне жету керек.

2. Сөйлеуге үйрету кезінде қоршаған ортада жайлы психологиялық климат орнықтырудың ерекше маңызы бар. Мұндай психологиялық климат тіл үйренушінің сабақта өзін еркін сезінуінен, ойын тура айта білуінен және өзіне қандай материал, қандай сөйлеу мәнері ұнайтынын өзі ұсына білуінен тұрады.

3. Сабақта пікірлесудің, сөйлесудің барлық түрлері, амалдары қатарынан қолданыла береді. Мысалы, әрбір оқушы өзінің пікірлері, идеясын, көңіл-күйін, көзқарасын айтады. Газеттен, баспадан оқыған материалдары бойынша сөйлейді немесе пікір-талас белсенділік көрсетіп, өз ойын дәлелдейді.

V. Тілдесім. Бұл сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзіне қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау сөйлеуге үйрету, жүзеге асады, оларға қатынас жұмыстар атқарылады. Тілдесім (орысша-общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлем әрекетінің түрі. Тілдесім тіл үйренушілердің рухани қарым-қатынасқа жетелейді, тілдесу арқылы олар бір-бірімен ой бөліседі, жөн сұрасады.

Қазақ тілінде тілдік қатынас туралы теория мен ереже жасалмағанымен, қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту саласына байланысты қатысымдық қағидалар практикалық жағынан жүзеге асып келеді. Орыс аудиториясында қазақ тілін оқытуға қатысты еңбектер тек қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алған уақытынан бастап шыға бастады. Ол еңбектердің авторлары: Ы.Маманов, Ж.Адамбаева, Б.Құлмағанбетова, Ш.Бектұров, А.Бектұрова, К.Кадашева, А.Белботаева, Н.Оралбаева, Э.Жүнісбеков, Р.Абузуров т.б. Бүгінгі күнге дейін шығып жатқан оқулықтарда мынадай ортақ кемшіліктер орын алады [2, 88 б.].

Жедел оқыту, яғни интенсивті оқыту, үйренуші аз уақыт көлемінде сапалы біліммен қамтамасыз ету, мөлшері сағат көлемінде тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін керекті материалдарды меңгеру. Яғни генеологиялық қарама-қарсылығына қарамастан үйретететін тілді тез арада меңгеру мақсатында бағытталған әдіс, яғни бір тілді оны білмейтін басқа ұлт өкілдеріне оқытатын тиімді әдіс деген ұғымды білдіреді.

Тілді жеделдете оқыту деген ұғым лингвистикада бұрыннан қалыптасқан. Мысалы, шет тілдерін жедел оқыту жеке мектеп болып таралған. Орыс тілін терең оқыту мәселесін Г.Китайгородская, А.Зайцев, Л.Лозанов, Р.Шаталовтар ілгері дамытты (Б.А.Тұрғынбаева, Дамыта оқыту технологиялары, Алматы, 2000 ж). Қазақ тілін жедел оқытуда әр түрлі амалдар мен жолдар қолданылғанымен, әр оқытушы үшін ең ұтымды, ең пайдалысы – оқушының қоғамдық ортада пікір алмасуын, адамдардың түсінуі қажеттілігін өтейтін, басқа ұлт өкілдері үшін қазақ тілінде сөйлесе білуді қамтамасыз ететін түрі [3, 73 б.].

Бүгінгі күні мектеп мұғалімдерінің алдына жаңа технологиялар мен инновацияларды сабақта қолдану керек деген талаптар қойылуда. Жаңа технология мен инновацияны ендіру үшін мұғалім ең алдымен өзі істеп жүрген жұмыс түрлерінің ең жақсысын іріктеп алуы керек.

Қорыта келе айтарымыз, жаңа технологиялық әдістерді өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуде тіл мамандары оқу топтарының білім деңгейіне, сабақтың тақырыбына байланысты қажетті жерінде қолдануына болады.

Жалпы жаңа технологиялық әдістерді қолданудың нақты жолдары көрсетілген әдебиеттер жоқ, оны әрбір маман өз ыңғайына қарай шешеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000 ж
2. Тұрым А.Ш. Ақпараттану және есептеу техникасы саласындағы аталымдардың түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1998 ж.
3. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиясы. – Алматы, 2000 ж.

ӘОЖ 811.512.122

КӨП КОМПОНЕНТТІ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пазылова А.С. аға оқытушы
Тәкір Г.Ж. 11727 оқу тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются особенности построения многокомпонентных составных предложений.

Summary

The article discusses the features of the construction of multicomponent composite sentences.

Салалас құрмалас сөйлемнің көп сыңарлы түрінің қазақ тіл білімінде қолданыла бастауы 1960 жылдардың іші болғанымен, нақты ғылыми талдауға түсуі 1999 жылға сай келеді. Г.Садированың «Қазіргі қазақ тіліндегі көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдер» деп аталатын еңбегінде көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемнің құрамы, негізгі бөліктерінің байланысу жолдары т.б. белгілері туралы жан-жақты саралау жүргізілген [1,12].

Көп құрамды салалас сөйлем — көп құрамды құрмаластың бір түрі. Оның ерекшелігі: құрамындағы компоненттердің саны үш және одан да көп мелшерде болып келіп, компоненттерінің баяндауыштары тиянақты тұлғаларға аяқталып тұрады. Көп құрамды салалас сөйлем компоненттерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктеріне қарай ашық құрылымды және тұйық құрылымды болып бөлінеді.

Ашық құрылымды көп құрамды салалас сөйлем компоненттері өзара бірыңғай мағыналық қатынаста және құрылымы жағынан да біртектес болып келеді, сондықтан компоненттерінің саны шексіз соза беруге болады . *Жүйрік шабыста сыналады, шешен айтыста сыналады, балуан күресте сыналады, батыр ұрыста сыналады.* (Мақал)

Тұйық құрылымды көп құрамды салалас сөйлем компоненттері әр түрлі мағыналық қатынаста және түрліше құрылымда тұратындықтан, тұйықталып келеді, ондағы хабар-мәлімет көлемі шектеулі болады (Әлі де қала ішінде қоштасатын жерлеріміз көп сияқты еді, ол баяғы басқа күндердің елесі екен, енді ешнәрсеге мойнымыз бұрылар емес. Ғ. Мүсірепов).

Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдердің негізгі предикативтілік бөліктері тиянақсыз тұлғаға аяқталмайды, әрі мұндай құрылымдағы сөйлем түрінде тек есімді баяндауыштан болатын сыңарларды жиі кездестіруге болады. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдердің басқа түрінде сыңар баяндауыштарының тек есімді болып келуі жоқ. *Шаштары қоңырқай, көздері үлкен, мұрындары көтеріңкі, бойы ұзындау, тік бітім* (М.Әуезов «Абай жолы I том, 263-бет»).

Әрине, жеке сыңар баяндауыштарының етістікті болып келуі де көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдер үшін басы ашық жайт. Мәселен, *Абай тыста осы жайларға қарай түспек еді, бірақ үлкендер тоқтамады, бәрі де үйге кірді* (М.Әуезов I том, 82-бет). Негізгі бөліктердің әрі есімді, әрі етістікті немесе керісінше түзілімде құрылуы да бар: *Байлау біреу-ақ: не Абайды аман шығарып ап, күле жайнап бәріміз елге қайтамыз, немесе Базаралы бас қияды да, осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді* (М.Әуезов I том, 203-бет).

Байқап қарасақ, мысалдық дерек ретінде берілген сөйлемдердің алғашқысы мен соңғысының жеке сыңарлары бір-бірімен орын тәртібі тәсіліне бағынып байланысқан, ал ортаңғы екі сөйлем бөліктері олай емес: олардың екінші және үшінші сыңарларын байланыстыруға шылаулардың көмегі тиіп тұр. Осы тұрғыдан келгенде, көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем шылаулы және шылаусыз құрылымды болып жіктеледі. Оның негізгі бөліктері өзара екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады: біріншісі – бірыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем де, екіншісі – әрыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем. Бірыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз – жеке сыңарларының аралығындағы мағыналық қатынастың біртектес болып келуінен түзілген сөйлем түрі. Демек, алғашқы екі сыңар аралығында болатын бір мағыналық қатынас (ыңғайлас, түсіндірмелі, қарама-қарсылықты және т.б.) келесі сыңарлар аралығында да, болмаса бірінші сыңар мен соңғы сыңарларды өзара байланыстыруда да сақталады. Мысалы, *Сұрау да жоқ, келісу де жоқ, жыл сайын келеді де бас салады.* (М.Әуезов «Абай жолы» III том, 14-бет). Оның үстіне мұндай мағыналық қатынастағы сөйлемнің сыңарлар санын көбейте беруге де болады.

Сыңарлар санын көбейту олардың өзара байланысуына да, мағыналық қатынасына да нұсқан келтірмейді. *Бірақ мұндайлардың жолы болғыш: олар ешқашан ұялмайды, ақымақ екендігін сезінбейді, сонан соң ылғи тоқ, қашан да жандары тыныш*. (М.Әуезов «Абай жолы» I том, 74- бет). Келтірілген алғашқы сөйлемнің жеке сыңарлары өзара бірыңғай ыңғайластық мәнде түзілген, әрі бұл мән бірінші мен екінші сыңардың арасында да, екінші мен үшінші сыңардың арасында да, тіпті бірінші мен үшінші сыңардың арасында да сақталған. Ал соңғы сөйлемде бірінші сыңар жалпылық мағынада айтылып, кейінгілері соның мәнін ашуға барлығы бірігіп те, жеке-жеке тұрып та қызмет еткен.

Әр қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз- жеке сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынастың әр түрлі мағыналық қатынаста

келіп түзілуінен болған сөйлем түрі. Демек, алғашқы екі сыңар аралығында болатын мағыналық қатынасты келесі сыңарлар аралығында болатын мағыналық қатынас қайталамайды [2,732]. Мысалы, *Құнанбай естімеген сияқты, ешбір белгі бермеді, бірақ Абайға жайлысы сол болып еді.* (М.Әуезов «Абай жолы» I том, 274- бет). Бұл сөйлемде алғашқы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас ыңғайластық та, соңғы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас-қарсылықты. Соңғы сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынас өзгеріп, басқа мәнде тұруы да мүмкін. Немесе алдыңғы сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынастың өзгеріске түсуі де қиындық тудырмайды. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем сыңарларының бағыныңқылық, басыңқылық қызметі нақты шешімін тапқан деуге болады. Яғни, алдыңғы бөліктердің өзінен кейінгі бөліктерге бағыныңқылық сипатта келетіні дау тудырмайды [3,85]. Бірақ осы ішкі бөліктердің сөйлем соңында келген сыңармен байланысын айқынырақ түсіндірген жөн. Мәселен, көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемнің кейбір ішкі құрылымдары бір-бірімен еш қиындықсыз байланысқа түседі: *Сенің беделің бар, ауыл жігіттері сөзіңді жерге тастамайды, Тәкежанның жайын күні бұрын құлаққағыс қып қойсаң қайтеді?* (М.Әуезов «Абай жолы» III том, 76-бет). Мұндай байланыстағы түзілісті ерікті құрылымды көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем деп атауға болады.

Ал енді бір ішкі құрылымдардың алғашқысы екіншісімен, екіншісі өзінен кейінгімен т.с.с. ғана байланыста тұрады. Мысалы: *Абай үндемей тұра беріп еді, есік ашылды да, Тәкежан мен Ғабитхан есікке жіті басып келе жатты*.(М.Әуезов «Абай жолы» II том, 7-бет). Мұндай байланыстағы түзілісті тұрақты құрылымды көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем деп атауға негіз бар. Өйткені бұл сөйлем түріндегі сыңарлар байланысының еркінділігі жоқ, алдыңғы сыңар өзінен кейінгілерге ғана мағыналық әрі синтаксистік бағыныштылықта болады.

Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы сыңарлар, жоғарыда баяндалғандай, тек үш жай сөйлемдік үлгілердің қосындысынан тұрмайды. Олардың сандық дәрежесі артып отырады. Мәселен, мұндай сөйлем түрі төрт негізгі бөліктердің қосылуынан да болады: *Өз аты- Дәрмен екен, сол жетім баланы Дәркембай өзінің інісіне апарып бала ғып беріпті: әрі ағайынның баласы, әрі Көркембайда ұл жоқ болған.* (М.Әуезов «Абай жолы I том, 182- бет).

Тіпті негізгі предикативтілік бөліктердің бес, алты және одан да жоғары санда болып келуі кездеседі. *Құнанбайдың өз түсі бұл кезде кәріліктің алғашқы ызғарына анық ілінгендей, кешеңдеп көп ағара бастаған сақал, шашы жетпіске ілініп болғанша бурыл ғана болып келіп еді, қазір ағы денденті, бірақ бойы сұңғақ, әлі етінен арылған жоқ, жүріс те, отырыс та әлі тіп-тік. (М.Әуезов «Абай жолы» I том, 153-бет).*

Әдебиеттер

1. Садирова Г. Қазіргі қазақ тіліндегі көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдер. - Алматы: ҚД,1999
2. Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002
3. Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлемдер жүйесі.-Алматы:Қазақ университеті, 2007

ӘОЖ 811.512.122

КӨП БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

Пазылова А.С. аға оқытушы

Тәкір Г.Ж. 11727 оқу тобының студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются характер и виды многокомпонентных сложноподчиненных предложений.

Summary

The article discusses the nature and types of multicomponent complex sentences.

Құрамында екі не одан да көп бағыныңқысы, бір басыңқысы бар сабақтастың түрі көп бағыныңқылы сабақтас деп аталады. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмаласта бір ғана басыңқы болады да, бірнеше (екі я одан да көп) бағыныңқылы сөйлем болады. Бағыныңқы сөйлемдердің өзін бағынған сөйлеммен байланысу ерекшелігіне қарай жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас және сатылы көп бағыныңқылы сабақтас деп екіге бөлеміз. Бағыныңқы сөйлемдерінің әрқайсысы басыңқы сөйлеммен тікелей байланысқан сабақтасты жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Мысалы: *Уайым ойламаса да, қаланың ыстық шағында тұншығып бұлыққандай боп жатқандықтан, Абай тамақ іше алмайды (М.Әуезов).* Бұл құрмалас үш жай сөйлемнен құрылған. Бірінші бағыныңқылы сөйлем басыңқы басыңқылы сөйлеммен қарсылықты мәнде тікелей байланысқан, сондықтан бұл құрмаласты екі жай сөйлеммен (бағыныңқы - басыңқы) құрауға әбден болады : *уайым ойламаса да , Абай тамақ іше алмады* . Екінші бағыныңқы сөйлем де басыңқымен себеп мәнде тікелей байланысып тұр : *қаланың ыстық шағында тұншығып булыққандай боп жатқандықтан, Абай тамақ іше алмайды.* Сөйтіп, бұл бағыныңқылар әр түрлі мағыналық қарым-қатынаста басыңқы сөйлеммен тікелей байланысады.

Бағыныңқы сөйлемдер басыңқымен тікелей байланыспай, өзара бір-біріне бағынып барып құрмаласқан сабақтасты сатылы көп бағыныңқылы сабақтас дейміз. Сатылы көп бағыныңқылы сабақтаста жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтастағы сияқты бағыныңқы сөйлемнің бірін түсіріп айтуға болмайды. Өйткенде сөйлем арасындағы мағыналық қарым-қатынас бұзылып, өзара байланыс үзіліп, құрмалас сөйлемдік қасиеттен айрылады.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерге тән басты ерекшелік, бір-бірімен ұласа байланысқан жай сөйлемдік үлгілердің соңғысынан басқасы тиянақсыз тұлғада тұрады. Тиянақсыз тұлғалы сыңардың кемі екеу болып келуі

де басты нысан. Мысалы, *Көзінен жасы сорғалап, иегі-иегіне тимей сақылдап, тұла бойы қалтырап барады (М.Әуезов).* Ал жалпы сыңарлар саны төртке жеткен жағдайда, тиянақсыз тұлғалысының саны үшеу болады: *Шығыстан бір-бір қыстау алса, Қарауыл, Балпаң тисе және әсіресе жайлаудағы екі өзен жеке меншіктеріне тисе, тіпті өкініш жоқ (М.Әуезов).* Тиянақсыз сыңарлар санының артуы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің қанат жайып, кеңейе беретіндігін көрсетеді.

Мамайдың жесірін азғырып, Құнанбай баласына әпермек боп, ел ішіне алалық салды деген сөз шығатын болса және Абай алмай, іс шықпай, құр жаман лақап қалатын болса, ол жиреншенің өзіне де мін болар еді (М.Әуезов).

Абайдың тұла бойы ұйып қалғандай, осы халін елден бұрын сезген Әйгерім қасында отырып, күйеуінің тізесіне сүйенген боп, шынтағымен Абайды сәл түрте қозғап қалып, ес жия бергенде, өзі де күліп жіберді (М.Әуезов).

Бұл мысалдардың өзі көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрамындағы сыңарлар санының үш-төрт, кейде одан да көп болып келетінін көрсетеді.

Екіншіден, құрам сыңарларының бағыныңқы немесе басыңқы сипатта болуы жеке предикативтілік бөліктердің тиянақсыз немесе тиянақты түрде тұлғалануына тәуелді емес, яғни, тинақсыз тұлғалы сыңар да басыңқылық қызмет атқарады. *Кеш батып, үй іші қараңғы болса да, Ділдә от жақпапты (М.Әуезов).* Мұнда ортаңғы бөлік тинақсыз тұлғаға аяқталғанымен, өз алдында тұрған сыңардың басыңқысы, ал соңынан ерген сыңардың бағыныңқысы сипатында жұмсалған.

Үшіншіден, мұндай сөйлем құраламдарында грамматикалық мағынаның сақталуы тиіс. Демек, жеке предикативтілік бөліктердің қарым-қатынасында синтаксистік те, мағыналық та байланыс түзілім құрғаны жөн. *Тау басына бүркітін алып Тұрғанбай жеткенше, Баймағамбет қорым тасты қағуға кіріспей, бір орында жым-жырт шыдап, Қарашолақтың томағасы тартылғанын тосып тұр екен. Шұбар сөз қатпаса да ызаланып Көкбайға салқын көз тастап, сырт айналып, атына міне бергенде, Абайдың Шұбарға жаны ашығандай болды.(М.Әуезов)*

Мысалдардың қайсысында да бірінші мен екінші сыңарлар өз ара грамматикалық байланысқа түсе алады. Бірақ бірінші мен үшінші сыңарларды байланыстыруда біраз өзгешелік бар: алғашқы сөйлемде грамматикалық мағына, яғни әрі синтаксистік, әрі мағыналық сақталғанымен, соңғы сөйлемде тек синтаксистік байланыс болуы мүмкін. Өйткені үшінші сыңардың мағынасы - тек ортаңғы сыңардың қатысуынан болатын құбылыс.

Төртіншіден, тиянақсыз тұлғалы сыңарлар соңғы тиянақты тұлғалы сыңармен осы баяндалған өлшеммен ғана байланыспайды. Кейде әр тиянақсыз тұлғалы сыңардың соңғы бөлікке байланысы ерекше болып келуі ықтимал.

Сыртта біреулері сүйсініп, біреулері сұқтанып, тағы біреулері қызғанышпен күлкілдесіп, сыбыр-жыбырдан тыным ала алмай жүр. (М.Әуезов)

Мұнда бірінші мен соңғы немесе екінші мен соңғы сыңарлардың өзара байланысуында қиындық жоқ. Ал үшінші сыңар мен соңғы сыңар жеке тұрып, мұндай байланысқа түспейді. Олардың байланысуына екінші сыңардың қатысы қажет. Осындай байланысудың нәтижесінен пайда болатын түзілімдерді көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің екі түріне де ортақ деп танимыз.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің тиянақсыз тұлғалы сыңар баяндауыштары шартты райлы, көсемшелі, есімшелі (түрлі өзгеріске түсуімен бірге) етістікке бітіп отырады. Бұлардың өзі жеке-жеке бірыңғайланып жұмсалатыны сияқты, өзара араласып та келе береді. *Көп күндер өтсе де, сан сағаттар бұны сарғайтумен соғып кетіп жатса да, ол әлі Мәкеннен бірде-бір хабар алмап еді. Ымырт жабылып, ел орынға отырып, кешкі шай ұзақ ішіліп болған соң, Мұсабайдың үйінде ән-күй өнері басталды. Тәкежан атты тоқтатқанда, урядник оның үстіне міне түскенде, екеуі ұмар-жұмар қарға құлады. Абайды неге шақырғаны, істің аяғы немен тынары мәлім болғандықтан, көптің арасында күдік күшейіп, сауыққа ешкімнің зауқы соға қоймады (М.Әуезов)*

Мысалдық деректердің алғашқы үш сөйлемінде тиянақсыз тұлғалы сөйлемдер бір тектес те, соңғы екеуі осылардың араласа жұмсалуынан түзілген.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамында шылау сөздердің кездесуі жеке сыңарларды бірде байланыстырса, бірде оның мағыналық қатынасына да әсері болады. *Абайдың тынысы тарылып, басының зырқылдап ауруы денесін көтертпей тұрса да, жатуға мүмкіндігінің жоқтығы түсінікті еді. Жат-жарандар кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар қалған соң, бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық берді (М.Әуезов).*
Алғашқы сөйлемде екінші мен үшінші бөлікті байланыстыруға «да» шылауының тигізер ықпалы бар. Өйткен бұл шылаусыз байланыспайды да. Ал синтаксистік байланыс болмаса, мағыналық байланыс жайлы сөз де болуы мүмкін емес. Ал соңғы сөйлемдегі екінші мен үшінші сыңар аралығындағы «соң» шылауы мағыналық қатынасты ажыратуға да көмектеседі. Ол соңғы сыңардағы іс-әрекеттің себебін білдірудегі нақты тұлғалық көрініс.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы тиянақсыз тұлғалы бөліктерінің басыңқы бөлікпен байланысы жарыспалы және сатылы ыңғайда болады. Оның жарыспалы бағыныңқылы түрінде басыңқымен болатын байланыс еркін: кез келген тиянақсыз тұлға басыңқымен грамматикалық мағына құрады. *Әзімбай айыпты болса, Абайдың ары біте қасылып, бұл да қоса жауапкердей сезінеді. (М.Әуезов).* Мұндай сөйлемнің сыңарлар саны қанша артқанымен, осы түрі сақталады.

Төртінші күні көзі ішіне кіріп, жағы солып, танаулары қусырылып, ерні кезерді (М.Әуезов). Жүрегі лоблып, өкпесі қабынып аузына тығылып, көз алды бұлдырап, басы айналып, дүние астан-кестен шығып жатқандай (М.Әуезов).

Жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемде алғашқы екі сөйлемде көрінетіндей, тиянақсыз тұлғалылары біртектес болып келетіні болады немесе соңғы мысал дәлел болатындай, тиянақсыз тұлғалылары

әртектес болып келетіні болады. Мұндай тұлғалық ерекшелік бұл сыңарлардың мағыналық қатынасын айқындауға да көмектеседі. Мәселен, тұлғаларының біртектес болып келуі мағыналық қатынастың да бірыңғайланып тұруына әкеледі: *Шығыстан бір-бір қыстау алса, Қарауыл, Балпаң түсе және, әсіресе, жайлаудағы екі өзен жеке меншіктеріне түссе, тіпті өкініш жоқ. (М.Әуезов). Күні бойы жаңбыр жауып, оның үстіне қатты жел тұрып, Базаралы аулына зорға жеттік (М.Әуезов).* Алдыңғы сөйлем бірыңғай шарттас мәнде де, соңғы сөйлем бірыңғай себеп мәнде келген.

Ал жеке бөлік тұлғаларының әртектес болуы әралуан жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлемнің түзілуін көрсетеді: *Даладағы жұрт үйге кірсе, пештің оты сөніп, үй көрдей қараңғы екен (М.Әуезов).* Бұл мезгіл –себеп мәнді жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлем, төмендегі сөйлемнің түзілуінен мезгіл-амал мәнді мағыналық қатынасты байқауға болады: *Осындай аз топ екі ұдай болған енжар көңілмен ақырындап келе жатқанда, күн анық батып, ымырт әбден жабылды (М.Әуезов).*

Баса бір айтатын нәрсе, бірыңғай жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмаласта да, әралуан жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмаласта да алғашқы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас бірінші мен соңғы сыңарды байланыстыруда да сақталады.

Сонымен, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жарыспалы түрі жеке сыңарларының тұлғалық өзгешелігі мен мағыналық қатынастың ерекшелігіне орай бірыңғай және әр алуан жарыспалы деп екі топқа сараланады.

Енді бір сөйлем түзілістерінде алғашқы сыңар соңғы басыңқы сыңармен тікелей байланысқа түсе алмайды, тек өзінен кейінгі бөлік арқылы байланысады. *Қар кетіп, көк алғаш тебіндеп шығып, жер дегди бастағанда, Құнанбай Қарқаралыдан шығып Тобықтыға қайтты. Жұмабай қайтып келсе, бір топ жігіт жиналып, ортасында біреу ән шырқап жатыр екен (М.Әуезов).* Мысалдардың алғашқысында бірінші мен төртінші мүлдем байланысқа түспейді, соңғысында, бір қарағанда бұл сыңарлардың аралығында синтаксистік байланыс болатын сияқты. Бірақ үшінші бөліктегі қимыл-әрекеттің мәні тек ортаңғы бөлікке қатысты өрбиді.

Мұндай мәннің сақталуы сөйлем сыңарларында қайталанып келген сөздерге де байланысты болып тұрады. *Сыртта біреулері сүйсініп, біреулері сұқтанып, тағы біреулері қызғанышпен күңкілдесіп, сыбыр-жыбырдан тыным ала алмай жүр (М.Әуезов).* Мұндай сөйлем сыңарларының тізбектеліп айтылуына «біреулер» сөзінің қайталанып жұмсалуы әсер етеді. Осындай түзілімдердің қатысынан пайда болған сөйлемдерді көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің сатылы бағыныңқылы түрі деп атайды.

Әдебиеттер

1. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002
2. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі.-Алматы, 1995
3. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы,1995

4. Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлемдер жүйесі.-Алматы, 2007
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.-Алматы, 1992

УДК82 (091).821

ВОСТОЧНЫЙ КОЛОРИТ В ТВОРЧЕСТВЕ ПОЭТОВ СЕРЕБРЯНОГО ВЕКА

Маханова Г.Б.к. ф. н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада күміс дәуір ақындарының Шығысқа қатынасы мен олардың шығыстың шығармашылығына тигізген әсері туралы шолу жасалған. Күміс дәуір әдебиетіндегі шығыс әуенің көрінісін анықтауға және көрсетуге тырысады.

Summary

The article provides an overview of the attitude of the Silver Age poets to the East and the influence of the East on their work. An attempt is made to identify and show the reflection of the oriental flavor in the literature of the Silver Age.

В статье рассматривается отношение поэтов Серебряного века к Востоку и влияние Востока на их творчество. Предпринята попытка выявить и отразить выражение восточного колорита в русской литературе Серебряного века.

История восточной литературы дает богатейший материал для изучения литературных связей и взаимоотношений. Главное в этом вопросе не сами связи, а значение этих связей для литературного процесса, происходящего в той или иной стране. Как отмечает Ким Кент Тэ, «Стремление к осознанию исторического места России и ее роли в традиционном противопоставлении Востока и Запада стало одной из причин обращения к теме Востока в творчестве поэтов и писателей «серебряного века»[1]. Русский и американский историк – евразиец Г.В. Вернадский в своей книге «Киевская Русь» говорил о том, что восточный колорит всегда сопровождал русскую литературу, устное народное творчество, культуру [2:114].

Владимир Соловьев одним из первых приобщился к восточной духовности, философская теория которой оказала значительное влияние на формирование художественного мировоззрения поэтов «Серебряного века». Важнейшее из произведений Соловьева о Востоке содержится в его работе «Исторические дела философии», где основной идеей является его любимая концепция всеединства, отражающая синтез восточной и западной культур:

И слово вещее - не ложно,
И свет с Востока засиял,
И то, что было невозможно,
Он возвестил и обещал.
И, разливаяся широко,

Исполнен знамений и сил,
Тот свет, исшедший от Востока,
С Востоком Запад примирил [4:187].

На Востоке и в Индии он находит основу своей концепции, согласно которой западный и восточный миры могут сосуществовать.

Н.С. Гумилев также придавал большое значение восточной теме. В творчестве Гумилева Персия занимала особое место, о чем свидетельствовало его увлечение творчеством поэтов классической лирики Востока, в частности, Хафиза, Сади, Хайяма, Хосрова. Так, русский перевод Насыра Хосрова «Песни» стал источником стихотворения Гумилева «Пьяный дервиш», который он включил в свой сборник «Персия».

В суфийской мистической лирике часто встречается упоминание лика некой красавицы или красавца с пышными темными кудрями. И только дуновение ветра отбрасывает кудри с лица красавицы (красавца), позволяющий заглянуть сквозь пелену вечности. В стихотворении «Пьяный дервиш» Гумилева мы находим строки, на которых основана суфийская символика:

Мир - лишь луч от лика друга,
Все иное - тень его [4: 198].

Особый интерес представляет пьеса Гумилева «Дитя Аллаха», в которой главный герой, персидский поэт Хафиз (точнее, Хафиз, что означает «хранитель Корана»). Юная Пери, дитя Аллаха, нашла в пустыне бесценную подкову Магомета и была за это награждена правом познать земную любовь лучшего из сыновей Адама. От святого Дервиша она получила кольцо Соломона для обручения с избранником и в попутчики Единорога, который должен был охранять ее от недостойных претендентов.

По указанию мудрого дервиша она отправилась на поиски своей награды. На своем пути она встретила трех кандидатов: юного гурмана любви Юношу, который ищет в жизни только удовольствия; героического воина Бедуина, который сделал войну только смыслом своей жизни; считающего величайшей ценностью в мире земную власть калифа Багдадского. Но Пери случайно убила их. Опечаленная Пери отправилась в Багдад, но и там не было лучшего сына Адама. Но, в конце концов, Пери нашла своего избранника на краю пустыни в образе Хафиза, поэта-мудреца, который был дервишем, но сменившего аскетизм на проповедь земных радостей.

Хафиз обращается к Хизру, покровителю странствующих путешествующих, духовному наставнику суфиев:

Великий Хизр, отец садов,
В одеждах, как листва, зеленых,
Хранитель звонких родников,

Цветов и трав на пестрых склонах [4: 104].

Согласно легенде, Аллах наделил бессмертного Хызра, владевшего источником живой воды, способностью совершать чудеса. В суфийских поэтических картинах он носил зеленый халат и благородную седую бороду. Зеленые одежды Хизра часто упоминаются в суфийских источниках как символы ислама. Где бы ни ступал Хызр, вокруг него начинала расти зеленая трава.

В пьесе «Дитя Аллаха» Гумилева Хизр назван «отцом садов». Речь идет о саде истины, в центре которого находится источник живой воды, неоднократно упоминающийся в поэтических произведениях персидских средневековых поэтов-мистиков. «Только в стихотворениях, посвященных Востоку, да, пожалуй, в народных русских песнях, тоже сильно окрашенных в восточный колорит и напоминающих по пестроте узора персидские ковры, только в них находишь силу и простоту, доказывающую, что поэт − у себя, на родине» [4], − пишет Гумилев в своем отзыве на вторую часть «Cor ardens» Вячеслава Иванова.

Одним из самых активных путешественников по восточным краям можно назвать еще одного поэта − К. Д.Бальмонта. Он готовился к путешествию, читал книги о буддизме и совершил путешествия в страны Индийского и Тихого океана, собирая фольклор и переводил на русский язык произведения восточной литературы. Его переводы мифы Океании, египетские стихи, поэма буддийского драматурга Ашвагхоши «Жизнь Будды».

В одном из писем, написанных В. Я. Брюсову, он выразил свои чувства, которые он испытывал в предвкушении своих путешествий: «К январю я кончаю Шелли, Эдгара По и третий том Кальдерона, − пишет ему Бальмонт 8 июня 1903 г., − затем в течение многих месяцев читаю миллион книг о Индии, Китае и Японии. Осенью будущего года еду в кругосветное путешествие. В Константинополь, Египет, вероятно, Персия, Индия, часть Китая, Япония. На обратном пути − Америка. Путешествие − год. Если бы Вы захотели поехать вместе со мной, это была бы сказка фей. Поедемте. Подумайте, что за счастье, если мы вместе увидим пустыню и берега Ганга, и священные города Индии, и Сфинкса, и Пирамиды и лиловые закаты Токио, и все, и все» [5].

Знакомство и дальнейшее изучение японской культуры повлияли на творчество Бальмонта. Таким образом, образы его поэтического цикла «Фейные сказки» приобрели черты восточной традиции.

Восхищение красотой природы − одна из важнейших традиций японской поэзии. Здесь чувством красоты наделены даже животные, застывшие при звуках песен и стихов.

В текстах стихов Бальмонта такая чудесная природа: Фея любуется травой, сам поэт обращает внимание на красоту леса:

Но зачем разгадка снов,

Если нежен лик цветов,
Если вводят нас цветы
В вечный праздник красоты [5:87].

Если посмотреть на эти линии через призму японского восприятия природы, восхищение красотой цветущих растений может приблизить вас к Богу.

Японская культура подняла искусство гейши на высокий уровень – женщину с «фарфоровым» лицом, которая прекрасно играет на музыкальных инструментах, свободно владеет поэтическим языком. Эта картина, изображающая Японию как прекрасную, загадочную и непостижимую, возможно, вдохновила Бальмонта на создание поэтического образа Феи, обладающей многими достоинствами, которую он назвал небесной феей сада.

Восточные мотивы слышны и в творчестве Велимира Хлебникова. Хлебников, имеющий русско-восточные корни, подтвержденный биографическими записями, письмами и свидетельствами родственников поэта. Он особенно интересуется проблемой русско-восточных исторических смещений (поэма «Хаджи-Тархан»), цыганской темы («Я и Саири вместе гуляли...», «Что тот сулил нам мавр заката...», «И вот зеленое ущелье Зоргама...», «Цыгане звезд...», к Закавказью («Вам», «Дети выдры», «Ручей с холодной водой...»).

Так, в «Детях Выдры» выступают арабы, индийцы, армяне, племена тюрков, сарматы, абхазы, проживающие в Дагестане и Ширване, жители страны Берда – предки сегодняшних азербайджанцев. В одном из глав повести Хлебников переносит нас в эпоху русско-татарских конфликтов, в другом – на Кавказ, к берегам Терека, в Грузию.

Главный герой поэмы – Сын Выдры, для которого характерны особенности Запада и Востока, представляя собой Россию. Думая об Индии на Волге, он говорит: «Ныне я упираюсь пятками в монгольский мир и рукой осязаю каменные кудри Индии» [3:447]. С особой силой звучат в ранней поэме Хлебникова «Хаджи-Тархан» темы «Россия-Восток», «Запад-Восток». «Хаджи-Тархан» – старинное татарское название Астрахани. Астрахань считается многогранным российско-азиатским городом:

Ах, мусульмане, те же русские,
И русским может быть Ислам [3:448].

Ислам Хлебникова – это не символ веры, а именно олицетворение самого Восток. Вся поэма Хлебникова утверждает сходство и родство России и Востока, несмотря на различия во взглядах, обычаях и религиях. «...Хлебников был всегда в пути, он не знал оседлости. Он считал, что путь мыслящего россиянина идет на Восток...», [6] – сказал Ю. Нагибин в своей статье, обобщая духовные устремления поэта.

А. Ахматова всегда уделяла особое внимание своим «азиатским» корням, взяла соответствующий псевдоним и прославляла татарскую бабушку в своих стихах. Ахматова переехала в Ташкент из блокадного Ленинграда в 1940-х годах и пишет:

Кто посмеет сказать, что здесь Я на чужбине...
Он прочен, мой азийский дом [7:205].

«Именно в Ташкенте я впервые узнала, что такое палящий жар, древесная тень и звук воды. А еще я узнала, что такое человеческая доброта» [7: 114], – писала она в мае 1944 года, уже, будучи дома. Почти все её стихотворные строки, написанные в Узбекистане, были о Ленинграде, но все равно Восток проступал сквозь них:

Мангалочий дворик,
Как дым твой горек,
И как твой тополь высок...
Шахерезада Идет из сада...
Так вот ты какой, Восток [7:193]

Ахматова воспринимает Восток как нечто близкое и родное:

Это рысьи глаза твои, Азия,
Что-то высмотрели во мне,
Что-то выдразнили подспудное
И рожденное тишиной[7:196].

В тяжелые времена одинокую поэтессу поддержали, окружили вниманием не только соседи, но и малознакомые ей люди. Вскоре после снятия блокады Ленинграда, Ахматова покинула Узбекистан. Но и дома, в Ленинграде, азиатский дом не раз еще явится во сне, и Восток будет неумолимо проникать в ее стихотворные строки...

Он прочен мой азийский дом,
И беспокоиться не надо...
Еще приду. Цвети, ограда,
Будь полон, чистый водоем [7: 198].

Восточные сюжеты, колорит, восточные мотивы в поэзии Серебряного века принесли новые художественные образы и краски, которые способствовали развитию новых мыслей и идей в раскрытии мировоззрения человека. Благодаря развитию переводов и освоение необычных морально-эстетических концепций был открыт путь к общечеловеческим ценностям в истории литературы и современности.

Таким образом, восточный колорит, являющийся одной из неотъемлемых составляющих русской мысли, нашел отражение в произведениях поэтов и писателей Серебряного века.

Литература

1. Ким Кен-Тэ. Тема Востока в творчестве И.А. Бунина: автореферат дисс. ... канд филологич. наук. СПб., 1997.
2. Г. В. Вернадский «Киевская Русь» – М.: Ломоносов, 2020,С.800.

3.Три века русской поэзии. – М.: Издательский дом «Оникс 21 век», 2002, С.448.
4. Гумилев Н. Собрание сочинений. Т. V. Драматургия (1911-1921). – М.: Воскресенье, 2004. С. 586.
5. Азадовский К. М., Дьяконова Е. М. Бальмонт и Япония. – М.: Наука, 1991.
6. Нагибин Ю. О. О Хлебникове // Новый мир, 1983, № 5. С. 253-260.
7. Ахматова А. А. Собрание сочинений в 2 т. Т.1 /под ред. Н.Н. Кудрявцевой. – М.: Правда, 1990. С. 447.

ӘОЖ 811.512.122

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛІ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНГЕН СӨЙЛЕМДЕР

Пазылова А.С. аға оқытушы
Турдикулова С.С. 11727 оқу тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы влияния на синтаксическое построение предложения однородных членов, участвующих в расширении области предложения и усложнении его содержания.

Summary

This article discusses the influence on the syntactic construction of a sentence of homogeneous terms involved in the expansion of the scope of the sentence and the complication of its content.

Күрделенген сөйлем жасауға бірыңғай сөздер тобы емес, бірыңғай мүшелі сөйлемдер қатысады. Яғни, ой білдіру жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын кей уақытта құрмалас сөйлем моделімен астарласып жататын бірыңғай түрдегі синтаксистік конструкциялар. Бұлайша екі түрлі атаудың өзіндік айырмашылықтары бар. Алғашқысы сөйлем ішіндегі жеке сөздердің біркелкі тұлғада бірыңғай жұмсалуын аңғартса, соңғысы сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің бірыңғай күрделенуін байқатады. Сөйлем мүшелерінің бұлайша күрделеніп бірыңғай түрде қолданылуы сөйлемнің синтаксистік құрылысына әсер етеді. Ондай әсер сөйлемдегі жеке синтаксистік бөлшектердің құрылысы мен жалпы сөйлемнің грамматикалық жаратылысынан айқын байқалып тұрады:

Абайдың сүйсіне күліп отырғанын көріп, Дәмежан сөзінің аяқ кезін қалжың тәрізді етіп, сақылдап күле отырып, жарқырап айтып шықты (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 8-б).

Сөйлемде хабарланған бірыңғай қимылдардың осылайша бір грамматикалық бастауыштың төңірегіне жинақталуы, қазірде қазақ тіл білімінде танылып жүргендей, сабақтас құрмалас болып ұғынылмай, күрделенген сөйлемнің бірыңғай мүшелі түрін аңғартады. Осы тектес сөйлемдердің табиғатын тани білуде әрбір компоненттегі бастауыш-баяндауыштық негіз шешуші критерийге алынбай, көбінесе баяндауыш сөздерінің қолданысы есепке алынады. Талдап отырған сөйлеміміздегі хабарланған оқиға желісі бір ғана субъектінің төңірегіне жинақталып, оның

алуан түрлі қимылдық сипаты өзара саралай көрсетілгендіктен де, мұндай конструкцияны бірыңғай мүшелі күрделенген сөйлемдердің қатарынан танитын боламыз.

Проф. М. Балақаев бірыңғай мүшелі сөйлемдерді күрделенген сөйлемдер деп қарастырады, оларға мынандай анықтама береді: «Сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, көбінесе өзара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады. Бірыңғай мүшелер бірімен-бірі салаласа, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады. Мысалы: *Ауылдағы көрші, малшы, қатын-қалаш, киімі нашар бала-шаға қораның ішінен тұмсығын шығаруға қорқады (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 338-б) д*егенде *көрші, малшы, қатын-қалаш*, *бала-шаға* – бірыңғай бастауыштар. Олар бірімен-бірі салаласа, біріне-бірі бағынбай байланысқан. Ол бастауыштар мен қорқады деген баяндауыш байланысқан. Соңғылардың байланысы сабақтастық байланыс баяндауыш бастауыштарға бағынады» [1, 21]. Демек, ғалым бірыңғай мүшелі сөйлемдерді күрделенген сөйлем жасаудың бір тәсілі ретінде таниды.

Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің күрделенген сөйлемнің қатарында қаралуының өзіндік тарихы бар. Бұл тарих жалпы тіл білімінде осы конструкцияға байланысты орын алған жайлармен тығыз астарласып жатыр.

Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелердің бір-бірімен өзара байланысуы іргелесу (жалғаулықсыз), сонымен қатар жалғаулық арқылы да бола береді. Сондықтан да әрқайсысын әр түрлі қарап жатпай-ақ, бір синтаксистік категорияның екі түрлі амалы ретінде түсінген жөн. Мұндай амалдар бірыңғай мүшелердің үйлесе жұмсалуында өз орындарына лайық қолданыла береді.

Соңғы кездерде проф. Т. П. Ломтев синтаксиске арналған «Основы синтаксиса современного русского языка» еңбегінде бірыңғай мүшелі сөйлемдерді біріккен сөйлем қатарында талдайды [2, 42].

Бірыңғай мүшелерді салаластыра байланыстыратын амалдар – интонация мен жалғаулықтар:

Қасына Мағаш пен Кәкітайды шақырып алып, оларға да оқытты (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 155-б) деген сөйлемде Мағыш пен Кәкітай дегендер бірыңғай толықтауыш қызметінде жұмсалған. Олар пен жалғаулығы арқылы байланысқан. Бұл сияқты жалғаулықты байланыстағы бірыңғай мүшелердің арасында дауыс кідірісі болмайды.

Кейде бірыңғай мүшелер жалғаулықтар арқылы екеу-екеуден қосақталып айтылады. Олай айту бірыңғай мүшелерді басым мағынада айтудың стильдік амалының бірі болады:

Бұл күнде кек пен жазадан, қарғыс пен қаһардан аман бол! (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 67-б). Әбіш пен пристав Старчак және Дәрмен мен Мәкен отырған (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 107-б).

Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің жасалу жолына келер болсақ, оларды байланыстыратын жалғаулықтар салаластырушы жалғаулықтар делінеді. Қазақ тілінде олардың саны көп емес: ыңғайластық жалғаулықтар, қарсылықты жалғаулықтар, талғаулықты жалғаулықтар:

Осы жайды Жұмаш пен Сейіл біресе түршігіп, біресе ызамен күле отырып айтысып берген еді. (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 162-б). Ауыр сұр бұлттар біресе тауын бүркеп, біресе биік таудан асып аунап, қаланың үстін басады (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 184-б). Ырсай әрі жылап, булығып, әрі күйініп тулаған-ды (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 265-б). Жаңағы өлген бай өзі қойы көп, бірақ қитабан екен (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 312-б).

Қ. Есенов: «Бірыңғай мүшелі сөйлемдер сөйлемнің қай мүшесі болса да, бірыңғай түрде жұмсала береді. Алайда осылардың ішінен құрмалас сөйлем категориясымен кейде жақындасып, астарласып кетуінде әсіресе бірыңғай баяндауышты түрі икем келіп тұрады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерді талдаудағы мәселе осында. Себебі осындай конструкцияда келген сөйлемдер бір бастауышқа ортақтасып, негізгі қимыл иесінің әр түрлі амалдық сипатын білдіре жұмсалады» - деп өз еңбегінде жазған болатын [3,51]. Ортақ бастауышты осындай сөйлемдердің қайсыбіреулері қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін біреулерімен жай сөйлем, енді біреулерімен құрмаластың төңірегінде танылып жүр. Сөйлемнің осындай бір түрінде бірыңғай баяндауыштары тиянақты және тиянақсыз тұлғада келіп отырады. Алғашқысы салалас құрмалас сөйлемнің конструкциясына ұқсаса, кейінгісі салалас құрмалас сөйлемге ұқсас:

Отқа өртенгеннен кем емес күйік жайда желге шашылды, қарға басылды, өшіп-бітіп жоқ болды (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 380-б)

Қалада бұзық көп болады, ақша-пұлыңды көз ілестірмей қағып алады, алдап әкетеді, ұрлап қояды (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 58-б). Бұл берілген сөйлемде бірыңғай баяндауыштар тиянақты, құрылысы жағынан салалас құрмалас сөйлемге жақын. Бірақ бұл сөйлем бірыңғай баяндауыштардың бір бастауышқа телінуі арқылы жасалған күрделенген сөйлем.

Ал тиянақсыз тұлғадағы бірыңғай баяндауышты сөйлемдер синтаксистік оралымдар арқылы жасалады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер синтаксистік оралымдармен берілгенде, олардың баяндауыштары көсемше, есімше, шартты рай тұлғалары арқылы жасалады. Әдеби тілімізде осындай баяндауышты бірыңғай мүшелі сөйлемдерден көбінесе олардың *-п, -ма+й* және *са* формантты түрлері жиі қолданады:

Қос-қосардан сайгүліктерін жетектеп, әсіресе өз руларының мөр иесі адамдарына мөрлерін бастырып, отыздан аса «пірғауар» жасатып, Құнанбай үстінен мықты шағым сайлатып берді. (М.Әуезов «Абай жолы» III том 203-б). Қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң, мақсатты тура табарсың... (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 294-б).

Сонымен, жоғарыда талдаған сөйлемдер сыртқы құрылысы жағынан кейде құрмаластардың табиғатымен астарласып жатқандығымен, олар бас мүшелердің негізінде өзара ажыратылып отырады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер бір грамматикалық бастауыштың негізінде құралады. Алайда осы бір заңдылық

кейде ескеріле бермегендіктен, осындай сөйлемдер кейбір еңбектерде құрмалас сөйлемдердің қатарынан танылып қалады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерге байланысты осындай түсінік әсіресе революцияға дейінгі еңбектерден орын алған болатын [4,36].

Қай сөйлем болмасын, олардың ішінде бірыңғай мүшелердің күрделеніп келе беруі мүмкін. Бұл, әрине, сөйлемнің аумағын да кеңейтеді, мазмұндық желісін де күрделендіре түсіреді, алайда мұндай құбылыс оны екінші бір синтаксистік категорияға, яғни құрмалас сөйлемге айналдырып кете алмайды. Әрқайсысының өзіндік грамматикалық заңдылықтары бар: бірыңғай мүшелер негізгі бір сөздің төңірегіне жинақталса, құрмаластың әрбір компоненті сөйлемдік ыңғайда жұмсалады. Олай болса, осындай заңдылықтар сөйлем тани білу принципінде ескеріліп отырылғаны жөн. Мұның өзі кейбір синтаксистік категориялардың ара қатынасын дұрыс ажыратып отыруға мүмкіндік туғызады.

Бірыңғай мүшелі сөздер, айқындауыштық сөздер, қыстырма сөздер- бәрі де күрделенген сөйлем жасаудың алғашқы конструкциялары болып табылады.

Күрделенген сөйлем жасаушы конструкцияларды біз, негізінен алғанда, екі топқа бөлдік. Бірі – айқындауыштар, бірі – синтаксистік оралымдар. Бірақ та біз айқындауыштардың құрамына бірыңғай мүшелі сөздерді де, қыстырма сөздерді де, оңашаланған айқындауыштарды да кіргізіп, бір жүйеде қарастырдық. Оңашаланған айқындауыштар о бастан бері айқындауыштың бір түрі. Өзінен бұрын тұрған сөзді айқындап, дәлелдеп, түсіндіріп тұратын бір немесе бірнеше сөздер жиынтығы. Ал бірыңғай мүшелі сөздер мен қыстырма сөздерді айқындауышқа телудегі себеп не? деген сұрақтың тууы орынды.

Қазіргі қазақ әдеби тілі – сан салалы стильдік жүйелері дамып, қалыптасып жетілген бай тіл. Бұрыннан бар әдіс-тәсілдеріміз жетіліп, қолданылу іргесін кеңейтті, жұмсалу аясы да молайды. Әдеби тілдің қолданысында грамматикалық категорияларды стильдік мақсатқа сай қолдану адамның ой-өрісін, дүниетанымын да кеңейтіп отырады. Мұндай заңдылық бірыңғай мүшелердің қолданылу сипатынан да байқалады. Көркем әдебиет стилінде бірыңғай мүшелердің рөлі тек оның мағынасымен, байланысу тәсілдерімен ғана шектелмей, оның экспрессивтік рөлімен де байланысты келеді. Демек, екі мүшелі, үш мүшелі, көп мүшелі бірыңғай мүшелер бір-бірінің мағынасын толықтыра, анықтай түсу үшін, нақтылай көрсету үшін де қолданылады. Осы жағынан алып қарағанда, олар анықтауыштардың қызметіне ұқсас. Мысалы:

Жылтыр, қою қара қасы бар, ажарлы, үлкен қара көзді, қырлы кесек мұрынды және әдемі қиылған қысқа мұрты бар қара сұр жүзді Дәрмен Долговқа анық кавказ типінің бірін елестетеді (М. Әуезов). Дәмежан сұңғақ бойлы, көтеріңкі кесектеу мұрны бар, жаудыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді (М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 5-б). Бұл берілген мысалдарда бірыңғай анықтауыштар Дәрмен мен Дәмежан бейнесін, портретін жан-жақты суреттеп, түрлі бейнелі сөздермен толықтырып, шегіне жеткізе суреттеген.

Қазір, міне, ол Мәкеннің қашқанын оны Абай жігіті Дәрмен алып қашқанын, Дайырдың жеті-сегіз кісі болып келгенін, қалаға өздерінің жаңа,осы іңірде ғана ат сабылтып жеткендерін айтты.(М.Әуезов «Абай жолы» IV том, 80-б). Бұл сөйлемде қыстырма сөзбен қатар *(міне)* бірыңғай толықтауыштар қимылды нақтылап тұр.

Қорыта келе, қай сөйлем болмасын, олардың ішінде бірыңғай мүшелердің күрделеніп келе беруі мүмкін. Бұл, әрине, сөйлемнің аумағын да кеңейтеді, мазмұндық желісін де күрделендіре түсіреді, алайда мұндай құбылыс оны екінші бір синтаксистік категорияға (құрмалас сөйлемге) айналдырып кете алмайды. Әрқайсысының өзіндік грамматикалық заңдылықтары бар: бірыңғай мүшелер негізгі бір сөздің төңірегіне жинақталса, құрмаластың әрбір компоненті сөйлемдік ыңғайда жұмсалады. Олай болса, осындай заңдылықтар сөйлем тани білу принципінде ескеріліп отырылғаны жөн. Мұның өзі кейбір синтаксистік категориялардың ара қатынасын дұрыс ажыратып отыруға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер

1. М. Балақаев. Қазіргі қазақ тілі.-Астана: Ер-Дәулет, 2007.-91 б.
2. Т. П. Ломтев. Основы синтаксиса современного русского языка.-Москва: Учпедгиз, 1958.-133 б.
3. Қ. Есенов. Күрделенген сөйлемдер.- Алматы: Ғылым,1974.-60 б.
4. Н. И. Ильминский. Грамматика алтайского языка.- Казань: Наука,1869.-171 б.

ӘОЖ 811.512.122

КҮРДЕЛЕНГЕН СӨЙЛЕМДЕР ТАБИҒАТЫ

Пазылова А.С. аға оқытушы
Турдикулова С.С. 11727 оқу тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье речь идет о предложениях, состоящих из двух предикативных единиц, но имеющих одно общее подлежащее в этих двух предикативных отношениях.

Summary

The article deals with sentences consisting of two predicative units, but having one common subject in these two predicative relations.

Әдеби тіліміздің дамуына байланысты қазақ тілінің синтаксистік жүйесі де жетіліп, өзінің заңдылықтарын саралай бастады. Тілдің грамматикалық құрылысының жетілуі әсіресе оның синтаксис саласынан айқын көрінеді. Өйткені синтаксистің қарастыратын басты объектісі сөйлем болса, сол сөйлемнің түрліше қолданыстары тіліміздің негізін құрайды. Ал мұның өзі, сайып келгенде, тіл заңдылықтарына негізгі арқау болып, грамматикалық категориялардың жетілу барыстарын айқындап отырады. Бір сөйлемнің бойынан түрліше заңдылықтар шығып жатады: жеке сөздердің тіркесу қабілеті, синтагмалық топтар, сөздердің өзара байланысу жолдары, сөйлем мүшелерінің

бір-біріне ара қатынасы т.б. Осындай мәселелерге орай тіліміздегі сөйлемдер әр түрлі жақтан тексеріледі. Мұның барлығы тіліміздің грамматикалық тұрғыдан зерттелуін тереңдете түсіп, тіл құбылысы заңдылықтарының айқындала түсуіне мүмкіндіктер туғызады.

Сөйлемдер сыртқы модельдері жағынан бір-бірімен үйлесіп, өзара ұқсасып жатады. Мұндай ұқсастық сөйлем құрылыстарындағы тіліміздегі кейбір сөйлемдер жақындық, әсіресе тәуелді конструкциялардың бойынан орын алады. Біздің тәуелді конструкциялар деп отырғанымыз не? Тәуелді конструкциялар деген ұғымға бойында сөйлемдік қасиеті бар не болмаса сөйлемдік дәрежеге жете алмаған бағыныңқы топтағы сыңарлар кіреді. Сөйлемдік қасиеті бар деп отырғанымыз әдеттегі бағыныңқы сөйлемдер де, ал осы талапқа жауап бермегені синтаксистік оралымдар деп аталады. Мұндай оралымды топтардың бағыныңқы (тәуелді) сыңарлары есімше, көсемше, шартты рай тұлғасы не болмаса қимыл есімді сөздерімен қайырылып тұрады [1, 7].

Әлі демігін баспаған қалыпта, шошыған, үріккен күйде Абай келіп, Мағаштың жертөсегінің жанына ауырлай дем алып, құлай барып отыра кетті [2, 387].

Осындай құрылыстағы сөйлем соңғы кездерге дейін қазақ тіл білімінде ортақ бастауышты сабақтас құрмалас деп танылып келді. Біз бұл тектес сөйлемдерді өз зерттеуімізде жай сөйлемнің күрделенген түрінен танимыз да, күрделенген сөйлемдер деп атайтын боламыз [1, 8].

«Күрделенген сөйлемдер» деген атау бұрын тілімізде болмағанмен де, осы ұғымды қамтитын сөйлемдер әр түрлі синтаксистік категориялардың қарамағынан орын алып еді. Олар өздерінің атқарып отырған функциясына орай, сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасына қарай сол жердегі мәніне байланысты аталып қалыптасты. Алайда осыған қарамастан жай сөйлемнің күрделенген түрі өз алдына жеке топтастырылып келеді. Өйткені кейбір күрделенген сөйлемдердің ішінен өз алдына жеке бір «сөйлемдер» бөлініп шығып жатады. Мұндай сөйлемдер оқшаулана айтылғанмен, олардың бойында субъект-предикаттық қатынас болмайды. Сондықтан да олар әдеттегідей дербес сөйлемдер мағынасында түсінілмейді. Бұлар тек субъектінің түрліше көзқарастары мен сезімдерін не болмаса белгілі бір жайдың мән-жайын түрліше жақтардан саралау бағытында айтылады. Осыған орай мұндай мәндегілер сөйлемнің негізін құрамай, тек онда көмекшілік қызметте жұмсалады. Сөйлем құрылысынан көмекшілік мәніндегі сөз топтарын алып тастасақ, жалпы ой мазмұны, сөйлем іргесі бұзылмайды.

Күрделенген сөйлемдер тіл білімінде ертеден танылды. Алайда ол кездерде бұл сөйлемдер біздің түсінігімізден басқаша, басқа синтаксистік категориялардың аясында қарастырылды. Қазіргі ілімге сәйкестендіре айтсақ, осы жайындағы алғашқы мәліметтер, түрліше көзқарастар Н.И.Греч, А.Х. Востоков, Ф.И. Буслаевтардың еңбектерінде сөз бола бастады. Бұл аталған ғалымдар өз еңбектерінде біз сөз еткелі отырған синтаксистік категорияны

бағыныңқы сөйлемнің қатарынан қарап, соның қысқарған бір түрі деп түсіндіреді. Мәселен, А.Х. Востоков бағыныңқы сөйлемдердің толық түрі және қысқарған түрі болатынын айта келіп, қысқарған түр бағыныңқылардың көсемше, есімше арқылы жасалатындығын көрсетеді [3,118]. Автордың қысқарған бағыныңқылар деп отырғаны – әдеттегі есімше және көсемшелі оборотты жай күрделенген сөйлемдер.

А.А. Потебня өзінің еңбегінде осындай құрылыста келген сөйлемдердің табиғатына назар аудара отырып, қысқартылған бағыныңқы дейтіннің болмайтындығын, осы жайындағы өзінен бұрынғылардың ілімін қатты сынға алады. А.А. Потебняның жоғарыдағыдай конструкциялар жайындағы түсінігі оларды айқындауыш мүше ретінде тануға жақындайды [4,122].

«Күрделенген сөйлем» деген атауды акад. А.А. Шахматовтың еңбегінен кездестіреміз. Автор бұл жайды сөйлемдердің бір құрамды және екі құрамды болып келу жағдайын талдай отырып айтады [5,11].

«Қысқартылған бағыныңқы» сөйлем жайындағы ілімнің қате, ғылыми негізі жоқ екендігі әсіресе проф. А. М. Пешковскийдің орыс тілі синтаксисіне арналған еңбегін оқығанда, одан сайын айқындала түседі. Автор осы еңбегінде өзінен бұрынғылардың бағыныңқының қысқарған түрі деп қарастырған сөйлемдерін оңашаланған тұрлаусыз мүшелерге жатқызады да, осыны ғылыми жүйеде жан-жақты талдауға оған өз алдына жеке тарау арнайды [6,412]. Проф. А. М. Пешковскийдің «оңашаланған сөйлем мүшелері» жайындағы ілімі тіл білімінен берік орын алып, ол кейінгі зерттеушілерге бірден бір негізгі тірек болды.

Соңғы кездерде проф. А. Г. Руднев күрделенген сөйлемдерді өз алдына жеке синтаксистік категория ретінде танып, арнайы зерттеді. Автор оңашаланған мүшелер, бірыңғай мүшелер, қаратпа және қыстырма сөздер мен сөйлемдердің басын қосып бір жерге жинақтайды да, оларды күрделенген сөйлем синтаксисінің негізгі объектісі етіп алады [7,80].

Күрделенген сөйлемдердің табиғатына соңғы кездерде тюркологияда да арнайы көңіл бөліне бастады. Проф. Ғ.А. Абдурахманов мұның өз алдына жеке синтаксистік конструкция болып табылатындығын, соған орай оны арнайы зерттеудің қажет екендігін орынды ескертеді: «...осложненное предложение - это своеобразная синтаксическая конструкция, имеющая особый предмет исследования» [8,70]. Ғалым осы жайындағы ойын кейінгі жылдары да екшелей түсіп, мұның зерттейтін объектілерін де саралай көрсеткен болатын.

Проф. М. Б. Балақаев қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін зерттеу барысында оның құрамында синтаксистік комплекстердің де кездесетінін айтады. Автордың синтаксистік шумақ деп отырғаны – мына тәріздес курсивпен терілген конструкциялар: *Таудан төмен қарай түскен* шаңғышылар колхоз клубының алдына тоқтады [9,119].

Күрделенген сөйлемдер деп отырған синтаксистік категорияның қайсыбір түрлерін (есімшелі қабыспалы оралымдар) өз кезінде доц. С. Жиенбаев үйірлі мүшелі сөйлемдер деп атаған болатын [10,25].

Қазіргі кезде күрделенген сөйлемдердің ара қатынасы жақындасып, бір-бірімен астарласып жатады. Тілдік құбылыстардың мұндай ерекшеліктері жете ескерілмегендіктен де, соңғы кездерге дейін сабақтас сөйлем проблемасы даулы мәселелерден арыла алмай келеді. Мұның басты себебінің бірі осы күрделенген сөйлемдердің табиғаты мен грамматикалық сипатын өз алдына талдап, топшылап алмағандықтан болып отыр. Әсіресе есімше, көсемше т.б синтаксистік оралымдармен келген конструкцияларды кейде сабақтас құрмалас сөйлемдерден ажырата білуде қиындық туады. Синтаксистік оралымды сөйлемдер мен сабақтас құрмалас сөйлемдер екеуі – тепе-тең бірдей емес, екеуі екі басқа синтаксистік категория.

Шындығында, күрделенген сөйлемдерді өз алдына жекеше топтау аса қажет-ақ. Өйткені бұлар – әдеттегі жай сөйлемдер емес, құрмаласпен екі аралықтағы өзіндік ерекше синтаксистік категория. Күрделенген сөйлемдердің мұндай ерекшелігі олардың өздеріне тән болып келетін құрылыстық өзгешелігімен байланысты келеді.

Күрделенген сөйлемдерді арнайы қарастыруымыздың ең басты себебі – бұл да жай сөйлем және құрмалас сөйлем тәріздес синтаксистің арнаулы бір саласы. Олай болса, күні бүгінге дейін қазақ тілі синтаксисінің зерттейтін объектісіне жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді жатқызып келсек, енді бұлардың қатарына күрделенген сөйлемдерді де қосатын боламыз. Сонда тіліміздің синтаксистік жүйесі үш үлкен саланы қамтитын болады: жай сөйлем, күрделенген сөйлем және құрмалас сөйлем. Синтаксисті зерттейтін объектісіне байланысты осылайша топтастырушылық соңғы жылдары басқа да тілдер заңдылығынан орын ала бастады [1, 18].

Күрделенген сөйлемдер өз бойында жартылай предикатты айқындауыштық конструкцияларға ие болулымен жай сөйлемнен ажыратыла алады. Осындай өзгешеліктеріне қарамастан күрделенген сөйлемнің бойынан әрі жай, әрі құрмалас сөйлемдерге тән болып келетін кейбір заңдылықтарды да кездестіреміз. Күрделенген сөйлем де, жай сөйлемдердегідей, бір субъект-предикаттық қатынастың негізіне құрылса, ал оның тәуелді бөлшегінің байланысу жолдары сабақтас құрмаластың модельдерімен де астарласып жатады. Мұндай ұқсастық тек сырттай жай ұқсастық қана. Тап осындай жерде күрделенген сөйлемдер мен сабақтас құрмаластың бір-бірінен ажырасар шегі олардағы тәуелді конструкциялардың бойында предикаттық қатынастың болу-болмауымен айқындалады.

Біз «күрделенген сөйлемдер» дегенімізде, бұл жерде құрылыстары жағынан құрмаласқа әсіресе оның сабақтас түріне жақындау келген конструкциялық тобын алып отырмыз. Күрделенген сөйлемдердің осы тәріздес түрлерін бір жерге жинақтап, арнайы талдай кету жалпы сабақтас құрмаластың кейбір мәселелерін аша кетуге жол ашады. Біздің күрделенген сөйлемдерді арнайы сөз етуіміздің бір себебі де осында жатыр.

Күрделенген жай сөйлемдерді ұсынушы ғалымдардың айтуынша, олардың жай сөйлемдерден айырмасы екі предикаттық единицадан

тұратындығында, ал құрмаластан айырмасы сол екі предикативтілік қатынастың да бір бастауышқа телінуінде. Профессор Қ.Есенов қазақ тілінде бір бастауышқа телінген сөйлемдерді жай сөйлемнің күрделенген түрі деп таниды және осындағы баяндауыштарды пысықтауыш деңгейімен бірдей қарайды. Профессор Т.Қордабаев ондай құрылымдарды сабақтас деп танып, олардағы тиянақсыз формаларды баяндауыш деп таниды [11,86].

Шынында, сөйлемдегі пікірлер күрделі болады, бірақ ол құрмалас сөйлемдер емес. Олар ең бірінші кезекте сол сөйлемді айқындап, нақтылау үшін күрделенеді. Мұндай күрделенген сөйлемдер айқындауыштар, қыстырма сөздер, бірыңғай мүшелі сөздер арқылы күрделенеді.

Әдебиеттер

1. Қ. Есенов. Күрделенген сөйлемдер.- Алматы: Ғылым,1974.
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013.
3. А. Востоков. Сокращенная русская грамматика для употребления в низших учебных заведениях. -СПб.: Типография Глазунова,1831.
4. . А. А. Потебня. Из записок по русской грамматике.-Москва: Государственное учебно-педагогическое издательство, 1958.
5. А. А. Шахматов. Синтаксис русского языка.-Москва :Учпедгиз,1935.
6. А. М. Пешковский. Русский синтаксис в научном освещении.-Москва:Языки славянской культуры, 1956.-412-436 б.
7. А. Г. Руднев. Синтаксис осложненного предложения.- Москва:Учпедгиз, 1959.-80 б.
8. Г. Абдурахманов. Изучение синтаксиса тюркских языков.- Общественные науки в Узбекистане, 1967, №11, 70 б.
9. 7. М. Б. Балақаев. Современный казахский язык. Синтаксис. -Алматы: Наука, 1959.-119 б.
10. С. Жиенбаев. Синтаксис мәселелері.- Алматы:Қазмембас.,1941
11. Т. Р. Қордабаев. Тарихи синтаксис мәселелері.- Алматы: Ғылым, 1965-86 б.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ ОРТАҚТЫҒЫНА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дуйсенбаева Райхан Сейтханқызы

«Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті»,

Қазақстан, Шымкент қ.

E-mail: 87056660333@mail.ru

Резюме

Решение проблемы воспитания наших детей в преддверии школы - стать конкурентоспособным человеком в первую очередь является задачей системы образования. По этому, для того чтобы воспитать конкурентоспособных учеников имеющих высокий уровень знаний, мышления и интеллекта в адаптивных учебных заведениях- особое внимание уделяется методике обучения. Есть много способов научить казахский язык. Главная цель это- обучение на протяжении всей жизни, а не образование ради оценки. В статье изложены понятие, содержание, особенности и значение и сущность системы образования учителя. Повышения интереса к общей культуре и языку в казахском языке это светлое будущее нашей страны.

Summary

The solution to the problem of raising our children on the eve of school - to become a competitive person is primarily the task of the education system. Therefore, in order to educate competitive students with a high level of knowledge, thinking and intelligence in adaptive educational institutions, special attention is paid to teaching methods. There are many ways to teach Kazakh. The main goal is lifelong learning, not education for the sake of evaluation. The article describes the concept, content, features and significance and essence of the teacher's education system. Increasing interest in the common culture and language in the Kazakh language is a bright future for our country.

Мәдениет пен тіл- «Мәңгілік ел» құндылығымен бейімдік мектептерде білім саласын дамыту қоғамымыздың өсіп-өркендеуіне септігін тигізер, бағалы жол. Оқушыларды мәдениеттілікке – рухани бағытқа тәрбиелеу, келешегіне бағыт-бағдар беру, сөзсіз мәселе. Қазіргі заманда ұстаздардың ең бірінші қояр мақсаты- жас ұрпақты адамгершілік, рухани жолында тәрбие беру.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында», деген [7].

Бәсекеге қабілетті елдің ұстаздарының білім беру процессіндегі актуалды проблемаларды тиімді өз жолына оң шешіліп, бағытталу арқылы, рухани жан-жақты жетілген, түсінігі мол, өзінің сынып сатысына сай білім жүйесін меңгерген және оны саралай, зерттей алатын, еліміздің «Мәңгілік ел» құндылықтарын, оның ішінде тарихымызды, мәдениетімізді, тілімізді игеріп, әдептілік қасиеттерге, этикалық талғамын жақсартуға құштар ұрпақты тәрбиелеу.

Еліміздің келешегі жастардың тілге деген құрметінде. Қазіргі таңда мектеп қабырғасында оқушылардың тілдік мәдениетін қалыптыру, рухани байлығын, мәдениетін, тілге деген ойын асқақтату «Мәңгілік ел» құндылығының басты міндеті болып табылады. «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты»,-дейді тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев [6]

Қазіргі өсіп келе жатқан ұрпағымыз біздің болашақ мақсатымызда тұлға ретінде өздерін көрсетіп, армандарына жету үшін, оңды жоспар құрып, сол жоспарды орындай білуі қажет. Осы бағыттағы мәселелерді талқылауда сабақты меңгерті тәсілдердің алдыңғы қатарлысын қолдану керек. Мұғалім өтіп жатқан сабағының әрқайсысына мейлінше қарқынды дайындалу қажет. Бір сабақ қырық минут болса соның әр бір минуты емес, секундын қалай тиімді пайдалануды, бос өткізбеуді, сонымен қатар оқушыларды жалықтырып алмайтыдай етіп, алдын ала жоспарлау көп еңбекті талап етеді.

Құзырет білім, білік, шығармашылық әре-кеттің қорытындысына сүйеніп, төмендегідей негізгі белгілерімен ерекшеленеді:

- көп қызметті күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде кездескен кез келген жағдайдан шыға

алады және кез келген мақсатты және міндетті шеше алады;

- метапәнділік және пәнаралық – бұл түрлі жағдайда қолданылады;
- зияттық дамуды, яғни дерексіз ойлауды, рефлексия, өзінің жеке ұстанымын анықтай алуды,
өзінөзі бағалауды, сын тұрғысынан ойлауды талап етеді;
- көпқырлылығы – түрлі ақыл-ой үдерісін, зиятты біліктілікті, ақыл-ойды қажет етеді.[1]

Әр бастауыш сынып мұғалімі өзінің қырық минутының басым бөлігі ойын, сурет және ән, би секілді шығармашылық бағытта өтілуге ұмытылады. Оқу барысында алған теориясын әр оқушы практиканы көңілді тапсыруын көздейді. Сол кезде рефлексия да жоғарғы нәтижеде болады. Ұйымдастыру кезеңі балалардың көңіл күйін жай ғана сұрмай, амандасқан сәттен бастап бір секунд та кетірмей, жалғастырып кету қажет. Сонда баланың зейіні бөлінбей сабаққа қалай кірісіп кеткенін байқамай қалады. Көңіл күйлерін сұрағанда көңілдерін сол сәтте бірден көтеретіндей әдемі бояулармен боялған кемпір қосақ секілді суреттер, видеолар көрсетсе, көңілсіз отырған баланың өзі жымия бастайды. Мұғалімнің түр әлпеті, тұрысы, балаларға деген ынтасы мен зейіні пәннің қызық өтуіне бір жақтан үлкен рөл ойнаса, екінші жақтан сол ұстаздың қолдану әдіс-тәсілдері зор үлес қосады. Ол үшін ұлағатты, көп жылдық тәжірибесі бар мұғалімдердің шығарған кітаптарымен, курстармен танысып қол жеткізуге болады. Мысалы, маған қатты ұнайтындардың бірі “Ойын теориясы және сөйлем” Айгүл Рамазанның кітапшасы. Жауап былай болса, сұрақ қандай болуы мүмкін. Барлық оқытушылар оқушыларға сұрақ қойып, жауап алғанды жақсы көреді. Ал егер керісінше істесек, жауабын айтып оқушыдан сұрағын тыңдап көрсек. Бұл жерде берілетін дискриптер: Оқушы дұрыс сұрақ қоя алады. Тек балалар емес, үлкен біздер де майда жазулардан көрі, суреттерді жақсы көреміз. Суреттерді беріп, балалардан мәтін құрағанын күтсек ше? Сабақ одан әрі қызықтай түспейді ме?

Днепров Э.Д. үздіксіз білім беруді: «В условиях быстро меняющегося мира даже очень хорошего образования может быть недостаточно. Изменилась цель образования, связанная с возможностью человека приспосабливаться к постоянно меняющимся условиям жизни. Постепенно «образование на всю жизнь» заменяется «образованием через всю жизнь»» [3, с.51]. – деп түсіндірген.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламалары құрылымының пәнаралық байланысқа негізделуі, шиыршық қағидатпен берілуі, яғни әртүрлі пәндер бойынша ұқсас тақырыптардың кіріктірілуі арқылы құрылуы да оқу сауаттылығын дамытуға жасалған жақсы мүмкіндік. [2] 2020 жылдан бастап, дәрігерлер мен ұстаздардың айлығын көтергелі бері, мұғалімдеріміздің мектепке деген көз қарасы өзгеріп, заман талабына сай, алға қарай ұмытылып, дамуға талпыну үстінде. Сол ұстаздарым үлес қосушы тәлімгермін. Әр оқытушыға жеке брендін қалыптастыруға кеңес беремін. Ал сол брендті қандай жолмен жасаған дұрыс деген сияқты мәселені қамту. Педагогтің беру тәсілдерінің алуан түрлі болу қажет. Расында да, осы

мақаланы оқып отырғандар, әр түрлі білім саласында жұмыс жасауы мүмкін. Менің ұстанымым мектеп болса да, коледжде, университетте, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтындар, тіпті бала-бақшада да білімді мамандардың мақсаты мен тақырыбы өзгергенмен, бастысы әдіс-тәсіл өзгермейді. Бәріміз де ұстаз, тәлімгерміз. Бәріміздің оқыту техникамыз әр түрлі, әрине. Менің әдісімнің ерекшелігі сол, қазіргі өтіп жатқан онлайн сабақтарының қыр сырымен таныстыратын боламын. Кәзіргі кезде SMM, ПММ, Онлайн, Офлайн, Жеке Коучинг, Автоворонка, Таргет дегенді жиі естіп жүрміз. Осы саланың әрқайсысын жеке-жеке бизнес ретінде көп жерде жарнама арқылы курстар өтіліп жатыр. Шынымен де көбімізге бұл термендерді түсінуден бұрын, естудің өзі қиынға соғып жатады. Алғаш естісең, бір сөздердің қиынының қиыны секілді көренеді. Соның салдарынан көп адамдар, қашқақтап, бөтенсіп, өз-өздеріне сенімсіздікті сезіне бастайды. Негізі бұл сөздер ағылшын тілінен бұрмаланған термин сөздер. Аударсаң қарапайым ғана мағына береді. Сондықтан осылардың бәрін жалпақ тілде, түсінікті етіп, қазақ тілінде талқылай отырып, күнделікті сабағымызға енгізіп отыруымыз керек. Мысала SMM ағылшынша Social Media Marketing көпшілігімізге түсініксіз. Ал егер өзіміздің қазақ тілінде айтатын болсақ- кәдімгі Әлеуметтік желі арқылы дамыту, еш қиындығы жоқ. Болмаса online, offline деп жатамыз. Online-әлеуметтік желі арқылы болса, мектепке немесе оқу орнындағы күнделікті оқушыларыңызбен өтіп жүрген сабақтар offline деп өзіміз жәй ғана батыстың сөзімен күрделендіріп алғанбыз. Мен осы амалдарды үйретіп қана қоймай сабақпен қалай ұштастыруға болатынына жол көресететін боламын. Қазіргі кезде түрлі психологтармен бизнес бастаушылар осы жолдың дәмін біліп алған. Алайда, ешкім де ол методикамен мұғалімдерді үйретейін деп отырған жоқ. Ал күнделікті сабақ барысындағы тәсілдеріңізді заманға сай етіп, жаңашаландырып отыруға кеңес берер едім. Өз шәкірттеріңізбен кабинетте өтетін сабақтарды айтамын. Жоғарғы деңгейде, жиырма бірінші ғасындың жастарының сана сезіміне сай, барлығымыздың қолымызда бір бір Smart фон бар. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – бұл оқу түрін мәтіндегі жалпы 187 идеяны түсіну үшін тез оқып шығу қажет болғанда қолдануға болады [5] Күнделікті өмір барысында баршамыз сол кішкентай ғана құрылғыға амалсыз тәуелді болып отырмыз. Оқушыларды байқап қарасақ ескі сабақ өту методикасы түкте қызықтырмайды. Кітапханаға күштеп жібере алмаймыз. Себебі барлық керекті ақпаратды сол телефонның ішінен тауып алады. Біздің бергелі отырған ақпараттарымызды бізден бұрын айтып, сайрап отырады. Өз бетінше ізденгілері келмейтінін де байқаймыз. Ал педагогтердің сол амалға қолданатын әрекеті, тек жас ұрпақтың сұранысына сай әрекет жасау. Яғни, өзімізді заман талабына сай дамыта отырып, жаңа технологиялық әдістерді қолдана білуіміз керек. Күнделікті сабақтарымызды интернетпен байланыстырып отырайық. Түрлі кейістерді шешіп, бақылау жұмыстарын аларда арнайы ойындар жасайтын телефонда арнайы қосымшалар бар. Оларды тізбектеп отырсақ өте көп. Бір мақала жете қоймас. Сұрақтарды сол қосымшаға

Әдетте, көпшілік қауым Мұқағали Мақатаевты ересектерге арналған өлеңдері арқылы таниды, ал «балаларға арнайы жазбаған» деп есептейді. Содан да болар, ақынның сан алуан адами асыл қасиеттер дәріптелетін бекзат болмысты жырлары назардан тыс қалып қояды. Жалпы, Мұқағали Мақатаевтың бұл реттегі өлеңдері жан-жақты зерттеліп, арнайы топтастырылған емес. Ақынның балаларға арналған өлеңдерінің маңызына жете мән берілмей келе жатқаны аян.

Осы орайдағы тағы бір мәселе, Мұқағали ақын Сұлтан Қалиев айтқандай, өлеңнің ұйқасын келтіру үшін өзгелер сияқты жоқты-барды теруге әуестенген ақын емес. «Оның әрбір сөзі, әрбір ойы маржандай күйінде өздігінен құйылып түсіп жатады. Сол үшін де ол үлкенге де, кішіге де бірдей түсінікті. Яғни, Мұқағалида жұрт ұқпай қалатын сөз жоқ». Қалай дегенмен де, оның тақырыбы, айтар ойы тұрғысынан балаларға лайықты шығармалары жетіп-артылады және оларды кішкентай оқырмандардың білгені, көкейге түйіп өскені әлдеқайда маңызды.

Мұқағали ағаның көптеген өлеңінде балалықты сағыну сезімі басым. Бал дәурен шағын аңсаған адам, баламен балаша сырласады, оның өз тілінде сөйлеседі. Яғни, ақынның балалар тақырыбына қалам тартуын кездейсоқ нәрсе деп бағалау қисынсыз. Ұлттық әдебиетіміздің поэзия әлеміне өзіндік өрнегімен көркемдік даму арнасын кеңейткен М.Мақатаевтың туындыларында тарих шындығы, қоғам, әдеп, имандылық, ұлттық тәрбие мәселелері өзекті орын алады. Ақын шығармаларында халқымыздың салт-санасы, адамгершілік қасиеттері жарқын көрініп, ойлы философиялық, тарихи сабақтастық принциптері қатар жүреді.

Ақын М.Мақатаев балалар бақшасын кеше аттаған балдырған бөбектен бастап балалар поэзиясын түлеткен ақын. Ақын Мұқағали Мақатаев өз күнделігінде: «Адам баласының бақыты – балалық шақ» деп жазған екен. Ақын Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (1931-1976, шын аты Мұхаммедқали) – қазақтың лирик ақыны. Мұқағали ақынның атын нағашысы Бизақ қояды. Мұхаммед пайғамбар мен пайғамбардың төрт шадиярының бірі – Әли сияқты қасиетті қос есімнен құралған атты иеленген бала тегін азамат болмас, – деген ырыммен қояды. Кейін жеңгелері «Мұқағали» атап кеткен екен. Мұқағали өзінің туған жерін:

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде туылдым,
Айналайын, Қарасаз, қасиетіңнен суыңның,
Сенің әрбір бұлағың, менің әрбір қан-тамырым емес пе?
Қасиетті тұрағым, қасиетіңнен суыңның,

деп өлеңмен өрнектеді. Табиғаты шырайлы да шұрайлы Қарасаз топырағындағы қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өсіп-өнген Мұқағалидың балалығы әуелде мұңсыз басталыпты.

Бар қазақтың жүрегіне жол тапқан Мұқағали ақынның балаларға арналған поэзиясы бір шоғыр дүние. Көркем әдебиет шығармаларымен танысу үдерісінде ұлттық таным тұрғысынан балалардың түсініктерін молайту зор мәнге ие.

Мұқағали ақынның балаларға, жалпы тыңдарман қауымға арналған өлеңдерінің ән болып әуелеп, талай буынның құлағына сіңісті болғаны да бар. Осы тұрғыда:

Нұрын төккен маған,
Шуағымсың – сен!
Айналайын, мама,
Қуанышыңмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым – сен!
Құттықтаймын сені
Туған күніңмен!.., –

деп басталатын танымал жырын, «Саржайлау», «Сәби болғым келеді» тәрізді шығармаларын музыка пәнімен байланыстыруға болады [3, 293].

М.Мақатаев поэзиясы – мәңгілік дүние. Одан әлі талай ұрпақ өзіне рухани нәр алып, жан дүниесін ізгілендіретін болады. Мұқағали ақын поэзиясындағы бізді қызықтыратын айрықша бір қыры – ақынның балаларға арналған поэзиясы. Ақынның Отан, туған ел, туған жер, тау, дала, тіл, діл, сан алуан адами асыл қасиеттер дәріптелетін бекзат болмысты жырлары баланың рухани дамуында өзіндік орны бар екені талас тудырмайды. Жалпы, Мұқағали Мақатаевтың бұл реттегі өлеңдері жан-жақты зерттеліп, арнайы топтастырылған емес. Бұған бірден-бір себеп – ақынның балаларға арналған өлеңдерінің маңызына жете мән берілмеуі.

Ақын ұғымындағы Бақыттың өзі қарапайым қазақ сөздерімен бала ұғымына сай жеңіл өріледі.

Бақыт деген — сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның, күлгенің.

Естияр балаларға арналған отаншылдық рухтағы жырларына назар аударсақ. «Жүрексің» өлеңінде Мұқағали ақын:

…Сен, сен, Отан,
Сен, Отан –
Кеудемдегі жүрексің.
Мен сенің ұлыңмын,
Уызыңа жуындым.
Еркесімін елімнің
Жерің менен суыңның...

Осылайша Мұқағалидың әр өлеңіне тоқталсақ, оның әрқайсысында өзінше өрнек, сұлу сурет, көркем тіл жатыр. Осы орайда біз Мұқағалиды қазақ поэзиясының тілін дамытқан қаламгер деп білеміз.

Ересек балалар тобына ұсынатын Мұқағали ақынның мына өлеңі де бала ұғымына жеңіл деп білеміз.

Мектебім – айтар әнім,
Сан рет қайталадым.
Өзіңнен алғанымды
Өзіңе қайтарамын...
Өзіңнен, тегінде, мен
Аттанам сенімменен.
Ассалаумағалайкум
Дәу мектеп өмір деген! [4, 293].

Мұқағали ақынның балаларға арналған табиғат лирикасының да өзіндік сыры, тынысы бар. Мұқағали ақын бөбектерді өлеңімен әлдиіне бөлеп, жыр толқынымен сырласқан жан. Балаларға арнап өлең жазу бір дүние болса, баланың жан-дүниесімен сырласу екінші дүние. Балалар әдебиеті балаларға арналғанымен де кеңістігі кең, үлкен әлем. Осы әсем әлемнің әдебін айшықтап, кеңістігін кеңейте түсуге Мұқағали Мақатаевтың қосқан үлесі салмақты деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар.1-кітап. – Алматы: Өркениет, 2003. -368 б.
2. Әлтай А. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму. Фил.ғыл.док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Астана, 2009.
3. Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы.2-том, Алматы: Жалын 2001.
4. Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы.3-том, Алматы: Жалын 2002.
5. Алпысбаев Қ Мұқағали өрнегі «Қазақ университеті» Алматы, 2001.

ӘОЖ 516.65. 94(574)

АҢЫЗ ЖӘНЕ ӘПСАНА-ХИКАЯТ, ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Н.А.Балқыбек, 117-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: **Р.Б.Кажиакбарова**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье в кратце представлены жанровые особенности казахских мифов и легенд-повествований.

Summary

This article briefly presents the genre features of Kazakh myths and legends-narratives.

Ертегіден тыс прозалық жанрдың бірі – аңыз. Аңыздан халықтың дүниетанымдық қасиетін, табиғатқа және өзінің тарихына көзқарасын байқауға болады. Аңыздық прозаның бір тобы – әпсана-хикаят. Ол тақырыбы мен оқиғасына байланысты тарихи-мекендік, кітаби-діни, утопиялық болып үшке бөлінеді. Әпсана-хикаят – көркемдігі жоғары эпикалық прозаның бір түрі.

М.Әуезов 1927 жылы жарық көрген кітабынан бастап, соңғы зерттеулерінде ертегі жанрын арнайы қарастырып, оның ішкі жанрларын сипаттап берген болатын. Ол кісі халық прозасында ертегіден басқа да жанрлар бар екенін анықтап, оларды бірде аңыз әңгімелер, бірде аңыз ертегілер деп атаған. М.Әуезов қазақ фольклортану ғылымында тұңғыш рет қара сөзбен айтылатын бір тектес шығармаларды жеке дара бөліп алып, жанр ретінде қарастырады [1,64]. Қара сөз үлгісіндегі фольклорды М.Әуезов ертегі, аңыз ертегі, күй аңызы деп саралағанда, ол қағида ретінде шығарма мазмұнындағы оқиғаның ақиқаттығын және шығарманың тілдік, стильдік ерекшеліктерін алған. Сонымен, М.Әуезов халық прозасын ғылыми тұрғыдан классификация-лауды ұсынып, оның басты шарттарын белгіледі.

Әпсана-хикаятты жанрлық тұрғыдан сипаттап, оның ерекшелігін ғылыми категориямен баяндау оңай емес, өйткені ол аңыз бен ертегінің аралығындағы жанр, қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айнала бастаған түрі. Сол себепті ол мифтің де, хикаяның да, аңыздың да жанрлық қасиеттерін бойына сіңірген, оларды қорытып, көркемделген, сөйтіп ертегі жанрына жақындаған. Тіпті әпсана-хикаятта ертегінің де жанрлық белгілері кездеседі, бірақ бұл оның төл қасиеті емес, керісінше, ертегі жанрымен көп уақыт қатар өмір сүргенінің нәтижесінде болған ықпал. Фольклорлық дәстүрде жанрлар томаға-тұйық өмір сүрмей, өзара тығыз байланыста болып, бір-біріне ықпал жасап, тұтас бір жүйе құрайды. Осындай фольклорлық жанрдың бірі – әпсана-хикаят. Бұл жанрдың зерттелуі қиын болуы оның қазақ фольклортану ғылымында әлі зерттелмегендігіне де байланысты. Әпсана-хикаяттың жанрлық табиғаты, тіпті жанр ретіндегі атауын ұлттық фольклортануында алғаш рет ғалым С.Қасқабасов қарастырған. Біз әуелі әпсана-хикаят деген атауды, оған қандай ұғым беретінімізді түсіндірейік. Қазақ фольклорында, оның ішінде халық прозасында, аңыздан гөрі көркем, бірақ ертегіден төмендеу әңгімелер бар. Олардың мазмұны әр түрлі, себебі сюжеттік қайнар көзі осылай. Бір топ әңгіме – бір кезде тарихта болған адамдар жайында аңыз болып шығып, тараған

шығармалар. Екінші бір тобы – белгілі бір мекен, жер-су жайын қиял түрінде баяндайтын әңгімелер. Ал, үшінші топ құрайтын әңгімелер – інжіл мен құран, тағы басқа да діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер. Алайда, бұлардың бәрінде көркемдік, кереметтіктің элементтері мол пайдаланылады. Сондықтан дінге қатыссыз шығармаларда әпсаналық, ал мұсылман дініне байланысты әңгімелерде хикаяттық сипат басым екенін ескеріп, біз әпсана-хикаят деп қолдандық. Әпсана сөзі парсыша ертек, қиял, мысал, әңгіме жанрларының атауы және әдемі, сұлу, керемет деген де мағына береді. Демек, бұл сөз біздің қарастырып отырған көркемдігі біршама дамыған, қиял мен керемет элементтерін мол пайдаланып отырған мұсылман дініне қатыссыз шығарманың мәніне сәйкес. Сонымен, әнсана-хикаят деп кейде ертеде болған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын, бірақ көбінесе ойдан шығарылған, я болмаса кітаби және діни сюжетті барынша әрлеп, әсірелеп, әңгімелейтін прозалық шығармаларды айтамыз. Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай қазақ әпсана-хикаяттары шартты түрде тарихи-мекендік, кітаби-діни және утопиялық болып келеді. Тарихи-мекендік және утопиялық шығарамалар әпсаналық топқа жатады да, кітаби және діни сюжетті баяндайтын шығармалар хикаят деп аталады. Біздің бұлай атауымыз оларды мазмұн мен көркемдік жағынан ажырату және терминдік ұғымды жеңілдету мақсатынан болып отыр.

Тарихи-мекендік әпсаналарда белгілі бір мекеннің, жер-судың тарихы баяндалады, тарихта болған адамдардың бір ерен ісі жайында әңгімеленеді. Рас, әпсанада айтылатын мекеннің тарихы, даңқты қайраткердің іс-әрекеті өмірде дәл солай болуы мүмкін, бірақ сол мекен мен адамның тарихта болғандығы – хақ. Міне, сол себепті ол тарихи мекендік деп аталады. Сондай бір әпсанаға тоқтала кетейік. «Тоқпаның балалары» деп аталатын әпсанада бір кездерде Ырғыз өлкесінде болған «Табынқазған», «Тумалы» көлдерінің тарихы айтылады. Баяғыда Тумалы көлінің жағасына Тоқпан деген адам көшіп келеді. Оның үш ұлы тату болып, бәрі тыныш өмір кешеді. Үлкен ұлы арық қазып, Табынқазған көлінен су шығарады, егін егеді... Қалған екі ұлы, Бұламбек пен Құлсары, мал бағып, үй күтеді. Алайда, әкесі Тоқпан өлгеннен кейін үш ұлы бұзылып, бірінің әйеліне бірі ғашық болып, берекелері кетеді. Соның салдарынан үшеуі айдалада қаңғып өледі, ал олардың үйі, дүние-мүлкі түгел өртеніп, бүкіл аймақты өрт шалады. Сөйтіп, бір кезде көкмайса боп, шайқалып тұрған шалғын, ну орман, бәрі өртенеді, мал бытырап бет-бетімен кетеді. Тумалы көлі иесіз қалады. Бұл әпсанада тарихи факті жоқ, шындық аз: Ырғыз, Табынқазған, Тумалы көл деген жер-су аттары ғана. Көлдің тарихы қиял арқылы баяндалады, сол себепті мұнда кереметтік элементтері бар: Құдайдың арамза ағайындыларға күнәсі үшін қаза жіберуі, жынның сұлу қыз бейнесінде үш жігітті ынтықтырып, арбап-алдауы. Сонымен бірге әңгіменің бүкіл мазмұны, рухы мағлұматтықтан гөрі ғибраттық мақсат көздеген. Әпсанада сондай-ақ моральдық, имандылық мән бар, ал бұл – әпсана-хикаят жанры үшін басты шарттардың бірі. Жоғарыдағы әпсанадан тағы бір байқайтынымыз – бұл жанр шығармаларының қайғылы да аяқтала беретіндігі, демек, мұнда ертегіге

жатпайтын прозалық жанрлардың тағы бір қасиеті бой көрсетеді. Осындай әпсаналардың қатарына Қорқыт туралы әңгімелер де кіреді. Қорқытқа байланысты әпсана көп емес. Сондықтан оның сюжеттік құрамы да шағын, түптеп келгенде, қолда бар әпсананың бәрі бір ғана сюжетке құрылған: түсінде өлесің деп естіген Қорқыт ажалдан қашып, дүниенің төрт бұрышын шарлайды. Ақыры, Сыр өзенінің ортасында жайылған кілемде отырған Қорқыт жыланның шағуынан қайтыс болады. «Қорқыт, – делінеді әпсанада, - күндіз-түні ұйқы көрмей, қобыз тартып өліммен алысты. Көп замандар әздіксіз қобыз тартқан Қорқыт қалжырап қалғып кетеді. Қорқыттың ізіне түсіп аңдыған ажал сол кезде жылан күйінде жорғалап кілемге келіп шаққанда, Қорқып осыдан ауырып өледі». Ендеше, Қорқыт, бұл айқаста жеңілген жоқ. Керісінше, ол – ажалдан күшті тұлға. Міне, бұдан біз Қорқыттың өлімнен қашуы туралы әпсананың идеялық мазмұны оптимистік екенін көреміз. Ажалға қарсы күресу туралы әпсанада Қорқыт бейнесі діни сарыннан таза, сондықтан Қорқытты мұсылман әулиесі етіп көрсететін хикаяттар жеке топ құрайды. Ал, жоғарыдағы әпсана сюжет көнелігімен ерекшеленеді. Бұл сюжет қазақтың өз топырағында пайда болған. Мәңгі өмір сүру үшін ажалмен айқасатын Қорқыт – қазақ фольклорындағы бірегей образ. Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, бұл әпсанада « оптимистік мағына басым. Қорқыт жайындағы аңыздың тақырыбы – құдаймен алысу туралы тақырып. Қорқыт жазмыш тағдыр даярлап қойған талайына қарсы алысады. Қазақ арасына таралған Қорқыт жайындағы нұсқалардан басқа халықтардың ежелгі ғасырлардағы көне эпосының образдары мен кейбір ұқсастықты, сарындастықты сеземіз. Прометей жайындағы аңыз, осетиндердің Әміран жайындағы Құдаймен алысу тақырыбы қазақтың Қорқыт жайындағы аңызында өз шешімін тапқан» [2,56]. Қорқыт ажалдан қашып, дүниенің төрт бұрышын кезеді, бірақ ақыры өз жеріне келеді. Қорқыт ажалдан құтқаратын керемет нәрсе өзінің ерекше жасалған қобызынан шыққан үн-күй деп біледі және сол арқылы ажалды өзіне көп уақытқа дейін жолатпайды. Қорқыттың осы белсенді іс-әрекеті, өлімге қарсы керемет қасиеті бар нәрсені емес, өз күшін, өнерін жұмсауы, сондай-ақ әңгімеде көркем қиялдың өте аз болуы – бұл шығарманың таза әпсана екенін, оның ертегіге, эпосқа айналып үлгірмегенін дәлелдейді. Ажалға қарсы күресу сюжетіне құрылған әпсана-хикаяттың ертегіге жақындаған түрін Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) туралы фольклорлық шығармалардан көруге болады. Тіпті олардың кейбір нұсқаларын зерттеушілер новеллалық ертегі жанрына жатқызады. Алайда, біз Ескендірдің өлмес суды іздегені туралы шығармаларды әпсана-хикаят жанрының аясында қараймыз, өйткені Ескендір тарихта болған адам, демек, ол туралы алғашында аңыздар пайда болғанда да, кейін әпсанаға айналған. Бұған қоса тағы айтарымыз – Ескендір туралы сюжеттер қазақ еліне сырттан келген және көбіне-көп діни, тағы басқа да кітаптар арқылы тараған, соның әсерінен ол сюжеттерде, дәлірек айтсақ Ескендірді өлмес суды іздегені жайлы сюжетте ислам идеяларының әсері бар. Ендеше, мұнда хикаят жанрының белгілері де көбірек. Хикаят жанры Қазақстанда ислам дінінің

таралуымен байланысты қалыптасқан сияқты. Оның түп-төркіні, сөз жоқ, көне заманның мифологиялық түсінік-нанымдарымен сабақтас. Хикаят таза мұсылмандық мифологияға ғана негізделмейді, онда архаикалық мифтің де, аңыздың да қасиеттері ұшырасады. Сондықтан да бұл жанрдың пайда болу процесін ислам дәуірінің бұрынырақ деп түсіну керек, ал жанр ретінде толық қалыптасуы исламның қазақ еліне кең тараған кезіне сәйкес келеді. Бұл жанрдың әпсана-хикаят деп қосарлана аталуы осыдан. Міне, осы әпсана-хикаят жанрының белгілерін Ескендір туралы қазақ арасына тараған шығармалардан көреміз. Олар үш топ құрайды. Біріншісі – жоғарыда айтылған өлмеуге әрекет істейтін Ескендір туралы баяндайтындар. Оның сюжеті мынадай: Ескендір патша өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, өлмес суды іздеп, Зұлматқа барады, бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, Соңынан Ескендір келіп жеткенде, өлмес су ғайып боп кетеді, немесе ол суды қарғалар ішіп қояды. Сөйтіп, Ескендір патша «өлімге дауа болатын суды» іше алмай қалады. Бұл сюжетке құрылған әпсана-хикаяттардың саны айтарлықтай көп емес. Мұндай шығармалар көбінесе, құранды немесе тағы басқа кітаптарды көп оқыған адамдар арасында кең тараған болуы керек. Бұл сюжетке құрылған шығармаларда әпсаналық, тіпті ертегілік сипат басымырақ. Рас, мүйізді Ескендір сюжеті кейде өлмес суды іздейтін сюжетпен бірігіп жүреді. Соған қарамастан мұнда хикаятқа тән діни сарын өте аз. Соның нәтижесінде болу керек, кейбір шығармаларда Ескендірдің орнында Жәнібек хан, Шаншар хан, Өтеген батыр жүреді. Мұның өзі мүйізі бар патша жайлы әпсана-хикаят ертегі жанрына ауыса бастағанын көрсетеді. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, мүйізі бар Ескендір жайлы сюжеттің түп-төркіні – ертедегі гректердің есек құлағы бар Миндас деген патша туралы мифі. Мұнда да патша үлкен құлағын елден жасырып жүреді. Бірақ күндердің бір күнінде, қазақ хикаятындағы сияқты, оның құпиясын бір қойшының сыбызғысы елге жария етіп жібереді. Сөйтіп, гректердің мифінде патшаның есек құлағы бар да, қазақ әпсана-хикаятында Ескендір патшаның мүйізі бар болып келеді. Басқа еш өзгешелік жоқ, сюжет біреу. Ескерте кететін бір жай: есек құлақты патша жайлы сюжет бүкіл батыс елдерінде тараған, ал басында мүйізі бар патша туралы сюжет көптеген шығыс халықтарында әңгімеленеді. Мәселен, гректерден сириялықтарға келген Ескендір қос мүйізді болып бейнеленіп, «Зұлқарнайын» деп атлады. Содан барып, оған ерекше күш, айбын, ертегі жануар басты құдайлар мен патшаларға тән қасиет танылады. Себебі, Шығыс халықтарының ерте замандағы түсінігі бойынша, адамға біткен мүйіз – ерекше бақыттылықтың, аса бір ерекшеліктің айғағы есепті. Мұндай түсінік қазақтарда да сақталған. Мәселен, қазақта: Кәне, шыққан мүйізің? – деген тіркес «артықшылығың қайсы?» деген мағынада қолданған.

Утопиялық әпсана-хикаяттарға жататын аңыздар өте аз жазылып алынған. Ел арасында «Қой үстіне бозторғай жұмыртақалаған заман», «Жер жаннаты – Жиделібайсын» жайлы әпсана-хикаяттар әлі күнге айтылады. Бұл сюжет көбіне, Асан Қайғыға байланысты айтылады. Утопиялық хикаяттың

тарихи-мекендік және діни-кітаби әпсана-хикаяттардан басты ерекшелігі – мазмұнының әлеуметтік сипатта болуы. Аңыздарда Асан Қайғының еліне жайлы қоныс болатын мекенді армандайды. «Жерұйық» деген сөздің мағынасының өзі «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер» деген мағынаны береді. Аңыз жанры табиғат пен тарихқа көзқарасын білдіреді. Аңыз көбіне өмірде болған оқиғаға, аса бір көрнекті қайраткердің іс-әрекетіне негізделеді. Уақыт өте келе әпсана-хикаятқа ауысады. Әпсана-хикаят аңыздан басқа да жолмен пайда болады. Бұл жанр өз бойына мифтің де, аңыздың да қасиеттерін жинаған және ол көркемдігі жағынан ертегіге жақын.

Қазақ фольклортану ғылымында аңыздық проза біршама зерттелгенімен, қазіргі заман, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейінгі ата-бабаларымыз ұстанған ислам дініне оң көзқарас туған кезең тұрғысынан діни мифологияға қатысты толыққанды зерттеу жүргізу – болашақтың ісі болар деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1 Әуезов М. Ертегілер. Қазақ әдебиетінің тарихы. I т.1-кітап. Алматы, 1960.
2 Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2002,
3 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.
4 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр- аңыздар. Алматы: «Ғылым», 123-б.

УДК 821.943.42

Ә.ӘЛІМЖАНОВТЫҢ «МАХАМБЕТТІҢ ЖЕБЕСІ» РОМАНЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мүсір Арайлым, 117-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: **Р.Б.Кажиакбарова**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

РЕЗЮМЕ

В статье авторы раскрыли образ выдающегося казахского батыра и поэта М.Утемисова, участника национально-освободительного движения 1836-1838 гг. в Казахстане в романе А. Алимжанова «Стрела Махамбета». Славный сын казахского народа М.Утемисов в своих стихотворных строках призывал народ к сплочению и единству. Также в статье рассматривается идейно-художественные особенности романа А.Алимжанова «Стрела Махамбета».

Summary

In the article, the authors revealed the image of the outstanding Kazakh batyr and poet M. Utemisov, a participant of the national liberation movement of 1836-1838 in Kazakhstan in the novel "The Arrow of Makhambet" by A. Alimzhanov. The glorious son of the Kazakh people, M. Utemisov, in his poetic lines called on the people to unite and unite. The article also examines the ideological and artistic features of A. Alimzhanov's novel "The Arrow of Makhambet".

«Мен халықтың көптеген ғасырлар бойына жат жерлік басқыншыларға қарсы өз азаттығы мен теңдігі үшін жүргізген күресінің бір ғана оқиғасын баян еттім»

Ә.Әлімжанов

Өткен ғасырдың 60 жылдарының соңын ала шыққан І.Есенберлиннің «Қаһар», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романдарында ортақ сипаты – халқымыздың өткен тарихына ілтипатпен, құрметпен қарайтын парасаттылық, оның жақсысына сүйініп, жаманына күйіне білетін азаматтық пен өткен үшін де, келешек үшін де өмірлік мәні бар күрделі мәселелерді көтерген батылдық, суреттеп отырған кезеңнің тарихи шындығын, дүние тірлігін, рухын айқын таныған білгірлік. Олар өз шығармаларында бір ғана халықтың тағдырына қатысты тар ұлттық шеңбердегі емес, бүкіл адамзаттық мәні бар мәселелерді көтерді. Екі романда да XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда болған тарихи оқиғалар суреттеледі. Екеуінде көтерілетін мәселенің негізгі өзегі – азаттық үшін күрес, отаршылыққа қарсы бас көтеру. Солай бола тұра тақырып өзегін өрнектеу, тарихи тағылым тұрғысынан екі түрлі бағытты меңзейді. «Қаһар» романындағы көтерілістің басында ел билеуші хан тұрса, «Махамбеттің жебесінде» қалың бұқара арасынан шыққан халық батырлары көтеріліске басшылық етеді.

Тарихи тұлғалардың болмысын сөз өнерінде суреттеу – қазақ прозасында қалыптасқан дәстүр. Суреткерлер Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Т.Әлімқұловтың «Қараой», Қ.Жұмалиевтің «Тарлан атты жолаушы», Б.Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Н.Әбутәлиевтің «Қайран Нарын», Қ.Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас» туындылары – Ұлы сарбаз Махамбет өмірінің қилы кезеңдерін бейнелеген көркем дүниелер.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Алпысбаев роман жайлы мынадай пікір білдіреді: «Батыс Қазақстан жерінде болған Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі – атақты күрескер ақын М.Өтемісовтің өиір жолына арналған «Махамбеттің жебесі» атты тарихи романында Ә.Әлімжанов тарихты терең ой елегінен өткізе отырып, бұл көтеріліс сипатын Ресейде болған халық қозғалыстарымен байланыста қарастырып зерттеген. Бұл роман жазылған кезеңнің саяси көзқарас ықпалы мол әсер еткен сипат болғанымен, тарихи шындықтан көп ауытқи қоймаған» [1,55].

Көрнекті қаламгер Әбілмәжін Жұмабаев Әнуар Әлімжанов туралы жүрекжарды пікірін былайша білдіреді: «Әнуар халық таныған туындыларын орыс тілінде жазғанымен, күллі болмыс-бітімімен, рухымен қазақ қаламгері, қазақ азаматы еді. Әнуардың бір басында шынайы жазушы мен ақ алмастай публицист таланты сәтті тоғысқан еді. Оның туындылары көбіне жігерлі де тегеурінді, шымыр келер еді. Ол өз дәуірінің мерген де талантты жыршысы болды. Халық жырында батырлар көп оғының ішінен «Сұр жебе» деген оғын алушы еді. Әнуар да әдебиетіміздің сұр жебесі» [1,52]. Иә, ол шын мәнінде ұлттық мәдениетіміздің алысқа сермелген, ұрпақтар жадында ерекше орны бар сұр жебесі болып қала бермек.

Ал, көрнекті қоғам қайраткері, публицист Камал Смайылов замандасы туралы естелігінде мынадай сыр шертеді: «Қазіргі заманда ұлт намысын біз қорғаймыз, ұлт санасын біз оятамыз, қазақ тарихын, тағдырын біз ғана бірінші айтып жүрміз дегендер дастархан басында ғана батыл-батыр болып жүргенде Әнуар Әлімжанов пен Олжас Сүлейменов қазақтың қиын тағдырын, қилы тарихын ашып та айтып және орыс тілінде бар жұртқа жеткізе айтатын. Әнуар сонда халқының өзінің мыңжылдық тарихында қандайлық айқас-шайқастан өткенін, өзінің сан-қилы тарихында талай қанқұйлы оқиғаларға душар болғанын көбінен бұрын айтып та жазып жүрген. Батыр болсаң, білгір болсаң, ұлт намысы үшін айтар болсаң сол кезде, сол заманда айту керек еді. Басқалар айтпады, айта алмады. Әнуар мен Олжас айтып жүрді» [2,52].

«Махамбеттің жебесі» – көтеріліс жайлы, халық батырлары Исатай мен Махамбет жайлы роман. Елін зұлымдық пен зорлыққа қарсы бітіспес белдесуге бастай білген де солар. Бұқара қозғалысы сәтті аяқталмағанмен, қалың жұртты қасірет бұлты торлағанмен, бұл сияқты әрбір қимыл – азат өмірге қарай жасаған батыл қадам есебінде әрқашан қымбат.

Роман Махамбет ердің Хиуа жерінде жүрген кезеңінен басталады. Махамбет жазықсыз шабылған қазақ ауылдарының жауға кіріптар болған мұң-зарын көреді: «Махамбеттің көз алдынан қазақ бойжеткендері, олардың жасқа толы жанарлары кетер емес. Қарт ананың азалы үні де құлағында тұрып қалғандай...

Тағы да жоқтау айтқан азалы ана:
Еркек кіндік қазақта құрыған ба,
Қатын болып қашқан ба терең сайға?» [3,369].

Іштей күйзеліске түскен Махамбет бөтен жұрттан қорған іздеген қашақпын ба, қара басымды сақтап қалғаннан не опа, күні кеше ғана атан дауысың жапан даланы жаңғыртқан сен емеспісің, Еділ мен Жайық арасын, Арал мен Сырдың жағасын жайлаған қазақ жігіттері сенің өлеңдеріңді айтып жүр емес пе еді деп терең ойға батады.

Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар.
Талаудан татқан дәні бар
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да, көп жортар
Дұшпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар [3,369].

Махамбеттің Хиуа жеріндегі жаны күйзеліп, іштей арпалысқа түскен сәтіндегі мұңды кейпі романда былай беріледі.

Күн қақты ердің астында
Көп жүгіретін көлік бар.
Көп садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар
Қарайғанның, жігіттер

Бәрі кісі демеңіз...

Өлең жолдары өз-өзінен туып жатқандай... Сөз нөсері құйылып келіп, жыр жолында қатарласа сап түзеп, қалықтап жөнейді. ОЛ кезде өлеңнің әр сөзінде, әр жолында буырқанған күш жатушы еді. Енді жабырқаулы сағыныш сазы, мұңды сарын молаяйын деген бе, қалай. Махамбет бұл таңда өз өлеңдерін дауыстап айтпайтын болған. Бірақ дәл бүгін жыр әуезінен қанша тырысса да құтыла алмай-ақ келеді» [3,408].

Бұл тұста жазушы ақынның шығармашылық мұрасының туындау сипатына, кейіпкердің психологиялық иірімдеріне бойлайды. Кейіпкердің ішкі монологы былайша беріледі: « – Уа, Махамбет, ерлігің қайда ежелгі? Шыдамың қайда? Әлде әл-қуатың Калмыководағы түрмеде түгесіліп пе еді, әлде алмас жүзің жер кезіп жүріп жасыды ма? Жоқ, батылдықтан айырылып, болдың қорқақ майырылып? Намыстан гөрі тірлігіңді тәттірек көре бастадың ба?.. Қобыланды батыр қиссасындағы: «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына», – деген сөз есіне түсті. Ойы сан құбылып, бірден-бірге кетеді, таяудағы оқиғаларды көз алдына әкеледі... ». Осындай ой құрсауындағы ақынның ішкі шерін ұғынамыз. Жазушы лирикалық шегіністен ақынның өткен өмір жолына да тоқталып өтеді. Беріштің атақты жылқышысы Өтемістің он ұлы бар еді. Өтеміс оларды ат жалын тартып мінгеннен-ақ ер үстінде тәрбиелеп өсіреді. Әкесінің кезінде өз ауылын Айшуақ ханның жендеттеріне қарсы көтергенін Махамбет бала шағынан біледі. Жүрек жұтқан жігіттерін жауға бастап шапқанда қарсы тұру қиын еді оларға. Махамбеттің әкесі ары таза, әділ әрі батыл жан еді. Ол өз балаларын балапанын баулыған қырандай тәрбиеледі. Аяған емес, мүсіркеген емес, қаршадай кездерінен-ақ асау атқа мінгізіп, садақ тартуды, қылыш шабу мен найза ұстауды үйретті. Балалары батыл болып өседі. Он алты жасында Махамбет Беріш руының жез таңдай ақыны атанады. Оның даңқы күллі Кіші жүздің ауылдарын шарлап өтіп, Еділ бойындағы ноғайлыға, Қаратауды жайлаған шектіге, одан асып, қаптаған қалың Қыпшаққа, Арқадағы Арғын мен Найманға жетеді. Беріштердің ең сыйлы адамы – страшын Исатай оны ең жақын досым деп жар салады.

Махамбеттің жасы он тоғызға толғанда жалпақ жазирадағы биік төбелердің бірінде иісі қазақ бас қосқан ұлы құрылтай болады. Кіші жүзден бес мың старшын, би, сұлтан және қожалар жиналады. Олар Жәңгір сұлтанды ақ киізге орап, бүкіл жүз басына хан көтереді. Орыс патшасының шешімі мен қырдағы сұлтан әулетінің ұйғарымы осындай болады. Бөкей ханның баласы Жәңгір хан өзі сұлтан болып тұрған кезде 1801 жылы 1 Павел патшадан Еділ мен Жайық арасындағы жерлерді Кіші жүзден бөліп алып, жаңа хандық құруға рұқат сұрайды. Осылайша 1812 жылдың қарсаңында Кіші жүз екіге бөлінеді. Еділ мен Жайық арасындағы кең жазық ішкі орда атанады да, патша ағзам қазақтарды бұқтырып ұстау үшін қаптаған қамалдар мен бекеттерді орнатып тастайды. Бөкей ішкі орданың ханы болып, Жәңгір хан болса, хан тағына мұрагерлік салты бойынша келіп отырады.

«Махамбеттің жебесі» романында Әнуар Әлімжанов қазақ халқының тарихындағы айрықша әлеуметтік мәні бар оқиғаларды бейнелеген. Көтеріліс әдепкіде шағын сипатта еді: қазақ кедейлерінің Бөкей ордасындағы қанқұйлы езгімен бетпе-бет тартысты. Бірақ жазушы бұл тартыстың тамыры терең, әрі зор көлемге ұлғайып кеткенін сенімді көрсетеді.

Әнуар Әлімжановың «Махамбеттің жебесі» романындағы тілдік өрнектерге келсек: «Қарғадан қыран шықпас» [3,388], «Жер үстінде жаманшылықтың жалаң қылышы жалақтап тұрған» [3,394], «Жебең жетпеске, семсеріңді сілтеме» [3,397], «Шынайы сезім адамға бағынышты емес, ал көнбістікке құлдар ғана үйренген» [3,397], «Бұлбұл сайрағанда қарға қарқылдамас болар» [3,400], «Құранды бассаң да нанды баспа, аяқ астына ақ тамызба» [3,416].

Шығармада қалың тарихтың куәсі болған Нарынқұм төмендегіше суреттеледі: «Нарынқұм деген Батыс қазақтарының өмірін сонау көне заманнан бері көріп келе жатқан тілсіз куәгер ғой. Аш-жалаңаш азапты өмірдің құрбандығы болған көшпенді елдің қаншама ұл-қызы қалмады мұнда... Меңіреу құм безірейіп үн қатпайды. Тылсым дүлей аңызақ пен аптапқа жомарт болса да, ылғал атаулыға келгенде сараң-ақ. Замана өтер, ағаш құрап, өзен суалар, бірақ құм құрымайды»[3].

Жырынан қақтығысқан қылыштың шыңылы, көп тұяқтың дүрсілі естілген, жусан иісі ескен Махамбет былайша толғанған екен: «Мен қырдың кінаратсыз қарағашымын. Қарағаш қырдан кетпейді. Суы жоқ шөлмен, аяусыз күнмен тайталасып өсе береді. Сондықтан да ол су жағасын жайлайтын ақтеректей нәзік бола алмайды. Өмірім менің шайқаста өтеді, өлімді де аттан түспей, ер үстінде жүріп қарсы алармын». Осындай өршіл ақынның бейнесі көркем прозада «Махамбеттің жебесі» романында шебер бейнеленгенінің куәсі болдық шығарманы талдау барысында.

Әрбір кезең қазақ әдебиетіне танымал есімдерді, тың мәселе көтерген шығармаларды, олардың даму ерекшелігін айқындайды. Қазақ көркем прозасындағы ұлтымыздың рухани байлығына айтулы үлес қосқан белгілі жазушы – Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» туындысында дара қолтаңбасын танытады.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік. Алматы: Таймас, 2008.
2. Әлем таныған Әнуар. Естеліктер жинағы.- Алматы, «Нұрлы Әлем», 2000.
3. Әлімжанов Ә. Махамбеттің жебесі. Алматы: Жазушы, 1981, 408 бет
4. Әбдезұлы Қ. Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-ші жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр мен жалғастық). – Алматы: Ғылым, 2001 ж. 270 б.
5. Бердібай Р. Тарихи роман. Оқу құралы.-Алматы, «Санат», 1997.- 286б.
6. Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Алматы: Жазушы, 1989.
7. Ниязбеков Р. Махамбет майданы. Алматы: Арыс, 2003.

ӘОЖ

М.БАЙҒҰТ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АНАЛИТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Каршибаев Иззат
филология факультетінің магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

Резюме.

В статье обсуждаются типы психологии в художественной литературе и их взаимосвязь друг с другом. В частности, остановились на особенностях аналитической психологии в раскрытии образа персонажа, на конкретном примере проанализированы рассказы писателя Мархабат Байгут. Показан опыт использования внутреннего монолога и внутреннего диалога, которые относятся к наглядным пособиям аналитической психологии.

Summary.

This article discusses the types of psychology in fiction and how they relate to each other. In particular, we dwelt on the peculiarities of analytical psychology in revealing the image of a character, using a specific example, the stories of the writer Markhabat Baygut were analyzed. The experience of using internal monologue and internal dialogue, which are related to visual aids of analytical psychology, is shown.

Психологизмнің түрлеріне талдау жасамас бұрын, анықтамаларына тоқталайық. «Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады» (Пірәлиева; 2003:177). Сана ағымындағы күрделі толқындарды суреттеу, ішкі толғаныстарды көрсету, жан диалектикасын бейнелеу – аналитикалық психологизм деп аталады. Адамның психологиясын сыртқы болмысы арқылы танытатын бейнелеу құралдары – синтетикалық (динамикалық) психологизм болып табылады. Психологизм түрлері – шартты түрде бөліп қарастырылғанымен, бір-бірінен ажыратуға келмейтін ұғымдар. «Кейбір шығармаларды бөліп , осы жанрлық түрге жатқызудың өзі де тек шартты түрде жасалған жіктеу деп санаған жөн. Кең мағынадағы психологизм көптеген шығармалардан табылады» (Ысмақова, 1998:208).

Көркем шығармада психологизмнің аспектілері бірін-бірі толықтырып, бір-бірінің жасалуына себеп болады.Мысалы; адамның ішкі жан дүниесіндегі құбылыстары, сана астарындағы ойлары сыртқы қимыл-әрекеттері арқылы көрініс беретіні шындық. Қазақ әдебиетіндегі тұлға мәселесін психологизм тұрғысында айтқан Ж.Аймауытов: "Тұлғаны жіктеу кезінде көңіл бөлінетін нәрселер:ішкі қасиеттер, олардың сыртқы көріністері,мінез құлқымен жасаған іс-әрекеттері"-деп баса көрсеткен (1998:50). Г.Пірәлиева «Эмоционалдық қозғалыс ой қозғалысына дем беріп отырады»(2003:17),-деп психологизм элементтерінің байланысын көрсетеді. «Тегінде сезімдер екіге бөлінеді: тыстан берілетін сыртқы сезім, іштен келетін дене, көңіл сезімі». (Аймауытұлы, 1995:101). Бет-жүздегі құбылулар,ым-ишараттар, сыртқы кескін-келбет, бейвербалды амалдар адамның ішкі менінен туындаған

құбылыстар.Тек көркем шығармада психологизм түрлерінің біреуі басымырақ келеді де, автордың қалауына қарай кейіпкер бейнесін ашуда жетекші рөлге ие болады.

Біз бұл мақаламызда аналитикалық психологизмнің кейіпкер бейнесін ашудағы ерекшеліктеріне кеңінен тоқталдық. Аталып отырған тақырыптың негізгі мәнін ашу мақсатында Мархабат Байғұттың әңгімелерін зерттеу нысанына айналдырдық.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында прозада жеке адам әртүрлі ішкі,сыртқы қатынастардың өзегі ретінде қарастырылды.Өткенді қазіргі уақытпен байланыстыратын психологияның жаңа структуралары пайда болды. Қазіргі қазақ прозасының дамуы характерлерді психологиялық талдаудың одан әрі тереңдегенін,қазіргі адамның ішкі өмірін танудың жаңа тәсілдері пайда болғанын көрсетеді. Ішкі және сыртқы монологтарды қолданудағы бай дәстүрлер Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Әуезов «Қорғансыздың күні» атты шығармалары аналитикалық психологизмнің тууына алып келді.

«Аналитикалық принципке ішкі монолог, ішкі диалог, сана тасқыны, ой мен сезім, түс көру,сандырақтау, ессіздік т.б. секілді ішкі рухани әлемді тереңдеп талдайтын көркемдік тәсілдер жатады.Психологиялық талдаудың аналитикалық түрі арқылы кейіпкер өзін-өзі таниды. Ішкі жан дүниесінің дірілі, сезім қақтығыстары арқылы танылады (Пірәлиева; 2003:177). Аналитикалық психологизм аспектілері динамикалық (синтетикалық) психологизм аспектілеріне қарағанда кештеу пайда болды. Психологизмнің алғашқы элементтерін синтетикалық психологизм түріне жатқызамыз. Көне әдеби жәдігерлерден көбінесе кейіпкерді сыртқы іс-әркетімен танытатын динамикалық психологизмді анық байқауға болады. Б.Майтанов: «Өнердің балаң шағында адамның әрекет қимылын, ерекше жағдайдағы оқшау істерін баяндағанда авторлық тараптан таңырқау,күйіну, сүйсіну сезімдерін паш етіп отырған.Бірақ кейіпкердің жан дүниесіндегі тартысты әуендерді бейнелеуге батыл бара алмағаны анық жәйт» (1982:56) дейді.

Аналитикалық психологизмнің нақты элементі - ішкі монолог. Ішкі монолог кейіпкер психологиясын дәл беруде таптырмас құрал. «Адамның ішкі әлемін көркемдікпен игерудің амал тәсілдері өте мол.Бұл арада оның қоршаған ортадан алған әсері мен қаһарман жан-дүниесінің алас ұруы және оның хал кешуінің кеңестік сипаттамасы және персонаждардың ішкі монологтары жинақталаған таңбаланулары...» (Әбілқасымұлы; 2010:124). М.Байғұт әңгімелерінде кейіпкердің ішкі монологы, үзіліссіз жүріп жатқан сана ағымы, психологиялық талдау секілді психологизмнің сан алуан түрлі тәсілдері кездеседі. Кейде тіпті бүкіл әңгіме кейіпкердің ішкі өмірінен тұрады. Мархабат Байғұттың өзгелерден бөліп көрсететін жазушылық шеберлігігін Құлбек Ергөбек: «М.Байғұт прозасына тән нәрсе адамның ішкі дүниесіне көбірек үңілу, шығармаларын ішкі тартысқа құруы.Оның прозасы композиция жағынан да ішкі монологқа, психологизмге құрылған...»,- деп атап өтеді (2013:259).

Аналитикалық психологизм жайлы сөз қозғағанда Мархабат Байғұттың «Дауыстың түсі» әңгімесін айтпай кету мүмкін емес. 1993 жылы Жібек жолы баспа үйінен басылып шыққан «Дауыстың түсі» әңгімесі көпшіліктің көңілінен шыққан туындыларының бірі болды. Жазушының бұл әңгімесі ерекше талдауды қажет ететін шығармалардың бірі. Ішкі монологты пайдаланғанда, ішкі диалогтың да маңызы арта түсетіні белгілі.Автор осыны жақсы түсіне білген.Бастан-аяқ ішкі сезімді ашуға құралған бұл әңгіме негізгі кейіпкердің психологиялық жағдайынан жан-жақты хабар береді. Оқуды бірге бітірген екі маманның бірдей қызметке келіп, бірі тез өсіп, бірі сол отырған қалпында қалып қойған достар диалогындағы дауыс түстері арқылы олардың ішкі құпия сезімдері, жан арпалыстары ашылады.

Әңгімеде кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашатын жай ғана олардың өзара сөйлескен диалогтары, ішкі монологтары. Барлық шығармаларда кездесетін тартыс пен кейіпкерлер арасындағы қақтығыстар бұл әңгімеде кездеспейді,айтарлықтай сюжет те жоқ.Бірақ сонысымен де ерекше. Әңгіме атының өзі қызық.Оқырманды еріксіз қызықтыра түседі. Көкейінде «Дауыстың түсі» де бола ма ? деген сұрақ туындайды.Әңгімені оқып болған соң, шынында да дауыстың түсі болатынына көзін жеткізеді.

Әңгіме өте терең психологизмге құрылған. Енді әңгімеден үзінді келтірейік.Есмаханмен диалогқа түсу барысында Еңсебектің ішкі монологы, ойы қылаң береді.Сол арқылы кейіпкерлердің мінезі ашылып, кімнің кім екендігін тани түсеміз. Келесі үзіндіде де диалогпен бірге ішкі монолог, кейіпкердің ішкі сөзі қатар берілген.

«-Оу,сенбісің?! Хабарсыз кеттіңғой бұл!Бұл не боп кетті өзі.Келсеңдерші!

«Қарашы! Қарай гөр,әртіс!Әдейі айқайлап,даусының түсін білдірмей тұр.Көңіліндегі баттасқан кірді жасырмақ.Бәле.Сұмын қарашы!»-дейтін бұл ішінен» (Байғұт, 2015:78).

Бұл Еңсебектің сөзі,өзіндік пікірі.Ал осы сөздердің астарында қаншама сыр жатыр.Мұнда кейіпкер Еңсебектің психологиясына әсер ете бастаған қоғамдық өзгерістердің салқыны сезіліп тұр. Қызмет бабын өмірдің өзі деп білетін Еңсебектің пікірі психологиялық көңіл-күй туғызған.С.Таханов ішкі монолог арқылы кейіпкер жан дүниесін қоғамдық құбылыстармен бірлікте қарастыруды ұсынады. (Таханов, 1998:198).

Сонымен қатар әңгімеде ішкі диалог, яғни кейіпкердің өз-өзімен сөйлескен сәттері жиі болады.Ішкі монолог секілді ішкі диалогтың да кейіпкердің психологиясын беруде маңызы айрықша.Ішкі диалог кейіпкердің психологиясын танытып қана қоймай шығарма тілінің шұрайлылығын, оқырман қызығушылығын арттыра түседі.

«Бір стакан суды ішіп алып, отырған күйі: “Орнына кім болар екен?”-деп күбір етті.”Әрине, Әріпбек болатын шығар”.Өзіне-өзі тағы да таңдануға әрекеттенді. “Ойпырай,біреу ана жақта арыстай болып сұлап жатыр.Сен «орнына кім болар екенді” де ойлап үлгердің.Адамда (менде немесе сенде дегісі келген,олай шықпады) мейірім қалмаған ба?» (Байғұт, 2015:77).

Автор осылай кейіпкерді өз сөзінен өзін шошындырады.Санада жүріп жатқан ой қақтығыстарын боямасыз аңғартады. Еңсебектің мейірімсіз, тас жүрек екенін оқырманға түсініктірек ете түседі. Дегенмен, кейіпкерді ақтап алатын тұстары да жоқ емес. Санадағы қақтығыс, өз сөзінен өзі шошынып, ой жүгіртуі кейіпкердің аз да болса адами қасиетінің жоғалмағанын көрсетсе керек. Сәби шағындағы көңіл тазалығы, мейірімнің жүрек түкпірінде сақталып жататындығын байқаймыз. Көңіліне жиналған өкпе-нала, пенделік көреалмаушылық сезімі әлгі жүрегіндегі мейірімді тұншықтырып, сана қақтығысын тудырып отыр.Кейіпкердің өз өзімен диалогқа түсуі де осыдан. Әрине, бұл жерде кейіпкердің іс-әрекетіне дұрыс баға беруге болмайды. Кішігірім болса да, сол сәттегі сезімді, көңіл-күйді айтуды жөн көрдік.

Әңгімедегі басты кейіпкер Еңсебектің ішкі толғанысы, досының жаназасына қатысып, сол сәттегі ішкі монологы кейіпкердің ой-сезімін жеткізетін автор сөзі ретінде көрінеді. Кейіпкердің қандай жерде тұрғанын да ескермей қызмет туралы ойлаған ойын, Есмақанға қарап айтқан сөздерінен байқауға болады.Қызмет, абырой адамды өзгертетін шығар деп ойлаған.Бірақ Есмақан сол баяғы қалпында. Керісінше өзінің қаншалықты өзгергенін байқап, бір сәт ұялғандай да болады.Онысын тез ұмытып, бойын қайта тіктеп алады.Автор кейіпкердің санасында болып жатқан майда құбылыстарға дейін қалт жібермей әңгімеге түсіре білген.Осыдан-ақ Еңсебектің шынайы болмысын,психологиясын, мінезін нақты бекіткендей боламыз.

«Адам жанының қалтарыстары тым-тым күрделі әрі жұмбақ екендігін, соған барлау жасаған қаламгер Мархабат Байғұт қазақ прозасына адам дауысының түсі деген ұғымды ендірді. Жоғарыда бірді-екілі сипатта адамға қатысты оның беті, түсінің өзгеруі секілді түсініктер бұрыннан-ақ бар болса, ендігіде адамның дауысы өзгеретіндігін білсек те, дауыстың адам болмысын танып-білуде өзіндік реңі, бояуы болатындығын осы туындыны оқи отырып терең пайымдауға мүмкіндік алдық»(Қадырбаев,2014:29).

Мархабат Байғұттың аналитикалық психологизмнің бөлшегі ішкі монологты қолданған тағы да бір әңгімесін талдап көрелік. Ішкі монологтың басты көрінетін жері-эпистолярлық (хат) жанрда. «Хат-хабар беру қызметімен қоса жеке адамның ішкі ойына ерік берер, құпия интимдік сезімдерді де сыртқа шығарар көркемдік тәсілдің бірі әрі психологиялық талдаудың бір түрі»(Пірәлиева,1994:167). «Сізді сүйген қыз едім» әңгімесіндегі ағасына ағынан жарылған хаттағы ойлар арқылы кейіпкер жан дүниесін мазалған жайттардың сыры ашылады.Хат жазушының іштей дағдарысқа түсуі ,өткенді аңсауы, өзінің ішкі дүниесін ақтаруға адам іздеуі арқылы адам психологиясында өтіп жатқан процестерді жайып салады.

Қорыта келгенде М.Байғұт заманауи, жаңашыл жазушы .Сөзімізге осы әңгімелері дәлел бола алады. Аналитикалық психологизмнің бейнелеу құралдары ішкі монолог пен ішкі диалогтың көрінісіне «Дауыстың түсі» әңгімесін талдау барысында көз жеткіздік. Аналитикалық психологизмнің кейіпкер бейнесін дәл берудегі маңыздылығына, қызметіне тоқталдық.

Мархабат Байғұттың әрбір шығармасы психологизмге құрылған. Барлық әңгімелерінде дерлік аналитикалық психологизмнің түрлері кездеседі. Қазіргі қазақ прозасының көкжиегін кеңейткен, адамның ішкі әлемін қопара суреттейтін нағыз психолог жазушы Мархабат Байғұт дер едік. Көркем әдебиеттегі психологизм мәселесін қарастырғанда міндетті түрде Мархабаттың Байғұттың шығармашылығы сөз етілуі тиіс. Бұл әдебиеттанушыларға міндет, әрі бағыт болары сөзсіз.

Әдебиеттер

1.Піралиева Г. «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері». Алматы. Алаш 2003.-327 б.
2.Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілегі», 1998. – 384 бет.
3.Аймауытов Ж. «Психология». – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.
4. Майтанов Б. «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі».Алматы.Ғылым, 1982ж.-148 б.
5. Хализев В «Әдебиет теориясы» (аударма). Әбілқасымұлы Ә. Қарағайлы, 2010 ж.-280 б
6.Ергөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. 600-бет.
7. Байғұт М. «Әпкемнің ауылы».-Шымкент:Жебе,2015 ж.-444 б
8. Таханов С. «Қазіргі қазақ прозасындағы суреткердің мінез ашудағы ұстанымы». Алматы:Рауан,1998.-198 б
9. Қадырбаев Н. «Жазушы Мархабат Байғұттың прозасы». Алматы: «Баспа өнімдері», 2014ж.-156 б
10. Аймауытұлы Жүсіпбек «Психология».-Алматы: «Рауан», 1995.-312 б
11.Піралиева Г. «Ішкі монолог» Алматы:Ер-Дәулет. 1994,16-176

УДК 811.161

К ВОПРОСУ О ЖАНРАХ ПУБЛИЦИСТИКИ

Абдигаппарова Г.Д., магистр гуманитарных наук
Общая средняя школа № 60, Шымкент.
Казахстан

Түйін

Мақалада публицистиканың негізгі жанрлары мен олардың ерекшеліктері қарастырылған

Summary

The article discusses the main genres of journalism and their features

Исследование разновидностей публицистических текстов закономерно начать с рассмотрения понятия *жанр. Жанр* (от фр.genre-род) - общее понятие, отражающее наиболее существенные свойства и связи явлений мира искусства, совокупность формальных и содержательных особенностей произведения. Жанры сформированы наборами условий: многие произведения используют несколько жанров посредством заимствования и объединения этих условий. Возможные определения понятия иногда ограничены искусством и культурой, особенно литературой, но длинная история использования данного понятия наблюдается также и в риторике. В исследованиях жанра понятие не сравнивается с исходным значением. Скорее, все существующие произведения

отражают определенные условия, участвуя при этом в создании определения понятия жанра [1].

Широта тематики сказывается на языковых особенностях публицистического стиля: возникает необходимость использования в жанрах публицистического стиля общественно-политической, идейно-нравственной, этической лексики. Темы, находящиеся в центре общественного внимания, зачастую связаны с вопросами, освещающими деловые отношения, что предполагает обращение к канцеляризмам, приобретающим определенную публицистическую окраску.

Для публицистического стиля характерно использование оценочной лексики(как позитивной, так и негативной), а также словосочетаний, обладающих сильной эмоциональной окраской(*энергичный старт,твердая позиция,тяжелейший кризис,преступная деятельность*).

Предназначены средства массовой информации не для узкого круга специалистов, а для широких слоев общества, причем воздействие направлено не только на разум, но и на чувства адресата. Для актуальности информации значим временной фактор – информация должна передаваться и становиться общеизвестной в кратчайшие сроки. Этим можно объснить такие характерные черты публицистики, как консервативность и подвижность: с одной стороны, в речи публицистов присутствует большое количество штампов,а с другой, проявляется стремление к поиску и использованию новых языковых средств.

Нередко стилистическую функцию выполняют заголовки статей,корреспонденций, информационных заметок, отличающиеся разнообразием синтактических структур (номинативность названий, использование неопределенно-личных и императивных безличных предложений;предложений двусоставных и неполных; предложных и беспредложных словосочетаний и т.д.) Приведем примеры заголовков: «Драгоценное наследие», «Мы- одна команда», «Регион особого значения», «Обратная связь», «Дом,где согреваются сердца», «Высот земное притяженье», «Подстраховка для страховки» ,«Когда игра стоит свеч», «Мощный аккорд», «Заложница деликатеса».

Различие в стилистической характеристике отдельных публицистических жанров связано с их функциональным назначением.Так, отдельные жанры преследуют, в первую очередь,информативные цели и по приёмам подачи материала сближаются с деловой речью. Но даже и в этих пределах имеется различие, например,между заметкой, информационной корреспонденцией и репортажем. В заметке обычно даётся почти протокольное сообщение о каком-то факте,перечисляются события, но не выраженная (или выраженная) индивидуальность авторского стиля.

Обратимся к характеристике наиболее популярных жанров публицистического стиля.

Статья – это произведение журналистики, в котором автор ставит задачу проанализировать общественные ситуации, процессы, явления, прежде всего, с

точки зрения закономерностей, лежащих в их основе. Такому жанру, как *статья*, присуща широта теоритических и практических обобщений, глубокий анализ фактов и явлений, чёткая социальная направленность. В статье автор рассматривает отдельные ситуации, как часть более широкого явления. Автор аргументирует и выстраивает свою позицию через систему фактов. В статье журналист обязательно должен интерпретировать факты (это могут быть цифры, дополнительная информация, которая будет правильно расставлять акценты и ярко раскрывать суть вопроса).

Интервью (англ.*interview)* - опрос человека по профессиональной или личной тематике, проводящийся журналистом с целью публикации или вещания в средствах массовой информации(СМИ). Такой материал обладает особой убедительностью и достоверностью, поскольку содержит ответы авторитетного человека. Жанр интервью ,в отличие от других информационных жанров, позволяет, кроме сообщения новых интересных фактов, раскрывать внутренний мир человека, говорить о его перспективных планах, проектах, желаниях.

Интервью бывает трёх видов: интервью-рассказ, интервью-беседа, интервью-зарисовка. Однако на практике все виды комбинируются: в одном речевом произведении этого жанра можно встретить и описание, и рассказ, и диалог. Первый шаг в работе над интервью – выбор респондента. Далее формируется тема беседы, затем уточняется, что нужно узнать (вопросы для беседы формулируются и записываются заранее), после беседы корреспондент показывает свои записи собеседнику, чтобы избежать неточностей и ошибок. Здесь важно умение журналиста слушать не перебивая, не пропускать наиболее важные моменты, не упускать нить разговора. Если обратиться к семантике английского слова *интервью*, то оно состоит из префикса inter, имеющего значение взаимодействия, взаимонаправленности, и слова view, одно из значений которого – взгляд, мнение. Стало быть, интервью – обмен мнениями, взглядами, фактами, сведениями, применяемый как своеобразный способ получения информации в журналистике [2].

Очерк – одна из разновидностей малой формы эпической литературы – рассказа ,отличная от другой его формы ,новеллы ,отсутствием единого, острого и быстро разрешающегося конфликта и большей развитостью описательного изображения . Оба отличия зависят от особенностей проблематики очерка. Очерковая литература затрагивает не проблемы становления характера личности в её конфликтах с устоявшейся общественной средой ,как это присуще новелле(и роману),а проблемы гражданского и нравственного состояния « среды» (воплощенного обычно в отдельных личностях) – проблемы «нравоописательные»; она обладает большим познавательным разнообразием . Очерковая литература обычно сочетает особенности художественной литературы и публицистики. В публицистике очерки могут быть путевыми ,портретными и проблемными. В художественной литературе очерком называется одна из разновидностей

рассказа, которая отличается большей описательностью и ориентиром на рассмотрение преимущественно социальных проблем.

Арада бес жыл өткеннен кейін, қазақтың тарихи жырларына арналған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографиялық еңбегі жарық көреді. Тарихи жырлар мен тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық табиғатын, тарихи негіздерін ашуда бұл еңбек өз кезінде лайықты бағасын алған еді. Монографияда қазақ тарихи жырлары үшке жіктеледі: а) XVIII ғасырдағы тарихи жырлар; ә) XIX ғасырдағы тарихи жырлар; б) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлең-жырлар. Еңбекке басшылық жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚҰҒА академигі Р.Бердібай мақаласында да тарихи жырлар мен тарихи өлеңдерге қатысты мәселелер айтылып, ғылыми зерттеу мәселесіндегі кешеуілдеудің себеп-салдарына тоқталады. Бұдан кейін қазақ фольклортану ғылымына үлес қосып келе жатқан белгілі ғалым С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің циклденуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндіріледі.

Бұдан кейінгі фольклортанушы ғалым Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. Монографиялық еңбектегі XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдағы тарихи жырларға қатысты жазылған мақала авторлары, тарихи жырлардың шығу тегі мен дамуына шағын көлемді тарихи өлеңдердің ықпал еткендігін үнемі назарда ұстап отырған. Сондай-ақ, сол тұстағы өмір сүрген, халық басынан кешкен ауыртпалықты көзімен көрген ақын-жыраулар мұрасында тілге тиек етіп, талдау барысында орынды қолданады. Еңбекте тарихи өлеңдерге тікелей қатысы бар, жоғарыдағы аталған Б.Уахатов еңбегіндегі «Тарихи өлеңдер» тарауы сол қалпында жарияланған. Екіншіден, 1916 жылғы оқиғаларға қатысты М.Жармұхамедов еңбегінде сол кезеңге қатысты тарихи өлеңдердің көптеген үлгілері талданып, оның тарихи оқиғаға қатыстылығы сараланған. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді. 1993 жылы «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов еңбегінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтерілді. Өзінің «Тарихи жырлар тағылымы» (1997), «Тарихи эпос табиғаты» (1999) атты еңбектерінде тарихи өлең жанры турасында құнды тұжырымдамалар жасалды.

2000 жылы Б.С.Рахымов «Тарихи жырлардың поэтикасы» жөніндегі еңбегінде тарихи эпостың батырлық жырлардан айырмашылығы, нақты жанрлық тұрғыдан алғанда онда жалпыхалықтық, мемлекеттік мәселелердің көтерілетіндігін атап көрсетті. Тарихи

жырлардың нақ бастауы қазақ елінің дербестік алып, жеке хандық дәуірі кезеңінен басталатындығы дәлелденді. Бұрынғы XVIII ғасырдан басталады деп жүрген тұжырым қайта қаралып, тарихи жырларды үш ғасырға тереңдетті. Өзінің ғылыми түйіндеулері мен тұжырымдарын дәлелдеуде көбіне тарихи өлеңдерді негіз етіп алып отырғанын білдік. Сөйтіп, тарихи өлең мен тарихи жырлар жөніндегі тексеру ісі мен зерттеу мәселесі қалыпты жолға түсе бастады. Солай дей тұрсақ та, қазақтың тарихи өлеңдері табиғаты толық ашылмай, жанрлық сыр-сипаты, көркемдік ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етіп келді. Аталған ізденістерді негізге ала отырып, тарихи өлеңдердегі аталған келелі мәселелерді біліміміз жеткенше ашып, ғылыми тұрғыдан зерделеуді диссертациялық жұмыста негізгі тірек еттік.

Өкінішке қарай көбіне ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа суырыпсалма дәстүрі негізінде ауыздан-ауызға көшіп тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты өлең-жырлар ұмытылып қалған. Бұған бертіндегі жазу-сызу өнері орныққан кезеңдегі түрлі идеологиялардың қырсығын тигізіп, тарих теңізіне тереңдеуге де мүмкіндік бермегенін айтпасқа тағы болмайды. Пікіріміздің негізсіз еместігін қазақ өлеңдеріне қатысты құнды зерттеу жүргізген ғалым Б.Уахатов нақтылай түседі. Ғалым пікіріне сүйенсек: «... қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалар көп. Бірақ, соның барлығы бірдей бір ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Тек кейінгі бір-екі ғасырда туған тарихи аңыз-әңгімелер мен өлеңдер болмаса, арғы көне дәуірлердің нақтылы деректеріне құрылған жыр үлгілері жоқтың қасы. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз қалған» [1, 64-65 бб.], - дейді. Халық поэзиясының дер кезінде хатқа түспеуінен көп қазыналар ұмытылып, кей үлгілерінің түрлі өңдеулерден өтіп отырғаны баршаға мәлім. Ендеше, тарихи өлеңдер халық поэзиясының бір саласы болғандықтан мұндай әрекетті айналып өтуі мүмкін емес еді. Сайып келгенде, бұл – фольклорға тән ортақ құбылыс. Ғалым М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», - дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық өткен тарихи оқиғадан туады» [2, 140 б.], - деуінің қисынды айтылғандығын көреміз. Демек, тарихи өлеңдердің пайда болу мәселелері тым ерте дәуірлерге байланысты екен. Қазақтың тарихи жырларының қалыптасуына тарихи өлеңдердің әсер-ықпалы бар екенін айтып, арнайы көңіл бөлген академик С.Қасқабасовтың төмендегі пікірі де соның дәлелі болып табылады. «Тарихи өлеңдер қоғам өмірінің әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи өлеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоньюкук т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [1, 28 б.]. Ал бізде тарихи өлеңдер XVIII ғасырдан басталады деген пікір қалыптасқан. Кейінгі көне түркі дәуірлеріне байланысты еңбектерден шын мәнінде тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде қалыптасқанын аңғаруға болатындай. Бұл мәселеде фольклортанушы ғалым, академик Р.Бердібаевтің: «Әзірше зерттеушілеріміз тарихи өлеңді арнайы жүйелеп, толық қамтып тексеруге жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ. Түбінде тарихи өлеңнің өз іздеушісі туса, оның хронологиялық кезегінде, аумағы да анағұрлым айқындала түсетіндігі кәміл. Кейбір фольклоршылардың тарихи өлеңді белгілі оқиғалар негізінде құрылған көлемді жырлармен бір топта қарап келгендігі де, бұлардың жанрлық жігіне жете мән беріле қоймағандықтан» [3, 185 б.], - деуінің дәлелді айтылғаны назар аударарлық. Мәселен, Көне түркі жазба ескерткіштері туралы терең ізденіп, лингвистикалық тұрғыдан үздіксіз зерттеп келе жатқан ғалым Ә.Құрышжанұлының еңбегінде «Таңғуттармен соғысу», «Мыңлақ елімен соғысу», «Ябақулармен соғысу», «Жорық жырлары», «Алып ер Тоңаны жоқтау», «Белгісіз батырды жоқтау», «Өсиет те насихат...», сынды дүниелерді көне түркі тілінен аударып, оларды «Халық өлеңдерінен үзінділер» деген атаумен берген [3, 297-313 бб.].

Бұл кезеңдердегі өлеңдерді жинастыру ісінде И.Бартольд, Ы.Алтынсарин, И.Березин, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.В.Готовицкий, Қ.Бекниязов, Қ.Есжановтардың жинастырғанын аңғардық. Кеңес дәуірінде Абай атындағы КазПИ студенттерінің 1948-1949 жылғы ел арасындағы экспедициялық жұмыстарында көптеген тарихи өлеңдер жинақталған екен. Орыс бодандығына қарсылықты күресті бізге белгілі «Исатай-Махамбет», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар-Бекет», «Жанқожа батыр», «Досан батыр», «Сұраншы» және тағы басқа тарихи-реалды жырлардан көрсетсе, шағын көлемді тарихи өлеңдер де әр кезең оқиғаларына қатысты шығып отырған.

Тарихи өлеңдерден халықтың сол кездегі жағдайы, ашу-ызасы айқын көрінеді. Ел басына табиғат қаһарынан туған қаралы күндер аз болмаса керек. Бұл орайда, «Аштық», «Аштықтан халық қамалды» атты өлеңдерінен де аңғарамыз.

Қазақ поэзиясында өзге дәуірлерге қарағанда ертерек қолға алынып, мұқият жинақтау мен зерделі зерттеулерден өткен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты халық поэзиясы деуге болады. Бұл орайда халық ақындары Нармамбет, Ақмолла, Төлеу, Баттал, Есқайыр, Жамбыл, Омар, Нұрпейіс, Күдері және т.б. мұраларына қатысты тексеру мен зерттеулер барлығы талассыз. Олардың өлеңдерінің көпшілігі 1916 жылғы оқиғалар болып отыратындығы баршаға мәлім. Сондай-ақ, Аманкелді, Бекболат жайындағы көтеріліске қатысты мәселелерде аталып келе жатқандығын естен шығармайық. Бұл көтеріліс турасында тарихи тұрғыдан 1947 жылдан бастап тарихи жинақ шығарылып, Б.Кенжебаев, Ф.Н.Киреев, Ш.Я.Шафиро, Е.Ысмайловтар түрлі еңбектер жазса, 1916 жыл туралы Д.Ысқақов, Е.Ысмайлов, Ә.Сәрсенбаевтар арнайы жинақ шығарған. Бұл тақырыпта М.Жармұхамедов ғылыми еңбек жазса, ел тарихына қатысты жазылған көп томдықтарда 1916 жылғы халық поэзиясы мен тарихи түрлі оқиғалар қалыс қалмай тексерулерден өткен. Еліміздің тәуелсіздік алуынан кейін, белгілі қоғам қайраткері Ө.Жәнібековтің редакторлығымен 1916 жылғы оқиғаларға қатысты мұраларымыз «Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына байланысты қайта жарық көрді.

1916 жылғы 25 маусым жарлығы қазақ халқына қатты әсер етті. Халық арасындағы қиын жағдайға патша жарлығы әсер етті. «Бұрынғы үй іші, отбасылық қана қоштасу, естірту, жоқтау, жұбату лирикалары енді әлеуметтік ірі оқиғаларды жырлау дәрежесіне көтеріліп, оның жанрлық сипаты мен қоғамдық қызметі өзгерді, тәрбиелік мәні арта түсті» [1, 276 б.]. Осы жағдай уақытында туындаған өлеңдерде фольклорлық сарын да бар екені белігі. 1916 жылғы халық өлеңдерін зерттеудің басы С.Аспандияров, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин зерттеулерінен басталып, келе-келе ғылыми монографиялық еңбектерге өзек болды.

Халық поэзиясының 1916 жылғы оқиғаларға қатысты үлгілердің «Құрдым заман қуарған», «Құлақасқа», «Бекболат» туралы өлеңдер қолжазба қорларында сақталып келеді. Бұлардың кей үлгілері тарихи жырларды зерттеуші ғалымдар еңбектерінде пайдаланған.

Қазақ тарихи өлеңдеріне қатысты мәселелер тарихи жырларды зерттеуші жазушы-ғалымдар М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайлов, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов еңбектерінде қалыс қалмайды. Бұл заңдылықты қазақ тарихи жырларын бертінде, ел егемендігін алғаннан кейінгі тарихи жырларды зерттеушілер З.Сейтжанов, Б.Рахымов, С.Сакенов, Г.Қ.Рахымбаевалардың зерттеу еңбектеріне тиек болған. Талас тудырмайтын мәселе, тарихи жырларды зерттеуші ғалымдар көлемді эпикалық жырлардың пайда болып, қалыптасуына ықпал етудегі тарихи өлеңдердің қызметін жоғары бағалап, арнайы талдаулар жүргізгенін жоғарыдағы аталған еңбектерді оқу арқылы көз жеткіздік.

Сонымен негізгі тарихи өлеңдердің жиналуы мен зерттелуіне қатысты зерттеу еңбектер мен пікірлерге тоқтала кетсек, негізгі бағалы түйіндер ретінде тарихи өлеңдердің қалыс қалмай жинақталуын, тексерілу барысында тарихи оқиғалармен салыстырыла қаралып, өлеңнің жанрлық сипатына қатысты салмақты тұжырымдарды атауға болады. Кейбір зерттеу еңбектерінде төмендегідей етіп тақырыптық ерекшелігіне қарай жүйелеген:

Тарихи өлеңдердің көне дәуірдегі хатқа түскен үлгілері.

1. Қазақ хандығы кезеңіне байланысты тарихи өлеңдер.
2. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты туған тарихи өлеңдер.
3. XIX ғасырдағы туған тарихи өлеңдер.
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өлеңдері.

«Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер тек XVIII ғасырдан бастап туып, қалыптасқан» деген тұжырымдардың біржақты екендігін осы тараудың өзі де дәлелдей түседі деген пікірдеміз. Біз бұл істе бізден бұрын пікір қозғаған М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, Н.С.Смирнова, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасовтың тұжырымдарының дәлелді айтылғандығына көз жеткізуді басты нысана еттік.

Тарихи өлеңнің ерте дәуірлерге де қатысы барлығы келесі тарауда да дәлелдене түсетіндігіне сенімдіміз. Қайталап айтуға тиісті бұл жердегі бір мәселе, тарихи өлең мен тарихи жыр терминінің бірге қолданылып келгендігі баршаға белгілі. Тарихи өлеңді арнайы жеке алып, тарихи жырлардан айырмасы барлығына тоқталған Б.Уахатовтың еңбегі де тың мәселеге жетелеп, алғаш бұл жанрға қатысты зерттеуші ғалымдарға үлкен ой салғанын да бағалауымыз керек. Әрине, ғалымның тарихи өлеңдерді лирикалық өлеңдермен қоса-қабат қарауы, оның жанрлық ерекшеліктеріне байланысты түбегейлі пікір еместігін өз еңбегінде аңдатуға тырысқан. Солай дей тұрсақ та, қазақ халық өлеңдерін жүйелеп, жанрлық жағынан жіктеуі мен сол өлеңдер қатарына тарихи өлеңдерді енгізуін ғылыми тұрғыдан ғалымның батылдығы деп бағалауға тура келеді. Осы мақаланың негізінде тарихи өлеңдерге байланысты батыл пікірлер қозғалып, қазақ өлеңдерінің бір саласына тарихи өлеңдерді жатқызуға әбден болатындығы қуатталды. Жанрлық жағынан тарихи өлеңге жауап беру бір ғана тарау, шағын мақалалармен бітпейді. Басты мәселе тарихи өлең бізбен туыстас басқа да халықтардың поэзиясында бар ма, бар болса біздің мұраларымызға жақындығы қандай деңгейлерде көрінеді деген сауалға жауап беру қажет. Бұл істе ең алдымен халық поэзиясының жанрлық түрлерге жіктелуі жөніндегі зерттеулерге үңіліп, ондағы тарихи өлеңдерге қатысты пайымдаулар мен түйінді тұжырымдарға тоқталсақ жұмыс өз жүйесін табады деген ойдамыз. Фольклортану ғылымының қалыптасуы мен дамуын саралаған тұста көзге қомақты, тексерілуі жағынан ой-пікірлердің салмақты шыққаны халық поэзиясы екендігіне толық көз жеткіздік. Ал халық поэзиясына қатысты зерттеулерде біздің тақырыбымызға қатысты сөз арасында, тек пен түрді тануда қалайда ғылыми мәнді және мағыналы тарихи өлеңдер жөнінде сөз болатыны анық.

Қорытындылдай келе, тарихи жырлардың жүйелеуі мен зерттелуі алдағы мақсаттарымыздыы толықтырай түспек.

Әдебиеттер

1. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. –Алматы: Мұраттас, 2001. -293 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы:Ана тілі, 1991. -240 б.
3. Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар,. 2001. .

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

А.П.Мыңбаева
ОҚМПУ PhD доктор, аға оқытушы
Э.Е.Алдаберген
ОҚМПУ 1-курс магистранты

Резюме

Классификация казахской поэзии по структурно-кульминационным периодам, определение основных характеристик, присущих эпохам, позволяет не только проанализировать уровень развития казахской поэзии, в лирике прослеживаются такие вопросы, как преемственность времен, преемственность традиций. В данной статье раскрывается важность повышения художественно-эстетического содержания, интонационной плодовитости стихотворения. В статье сделан вывод о том, что смысловая глубина и многообразие в художественном произведении – важнейший признак искусства-должны рассматриваться структура, внутреннее и внешнее строение стихотворения, звуковая структура, звуковообразование.

Summary

The classification of Kazakh poetry by structural and culminating period, the definition of the main characteristics inherent in the epochs, allows not only to analyze the level of development of Kazakh poetry, the lyrics trace such issues as the continuity of times, the continuity of traditions. This article reveals the importance of increasing the artistic and aesthetic content, intonational fertility of the poem. The article concludes that the semantic depth and diversity in a work of art – the most important feature of art-should be considered the structure, internal and external structure of the poem, sound structure, sound formation.

Өлең барынша күрделі тоқылған, әсем өрілген, сан түрлі құбылыстармен тамырласып тұтасқан, көркемдік құпиясы аса мол өнер. Әуелде бесік жырынан жаралған сарын-саз – дарқан өлеңді адамзат санасын жер бауырлаған батпандай хайуани түйсіктен мысқылдап арылтқан, арман-қиял қос қанат бітіріп, асқақ көңілін көкке ұшырған, нөсер сөз кісілік қуатын арттырған құпия құдіреттің бірі санау өнерді өлмейтін игілікке теліп, баға жетпес асыл қазынаға теңгерген сияқтанады. Әр адамның жан дүниесі өлеңді әртүрлі қабылдайтыны белгілі. Қазақ поэзиясындағы ойы кемел, зерттеуші С.Негимов мынадай ой-пікірлерінің ақиқатына көз жеткізесіз: «Өлең құрылысның әңгіме етер жібек арқауы, алтын дінгегі сөз десек, артық айтқандық емес. Өйткені, сөз мәдениетінде, оның қазыналы дүкен- қоймасында адамзат баласының сан ғасырлар бойы жинап-терген даналығы мен данышпандығы, ойлылығы мен сезімталдығы, өміплік тәжірибесі мен тарихы, ұғым-түсінігі мен көркем шындығы ұштасып жатыр. Заман көші ілгері жылжыған сайын үнемі дамып, үздіксіз өсіп, үзіліссіз жетіліп, жалындай маздап кемелденген, түрленген сөздің барша қуат- құдіретін сарқа пайдаланған сөз ұстасы оның қандай нұсқа үлгісін болса да шешен сөйлетіп, шебер ұйымдастырып, тыныс демін байытып, жан дүниеңді, сезім әлеміңді сілкіндіріп, толқытып толғандырады» [1, 3]. Өмірдің мәңгі жасыл бағы – өлеңнің жауһардай жарқырауық аспани мәртебесін аумай-төкпей қабылдау үшін әуелі сыршыл таза жүрек, одан соң өлеңді сүйіп зерттеуші үлкен ғалымдардың алтын қаламының ұшы тиген кітаптар керек. Сол мезет сөз

шіркін тегіс сәулеленеді, сана-сезімге шұғыла жұпарын төгіп, ақыл-есті жарық энергетикасымен баурап, тылсым құпиясы тірі жүректерді тербетіп, көкейдегі арман-мұратты қозғайды. өлеңнің архитектоникалық жаратылысын ең әуелі өлең құрылысын түбегейлі зерттеген алдыңғы буын үлкен ғалымдардың классикалық еңбектеріне сүйеніп, тартылыс шеңберін тұтас қамтып барып тұжырым жасалынары айқын. Ғылым жолы жалғаса бермек. Бұрынғылар жасап кеткен ірі ғылыми зерттеулерін көрмей-білмей, оқу-тоқусыз рухани сабақтастық тумайды. Тыңнан түрен тартып, қазақы жыр әлемінің асыл кенішін игерген, қазақтың поэзия әлеміне өзіндік тоқтам жасап, зерделі зерттеу жүргізген Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Р.Сыздықова, Т.Кәкішев, З.Ахметов, М.Дүйсенов, Р.Нұрғалиев, т.б. ірі филолог ғалымдардың тиянақты зерттеу нысаны болған өлең өрісіне келу оңай игерер интеллектуалдық ой еңбегіне жатпаса керек. Ақын-жыраулар шығармашылығынан қисынымен іріктеп таңдап алып, молынан мысалдар келтіріп, шумақтардың түзілу құрылысын, әдеби құнарын әбден сараптап, спецификалық, лексикалық білім қоры жүйелі шоғырланған теоретикалық-әдеби, тарихи-әдеби энциклопедиялық дүние тудырғанда осылар дер едім. «Өлең техникасын, өлеңнің жасалу тәсілдерін, оның құбылыс материалдары мен қолдану амалдарын поэзияның дәуірлік тәжірибесіне қарап, терең талдайтын еңбектердің қазіргі әдебиет ғылымына өте қажет екендігінде дау жоқ. Осыған орай, ендігі еңбектерде дәстүр мен жаңашылдықтың бірден-бір мол көрінер, білінер өрісі болып табылатын мазмұндық, сапалық, түр, қалып, күйін аңғарту басты міндет болуға тиіс. Өйткені өлең өрнегі, техникасы дегендердің өзі идеялық мән-мағынаның талабы ғой. Жаңа идеялық мазмұн, жаңа сурет, бейнені тілесе, жаңа сурет, бейне өз тарапынан жаңа техникалық амал өзгерістерді талап етеді» [2, 51]. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (Абай) – өлең киесін даралап, от ауыз, көкірегі жалын ірілер нақты анықтама беріп келе жатыр. Дарындылар қарлығаштың ұясындай қылып, шебер пікір қосса, сұлу сөздің рухын, астарын, мағына-маңызын болжайтын кесімді ой байи түседі. Өлең нұрынан адам жаны сәулеленіп, таза бұлақтай білімді, айқын ғылымды дұғадай сіңірген соң солай болмақ-дүр. Қазақ халқына тән өлең тілінің әдеби қолданылу тарихын сүзіп, дәуірлеу арқылы рухын егжей-тегжейлі танытқан іргелі монографиялық еңбектер мазмұны біздің техногенді ұшқыр заманнан біржолата алшақтап бара жатқан ауыз әдебиетінің ұшығы жазба әдебиетке ілігер кезеңі болып табылады. Бұл көшпелі қоғамдық құрылым келмеске кетіп, түбірімен өзгерген, сананы өзгертуге бастаған ерекше уақыт. қазақ поэзиясының мол образдар жүйесін, тұтас бейнелі сөздерін қоғамның дамуымен, мәдениет тарихымен астастыра зерттеуімен аса құнды бұл кітабын оқу барысында басыма ұялаған ой – шынтуайтында қазақ әдебиеті мықты, астары терең, негізі молдығы туралы болды. Сөз тамырын дәл басып, қанық суреттей алмайтын құбылыс бар. Сөздің құдіреті сонда, Құдай дарытқан қас дарындар көкіректегі көрікті ой жарыққа шыққанда жұтаң тартып қалмай, жұтынып тұруына жанын салып, қайткенмен олқылықты сездірмей тастайды. Ақын сөздің мағыналық өрнегін, шырын-

мәйегін, қоғамдық мәнін, өмірлік мазмұнын, көркемдік бояуын, әуендік келісімі сияқты сипаттардың селбесуін есепке алады. Сөз қабілеті мен құдіретін айтқанда, оның бойынан ұшан-теңіз мүмкіндіктерді табамыз. Мұнда ой, мазмұн, әуез-мәнер, суреттілік, образдылық бар. Өлең сөздің сөздің өрттей ыстық жалыны осыншалықты қасиеттердің бірлесуінен пайда болса, оның көркемдік мазмұны интонация, дыбыс, ырғақ арқылы жүзеге асады. Мұның бәрі өлеңнің көркемдік эстетикалық мазмұнын, интонациялық құнарлылығын арттырады. Көркем шығармадағы мағыналық тереңдік пен алуандылық – өнердің ең маңызды белгісі өлеңнің структурасын, дыбыстық құрылымын, дыбыстар түзілісін қарастыру үшін микроскопиялық көзқарас қажет шығар. Жазба әдебиет өкілдері өлең құрылысына бұрынғы халық өлеңінің әуенін, интонациялық байлыққа ие аралас буынды өлең тудырған, синтаксистік симметрия мен мелодикалық симметриясы жоқ Доспамбет, Шалкиіз жыраулар өлеңінің рухын сіңіре білді. Олар өз өлеңдерінде әрі қисындылыққа, әрі айнымалы өлшемге жүгінді. Мәселен, Абай бір шумақ көлемінде бір-бірінен өзгеше үш түрлі сурет жасаған. Жазба әдебиет өкілдері Абай, Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілияс қисындылық пен айнымалы өлшемге жүгініп, дәстүр мен жаңашылдықтың басын қосты, таразы басын да теңестірді. Өлеңнің әр мүшесін жіктеп көру үшін білім аздық болар, интуиция, жады, ниет керек. Әр буынының өлшемін дәл анықтап, түстеп таныды. Ғалымдар жыраулар поэзиясының өлшеміне баға беру арқылы ескісіз жаңа жоғын танута түсті. Өлең құрылысна үңілу, тіл-әдебиетті, теңіздей сөзді зерттеу ауыспалы мағынасында қалың жер қыртысын қопарып, кен қазған геолог-кеншінің қайласын еске салады. Кен қабатында аса бағалы сирек металдар қалай жасырын жатады, солайша әдеби мол текстерден алтын мен күмісті айырып алуға тура келеді. Теңіздің дәмі тамшыдан білінсе де бұл қыруар еңбекті, зейін-қабілетті, көз майын тауысуды талап етеді. Рухани дегдарлық тау қопарғандай бейнетті іске байланған құбылыс. Асылды іздеп тауып бере қояды. Әдебиет танытқыштық – «Міне, қас асыл, осыны біл!» деумен тең-ақ. Биік дәрежелі өнер білікті, парасатты адамдардың талдап-танытуына зәру. Абайдан соң қазақ өлең жүйесіндегі ірі жаңғырық, ғажап бет бұрыс С.Сейфуллин есімімен аталады. Ежелгі он бір буынды және 7-8 буынды өлең тек Абай тұсында өзгеріске ұшырады. Қазақ өлеңінің өңін құлпыртқан Абай, Сәкен сөз жігіне, сөз оқшаулығынан бой ұрды. Поэзиялық ойды шегелей түсуде, лептілікке ойысуда, ой жібін сабақтауда сөз жігінің мәні орасаң екені рас. Абайдың поэзиясына тоқтам жасағандар оның реформаторлық жолашар құбылысын жиі зерделеп, бір топ өлеңін бас-басына қарастыру және Абайдан соңғы ақындарға оның мектебі мейлінше әсер еткенін көрсету арқылы өзгелер білмекке мұқтаж рухани таным көкжиегін аша түсті. Автордың стиліне ділмәрсу, түйдек-түйдек, ащы ішектей шұбатылған көңілсіз сөйлемдер жат. Кітаптың артықшылығы – қысқалық пен нұсқалықты мұрат тұтқаны «Өлеңде берік, күрделі байланыс болады. Ол буындық, бунақтық, тармақтық, ұйқастық, ырғақтық, интонациялық, т.б. жағынан үндесіп үйлеседі де, тұтас поэзиялық ойды танытып білдіреді». Қазақ өлеңінің бастапқы дәуірі,

яғни халық өлең құрылысы, импровизатор ақындар тудырған өлең түзілісі әнмен етене туыс. Қазақ поэзиясының жыр, терме, тақпақ, толғау, желдірме сияқты үлгілері дыбыстық қайталауларға бай. Қазақ поэзиясында дыбыс әуезділігі басым. Бұл – қазақ тілінің орасан зор байлығын көрсететін факт. Қазақ өлеңінде ұйқастың қисапсыз да қыруар үлгілерін көруге болады. «Өлең жүйесінің ішкі қабаттарына, ішкі иірімдеріне үңілген сайын өлеңтану ілімінің өкілдері оның беймәлім қырларын ашуға, ұғуға аса құштар бола түсері хақ» [1, 3]. Таңдаулы ақындар және солар шыққан кеңістікті зерттеген ірі ғалымдары бар құнарлы ұлт екенбіз деген марқаю сезімі туды. Тек шет елдерге бұл сала бойынша нақты танылудан кенже қалғанымыз болмаса. Келешекте тек көркем әдебиетті әлемдік кесек тілдерге аудармай, қазақ әдебиетінің таразысы сияқты осы тектес зерттеу еңбектерді де өзге халықтардың рухани таным-таразысына ұсыну һәм таныту қажет. Қазақ әдебиеті өз қазанында қайнап келе жатқан, заман талабына енді мойынсұна бастады. Ештен кеш жақсы. Аударма өнері ең әуелі мемлекеттік деңгейдегі іс болғандықтан елдік идеологияның бір тетігін құрайды. Өлеңнің сыртқы пішіні ұқсас келгенімен, оның өзегі, дәні, ой мазмұны бөлек келуіне ғалымдар ерекше мән беруі дұрыс.

Әдебиеттер

1. Негимов.С, жауапты ред. М. Дүйсенов. Өлең өрімі - Алматы : Ғылым, 1980 – 134, [2] б.
2. Базарбаев М. Заман тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 325 б

ӘОЖ 821.512.122

ЭПОС СЮЖЕТТЕРІНДЕГІ ҒАЖАЙЫП ТУУ САРЫНЫ

Мамыт А.А.ф.ғ.к. доцент, Қуанбаева Ж.С. магистр-оқытушы

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье раскрывается художественная роль мотивов чудесного рождения батыров казахского героического эпоса.

Summary

The article reveals the role of the artistic motifs of the miraculous birth of batyrs of the Kazakh heroic epic.

Қаһармандық жырлардың сюжет желісіндегі ғажайып туу сарыны басқа фольклор жанрларымен салыстырғанда айрықша сипатқа ие. Халық туындыларындағы кейіпкердің ерекше дүниеге келу мотивінің ең көне түрі әйел құрсағына тотемнің әсерімен бала біту сарыны анаеркі (матриархат) кезеңі сенімдерінен туған болса, кейінгі дәуірде оның орнына атаеркі (патриархат) қоғамының аңсарын бейнелейтін сарындар ене бастайды. Соның нәтижесінде елі мен жерін сырт жаулардан қорғайтын болашақ керемет күш иесінің жаратылуына қатысты әкенің басымдылығы арта түседі.

Эпостық жырларда ежелгі тотем баба, әулие-әмбиелер болашақ батырдың дүниеге келуіне жәрдемдесуші, желеп-жебеушісі, перзенттің бойына ерекше қасиеттердің даруына себепші кейіпінде суреттеледі.

Батырлық эпос жанрындағы кейіпкердің керемет дүниеге келу сюжетінің қалыптасуы тарихи көркемдік даму барысында бірнеше дәстүрлі мотивтердің басын құрады. Фольклорлық проза жанрларында ғажайып туу мотивтерінің жеке сарындары ғана кедессе, эпоста бұл мотивтердің негізгі топтары түгелдей батырдың дүниеге келу сюжетін жасауға қатысады. Халық прозасы сюжеттерінің дамуын жан-жақты зерттеген ғалым С.Қасқабасов ғажайып туу эпизодына байланысты мынадай мотивтерді атап көрсетеді: а) тотем-бабаның баласы, ә) аталар аруағының жәрдемі, б) мұсылман әулие-әмбиелерінің көмегі, в) баланың төтенше жағдайда (әкесі үйде жақта) тууы» [1,240].

Батырлық эпостардың көпшілігінде перзентсіз ата-ана әулие-әмбиелерді аралайды. Зират басына түнеп, болашақ перзентті әулиелерден немесе аталар аруағынан тілеп алады. Жанр бітімінде ғұмырнамалық сюжеттің бір бөлшегі қызметін атқарып тұрған бұл мотивтердің дамуында тотемдік, шамандық, мұсылмандық таным-түсінікке қатысты көріністер түгелдей бейнеленеді. Әрине, әрбір таным белгілері заман ағымына сай басқаша сипатта суреттелгенімен, мотивтер мүлде түсіп қалмайды. Жанрдың көркемдік бітімінде мұсылман әулие-әмбиелердің алдыңғы қатарға шығуы батырлық эпостардың даму барысында ислам дінінің халық санасында орныққанын көрсетеді.

Батырлық эпостардағы ғажайып туу сюжетінің мотивтері бірін-бірі ығыстырғанда, бұрынғысы түгелдей жойылып кетіп соңғы пайда болған түрі ғана қалып қоймайды. Көне дәуірден бергі наным-түсініктердің белгілері жойылмай, барлығы қатар жүреді. Заманның өзгеруіне байланысты өзгеше сипатқа ие болады. Тотем-баба сарыны кейбір жырларда («Едіге батыр» т.б.) өзінің ежелгі қалыпын сақтап, кейіпкердің ата-анасы зооморфтік бейнеде суреттеледі. Ал, енді көптеген басқа эпостарда тотем-бабаның жаратушылық қызметі аталар аруағына немесе мұсылман әулие-әмбиелері образымен алмастырылған. Батырлық жырлардағы ғажайып туу мотивін сюжет құрамында пайдалану мақсаты да басқаша сипатталатындығын көреміз. Матриархат дәуіріндегі тотемдік наным-сенімдердің шарықтап тұрған кезеңінде ғажайып туу сарыны діни наным-сенім түсінік негізінде халық прозасында ғана көрініс тапса, кейінгі замандағы қаһармандық эпос жанрында бұл мотив батырды керемет етіп көрсету үшін қолданылатын көркем әдіс ретінде қызмет атқарады.

Қазақ батырлық эпостарындағы қаһарманның ғажайып туу мотивтерінің ең көне түрі тотем баба немесе тотемдік негізде пайда болған сарындар болып табылады.

Эпостық жырлардағы тотем-баба сарынына кейіпкердің жартылай аң бейнесіндегі қыз бен адамның некелесуінен туу мотивін жатқызамыз. «Едіге батыр» жырының Шоқан Уәлиханов хатқа түсірген нұсқасында батыр кәдімгі адамдардан емес, әулие мен су перісінің қосылуынан пайда болады. Жырда Баба Омар деген әулиенің Баба Түкті Шашты Әзіз атты ұлы жиырма бес жасында әулиелік жолға түседі. Ағұн дариясына келгенде, бір қыз Баба Түкті Шашты Әзізді көріп, суға сүңгіп кетеді. Қыздың артынан әулие де суға түсіп,

дарияның түбіне жетсе, алпыс ақ отау тігулі тұр екен. Отауға еніп, сұлу қызбен кездеседі. Әлгі қыз оны көре салысымен, етегіне жабысып: «Егер мені алмасаң, он бестегі күнәм мойныңда», - дейді. Жігіт ақылға салып, қызды алады да, некелеп үйленеді.

Қыз жігітке мынадай талап қояды: «Мен етігімді шешкенде аяғыма қарама, көйлегімді шешкенде, қолтығыма қарама, басымды жуғанда, шашыма қарама», - дейді. Бір күні жігіт уәдесін бұзып, жасырынып қараса: аяғы ешкінің аяғындай, көйлегін шешсе, қолтығынан өкпесі көрініп тұр, шашын жуып, бас терісін қолына алып тарап отырады. Қыз жігіттің көргенін біліп аспанға ұшып кетеді. Ұшып бара жатып: Ей, жігіт, ішімде алты айлық балам кетіп барады, Ніл дариясының басында Құмкент шаһарының қасына балаңды тастап кетермін, өзің тауып ал», - дейді. Баба Түкті Шашты Әзіз Ніл дариясын шарлап, Құмкент Шаһарының қасында жібек орамалға ораулы жатқан баласын тауып алады. «Елсіз, күнсіз жерде туды», - деп, атын Едіге қояды. Едігені өсіріп, баласының бар парызынан құтылған соң, Баба Түкті Шашты Әзіз ғайып болып, ұшып кетеді [2,25].

«Едіге» жырының Әбубәкір Диваев жинаған нұсқасында әкесінің аты аталмайды. Бір бай болыпты, өзі дәулетті, кемеңгер әулие екен, өзі перзентсіз болыпты деп баяндалады. Бұл жырда ол су перісінің қызына емес, аққу қызға үйленеді. Едігенің әкесі жер жүзіндегі әулиелердің басына зиярат етіп жүргенде түс көреді. Түсінде біреудің: «Құбыла жаққа қарсы жүре бер!» - деген даусын естиді. Өстіп, бірнеше жылдар сандалып, ешкім көрмеген, көзінен қайнап су атқылап жатқан бұлаққа тап болады. Осы бұлаққа үш аққу ұшып келіп, адамның иісін сезіп қонбайды. Бай жер қазып, соның ішінде жасырынып жатады. Біраз уақыттан кейін, аққулар қайта оралып, бұлаққа шомылады. Сол кезде бай аққулардың шешіп қойған киімдерін ұрлап алады да, олардың біреуін өзіне тұрмысқа шығуға көндіреді [3]. Оқиға желісі әрі қарай алдыңғы нұсқамен мазмұндас өрбиді.

Эпикалық батырдың дүниеге келуі керемет оқиғалармен өрнектелмесе, оның кейінгі ерен ерліктерін тыңдаушы қауым қабылдамас та еді. Жауға жалғыз шабатын батырдың жаратылысын ғажайып етіп суреттеу сарынының сыры осында жатыр.

Қалың қолға қарсы қаймықпай жалғыз шауып, жеңіске жетуінің себебі – батырды дүниеге келтірген киелі күш - әруақтар, пірлер, желеп жібеуші әулиелер. Сондықтан да біз қаһармандық жырлардағы батырдың іс-әрекетіне құдіреттің қасиеті дарығанын біліп, жойқын жорықтарын, ерлік істерін қабылдаймыз.

Қаһармандық жырларда қартайған әке-шешеден туды дегені болмаса, батырды дүниеге алып келетін де, атын қоятын да, желеп жебейтін де оның киелі иесі – тотем-бабалар, әруақтар, әулиелер, пірлер. Қартайған әке-шеше тек құдай ісінің обьектісі ғана. Ежелгі дәуірде мифтік оқиғалар, кейіпкерлері де өмірде болған шындық деп қабылданған. Ал, ертегі поэтикасы мифтік сюжетке арқа сүйегенімен, мифтегі шындықты жоққа шығаруға бағытталған. Миф пен

ертегінің шындыққа қатысы бір-біріне кереғар. Қаһармандық жырлардың көркемдік шарты, бұл тұрғыдан келгенде, мифке жақын. Эпос оқиғасы да өмірде болған шындық ретінде жырланады. Бірақ жанрлық ерекшелігіне қарай, миф-ежелгі тотемдік, анимистік, магиялық түсініктердің шындығы болса, эпос – тарихи сананың айнасы. Дегенмен, қалай болғанда да екі жанрдың әлеуметтік қызметіндегі жақындық ертегіге тән емес кейбір ортақ белгілерді сақтап қалған. Атап айтқанда, ертегіде ұмытылып бара жатқан мифтік қаһарманның өз басына тән қасиеттер эпоста басқа деңгейде қайта жаңғырған белгілермен көрініс табады. Қаһармандық жырлардың сюжеттік желісіндегі батырдың ғажайып туу мотиві осы ойымызға дәлел.

Батырлық эпостардың экспозициясы бір тұтас эпизодқа айналып, қаһарманның шыққан ортасы, елі-жұрты, мекені, ғұмыр кешкен мезгілі, балалық шағы сияқты деректерді көркем тұрғыдан жинақтайды. Бұл тұста мифтің көлемі кейде ұзарып, іштей бірнеше ұсақ оқиғалардың тізбегіне айналады. Мысалы, Шора батырдың дүниеге келуін мынадай оқиғаларға жіктеуге болады: баласыздық зары; баласыз Нәрік пен Құлқаныстың өз елінде де, жат жерде де қудалауға түсуі; әулиелерден бала сұрап мінәжат етуі; әулиенің (Баба Түкті Шашты Әзіз) басына түнеуі; әулиенің түсте аян беріп, тілегін қабыл етуі; Құлқаныстың жолбарыс жүрегіне жерік болуы; батырдың туылуы және оған ат қою. Егер осыларды сюжеттен тыс, мағынасына қарап жіктер болсақ, онда әрқайсысын жеке-жеке мотив ретінде қарастырар едік.

Батырдың ғажайып туу сарынындағы сюжеттік желіде әулие-әмбиелердің образы негізінен Баба Түкті Шашты Әзіздің бейнесінде суреттеледі. Қаһармандық эпостарда бас кейіпкерді дүниеге алып келетін де, кейінгі ерлік істерінің жебеушісі, кәміл пірі де осы бейне болып табылады.

Қазақ қаһармандық эпосында батырдың ғажайып туу мотивінде суреттелетін әулиенің бірі – Қызыр. Ол жыр сюжеттерінде батырдың ата-анасына көбінесе жол үстінде кездесетін болып бейнеленеді. Батырылық эпостың көпшілігінде (Алпамыс, Шора, Қобыланды, Бозмұнай т.б.) құдайдан тілеп, әулие қоймай кезген ата-анаға басына ақ шалма киген, көк есекке мінген, қолына аса таяқ ұстаған қария кейіпінде кездесетін образ кейде диуана делінсе, кейде оның Қыдыр ата екендігі айтылады. Жарылқаушы бейнесіндегі бұл кейіпкер перзентсіздік зарын тартқан кейуаналардың тілегін қабыл етеді. Қабыл етіп қана қоймай, дүниеге елін қорғайтын батыр келетінін айтып, кейде оның есімін (Алпамыс, Қобыланды т.б.) өзі атап кетеді. Эпос сюжеттерінің ғажайып туу мотивінде Қыдыр ата перзентсіз ата-ананың түсінде аян беру арқылы да (Шора, Сайын т.б.) тілегі орындалатынан хабар береді [4,54] .

Әулие әмбиелер мен ата-баба аруағына табыну сенімінің фольклордағы көрінісі – халық наным-түсінігінің ежелгі қатпарларын танытар белгі.

Ел аузындағы «Қырықтың бірі - «Қыдыр» деген сөздің астарында көне дәуірден бүгінге жеткен жарылқаушыға жолығу сенімі жатыр. Ислам дінін уағыздаушылар арасында Қызыр «Алланың құлы» деп айтылады. Осыған байланысты әңгіме құрандағы Мұсаның саяхаты туралы аңызда келтірілген.

Қызыр – мұсылман жазба ескерткіштері мен халық наным-сенімінен өзіндік орын алған образ.

Халық шығармаларында әулие-әмбиелер мен бабалар аруағының көмегімен болашақ батырдың туылыуы туралы эпизодтың эволюциясына байланысты ғалым С.Қасқабасов мынадай тұжырым жасайды: «Патриархалдық рудың шарықтаған тұсында бұрынғы тотем бабаларды аталар аруағы ығыстыра бастайды. Ескі аналық ру кезінде пайда болған образды жаңа образдармен ауыстыру басталады: бұрынғы әйел ру басын еркек алмастырады, көмекші әйелдер мен тотемдердің орнына еркектер мен аталар аруағы келеді. Соның нәтижесінде бұрынғы фольклорға да өзгеріс енеді. Ендігі жерде фольклордағы кейіпкерді тудыратын күнді, суды, желді, тотемді (аң мен өсімдікті) ата-ана аруағы ауыстырады. Ол әйелге кәрі шал болып кездеседі, немесе ақсақал боп түсіне кіреді де, әйелдің керемет бала тууына әсер етеді» [1,252]. Шынында, қаһармандық эпостардың сюжеттік желісіндегі белгілі бір эпизодтың жүйелі орын алуы не болмаса тұрақты образдардың сомдалуының генезисі мен эволюциясын зерделеу халықтың сан ғасырлық басынан кешкен тағдыр-талайы, таным-түсінігі мен наным-сеніміне терең бойлауды талап етер жауапты іс екені даусыз. Фольклорлық шығармалардың сюжет құрамында кедесетін мотивтердің қай-қайсы да елдің өткен тарихының ұзақ кезеңдік қатпарларынан қордаланған дерек көздері болып табылады.

Қаһармандық жырлардың сюжеттік желісіндегі батырдың ғажайып туу мотивінің жаңару, жаңғыруына байланысты ғалым С.Қасқабасов: «Эпостың кейінгі даму процесінде ескі мотивтер жаңа сарындармен толықтырылады. Ұлы жоқ әкенің байлығына көзқызарту, оны өлтіріп, байлығына ие болу үшін жалғыздығын бетіне басу секілді түсіндірмелер қазақ эпостарына бергі феодалдық замандарда енгізілген. Сондай-ақ көне мифтік, тотемдік көзқарастардың деңгейінде жырланатын эпостарда көркемдік бейнелеу құралдары да түрлі ырымдармен біте қайнасып жатады және олардың қызметін мотивтен бөліп алу қиын. Себебі эпоста этнографиялық суреттеулер (нақтырақ айтқанда салт, ырым) өздігінен қамтылып, өзгеге байланыссыз келтірілмейді. Олар белгілі бір оқиғаға тиесілі, сюжетті ілгері жылжытуға тікелей қатысты болғанда ғана алынады» [1,272], - деген тұжырым жасайды.

Эпостағы ғажайып туу мотиві жаңа сарындармен толықтырлуына орай, жырды орындаушылардың шығармашылық ізденісі нәтижесінде көркемделіп, қызықты эпизодтар үстемеленіп, жаңаша сипатта дамиды. Сондай эпизодтардың бірі – болашақ батырдың анасы жүкті кезінде түрлі жыртқыш аңдардың етіне (жолбарыстың жүрегі, қасқырдың талағы т.б.) жерік болу. Бұл оқиғаның негізгі мазмұнында батырға тотем аңның қайсарлық қасиеті дариды деген ежелгі таным-түсінік бар.

Қазақ қаһармандық жырларындағы ғажайып туу мотиві батырдың болашақтағы адам нанғысыз алып күш иесі болуының, он мың қолға жалғыз шабатын ержүректігінің, «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын», атқан

оқ дарымайтын құдіретілігінің құпия сырын алдын ала аңдату, сонымен қатар оқиға өрбуіне негіз болатын көркемдік-идеялық қызмет атқарады.

Идеализациялаудың, басқаша айтқанда батырдың мінсіз бейнесін жасаудың алғы шарты ғажайып туу мотивінде жатыр. Қаһармандық эпостардағы батырдың ерекше дүниеге келу сарыны тарихи тұлғаның эпикалық бейнеге көшірудің басты көркемдік тәсілі десек асылық емес.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы – Алматы: Ғылым, 1981. - 308 б.
2. Едіге батыр Халық эпосы // Текстологиясын қарап баспаға әзірлеген Е.Мағауин – Алматы: Айқап, 1993. - 76 б.
3. Едіге батыр // М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты-ның қолжазба орталығы, 100 бума.
4. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1986. - 264 б.
5. Шора батыр: Дастан – Алматы: Жалын, 1994. - 224 б.

ӘОЖ 811. 512. 122

ШЕГАРА ТІРКЕСТЕР

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Пірмаханова А.Е. 121-17 тобының студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент. Қазақстан.

Резюме

Основной целью является артикуляционно-акустическое описание звукосочетаний в казахском языке.

Summary

The purpose of research *is the articulacy-acoustic description of sound combinations in the Kazakh language for what it is necessary to solve the following problem.*

Екі сөздің шегарасындағы көрші дыбыстардың бір-біріне артикуляциялық тұрғыдан икемделе айтылуын шегара тіркес деп атап отырмыз. Шегара тіркестер жасалым белгілеріне қарай жіктеледі.

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің көпшілігі сөз шегінде кездесе береді. Мысалы, *жарғант, жарғабақ, ас-су, ер-тұрман, елтаңба, шаштараз, құстаңдай, басбармақ, қазмойын* т.б. [4, 248 б.]

Шегара тіркестің өзіндік ерекшелігін талдау үшін арнайы фонетикалық (инструментал) бағдарлама жасадық. Екі сөздің шегарасында алғашқы сөздің соңғы дауыссызы мен соңғы сөздің бастау дауыссызын бір дыбыс етіп алдық. Әрине әртүрлі дауыссыз етіп алсақ, талдауға жеңіл болатын еді. Өйткені олардың айрымашылығы көзге ұрып тұрады. Бірақ біркелкі белгісі бар бір дауыссыздың шегара түрленімін көрнекі көрсетуге күрделі болса да тиімді жағы бар: бір дыбыс, ал түрленім үлгісі екі түрлі.

Сонымен *ас-су* сөз тіркесін арнайы алып отырмыз. Шегара тіркес ретінде *сс* дауыссызы алынып отыр. Бір қарағанда тіркес сыңарларының арасында қандай айырма болуы мүмкін деген күмән туындауы мүмкін. Талдау кешенді түрде артикуляциялық сипаты мен акустикалық көрінісіне қарап жүргізіледі.

Алдымен *ассу* тіркесінің артикуляциялық моделінің тізбесін жасап аламыз (сурет 1). Тіркес құрамындағы дауыссыздың негізгі артикуляциялық белгілері бірдей: тіл ұшы, жуысыңқы, қатаң. Ал, бірақ, артикуляциялық тізбектен олардың өзара артикуляциялық айырмасын көреміз. Алғашқы дауыссыздың моделі езулік болса, соңғы дауыссыздың моделі еріндікті көрсетіп тұр. Ендеше тіркес тек жазба үлгісінде ғана бір дыбыстан (дұрысы бір әріптен) құралып тұр. Айтылым үлгісінде екі дыбысты естіп отырмыз. Араларында бір айырым белгісі бар екі дыбысты шегара тіркес етіп құрап тұрған олардың арасындағы тыныс (ритмикалық) әуеннің естілім белгісі екен.



Сурет 1 – *Ассу* сөзінің артикуляциялық тізбегі

Күрделі *ассу* сөзінің әуез естілімінің көрнекі белгісі оның акустикалық суретінен жақсы көрінеді (сурет 2).



Сурет 2 – *Ассу* сөзінің акустикалық көрінісі

Тіркестің жалпы созылымдылығы 320 мс, оның ішінде алғашқы сыңары 120 мс, екінші сыңары 200 мс. Дыбыс тіркесінің анық және нақты айтылғанын аңғарамыз. Ал тіркестің бедер таңбасына келетін болсақ, оның жиілік

көрсеткіші 7000-2000 Гц аралығын алып жатыр. Бедер таңбаның төмен қарай ығысқанын көреміз. Бедер таңбаның төмен ығысуы фонетикалық тұрғыдан заңды. Өйткені езулік дауыстылар жиілік шоғырының жоғарылауына себеп болса, еріндік дауыстылар, керісінше, төмендеуіне себеп болады. Ендеше тіркестің алғашқы сыңарының 5000 Гц деңгейіне келіп тоқтауы езулік *а* дауыстысына байланысты, ал соңғы сыңарының 2000 Гц дейін төмендеуі еріндік *ұ* дауыстысына байланысты болып тұр. Жиілік деңгейіне қарап тіркес сыңарларының арасындағы шегарасын табамыз. Егер акустикалық көрінісіне қарасақ тіркес құрамында екі түрлі дауысты бар сықылды болып көрінеді. Ал, бірақ, профессор С. Мырзабеков айтқандай, бұл жерде «қайталама тіркесті» [1, 101 б.] кездестіріп отырмыз. Бір дыбыстан тұратын тіркес сыңарларының екі түрлі акустикалық көрінісі оның кіріккен тіркес еместігін көрсетеді. Олай болса, сөз тіркесінің арасында кіріккен тіркес болмайды деген қорытынды жасаймыз.

Бұл жерде бір дыбыстың қайталануынан құралған тіркесті көрдік. Енді екі сөз шегіндегі әртүрлі дыбыстан құралған тіркестің артикуляциялық тізбегін құрастырып көрейік.

Мысалы, *ақдала (ағдала)* сөзінің құрамындағы *қд (ғд)* тіркесінің дыбыс құрамы жасалу орнына қарай да (тілшік/тіл ұшы), дауыс қатысына қарай да (қатаң/ұяң) айырым дыбыстар болып табылады. Олардың ортақ белгісі тек жасалу тәсілінде. Сөз тіркесінің құрамындағы барлық дыбыстарға артикуляциялық талдау жасамай, тек дыбыс тіркесін ғана қамтимыз (сурет 3).



Сурет 3 – *[Қ]ҒД* тіркесінің артикуляциялық тізбегі

Модельден көрініп тұрғандай тіркестің жазылым-айтылым үлгілері жарысып тұр. Басты айырым белгілері ұяң-қатаң, ал ортақ белгілері тоғысыңқы/тоғысыңқы, тілшік/тілшік. Сонда тіркес сыңарлары дауыс қатысына қарай ғана икемделіп тұр. Бұл жердегі басты фонетикалық мәселе болып тұрған заңдылық неде: осы тіркес кіріккен тіркес пе, әлде кірікпеген тіркес пе деген сұраққа жауап табу керек болады.

Тіркес сыңарларының *ағдала* айтылымына келетін болсақ, онда түгел икемделген. Алайда егер кіріккен тіркес болса, онда *ғ* дауыссызы босаң, яғни бастан-аяқ жуысыңқы болып айтылу керек (бақ - бағы, шық - шығып т.б.), ал бұл жерде ол тоғысыңқы болып айтылып тұр. Ендеше оның тоғысыңқы болып айтылуы тіркестің кірікпегенін дәлелдейді [2, 199 б.].

Оның жуысыңқы болып айтылуы да мүмкін, соның өзінде оның соң жағы тоғысыңқы болып кетеді, яғни жуысыңқы болып басталып, тоғысыңқы болып аяқталады.Тіркестің айтылым белгілерінің тізбегін құрастырайық.

қ(д)	қатаң	тілшік	тоғысыңқы	(таза тоғысыңқы)
ғ(д)	ұяң	тілшік	тоғысыңқы	(жуысыңқы › тоғысыңқы)
(ғ)д	ұяң	тіл ұшы	тоғысыңқы	(таза тоғысыңқы)

Тоғысыңқы дауыссыз алдыңғы дауыстымен тіркес құрап тұр. Әрине айтылым үстінде таза жуысыңқы болып та кездесуі мүмкін, бірақ ол қазақ тілінің төл тіркесінің әдеби айтылымы болмайды. Тіркес құрамындағы дыбыстардың фонетикалық икемделу мүмкіндіктері мол болып келеді. Мұның өзі сөйлеу үстіндегі дыбыс варианттарының «шексіз» екенін көрсетеді.

Ендеше шегара тіркестердің құрамындағы дыбыстардың басын құрап тұрған тыныс әуен (кейде ритмикалық екпін деп те атайды) екен. Сөз ішіндегі тіркестің кірігу күші тұрақты болады, сөз шегіндегі тіркестің кірігу күші тұрақсыз болып отыр. Айырым белгілер жүйесі:

сс	нық	әуез	тұрақты
сс	босаң	әуен	тұрақсыз

Жалпы алғанда сөз ішіндегі тіркес түрленімі мен сөз шегіндегі тіркес түрленімінің арасында айтарлықтай айырма байқалмайды. Түрленімнің сапалық өзгерістерінің белгілері ортақ (ұқсас) шығып, айырмашылық олардың сандық дәрежесіне тән. Тіркестің сөз ішінде қарқын күші мен созылымдылығы сөз шегіне қарағанда басымдау келеді. Сондықтан да сөз ішіндегі тіркес дыбыстарының артикуляциясының өзара кірігуі нық көрінеді [5, 199 б.].

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің жаңаша жіктелімін олардың жазылым-айтылым үлгілеріне, дыбыс құрамына, құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен үндесім (естілім) белгілеріне қарай жан-жақты тарата жіктеп қарастырғанда тіркестің фонетика-фонологиялық толық сипаттамасы алынды.

Сөз іші мен сөз шегарасындағы тіркес құрамы бірдей болғанымен, тіркестің фонетикалық табиғаты екі түрлі болып шықты, араларында ортақ белгі жоқ.

Шегара тіркестердің құрамындағы дыбыстардың басын құрап тұрған тыныс әуен (кейде ритмикалық екпін деп те атайды) екен. Сөз ішіндегі тіркестің кірігу күші тұрақты болады, сөз шегіндегі тіркестің кірігу күші тұрақсыз болып отыр.

Дыбыс тіркесі болу үшін тіркес құрамындағы дыбыстардың арасында тығыз артикуляциялық байланыс болу керек. Әрбір артикуляциялық байланыстың өзіне тән акустикалық көрінісі мен перцепциялық нәтижесі болады. Қазақ сөйлермені осы белгілерді түйсіну нәтижесінде қазақ сөзін қазақы қабылдайтын болады.

Егер осы белгілердің ішінде орфографияның немесе кірме әріп-дыбыстардың ықпалымен қандай да бір ағаттық кетсе, онда ол сөз қазақы естілмейтін болады. Қазақ тіліндегі төл дыбыстар тіркесін анықтайтын бірден-бір амал (критерий) осы болып табылады.

Қазақ тіл біліміндегі дыбыс тіркесіне арналған зерттеулер дыбыс тіркестерінің әріп тұлғасын тізіп, олардың санын санамалап шығумен шектеліп келді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің фонетикалық (айтылым) заңдылықтарына бағынбайтын дыбыс тіркестері, оның үстіне орфографиялық тұрғыдан жаңсақ дыбыс тіркестері пайда болып жатыр. Олар әлі күнге дейін қазақ тіліне тән фонетикалық құбылыстар (бірліктер) ретінде оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарына еніп келеді. Мұндай жағдайдың қазақ тілінің табиғи айтылым үлгісіне теріс ықпал ететіні сөзсіз және тыңдаушылар үшін де теріс мәлімет болып табылады.

Әдебиеттер

1. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Наука, 1970. – 201 с.
2. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1999. – 199 б.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 320 б.
4. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. –248б.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
6. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: В 4-х т. – Санкт-Петербург: Императорская Академия наук, 1888-1911. – Т.1. – 968 с.
7. Хусаинов К.Ш. Казахский язык и В.В. Радлов. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 171 с.
8. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1960. – 115 с.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 361 б.
10. Айдаров Ғ. Көне (орхон) түрік жазуы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 282 б.

УДК

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННАЯ ИНФРАСТРУКТУРА ВУЗА В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Беркінбай А.К., Мейірбек Н.Қ. ОҚМПУ, «Ағылшын тілі» кафедрасы,
Гусейнова М.-2 курс студенті
Шымкент, Қазақстан

Түйін

Мақалада ағылшын тілін қашықтықтан оқытудағы заманауи технологиялар қарастырылған.

Summary

The article discusses modern technologies in distance learning of English.

Цель исследования. Изучить возможности дистанционного обучения для качественного педагогического образования в условиях пандемии коронавируса COVID-19. Актуальность. В XXI веке в условиях информатизации и компьютеризации всех сфер жизни общества и человека объектом широкого круга научных исследований стало изучение условий и перспектив дистанционного обучения, дающего возможность освободить образование от ограничений пространства и времени. Указанное направление научных исследований значительно актуализировалось в условиях пандемии коронавируса COVID-19 [1]. Во всех образовательных учреждениях значительно возросла потребность использования дистанционных и электронных технологий обучения. Безусловным положительным моментом дистанционной формы обучения является то, что она создает специальную учебную среду для самостоятельного изучения студентом необходимого объема учебного материала, используя все многообразие информационно коммуникационных ресурсов, с учетом своей скорости усвоения материала [2]. В условии объявленной самоизоляции возникла необходимость разработать информационное сопровождение учебного процесса для перехода в формат дистанционного обучения. Быстро освоиться смогли преподаватели, которые имели навык работы с компьютером, опыт дистанционной работы со студентами и специализированную библиотеку учебного материала. Но даже для подготовленных преподавателей перевод всего учебного процесса в сжатые сроки в дистанционный формат оказался сложным и трудоемким [3]. Материалы и методы. Обзор и анализ научных исследований.

Обсуждение. В связи со сложившейся ситуацией пандемии в мире и, соответственно, объявленным карантином весь мир сейчас живет в формате вынужденной изоляции. Единственным способом коммуникации без последствий заражения является Интернет и социальные сети. Система образования в Казахстане, как и во всем мире, перешла в формат дистанционного обучения [12]. Характеристиками дистанционного обучения, оцениваемые по-разному исследователями, являются следующие моменты: гибкость, модульность, параллельность, дальнодействие, асинхронность, охват

(массовость), рентабельность, новая роль преподавателя (координация познавательного процесса, руководство учебными проектами), требования к учащемуся (высокая степень мотивации), новые информационные технологии[4]. Осуществление инновационных преобразований в технологии обучения становится приоритетным направлением развития и в сфере педагогического образования. Использование современных информационных технологий должно позволить перевести процесс обучения в формат доступного не только без снижения качества, напротив, обеспечивая, его более высокий уровень. Технологии дистанционного обучения способны обеспечить важную составляющую в изучении любой педагогической специальности – это визуализацию всего учебного процесса. Принимая во внимание положение психолого-педагогических исследований о том, что применение электронных обучающих систем со средствами визуализации обеспечивает более успешное восприятие и запоминание учебного материала, позволяет проникнуть глубже в существо познаваемых явлений можно утверждать обоснованность инновационных преобразований. Повышение эффективности познавательного процесса обусловлено одновременной активизацией работы обоих полушарий: левое полушарие стабильно активно при традиционной форме обучения, а правое полушарие, отвечающее за образно-эмоциональное восприятие предъявляемой информации, активизируется при визуализации. Таким образом достигается творческое и профессиональное развитие личности обучающегося [5]. Визуализация учебного материала должна позволить избежать ряда проблем свойственных дистанционному образованию. Так, тип коммуникации магистранта с вузом при дистанционном образовании не предстает как обмен блоками текстов, разрастающихся до гипертекстов. В ЮКГПУ в условиях отдаленного обучения видеоконференции на платформе ZOOM показали себя как наиболее эффективные средства обучения в университете. Системы видеоконференцсвязи позволили осуществлять интерактивные контакты магистрантов и преподавателей в реальном масштабе времени, проведение различных форм учебных занятий, совместный просмотр и обсуждение учебного материала (видеосюжеты, графики и т.п.).

Вместе с тем, определяющим фактором эффективности дистанционного образования, действенной организации и проведения онлайн учебных занятий и самостоятельной работы обучающегося является системное размещение учебно-методической информации на сайтах и образовательных порталах с использованием оптимально структурированной интернет-среды [6]. Информационно-коммуникационные системы okmpu.kz. 1. Сайт университета okmpu.kz находится в открытом доступе для всех. Можно прочитать информацию о ВУЗе, ознакомиться со структурой, с образовательным процессом и программами, профессиональным развитием, с научно-исследовательской деятельностью университета. На сайте размещена библиотека, где есть гиперссылки на информационные электронные ресурсы, которые доступны для сотрудников и обучающихся ВУЗа. Здесь можно найти

кодекс академической политики, расписание занятий. На этом же портале выставляются новости, полезная информация и объявления, касающиеся образовательного процесса и жизнедеятельности университета [8]. 2. Студенческий портал okmpu.kz позволяет ознакомиться со всеми сферами жизнедеятельности университета. Так же здесь можно найти учебно-методические материалы всех кафедр по всем дисциплинам. Тут же публикуется расписание экзаменационной сессии [9]. 3. Информационная система okmpu.kz. Студент может посмотреть журнал своих оценок по предметам, индивидуальный учебный план , академический календарь, транскрипт [10]. 4. Система дистанционного обучения moodle.okmpu.kz. «Moodle» – это аббревиатура слов «Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment» (модульная объектно-ориентированная динамическая среда обучения) [7]. В течение семестра на этот портал преподавателем загружаются задания в виде прохождения тестов, написания ответов в письменном виде или в качестве презентации [11]. 5. Автоматизированная информационная система okmpu.kz предназначена для обеспечения оптимизации работы всех участников процесса и электронного документооборота. На портале доступны государственные услуги и 16 услуг учебно-образовательного и социально бытового профиля [13]. 6. Интернет платформа для сдачи письменного экзамена univer.okmpu.kz Студент может сдать экзамен с любого из следующих устройств: смартфон, планшет, ноутбук, ПК. Приступить к экзамену нужно строго по установленному в расписании времени. Экзамен длится 100 минут. Во время экзамена обучающемуся нельзя обновлять страницу, открывать и переходить на другие вкладки в браузере, сворачивать браузер. Помимо самих вопросов, к ним могут быть прикреплены таблицы и картинки. В конце экзамена необходимо нажать на кнопку «отправить», там самым завершить экзамен. Далее ответ студента проходит проверку на антиплагиат и в соответствии с эти выставляется оценка. На платформе есть раздел «Мои оценки» [14]. 7. Облачная платформа для проведения онлайн занятий Zoom. Данная программа удобна и легка в использовании для дистанционного образования, конференций. С помощью этой системы можно проводить как индивидуальные, так и групповые лекции, практические занятия. Студент может присоединиться к онлайн конференции через компьютер, ноутбук, планшет, даже с телефона [15]. Выводы. Таким образом, хорошая организация и интенсивное включение обучающихся и преподавателей в дистанционное обучение в сфере профессионального педагогического высшего и послевузовского образования предоставляет возможность полноценно овладеть всеми возможностями компьютерных, телекоммуникационных и интернет технологий. Дистанционное образование с применением веб-технологий соответствующим образом удовлетворяет требованиям к современному педагогическому образованию и дополняет существующую модель подготовки преподавателей школы.

Литературы

1. Никифорова В.В. Дистанционное обучение в условиях пандемии // XXXIII научно-исследовательский конкурс. Пенза. Издательство «Наука и посвящение» 2020. С. 104-106
2. Новомодный И.Ю. Организация работы образовательного учреждения во время дистанционного обучения // Проблемы педагогики. - 2020 - №2(47). – С. 69-71
3. Козьмина И.С. Использование информационных и телекоммуникационных технологий при экстренном переводе учебного процесса в дистанционный формат в условиях самоизоляции // Международный научно-методический конкурс «Преподаватель года 2020». Петрозаводск. Издательство: «Новая наука» 2020. С.136-146
4. Макарова В.И. / Возможности дистанционного обучения в профессиональном педагогическом образовании // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2011 - № 10.- С. 107-108
5. Куприянова И.Н. Дистанционное обучение как средство развития высшего последипломного педагогического образования // Педагогика и образование в Юге. – 2010 - №2. – С. 5
6. Гладилин Г.П. Возможности использования элементов дистанционного образования во время учебной и производственной практики в педагогическом вузе // Современные наукоемкие технологии.- 2014. - №10. – С.114
7. Журавлева Л.В. Дистанционное обучение с использованием вебтехнологий в реализации непрерывного педагогического образования // Электронное обучение в непрерывном образовании. – 2015. – №1-1. – С. 257-267
8. Интернет ресурс. – URL: http://www.qmu.kz/ru
9. Интернет ресурс. – URL: https://okmpu.kz.sharepoint.com/SitePages/%D0%-93%D0%BB%D0%B0%D0%B2%D0%B
10. Интернет ресурс. – URL: http://okmpu.kz/index
11. Интернет ресурс. – URL: http://moodle.okmpu.kz/moodle/login/index.php
12. Интернет ресурс. – URL: http://www.studmedlib.ru/cgi-bin/mb4x
13. Интернет ресурс. – URL: https://okmpu.kz/web/index.php
14. Интернет ресурс. – URL: https://univer.okmpu.kz/includes/student_t.php
15. Батайкина И.А. Платформа для проведения онлайн-занятий // Символ науки. - 2020 - № 5. – С. 174-175

ОӘЖ 811.512.122

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ

Мырзабекова С. Б.

№ 5 М.Горький атындағы ЖОМ қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье исследуется Государственная программа образования – как новый подход обучений казахского языка

Summary

This article examines the State Education Program - as a new approach to teaching the Kazakh language

Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты алғаш

ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда Елбасы, тұңғыш президетіміз Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз — белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деген.

Қазақстан - 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр[1].

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі шиыршық қағидатпен берілуі.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуін ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады [2].

Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым.

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.
- Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.
- Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады.
- Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.
- Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді.мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

1.Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2.Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

3.Ұжымдық және жеке іс-әрекеттертәсілдеріне үйіретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар [3].

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы –оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – эссені қолдана білу. Өз пәнімде эссені жиі қолданымын, оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Эссе - жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты: Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;

1 Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
2 Оқырмандарды ақпараттандыру;
3 Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
4 Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;
5 Көңіл-күйіңді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
6 Іс-әрекетке түрткі болу.

Эссе жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады. Қазіргі кезде эссе жазуға оқушылар төселіп келеді. Оның нәтижесін де көріп отырмыз.

Мен жаңа сабақты проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл — сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отырдым.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіземін:

1.Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану;

2.Сабақты түрлендіріп өткізу;

3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» - деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Әдебиеттер

1 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». ҚазАқпарат - "ҚазАқпарат" 17.01.2014.
2 Қалимұқашева Б. Классикалық және қазіргі заманғы әдістер үйлесімдігі. // «Ұлағат». 2001. №1
3 Сәдуақасова Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыру шарттары. Автореферат. П.ғ.к.дәрежесін алу үшін. А. 2004. 26 б.

ОӘЖ 82.02/01

ӨЗБЕК ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Сайдазимова Х. С.
№ 81 Ұлықбек ЖОМ өзбек тілі және әдебиеті мұғалімі, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются классификации этапов становления узбекского языка

Summary

This article discusses the classification of the stages of the formation of the Uzbek langu

Біздің елімізде жүргізіліп жатқан түбегейлі реформалардың негізінде экономикалық реформалармен қатар рухани, білім беру, қоғамдық-саяси және құқықтық реформалар жатыр. Әсіресе, біздің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында нарықтық экономика қатынастарының өсіп келе жатқан қалыптасуы, адамның ойлауының өзгеруі, ғылымның, білімнің, мәдениеттің, руханият пен ағартушылықтың, сонымен қатар қазақ тілі мен тіл мәдениетінің ұрпақтан ұрпаққа дамуы. Ол алдағы тарихи әдет-ғұрып, дәстүр, әдет-ғұрып, өмір салты мен ежелгі құндылықтардың басты критерийі ретінде пайда болды.

Тіл мамандарының айтуы бойынша біздің дәуіріміздің IV ғасырында түркі тілдері үш топқа бөлініп, қарлұқ, қыпшақ, оғыз топтары пайда болды. Олардың ішіндегі ең көне жазба тіл - қарлұқ тобы негізінде қалыптасқан ежелгі өзбек тілі. Тарихтағы әдеби және ғылыми еңбектердің көпшілігі осы тілде жазылған. Навои, Бабур, Лутфи сияқты сөз шеберлерінің еңбектерімен бұл тіл одан әрі жетілдіріліп, дамыды.

Белгілі орыс тарихшысы А.П.Григорьев былай деп жазды: «Алтын Ордада қыпшақ диалектісі ауызекі және жазбаша тіл ретінде қолданылған болса да (XIII-XIV ғғ.), ресми хат-хабарлар мен көркем мәтіндерде шығатай диалектісі, немесе ескі өзбек тілі қолданылған».

Өзбек ағартушы және тамаша жазушымыз Абдулла Авлони: «Әлемдегі әрбір ұлттың бар екендігін көрсететін айналы өмір - оның тілі мен әдебиеті. Ұлттық тілді жоғалту - ұлттың рухын жоғалту деген сөз» - деген.

Абдулла Авлонидің ана тілі мен әдебиетін бұрмалауға, оны басқа тілдермен шатастыруға, мазмұнын өзгертуге, сайып келгенде, бір тілді екінші тілден жоғары қоюға, тілдің психикасын бұрмалауға бағытталған кез-келген әрекетке қарсылығы келесі сөздерінен айқын көрінеді, дәлелденді. Ол: «Зығыр майын қосып, ондатра етін жасау сияқты, тілді араластыру тілдің рухын бұзады. Біздің ата-бабаларымыз өсірген және жасаған қасиетті тіл, әдебиет бізді ешқашан айнымайды. Әлемнің рахаты - адал достармен сөйлесу» [1].

Бұл фактілер біздің ата-бабаларымыз бен ұрпақтарымыз жасаған өзбек тілінің ғасырлар бойы дамып, түркі тілдес ұлттар мен халықтар арасында таралып, жылтырай түскенін, жоғары мәдени тілге айналғанын және оның тарихы үшін маңызды екенін куәландырады.

Әрине, өзбек халқы өз алдына басқа түркі халықтары сияқты XV ғасырдың орта тұсында отау тіккенімен, оның құрамына енген ру, тайплық одақтардың тарихы тым әріде. Түркі халықтарының Орхон-Енисей, Талас жазбалары (V-VIII ғасыр), ерте орта ғасырлық «Құтадгу білік» (XI ғасыр), кейінгі орта ғасырлық «Мұхаббатнама» (XIV ғасыр) тәрізді әдеби жәдігерліктері болған. Ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын көрсететін М. Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік» (XI ғасыр), «Оғызнама» (XIV ғасыр) сияқты ескерткіштері де бар. Бұл аталған мұраларға өзге де түркі халықтары

тәрізді өзбек халқының құрамына енген ру, тайпапардың да қатысы болғандығы даусыз. Сондықтан аталған көне түркі, орта түркі дәуірлеріне қатысты жазба үлгілердің өзбек тілі тарихын зерттеуде, өзбек тілінің ертедегі жай-күйін сипаттауда, сондай-ақ өзбек әдебиетіндегі көркемдік ой-тәжірибенің бастау жолдарын анықтауда маңызы айрықша. Осы тұрғыдан алғанда оларды өзбек тіліне, өзбек әдебиетіне қатысы бар деуге болады. Бірақ бұларды халықтық негіздегі әдеби тілде жасалған төл тума деп тануға болмайды. Өзбек халқының өз алдына дербес халық болып қалыптаса бастаған тарихына тоқталсақ өзбек этногенезіне Орта Азияны мекендеген ежелгі соғдылық, хорезмдік, бактриялық, ферғаналық тайпалар мен сақ, массагет тайпалары аздап та болса өз үлесін қосты.

Өзбек ұлтының қалыптасуы тарихи деректерге қарағанда ұзаққа созылғандығын аңғаруға болады, оның құрамы үлкен үш топқа бөлінді: бірінші топ — көгалды алаптардағы отырықшы халықтар арасындағы өзбектер. Бұлардың басты белгілері ру мен тайпаға бөлінбеді, суармалы егіншілікпен, қолөнерімен, саудамен шұғылданды, қалалар мен ірі қыстақтарда тұрды. Өзбектердің бұл тобы Ташкенттің көгалды алқабы мен Ферғана алқабын, Хорезмді мекендеген. Олар өзбек халқының қалыптасуына, көшпелі өзбек пен өзге де көшпелі түркі тайпаларының отырықшылануына едәуір ықпал жасады.

Екінші топ - Мауераннахрға моңғол дәуіріне дейін және Шыңғыс хан заманында ауып келген түркі-моңғол тайпаларының ұрпақтары (қарлұқ, барлас, қалтатай, моғол, т.б.), бұлар отырықшы халыққа сіңіскен жоқ, жартылай көшпелі өмір сүріп, ру-тайпалық дәстүрлерін сақтап қалды. Олардың көпшілігі өздерін «түрікпіз» деп атады.

Үшінші топ - XV ғасырдың аяғында Дешті Қыпшақтан ауған өзбек тайпаларының ұрпағы. «Өзбек» атауы осы тайпалармен бірге келді. Бұл тайпалар шежіре деректерінде «92 баулы өзбек» деп аталады. Бұлардың көпшілігі орта ғасырларда-ақ әбден белгілі болған қыпшақ, найман, жалайыр, қаңлы, қытай (хитай), қоңырат, маңғыт, дүрмен, қатаған, қырық, сарай, кенегес, қият, құтты, ұйғыр, т.б. тайпалар мен халықтар еді. Бұлар, ең алдымен, қазақ, сосын барып өзбек секілді бірқатар түркі тілдес халықтардың құрамына кірді.

Өзбектердің этнографиялық қалыптасуына (әсіресе Хорезмде) оғыздардың да ықпалы болды. XVI ғасырда Бұхар хандығы, Хиуа хандығы, XVIII ғасырдың бас кезінде Қоқан хандығының құрылуы өзбектердің ұлт ретінде қалыптасуын ұзақ уақыт тежеді. Олар тек XX ғасырда Кеңес өкіметі тұсында ғана ұлт ретінде қалыптасты. Кеңестік жүйе олардың әрбір аудандағы өзіндік мәдениетін бір арнаға күштеп түсірді. XV - XVIII ғасыр десек, оның арғы-бергі кезеңдерінде өзбек халқында жазу-сызу немесе сауатты адамдар болмады деудің қисыны келмейді. Сол кездегі шағатай аталған немесе орта азиялық түркі тілі қоғамының әр түрлі мәдени қажетін өтуде үлкен роль атқарғаны белгілі. Бірақ бұл жазба әдеби тіл де халықтық тілге негізделген төл әдеби тілі емес, түркі халықтарына ортақ тіл болатын дегенмен осы тілде белгілі мөлшерде адамдар осы тіл арқылы қарым-қатынас жасаған. Қоғамның гуманитарлық-

экономикалық өмірінде әдебиет пен өнер, қоғам және гуманитарлық сана тарихымен байланыспай өзбек әдеби тілінің қалыптасуы және дамуын қарастыруға болмайды. Себебі әдеби тіл ұлттық мәдениеттің бір түрі ретінде қоғам дамуымен байланысты. Өзбек әдеби тілі өзінің қалыптасу және дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қазіргі күндерге дейін өте күрделі даму жолдан өтті.

Сан ғасырлар бойы өзбек әдеби тілінде сыртқы және ішкі әсердің негізінде болып келген сандық және сапалық өзгерістерге өту жолымен жалғасты. Осыған орай тілдің ішкі құрылысындағы өзгерулер мен байланысты өзбек әдеби тілінің даму кезеңі бір-бірімен жалғасып тұратын бірнеше кезеңдерге бөлінеді.Әдеби тіл өмірінде түрлі қоғамдық жағдайлардың дамуы жайлы, тіл және қоғам, тілдің дамуына әр-түрлі тарихи-гуманитарлық және мәдени-гуманитарлық амалдар жайлы білімге негізделеді. Тіл дамуының ішкі ережелері жайлы білім - тілдің халық тарихымен байланысты түрде дамуы жайлы ілім мен тығыз байланысты болып, олар бір-бірін толықтырады.

Демек, жоғарыда көрсетілген ережелер негізінде өзбек әдеби тілінің тарихи қалыптасуын кезеңдерге бөлу мәселесі өте маңызды. Әдеби тіл тарихы осы тілде сөйлейтін халық тарихымен, әдеби тілдің түзілімі, құрамдық құрылысындағы өзгерулер оның гуманитарлық міндеттерімен тығыз байланысты. Сол себепті өзбек әдеби тілін тарихын кезеңдерге бөлуде зерттеуші ғалымдар тарапынан алға қойылған идеялар, жалпы ережелер бір-бірінен ұқсастығы байқалады. Ал бұл жағдай тіл құрылысындағы өзгерістердің оның қоғамдық міндетіндегі өзгерулермен, әдеби тіл тарихының халық тарихымен тығыз байланыстылығын айқындайды. Өзбек әдеби тілі тарихын кезеңдерге бөлу бір тараптан өзбек халқының қалыптасуы, оның өзіне ұқсас күрделі тарихи дамуы кезеңімен байланысты болса, екінші тараптан, ежелгі жалпы түркі әдеби тіл құрылысында және де қазіргі түркі тілдер зерттеулерінде өзбек әдеби тілінің иеленген орны өзіне ұқсас қасиеттерін анықтаумен байланысты.

Өзбек әдеби тілі тарихын кезеңдерге бөлу түркі тілдерін зерттеу мәселесімен де тығыз байланысты. Себебі өзінің сөз байлығы, дыбыстық құрамы және грамматикалық қасиеттері жағынан көпшілік түркі тілдер бір-бірімен өте ұқсас болады. Бірақ олар өзіне ұқсас қасиеттерімен бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Ал бұл қасиеттерді анықтау түркі тілдерін зерттегенде ғана қарастыруға болады. Кезеңдерге бөлу үшін өзбек тілі және оған туыстас туркі тілдердің келіп шығуы, даму кезеңдерін зерделеу, өзара ара-қатынастарын салыстыра зерттеуді қажет етеді. Түркі тілдерді зерттеу және оның даму тарихын кезеңдерге бөлу мәселесіне келсек әдеби тіл тарихыда ғалымдар жағынан түрліше кезеңдестіріледі.

Бұл жөнінде С.Е.Малов өзбек әдеби тілі тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырады:

1. Ұйғыр әдеби тілі;
2. Шығатай әдеби тілі;

3. Өзбек әдеби тілі.

Бұл кезеңдерге бөлуден біз қазіргі өзбек әдеби тілін шығатай әдеби тілінен келіп шыққандығын аңғарамыз. Шығатай (көне өзбек) әдеби тілі орнында, ұйғыр әдеби тілінен келіп шығады дегенді көруге болады[2].

А.Н.Самайлович өзбек әдеби тілі тарихын үш дәуірге бөледі:

1.Қараханидтер дәуірі әдеби тілі (X-IVғасырлар). Бұл дәуір қараханидтер мемлекетінде қалыптасқан және кең қолданылған шығыс түрк әдеби тіл және осы тілде жазылған шығармалармен ажыралып тұрады;

2.Оғыз-қыпшақ әдеби тілі (XII-XIVғасырлар). Бұл дәуір хорезмде оғыз-қыпшақ диалектті негізінде дамыған батыс түрк әдеби тілі және бұл жерде жазылған шығармалармен байланысты;

3.Орта Азия түркі әдеби тілі (XIV-XX). Бұл кезең тілі осы ғасырлар барысында түркі-көне өзбек әдеби тілінде жазылған шығармалармен байланысты. Ал Қазіргі өзбек әдеби тілі Орта Азия түркі әдеби тілінің жалғасы деп қарастырған [3].

А.М.Шчербак өзбек әдеби тілі тарихын төрт кезеңге бөледі:

1.Өзбек әдеби тілінің ең ежелгі кезеңі (X-XIII ғасырлар). Бұл кезең әсіресе шығыс түркі әдеби тіл және белгілі дәрежеде батыс түркі әдеби тіл мен байланысқан;

2.Өзбек әдеби тілінің орта –«шығатай» тілі кезеңі (XIV-XVII ғасырлар).Бұл дәуір тілі әсіресе көне өзбек әдеби тілі жәнеде осы тілде жазылған шығармалармен байланысқан;

3. Өзбек әдеби тілінің жаңа кезеңі (XVII-VIII). Бұл дәуір хандық дәуірі әдеби тілін жалпылап алады;

4. Өзбек әдеби тілінің ең жаңа дәуірі (XI-XX ғасырлар).

О.Усманов өзбек әдеби тілі тарихын бес кезеңге бөледі:

1 . Ежелгі түрк тілі кезеңі (VI-IX ғасырлар)

2. Ежелгі өзбек тілі кезеңі (IX-XII ғасырлар)

3. Көне өзбек тілінің алғашқы кезеңі (XIII-XIV ғасырлар).

4. Көне өзбек тілі (XIV-XIX ғасырлар)

5. Қазіргі дәуір өзбек әдеби тілі [4].

Демек, өзбек әдеби тілінің тарихы, әдеби тілдің қалыптасып, дамуы алдымен қоғамдық ой-сананың кемелденуіне, халықтың мәдени өрлеуіне, әсіресе көркем әдебиеттің кең өріс алуымен тікелей байланысты. Тарихи даму, қосылу, және орталық жағдайда ажыралып шыға бастаған түркі тілдері қоғамының маңызды байланыс құралы қызметін атқарды.

Өзбекстанда ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де әдебиет пен өнер саласында жұмыс істейтін белгілі лингвистер түркі тілдерінің байлығы мен ерекшеліктерін, оның ішінде өзбек тілі әлем тілдерінің ішіндегі ең әдемі және әсем тіл екенін атап өтті.

Әдебиеттер

1. Абдулла Авлоний. Туркий гулистон ёхуд ахлоқ. -Тошкент.:Ўқитувчи, 1992 .
2. Абдурахманов Г., Шукуров Ш. Узбек тилининг тарихий грамматикаси. Морфология ва синтаксис. - Тошкент, 1973.

3. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы «Мектеп баспасы» Алматы, 1971.
4. Айдаров Ғ., Құрышжанов А., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. «Мектеп баспасы» Алматы, 1971.

ОӘЖ 82.02/.12

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ ТУЫСТАСТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Халкназарова Ш.Д.
№ 81 Ұлықбек атындағы ЖОМ өзбек тілі және әдебиеті мұғалімі, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В статье исследуется близость и общий корень казахского и узбекского языков

Summary

The article explores the proximity and common root of the Kazakh and Uzbek languages

Өзбек — өрістес ел,
Қырғыз — қоныстас ел.
Қарақалпақ — қарындас ел,
Түрікпен — тамырлас ел - деп

қазақ атам бекер айтпаған. Тіл - адамдардың өзара қарым-қатынас құралы және Жаратушының адамға берген баға жетпес сыйы. Тіл сонымен қатар ұлттардың ұлттардан ерекшеленетін басты белгілерінің бірі болып табылады. Әлемдегі кез-келген ұлттың өзіндік тілі, баға жетпес байлығы, мақтанышы, құтқарушысы бар. Ақылды сөздер, өлеңдер, дастандар, әндер ең алдымен ұлттың ана тілінде туады. Ұлт болған сайын оның тілі өмір сүреді, ал оның тілі өмір сүрсе, басқа халықтар арасында өзіндік беделге ие болады. Әр ұлттың өз тілі бар. Кеңес Одағы кезінде Одақ тілі ретінде орыс тілі дамыды. Ол әлем тілдерінің деңгейіне көтерілді. Атап айтқанда, мыңдаған ғасырлар бойы тарихы бар түркі халықтары ана тілін әлемдегі басқа ұлттардың тілінен кем емес деп дәлелдеді.

Орхон-Енисей руникалық жазу үлгілерін оқуға деген орыс ғалымдарының да, шетелдік ғалымдардың да тарапынан болған талпыныстардың бәрі сәтсіз аяқталды. Тек 1893 жылы (желтоқсан) ғана Дания ғалымы В.Томсен құпия жазу таңбаларының дыбыстық мәнін дұрыс ажыратып, ескерткіштердің түркі халықтарының мұрасы екенін анықтап шықты.

Зерттеуші көне мұраларды оқу барысында дауыстылардың жуан, жіңішке варианттармен қолданылатындығын байқайды, бұл құбылыс түркі тілдерінің басты заңдылығы сингармонизмге сәйкес келеді. 1894 жылы қаңтар айында В.В.Радлов В.Томсеннің оқу тәсілін негізге ала отырып, «Күлтегін» кейін «Білге қаған» ескерткіштері мәтін оқып, аударып шығады. Бұл жаңалық Ресейдегі де шетелдегі де шығыстанушы ғалымдардың түркі халықтарына деген көзқарастарын өзгертіп, түркі тілдерін зерттеу ісі қарқынды түрде дами түсті.

Тілді қолданушылар әр заманда оның өзіне дейінгі жинақталған сөздік қорын, қалыптасқан заңдылықтарын қолдана отырып, тілішілік және тілден тыс факторларға байланысты өз тарапынан әртүрлі ереже-қағидаларды енгізетіні,

сөздік құрамды әртүрлі қырынан байытатыны және қандай да бір бөлігін қолданыстан мүлде шығарып тастайтыны, я болмаса бұрыннан келе жатқан қолданыстарды әртүрлі қырынан өзгертетіні белгілі. Тілді осындай даму және қалыптасу заңдылықтарын қазіргі кезде қолданылатын тілдердің деректерімен салыстыра отырып айқындау, олардың арасындағы сабақтастықты анықтау қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақтардың өзбек елімен бұрынғы замандардан бері қатар отырғаны, қоян-қолтық араласқаны белгілі. Қазақ халқы өкілдерінің жекелеген бөлігі өзбек халықтарының құрамына еніп, сіңіп кеткен жағдайлары да кездеседі. Бірнеше мың жылдық көршілестік негізіндегі мәдени байланыстардың дәнекерлік қызметі және бар. Сондықтан, маман ғалымдардың пікірі бойынша, қазақ және өзбек тілдерінің көне дәуіріне қатысты мұрағаттардағы лексикалық бірліктердің тілдік табиғатын айқындауда аталған тілдердің даму жолындағы түрлі кезеңдердің ерекшеліктерін ескерген жөн.

Ежелден аралас-құралас өмір сүріп келе жатқан қазақтар мен өзбектердің бұрынғы кезден бері аудармасыз тілдесіп келгендігі анық. Оның үстіне қазақ және өзбектердің бір мемлекет құрамында болуына байланысты бір-бірінің құрамына сіңіп кету жағдайлары да тарихта жиі кездеседі. Осындай жағдайларға байланысты жекелеген атаулардың, сөздердің аталған екі тілдің бірінен біріне ауысуы мәселесінде ақиқатқа жету өте қиын [1].

Академик Ө.Айтбайұлының «ұлт болып бөлінбей тұрған кезде ортақ қолданыста болған сөздерді бір тілден екінші тілге ауысты деп айту қисынсыз. Асылы, тіл-тілдегі мұндай элементтерді ортақ мұра есебінде қарастырған жөн деп ойлаймыз» – деген пікірі қисынды көрінеді. Сондықтан қазақ және өзбек тілдеріне тән лексика құрамын белгілеуде осы кезеңге жататын лексиканы ортақ мұра ретінде қарастырудың қажеттігі дау тудырмайды [2].

Біздің дәуірімізге келіп жеткен Орхон-Енисей ескерткіштерін оқып қарап таныссақ, шүбәсіз түсінуге болады. Оның үстіне бұл ескерткіштер таза түркі тілдерімен жазылған. Себебі Шығыс Түрік қағандығының құрамында өмір сүрген түріктер осы Орхон-Енисей жазуын қолданып, сол жазудың тілінде сөйлеген [3].

Демек, бұл қазіргі түркі тілдерінің де, бәріне ортақ ата тілі болып есептеледі. Әрбір ұлт тілінің қандай өзгеріске түскенін білу үшін оны ескерткіштер тілімен салыстырып, анықтауымыз мүмкін.

Қазақ және өзбек тілдерін Орхон-Енисей тілімен салыстырып қарайық.

Кесте 1 – Туыстық атаулар

Қазақ тілі	**Өзбек тілі**	**Орхон-Енисей ескерткіштер тілі**
Ұл	уғил	огул (сын)
қыз	қиз	қыз (дочь, девочка)
ана	она	ана (мать)
ата	ота	ата, ада (отец)
іні	ини	ини (младший брат)
ер	эр	ер (муж, герой)
келін	келин	келин (невестка)

қатын	хотин	қатун (жена, госпожа)
күйеу	куёв	кудегу (зять)

Сол сияқты адамның дене мүшелерінің аттары да жалпы түркі халықтарында, соның ішінде салыстырып отырған қазақ және өзбек тілдерінде, ұқсастығы былай тұрсын, Орхон-енисей тілімен де жақындығы сақталғандығын көреміз.

Кесте 2 – Адам мүшелерінің атауы

Қазақ тілі	**Өзбек тілі**	**Орхон-Енисей ескерткіштер тілі**
Бас	бош	баш (голова)
құлақ	қулоқ	кулак (ухо)
көз	куз	көз (глаз)
қас	қош	каш (бров)
аяқ	оёқ	адак (нога)
тізе	тизза	тиз (колена)

Хайуанаттар, құстар, жәндіктерге байланысты лексикалық ұқсастықтар да барлығын салыстырып көруге болады:

Кесте 3 –Жан-жануарлардың атауы

Қазақ тілі	**Өзбек тілі**	**Орхон-Енисей ескерткіштер тілі**
Ат	от	ат (лошадь)
тай	той	тай (жеребенок)
бие	бия	би (кобыла)
айғыр	айғир	айгыр (жеребец)
іңген	урғочи туя	инген (верблюдица, самка)
түйе	туя	тебе (верблюд)
бұқа	буқа	бука (бык-производитель)
өгіз	хукиз	өкүз (вол, бык)
қой	қуй	қой (баран)
құс	куш	хус (птица)
ит	ит	ит (собака)

Қысқасы, қазақ және өзбек тілдерін өзара салыстыру арқылы олардың бір-бірімен жақындығын, ал Орхон-енисей ескерткіштерінің тілімен салыстырсақ, ол сөздердің ертедегі түркі сөздері екендігін, сақталу дәрежесін анықтаймыз. Демек, түркі тілдері, соның ішінде қазақ, өзбек тілдері негізінен түркі тілдік, бір-бірімен тектестік қасиетін сақтап қалған. Бірақ бұл тілдердің ескі сөздік құрамын сақтап қалғандығын шартты түсіну керек. Өйткені салыстырылған сөздердің мазмұны дәл келгенмен, айтылуында бірсыпыра фонетикалық өзгерістер пайда болған. Демек, әрбір тіл ұлт тілі болып қалыптасуда өзіндік өзгешеліктер пайда болады. Ол өзгешеліктер – бір тілді екінші тілден ажыратудағы ұлт тілінің белгісінің бірі.

IX ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстан территориясын арабтардың жаулап алуына байланысты оқу-білім, әдебиет араб тілінің ықпалында өркендейді. Осыған байланысты Орта Азия тілдеріне араб сөздері келіп кіреді. Өзбек тіліне қарағанда қазақ тілінде айтарлықтай көп емес. Оның үстіне араб сөздері қазақ тілінің ырқына көніп біраз фонетикалық өзгеріске түскен, әйтсе де араб сөздері қазақ тілінде өз сөзіндей болып сіңіп кеткен. Өзбек тілінде көбінше өзгеріссіз және кеңінен қолданылады. Қазақ және өзбек тілдерінде қолданылатын бірнеше сөздерді салыстырып қарайық:

Кесте 4 –Кірме араб сөздері

Арабша	**Қазақша**	**Өзбекше**
Жаза	жаза	жазо
шифа	шипа	шифо
қассаб	қасап	қассоб
диққат	–	диққат
харакат	әрекет	харакат
зиһн	зейін	зехн
кадрат	құдірет	кудрат
баракат	береке	баракат
фикр	пікір	фикр
инсаф	ынсап	инсоф
мажбур	мәжбүр	мажбур
мақул	мақұл	маъқул
масалан	мәселен	масалан
тақдир	тағдыр	тақдир
адат	әдет	одат
даһр	дәуір	давр
назар	назар	назар
аман	аман	омон
даража	дәреже	даража

Бұндай сөздерді көптеп келтіруге болады. Салыстырып зерттеу арқылы араб сөздері біршама фонетикалық өзгерісте айтылғанымен екі тілде де мағынасы бірдей екендігі сезіледі.

Осымен қатар, қазақ және өзбек тілдеріне парсы-тәжік тілдерінен де біршама сөздер келіп кірген, ол сөздердің екі тілде ортақ қолданылатындығын төмендегідей салыстырулар арқылы көруімізге болады.

Кесте 4 –Кірме парсы сөздері

Парсы	**Қазақша**	**Өзбекше**
Куча	көше	куча
сишамба	сейсенбі	сешанба
умед	үміт	умид
пулод	болат	пулат
заргар	зергер	заргор
дузах	тозақ	дузах
нозик	нәзік	нозик
норозий	наразы	норози

бетараф	бейтарап	бетараф
дорухона	дәріхана	дорихона
фарзанд	перзент	фарзанд
занчир	шынжыр	занжир
пара	пара	пора
дарвоза	дарбаза	дарвоза
найза	найза	найза
охур	ақыр	охур
остар	астар	астар
тоза	таза	тоза
шира	шырын	шира
нишона	нысана	нишон
мис	мыс	мис

Қорыта айтқанда, ортағасырлық бірқатар түркі, парсы тіліндегі жазбаларда «қазақ-өзбек» атауы бір ұғымда қолданылған. Себебі, оның жазбагерлері өзбек пен қазақты бір-бірінен ажыратып жатпаған. Көшпелі өзбектер мемлекетінен Қазақ хандығы бөлініп шыққан соң оның мұрагері Шайбани ұлысының халқы өздерін «біз өзбектерміз» деп атап, кейіннен олар Бұхара әмірлігі мен Қоқан, Хиуа хандықтарының негізгі халқын құрады. Бүгінгі Өзбекстан сол Қоқан, Хиуа хандықтары және Бұхара әмірлігі орналасқан аумақтарда құрылды. 1923-1924 жылдары жүргізілген межелеу кезінде Кеңес билігі отырықшы жұрттың бәрін «өзбек деп аталуға тиіс» деп шешіп, оңтүстік қазақтармен бірге алғаш Түркістан автономиялық кейіндеу Одақтас республикасын қалыптастырды.

Әдебиеттер

5. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - А.: Қазақ университеті, 1992.
6. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). - А.: 1997.
7. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. - М.: Наука, 2011.

ОӘЖ 81 373.6.27

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Якубова Г. Э.

№ 94 ЖОМ ағылшын тілі пәні мұғалімі, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются особое значение интерактивных методов обучения английского языка

Summary

This article discusses the special importance of interactive methods of learning English

Елімізді дамыту тұрғысында білім беру жүйесінде бірталай іс-шаралар жүзеге асуда. Соның бірі үш тұғырлы тіл. Қазақ, орыс, ағылшын тілін еркін меңгерген жан-жақты білімді шәкірт тәрбиелеу қазіргі күннің басты талабы.

Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл.

Әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Ағылшын тілін біздің халқымыздың жаппай меңгеруі сол тілде жасалған, жасалатын шексіз байлықты аудару жөніндегі машақаттан, артық шығыннан құтқарады. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы.

Ағылшын тілі — БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі —дүние жүзіне ең кең таралған тіл. Үндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. Ағылшын тілі құрылымы жағынан флективті. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. Канадада (француз тілімен қатар), Ирландияда (ирланд тілімен қатар) мемлекеттік қос тілдің бірі. БҰҰ-да қабылданған ресми алты тілдің негізгісі. Алты құрлыққа кең тараған бұл тілде қазір 400 млн-нан астам адам сөйлейді [1].

Ғылым мен техника дамыған және елдердің өзара бәсекелестігі күн сайын күшейе түскен XXI ғасырда Қазақстанның сыртқы саясатының жан-жақты тереңдеп, ағылшын тілін меңгеру аса қажет. Оның үстіне, еліміздің дүние жүзіндегі дамыған 30 елдің қатарына ену стратегиялық бағытын іске асыру үшін, шетел тілін, әсіресе ағылшын тілін меңгерген білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудің маңызы зор.

Ағылшын тілін сапалы оқытудың кілті – мұғалімде. Бүгінгі таңда мұғалімдердің өз біліктілігін өсіру, сабақ алды дайындық қызметі, сыныптағы ұйымдастыру қабілеті, оқыту әдістемесі т. б. барлығы да оқыту сапасына тікелей әсер ететін факторлар болып табылады.

Ағылшын тілін оқытудың мақсаты мен міндеті:

- сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану арқылы әрбір тіл үйренушінің ойлау қабілетінің дамуына, пікір алмасуға, еркін сөйлеу әрекеттерін жандандырып, сауатты жазуына толығымен мүмкіндік туғызу;

- тіл үйренушілерді шет елдердің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары мен күнделікті тыныс тіршілігімен таныстыру;

- оқыту технологияларына қатысты оқу құралдарын зерттеу, оны тәжірибеге енгізу.

Білім беру саласының негізгі бағыты жан-жақты білімді, сауатты, ынталы, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мемлекеттік тіл мен қатар ағылшын тілін оқытып үйретудің жаңа жолдарын іздеу талап етіп отыр.

«Интерактивтік» - деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей интеракция деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады. Ол оқыту процесінде оқушыларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды жұп болып, бірігіп

жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді.
- Оқушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.
- Оқушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.
- Оқушылармен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.
- Ойлауды белсендіреді.
- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі әр оқушының ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Мұғалім алдымен оқушыларды сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, оқушыларға өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орната білуі керек.

Біріншіден, ағылшын тілін оқытуда интербелсенді тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқу процесіне сай болуы керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеліп соқтырады.

Екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден, оқушылар жіберген қателерін мұғалім көмегімен өздері табуы керек [2].

Оқушылар әр түрлі болады. Олардың бірі мұғалімнің айтқанын жылдам ұғып алады, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Мұндай оқушыларды нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдай оқушыларды топқа немесе жұпқа біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір оқушыға жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр оқушының өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылатын жағдаят пайда болады. Сондықтан да білімі төмен оқушылар үлгерімі жоғары оқушылардан өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы оқушылар топтың жеңіп шығуын ойлап, барлық оқушылардың, әсіресе білімі төмен оқушылардың нәтижелі жұмыс істеуін көздейді. Осылайша оқушылар қиындықтың алдын алады.

Интербелсенді тәсіл, әсіресе сабақты пысықтап, қорытындылауға бірден-бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Сонымен қатар интерактивті әдіс арқылы студенттер өз білімін өздері бағалайды да олар алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады.

Жалпы шетел тілі сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс-диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, ұжымдық-танымдық оқу, иммитиация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің интербелсенді әдіс белгілері болып табылады. Сабақты ұйымдастырудың топтық-үлестірме түрлерін қолдану арқылы іс-әрекетті талқылау, қарама-қарсы қайшылықты мәліметтер беру арқылы пікір таласын тудыру оқушылардың мәнге деген ықыласын, ынтасын арттырады. Сабақ барысында қолданылған төмендегі бір-екі мысалға көңіл аударайық. Белгілі бір өтілетін тақырыпты пысықтау мақсатында оқушыларды үш топқа бөліп, оларға негізгі тақырыпқа байланысты («Travelling» тақырыбын алайық) тақырыпшаларды береміз:

1 топқа: «Travelling by train», 2 топқа: «Travelling by bus», 3 топқа: «Travelling by plane»

Әр бір топ өздеріне берілген тақырыпшалар бойынша ассоциограмма жасайды. Ассоциограмманың көмегімен топ оқушылары бірігіп, өздеріне берілген саяхат түрлері жайлы толық мағлұмат бере отырып оның тиімді және тиімсіз жақтарын ашып айта білулері керек. Сонымен қатар әр топқа қойылатын талап тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерін көбірек пайдалану және талқылауға топ оқушылардың түгелдей қатысуын қадағалау. Соңында оқытушы топтарға бірін-бірі бағалауға мүмкіндік беріп, өзінің қойған бағасымен қорытындылай отырып, әр топтың ортақ бағасын шығарады.

Осы тәрізді тәсілді грамматикалық жаттығуларды орындату кезінде де пайдаланған өте тиімді. Мұндай жағдайда топ оқушылары әр бір ұпай үшін күреседі. Себебі грамматикалық тұрғыдан әрбір дұрыс жасалған сөйлем оларға ұпай әкеліп отырады. Тапсырманы орындау кезінде оқушылар өздерінің бар білгендерін топ мүшелерімен бөліседі. Бұл кейбір грамматикалық материалдарды түсінбей жүрген студенттерге үлкен көмегін тигізеді.

Қорыта айтқанда, интербелсенді тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады.

Әдебиеттер

1 Мұхамбетжанова Т., Жартынова Ж. Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасау. Әдістемелік құрал. – А.,2008.

2 Токтамысова Г.А. Коммуникативті оқыту технологиясы негізінде оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту жолдары. – А.,2016.

УДК

ЛИНГВОМЕНТАЛЬНАЯ СТРУКТУРА КОНЦЕПТА «БАТЫР» В ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ

Конкабаева Г.Б.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Мақала қазақ эпосының мәтіндерін когнитивті-дискурстық және тұжырымдамалық талдауға арналған. Мұндай талдауда «ұғым» лингвоментальды бірлік және «мәтін ұғымы» ретінде ажыратылады. Егер мәтіннің концептуалды саласын тілдік бірліктер ретінде сипаттау когнитивті-концептуалды талдауға негізделген болса, онда эпикалық мәтіннің тұжырымдамасы барлық деңгейлердегі мәтіндегі лингвистикалық бірліктердің қызметін талдау негізінде ашылады. Мұндай талдау мәтіннің прагматикалық және мағыналық өзегін ашуға бағытталған, бұл оның мәдениеттің белгісі ретінде құрылымдық-семантикалық ұйымының өзіндік ерекшелігін анықтады.

Summary

The article is devoted to the cognitive-discursive and conceptual analysis of the texts of the Kazakh epic. Making such analysis the author differentiates «concept» as a linguistic-mental unit and «the concept of the text». While the description of the conceptual sphere of the text as a linguistic-mental unit is based on the cognitive-conceptual analysis, the concept of the epos text comes to light on the basis of the analysis of language units functioning in the text on all levels. Such analysis is directed to detection of a pragmatic-semantic kernel of the text which has caused an originality of its structural-semantic organization as a sign of culture.

Концептуальными основами и общими тенденциями в формировании и трансформации стадиально и этнически разных слоев в концептах человека, и самого набора гипонимических концептов человека в языковой картине мира тюркского героического эпоса являются динамические, т.е. меняющиеся историко-социальные, культурные, лингвокультурные, мировоззренческие факторы. Воссоздание целостной картины языковой концептуализации человека в текстах тюркского героического эпоса невозможно без привлечения необходимых экстралингвистических сведений, лежащих за пределами «чистой» лингвистики.

Для построения целостного концептуального образа человека и его «вариантных» гипономических видов в системе человеческих образов важна каждая словесно-речевая деталь текста, так как именно из этих многочисленных языковых / речевых средств в конечном счете строится целостный концептуальный образ того или иного персонажа эпоса. Лексические средства художественной ткани тюркского героического эпоса приобретают эстетические функции сравнений, олицетворений, метафор, гипербол и т.д. Речевой потенциал языковых лексических средств не исчерпывается чисто художественно-изобразительными функциями, так как в конечном счете они создают когнитивно-ментальный концептуально-языковой образ того или иного героя, персонажа тюркского героического эпоса. Концепты человека формируются и вербализируются, т.е. репрезентируются в

фольклорных (речевых) текстах тюркской героической эпики целой системой лексико-фразеологических средств, дискурсами и самим целостным текстом.

Многомерная и объемная этноментальная конфигурация концептов человека охватывает содержание многих лексических единиц, устойчивых (фольклорных сравнений, эпитетов, метафор, гипербол; содержится в паремиологическом фонде текстов эпоса, реализуется в сюжете и композиции текстов.

Смысловым, образным, сюжетным и концептуальным центром (ядром, основой) языковой картины мира тюркского (казахского) героического эпоса является эпический батыр (герой). Доминантная роль образа эпического богатыря пролеживается на самих разных уровнях текстов тюркского (казахского) героического эпоса: сюжетном, тематическом, текстообразующем, композиционном, идейно-образном, лингвостилистическом, лингвокогнитивном и др.

Концепт «батыр» представляет собой основу языковой картины мира тюркского (казахского) героического эпоса и в данном концепте сфокусированы диахронически и тематически разнослойные ментальные представления и понятия, характерные в целом для тюркского кочевого мира. При описании и анализе языковой концептуализации батыра в тюркском (казахском) героическом эпосе необходимым образом должны учитываться особенности тюркского номадизма – универсальной формы взаимодействия человека (скотоводы – кочевника) и природы (большей частью – животного мира). Природа, мир природы, мир животных – неотъемлимая часть жизни тюрка – номада: кочевник был как бы слит с природой, он – часть и в то же время центр целостного и многоликого мира, языковая картина которого представлена в концептосфере тюркского эпоса.

Раскрытие мифологической основы – константы, заложенных в многомерной и объемной структуре концепта «батыр» позволяет по-новому трактовать поэтику текстов тюркского героического эпоса, интерпретировать ее как своеобразный языковой (речевой) результат динамики и трансформизации мифологического значения (мифологической картины мира) в художественное знание (в фольклорную картины мира). Динамика и трансформация мифологических начал в эстетические привели к тому, что мифологический образ героя – демиурга, культурного героя стал уходить в тень, забываться и почти не ощущаться (не восприниматься), и только лингвокогнитивная и лингвокультурологическая реконструкция концепта позволяет восстановить содержательную основу самых ранних мифопоэтических представлений о герое мифов, постепенно превратившегося в героя эпоса. Героический эпос в художественном развитии каждого народа представляет собой древнейшую форму словесного искусства, непосредственно развившуюся из мифов; в сохранившемся эпосе разных народов представлены разные стадии этого движения от мифа к народному сказанию – и достаточно ранние и типологически более поздние [1, 88].

«Разные стадии» развития и трансформации древнего мифологического эпического сказания от богатырской сказки к героическому эпосу и динамика развития и эволюции самого эпоса обусловливают появление и формировании других более поздних напластований (слоев) в многомерном объеме концепта «батыр». В.М. Жирмунский указывает: «В историко-типологическом отношении алтайский «Алып-Манаш» представляет древнюю богатырскую сказку с сюжетом, ограниченным родовыми и семейными отношениями патриархального общества, для которых тема богатырского сватовства особенно характерна. Мы увидим дальше, что по идейно-художественному содержанию по традиции мотивов и образов произведение тесно связано с архаичными типами сказочного фольклора тюркских и монгольских народов. На прослеженном нами пути эта древняя богатырская сказка, рассказывающая о поездке героя за невестой в страну, откуда нет возврата» («Барса келмес»), в процессе развития самих народов от патриархально-родового до феодального строя превратилась в героический эпос, наполненный конкретным историческим содержанием: врагами Алпамыша в среднеазиатском эпосе сделались «язычники» - калмыки, исторические враги среднеазиатских тюркских народов в XV-XVII вв., а на кавказе «гяуры» (христиане) Гурджистана (т.е. Грузии), бек крепости Байбурд, коварно захвативший в плен Бейрека и его сорок джигитов и бросивший их в подземелье» [2, 219-220].

В формировании стадиально разных семантических пластов в многослойном объеме концепта «батыр» в разных версиях Алпамыша участвуют, как мы видим, конкретная историческая действительность разных эпох и соответственно разные, т.е. изменяющиеся (эволюционирующие) мировоззренческие установки. Как известно, концепт «человек» (в данном случае, «батыр») является основой языковой картины мира, но картина мира хронологически и стадиально эволюционировала, т.е. менялась. В связи с этим возникает необходимость выявления и описания самых различных (в известной мере) языковых картин мира применительно к соотносительно к ним разным (пол вариативности) концептам «человек» («батыр») или же говорить о разных хронологических пластах (культурно-генетических стратах) в единой структуре многослойного концепта.

Так, например, С.Кондыбай считая, что Алып-Манас (Алып Манаш или Алпамыс) и его жена Ману (Бану-чечек или Гульбаршын) составляют пару первых людей, в то же время пишет, что время формирования общетюркской версии эпоса – 6-7 века н.э. и указывает конкретные исторические координаты проживания Алпамыса (Жидели-Байсын – юг Узбекистана) и Гульбаршын (берега Сырдарьи – в пределах средневекового города Баршинкент) [3, 65-66]. Каждая историческая эпоха накладывает свой неповторимый отпечаток на образ эпического батыра (в нашей терминологии – на конфигурацию концепта «батыр»). Нужно иметь в виду, что содержательная сторона этого «отпечатка» характеризуется не только конкретными историческими и географическими фактами, но и целой системой воззрений и представлений о мире и человеке,

присущих отдельному этносу на определенном этапе его исторической жизнедеятельности.

Генетически начальной стратой в формировании концепта «батыр» явился по нашим предположениям, образ мифического первочеловека, первопредка – родоначальника, обладающего чертами культурного героя, демиурга. Остаточные или реликтовые черты этого генетически начального (древнейшего) образа все же сохранились в тюркском героическом эпосе в форме гиперболизации внешнего облика героя, его оружия, в некоторых сюжетных поворотах и т.д. Древнейший миф о первочеловеке с течением времени трансформировался в волшебную богатырскую сказку, в которой мифологическая основа более или менее все же сохранена. Мифологичным по сути является в богатырской сказке и образ самого героя, сказочного великана – алпа, магически неуязвимого, и ролб его коня, способного на волшебные превращения и наделенного сверхчеловеческой мудростью, единственного помощника героя в сватовстве, чудесным образом избавляющего его из плена. Подобно своему коню, и герой обладает даром магических превращений: на свадебный пир своей жены он «встряхнувшись» является в образе тас-таракая. Мифологическое мировоззрение предполагает тождество человека и природы, и человек самым теснейшим образом связан с иными формами и объектами жизни. Бесконечность и непрерывность жизни в мире предполагает изоморфность всех ее проявлений, и архаичное сознание тщательно всматривается в лики мира, обнаруживая черты сущностного единства в горе, растении, звере и человеке [4, 49].

Можно утверждать, что в диахронической глубине концепта «батыр» обнаруживаются общее для всех национальных версий этого концепта единая мифологическая основа – древнейшее мифологическое мировоззрение. Стратиграфические культурное наслоение в многомерном смысловом объеме концепта «батыр» маркированы этнически ориентированными представлениями о мифоустройстве и человеке, эксплицированы локальными особенностями конкретного этноса, выраженными языковыми (речевыми) средствами в текстах сказок и эпоса. Вместе с тем отдельные национальные концепты «батыра» имеют множество схожих черт, объединяемых общим тюркским и даже тюрко-монгольским фоном.

Литература:

1. Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуманитарных вузоз. –М.: Агенство «ФАИР», 1998. -352с.
2. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Ленинград: Наука, 1974. -723 с.
3. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. –Алматы: Нурлы алем, 2005. -272 с.
4. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество/ Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.Н., Усманова М.С. – Новосибирск: Наука, 1989. -243 с.

ӘОЖ398 (574)

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕ НӘЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Алтынбеков Қ.С., Амангелдиева Б.Д.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассмотрены особенности формирования традиции Назиры в литературе золотоордынского периода, размышления, выводы о ней выдающихся ученых.

Summary

This article discusses the features of the formation of the Nazira tradition in the literature of the Golden Horde period, reflections, conclusions about it by outstanding scientists.

Белгілі бір халықтың мәдениеті мен әдебиетінің дамуы сол халықтың тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайларымен тікелей байланысты болатындығы мәлім. XIII-XIV ғасырларда қазіргі Қазақстан жеріндегі түркі ру-тайпалары Алтын Орда мемлекетінің қол астына бірікті. Қазіргі кезде мәлім болған зерттеу нәтижелері Қазақстан жерінде мәдениет өзіне тән өркениет дәуірі, қалалық мәдениетің дамуы, әдебиет пен ғылымдағы атақты тұлғалар шығармашылығы Алтын Орда мәдениетінде ғылым мен әдебиетте жан-жақты өсу үрдісінің болғандығына айғақ болады.

Алтын Орда дәуір әдебиеті түркі халықтарына ортақ мұра болып саналады. Аталған бұл дәуірінде қазіргі қазақ тілінің түркілік нұсқасымен хатқа түскен, қазіргі қазақ жазылған әдеби көркем туындыларды дүние жүзінің кітапханаларынан тауып, қол жазбаларын оқып зерттеуге Мәскеу, Санкт-Петербург түркітанушылары орасан еңбек істеген. Бұл орайда В.В.Бартольд, А.Н.Самайлович, Ә.Наджип, А.Зайончковский, И.В.Стеблева сияқты ғалымдарды айттуға болады.

Белгілі ғалым А.Қыраубаеваның Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихы, оның қазақ әдебиетіне қатыстылығы және қазақ әдебиетіндегі нәзирагөйлік дәстүрдің туу табиғаты жөнінде: “Алтын Орда дәуірінде қазіргі қазақ тілінің түркілік нұсқасымен жазылған, өзіміз жерін басып, суын ішіп жүрген елде, аталар жүріп өткен аймақта туған оншақты әдеби кітап бар» - дей келіп, нәзира дәстүрімен жазылған туындылар ретінде Әлидің “Қисса Жүсібін”, Хусам Кәтибтің “Жұмжұмасын”, Құтбтың “Хұсрау–Шырынын”, Махмуд бин Әли Кердерінің “Нehж-ул-Фарадисін” (“Жұмаққа апарар жол”) Рабғузидің “Қисса-и Рабғузиін” (“Қисас-ул-әнбиа”, Сәйф Сараидың “Гүстан бит-түркиін” (Түркіше Гүлстан”, - деп атай келіп: “Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдебиеттің өркендеуі қала мәдениетінің дамығандығын, соған орай Алтын Орда өркениеті болғандығын айтуға негіз бола алады”,– деп қорытады. Сонымен бірге, аталған шығармалардың туу, таралу табиғаты, дәстүрі жөнінде: - …Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетке ғана тән, сол кезден бастау алған бір әдеби үрдіс …нәзирагөйлік үрдіс” екендігін назарға алады [1, Б:113-114].

Шындығына келгенде, нәзирагөйлік дәстүр – бүкіл әлемдік әдеби құбылыс, халықтар әдебиетінің байланысу жолының бірі, бірегейі деп санауға болады.

Алдымен нәзира, нәзирагөйлік дәстүр дегеніміз не? – деген сұраққа жауап іздеп көрейік. «Әдебиеттану терминдері сөздігінде» ғалым Ө.Күмісбай оған мынадай анықтама береді: «НӘЗИРА (араб. нәзират – жауап, ұқсату мағынасында) – мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім шиырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін, көркемдеу өрімін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе де, жетеғабыл түсетін, өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс еді. Бұл – ежелгі өнер иесі үшін ақындық кәмелет белгісі-тін», - дей келіп орта ғасырларда бұл дәстүрдің өркендеп кең өріс алғанын айтады. Атақты Шығыс шайырларының бұл дәстүрді дамытуының әсері қазақ әдебиетінде де орныққаны, оның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде қисса, дастандарда жалғастық тапқанына мысалдар келтіреді [2, Б:148-149].

Кезінде ғұлама ғалым, жазушы Мұхтар Әуезов нәзира дәстүрі жөнінде мынадай ой білдіріп, жазған екен: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыстық бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді... Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбіне алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады. Бұлайша, әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп те атау берген» [3,150-б].

Ал профессор А.Қыраубаева Алтын Орда дәуірі әдебиетінде нәзира немесе нәзирагөйлік үрдістің дамуын оның алдындағы кезеңмен байланыстыра қарап былайша: «Шындығына келсек, нәзирагөйліктің алғашқы бастаулары қазақ даласына исламның орнығу кезінде кіре бастады. Жалпы исламдық мәдениет аясында кең тараған Құран сюжеттері, араб-парсы поэзиясының түрі мен мазмұны XIII-XIY ғасырлардан бұрын да әдебиетімізде көрінді. Бұл әсіресе Йасауи шәкәрттері Сүлеймен Бақырғани қиссаларынан көрініс тапқан болатын («Смағұл қиссасы», «Ибрагим және оның шаһит ұлы», «Ғазіреті Ғали» т.б.)» - деп жазған болаты. [1, Б:148-149]».

Ғалым осы үрдістің Алтын Орда дәуірі кезінде ерекше дамуының себебі жөнінде: «XII-XIV ғасырлардағы түркі тектес халықтар әдебиетіндегі негізгі бағыттардың бірі – өткенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз

тілінде сөйлетуге ұмтылыс, кейде одан да асырып жазып айрықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде Әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді», -деп жазады [, 128-б].

Мұндай әсерлер мен ықпалдар Әли, Құтыб, С.Сарай шығармаларындағы классикалық парсы әдебиетіне еліктеуден, сондағы Қайта өрлеу идеясына бой ұрған ақындардың шығармаларынан, яғни бұрынғы араб-парсы әдебиеті үлгілерін өз заманына лайықтап қайта жаңғырту талпынысынан туған шығармалардан көрініс тапты.

Қазақ әдебиетіндегі осы құбылыс жөнінде шығыс классикалық поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрі мәселесін зерттеуші ғалым Н.Келімбетов: «…нәзира дәстүрінің барлық көркемдік заңдылықтары негізінде жазылған бірқатар қазақ әдебиетінің қолтума шығармалары күні бүгінге дейін аударма туынды ретінде қарастырылып жүр»,- дей келе, Н.И.Конрадтың «Бір халықтың әдебиеті екінші халықтың әдебиет әлеміне тек екі жолмен, яғни шығарманың түпнұсқасы және аудармасы арқылы ғана енеді деп ойламау керек. Әлемдік әдебиеттер байланысының тарихы мұнан басқа да формалары бар екенін дәлелдеп отыр. Мұндай формалардың бірі – бір халықтың қаламгері жазған шығарманың мазмұны мен сарынын басқа бір халықтың сөз зергерлері творчествосы арқылы қайта тудыру болып табылады» деген пікірін ұсынады [4, 207-б]. Бұдан біз нәзира, нәзирашылдық дәстүрдің түркі әдебиетіндегі көрінуі тек Алтын Орда кезінде ғана емес, алдыңғы дәуірдегі С.Бақырғани шығармаларында да байқалатындығын, жалпы бұндай дәстүр әлем әдебиетінде бар құбылыс екендігін Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің өзінен бұрынғы X-XII ғасырлар әдебиетімен, яғни Қожа Ахмет Йассауи мен Баласағұнилер шығармаларымен және кейінгі төл әдебиетімізбен тамырласа жалғасып жатқанын да көреміз.

Нәзира дәстүрімен Алтын Орда дәуірінде жазылған көркем шығармалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтары, қамтитын тақырыптарының ортақ сипаттары да болды.

Ғалым А.Қыраубаева жазып көрсеткендей: «Шығыс әдебиеттеріне ортақ қалыпты сюжеттерге Құран хикаялары, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» тақырыптары жатады» [1, 128-б]. Нәзиралық дәстүрмен жазылған шығармалар көбіне тақырыптас болғанымен, олардың мазмұны, әлеуметтік сарыны әртүрлі болып келеді.

Нәзира дәстүрімен жазылған туындылардың кезінде аударма, аударма нәзира, нәзира деп аталып келуінің өзіндік себептері де бар. Осы дәстүрмен туған шығармалардың кейбіреулері аудармаға жақындау болса, кейбіреулері нәзираға жақын болды. Ал кейбір туындыларда аталған осы екі әдіс те қатар қолданылып отырады.

Нәзира дәстүрінің Алтын Орда дәуірінде дамуына себеп болған нәрсе – тарихи, мәдени жағдайлар деп айтуымызға болады. Ақын-жазушылар Оянушылық (Ренессанс) кезінде өткен дәуірлердің мұраларына оралады. Бұрын

сан ғасырларға жалғасаты кезден айтылып, жазылып та келе жатқан белгілі сюжетті қайта жырлау, өткенге назар аудару, тарихи тамырларды іздеу – оянушылықтың белгілері болса, оның әдебиеттегі көрінісі ретінде осы нәзирагөйлікті немесе назирашылдықты айтуға болады.

Әдебиеттегі түркі Оянушылығының белгілері А.Қыраубаеваның көрсетуінше, екі үлкен жаугершіліктен кейін көрініп отырған. Ғалым ол жөнінде: «X-XII ғасырда Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында державалық түрік мемлекетінің төрт құбыласы тең үлгісін жасағанда Өтүкен бектері, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөктер құрған ұлы Түрік қағанатын елестете отырып жазса, Махмұт Қашқари түркі елінің бай мәдениетін, тілін жан-жақты сипаттап, түркі рухын іріландіре түсті. Яғни, түркі әдебиетіндегі Оянушылықтың (Ренессанс) бастамалары осы туындыгерлерде жатыр деп білеміз. Түркі Оянушылығының екінші бір көрінісі XIII-XIY ғасырлар әдебиетінен байқалады. Орта Азияда Науаи, әл-Фараби шығармашылығында Оянушылық белгілер бар екенін В.М.Жирмунский еңбегіне сүйеніп, қазақ әдебиетттануында алғаш сөз еткен ғалым Әуелбек Қоңыратбаев болған» - дейді [5, Б: 128-129].

Жүсіп Баласағұнидың көне антикалық әдебиеттің принциптеріне сүйенуі, ежелгі ойшылдарды дәріптеуі, сол сияқты Ахмет Ясауи және оның шәкірттері Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғанилардың (Хакім ата) гуманизмін ұстануы, нәзира дәстүрімен ежелгі сюжеттерді қайталай жаза отырып, оларда түркілік, адамгершілік мәселелерін көтеруі, ақындардың шығармаларын өздерінің түркі тілінде жазып, түркі тілін көтеруі – бұлардың бәрі де түркі Оянушылығын (ренессансын) білдіретін жайттар болып табылады.

Ғалымның жазып көрсеткеніндей: «Бұл көне дәстүр араб тіліндегі әдеби үрдіс ретінде тарап, араб халифаты қарамағынан шығып, Саманид патшалығы құрыла бастаған парсы әдебиетінде қайта жаңғырған. Ал түркі-қазақ әдебиетінде Алтын Орда мемлекетінің кезінде негізгі әдеби үрдіске айналды. Нәзираның негізгі тақырыптары әлі қол үзіп кетпеген араб сюжеттері және оны жаңғыртқан парсы қисса-хикаялары болғанымен, ол түркі Оянушылығымен астарласып кетті. Ақындар ежелгі мифтерден «әділ патша» және «адамгершілік» желілерін алып дамытты» [1,130-б].

А.Қыраубаева сол кезеңнің әдеби мұраларына нәзира дәстүріне зерттеу жасағанда Алтын Орда мемлекетінің тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайына, мәдениетінің даму ерекшелігіне жан-жақты талдау жүргізіп, содан кейінең алдымен, сол дәуірдегі әдебиеттің даму өрісіне, қарастырар туындының жанрлық табиғатына, дәстүр және жалғастық мәселелеріне, тұтастай алғанда, туындының өзіне дейінгі зерттелу тарихына тоқталады. Аударма-нәзиралық шығармалардың жазылу себептері неде, әлеуметтік сұраныстары қандай болды деген сұраққа жауап іздейді. Аударма-нәзиралық шығармалар тобының негізгі сипаты өткенге ден қою, өз заманының көкейкесті мәселелері мен тыныс-тірлігіне қажетті ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың туындыларынан тауып, сол туындыларды өз тілінде қайта сөйлеуге ұмтылыс,

кейде одан да асыра жырлап, айрықша талант бигінен көріну болып табылады деп қорытынды жасады ғалым.

Шығыс әдебиетіндегі «нәзира» деп аталатын бұл дәстүр жөнінде кезінде ұлы жазушы-академик М.Әуезовтің ғылыми тұжырымын білдіргеніндей, қалай болған да, нәзира аударма емес, ақындардың туындыларынан бұрыннан танымал сюжетті кейінгі ақынның тыңнан ой қозғап, өз уақытының өткір мәселелесімен байланыстырып жырлауы, алға қойылатын мақсаты айқын өзіне дейінгі сол тақырыпта жырланған шығармалардан кем түсіп жатпауы тиіс, ол туынды ондай биікке көтеріле алмас, өзіне дейінгі шығарманың көеңкесінде қалып, өзінің өміршеңдік қуатын жояды. Осы ретте алысқа қол созбай-ақ, Фирдоусидің атақты «Шахнамасын» қазақ тілінде қайта жаңғырта жырлаған Сыр бойының әйгілі шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуовті мысал ретінде айта кетсек артық болмас. Парсы поэзиясының сан алуан бейнелеу мүмкіндіктерін өзге тілде бояуы мен әсерін жоғалтпай жеткізу бірегей дарынның ғана қолынан келмек. Сондай-ақ әлемге танымал «Шахнамадай» шығарманың табиғатын, ішкі ерекшеліктерін еркін меңгеру үшін парсы, түркі тілдерімен қатар, осы тілдерге күшті ықпал ететін араб тілінде жетік білуі қажет. Мұндай атақты шығарманы аударатын адам кем дегенде Иран мен Тұранның арғы-бергі тарихын, мәдениетін, дәстүрін жақсы сезінуі тиіс. Осыдан байқайтынымыз «нәзира» өнері жеңіл дүние емес, ақыннан үлкен дайындықты, ақындық дарынды талап ететін бірегей шығармашылық жұмыс боьлып табылады. Сондықтан да нәзира өнеріне екі ақынның бірі бара бермеген деуге болады.

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, Алтын Орда дәуірі қаламгерлерінің нәзира дәстүрімен өзіндік шығармалар тудыруға талпынысы бұл дәстүрді дамытуға себеп болған жағдайларға байланысты екендігі белгілі болды.

Әдебиеттер

1. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана: «Елорда», 2001.
2. Әдебиетттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: 1959.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. 3 том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
5. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Томды баспаға әзірлеген: Г.Асқарова, Н.Мәтбек. – Алматы: «Өнер», 2008.

ӘОЖ398 (574)

АБАЙ СЫНШЫЛДЫҒЫНЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Алтынбеков Қ.С., Дошан Ұ.Т.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается отражение в поэтических произведениях критические взгляды и его своеобразие великого казахского поэта Абая Кунанбаева.

Summary

This article examines the reflection in poetic works of the critical views and its originality of the great Kazakh poet Abay Kunanbayev

Қазақтың біртуар кемеңгер ойшылы, дана, дара Абай, халқымыздың маңдайына біткен ұлы перзенті. Бүгінгі таңда аты бүкіл елге мәшһүр Абайды әлем танып, өнеріне, өнегесіне бас иіп, мойындап отыр. Абай – қазақ халқының жарық жұлдызы. Өйткені қазақтың қамын ойлап, болашаққа жарқын жол салып кеткен қоғам қайраткері.

Абай – жан-жақты біліммен қаруланған, адамгершілігі мол парасатты тұлға, үнемі қара халықтың қамын ойлап, ұлтының ертеңгі бақыты үшін қам жеген, күрескер көсем. Оның шығармашылығынан-ақ ондағы тұжырымдарды түйсініп, санада сараптап, ақылмен әрбір іске, күнделікті өмірге пайдаланатын, жүзеге асыратын ғибраттық тағылымға ие екені даусыз. Абай ақындықты жай ермек еткен жоқ. Үнемі оқып, ізденіп әр өлең сайын жаңа биікке көтерілген. Нағыз келешекке үлгі болар жыр жазған. Өлеңге үнемі сын көзбен қараған. Сын көзбен қарағаны сонша – өз заманынан ертеректе өмір сүрген жырауларды сынға алған. Өлеңге қояр талабы биік болған. Бұқар жыраудың: «Сәлем бір сөздің анасы» атты жырындағы «өтірікті шын қылған, көңілінде аласы бар, қызыл көз жалақор-пәлекорлардың» Абайдың заманындағы «сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан, антын, арын саудалап жүрген» кейбір жардармен үндестік барын анықтай келе, М.Жармұхаммедов: «Дәл осы іспеттес ұқсастықтар Шортанбай мен Дулат жырларынан да ұшырасатынын, Абайдың өзіне дейінгі поэзияны еркін игергенін айқындайды [1, 170-б].

Ұлы ақынның:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі – бірі жамау, бірі – құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау! [2. 117-б] –

деген әйгілі жыр шумақтары қырықтың қырқасында айтқан сыни ойлары еді. Иә, Абай осы үшеуін сынаған, бәрі жамау емес, бірен-сараны ғана құрау. Хош, бұл Абайдың астарлы сөздерінің тілге тиек етіп, терең талдауды қажет ететіні анық.

Абайдың өзінен бұрынғы ақын-жырауларды сынауы, олардың ақындық өнерін жоққа шығару емес, адамның санасын сілкіп, мұң-уайымнан гөрі, көңілді үміттендірер жырды қалайтыны анық.

Абайдың:

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ [3, 54-б] –

деген өлең шумағын пайымдап қарасақ, ақынның тіл ұстартып, өлең шашпақ мұраты – жастарды ғылымға, өлең-жырға, әдебиетке, ән, күй, би өнеріне баулу болатын. Яғни адамның көкірек көзін ашып, өнерге тарту, шақыру болған.

Абайды адам, дамагершілік мәселесі қатты толғандырған. Әсіресе, имандылық, ар, ұят, адамгершілік мәселелері алдыңғы орында тұрады. Осы ретте ақынның «Арсыз болмай атақ жоқ» дейтін өлең жолдары есімізге түседі. Ұлы ақынның қозғайтын осы мәселелер күні бүгін де маңызы артпаса, құндылығын жойған жоқ деуімізге болады. Бұл тіркестер көбінесе қазіргі заманға көбірек сай келеді. Зиялы қауым, ғылым өкілдері кейде атақ, билік, мансап, дәреже жолында арын сатады.

Абайдың адамның адамшылығын ар-намыса қарай бағалайтындығын мына өлең жолдарынан көруімізге болады.

Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?! [3, 123-б] –

дейді заман адамдарына күйінген ақын.

Бұл жерде , әрине, ақын арыңды сатып, атақ-абыройға ие бол деп айтып тұрған жоқ, керісінше, біреулердің сондай арсыздықпен, атақ-абырой иеленіп, кісіліктен кетуіне қынжылады. Сондай адамдарға бақ алдамшылықпен ғана келетіндей көрінеді. Тағы бір кері тартпа, ең жаман, жағымсыз, жат әдет – надандық болса, Абай сол нәрседен арылту жолдарын іздейді. Себебі наданға бірдеңе түсіндіру қиын. Оған өмір де, қоғам да бәрібір. Әуелі, жүректің көзін ашу керек, сонда ғана шындықтың, ақиқаттың есігі ашылады да, адам жақсылыққа, имандылыққа, ізгілікке, жақсылыққа бет бұрады. Ақынның бұл танымы позиясында да біршама, кейде былайша көрінісі тапқан болатын:

Жүректің көзі ашылса,
Халықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі [3, 101-б].

Демек, жандүниені тазартып, нұрландырғанда, ақыл-ой да жарқырап жаңарады. Сол кезде ғана «адамның кеудесі хикметке» толады. Сол арқылы өмірге жаңаша оймен, жаңаша көзбен қарайды. Жақсылыққа жаны құмар бола бастайды. Осы сәтте адамда ой туындайды. Жүректің көзі ашылмау себебі неде? Абай оның да себебін анықтай отырып, өлеңінде былайша көрсетеді:

Наданның көңілін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы [3, 101-б].

Сайып келгенде, надандық – адамның көңілін басатын қараңғылық перде іспетті. Қараңғылық перде ысырылса, артынан жарық сәуле ішке енеді. Сол сияқты адамда жандүниесінде өзгеріс басталады. Ал ол өзгеріс адамның өзін-өзі танып білуге, өмірге, қоғамға жаңаша қарауға бағыттайды.

Қорыта келе, Абайдың поэзиясы мен философиясы, эстетикалық, этикалық әрі сыни ойлары таусылмайтын қазына. Ұлы ақын артына мол мұрасын

қалдыру арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына орасан зор сара жолын салған рухани асыл құндылық деп білемін.

Абайтанудың негізін салушы ғалым, жазушы М.О.Әуезов те ұлы ойшыл ақын Абай ойларының келешек заманда да мәнін жоймайтындығын көрегендікпен болжай отырып, былайша тұжырымдаған екен: «Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, өзіне заман, дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы әрі бүгінгі Абай болып, келешек шексіз заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры боп шырқай бермек. Ол болашақ күндер де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің өлмес, өшпес тұлғасы болмақ, күншуағы айықпас күнгей беті боп тұрмақ» [4].

Әрине, Абай – ұлтымыздың рухани айнасы, мәртебесі, мерейі, халқымыздың мәңгілік бақыты, бағы, дара даңқы. Абайы бар қазақ – бақытты.

Әдебиеттер

1. Абай. Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; редалқасы: З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г.Ерзакович т.б. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. – Алматы, 1961.
3. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
4. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.

ӘОЖ398 (574)

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДА ЖАРИЯЛАНУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Алтынбеков Қ.С., Әбдіғали М.С.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье анализируются особенностей изучения, публикации казахского детского фольклора XIX и начала XX веков на основе образцов фольклора и исследовательских работ ученых.

Summary

This article analyzes the peculiarities of studying and publishing Kazakh children's folklore of the XIX and early XX centuries on the basis of samples of folklore and research works of scientists.

Табиғаттың тылсым күшін, жұмбақтарын, еш заңға бағынбас заңдылықтарын, шындығы мен жалғанын танып білуде ғылыми зерттеулерге сүйенді. Сонымен қатар адамзат баласы қиялдау, арман жетегіне еру арқылы өмір құпияларын, кедергілерін, түйіндерін тарқату үшін фольклорлық шығармаларды дүниеге әкеліп, өнер арқылы әлемді таныды, өздеріне жұбаныш іздеді. Фольклор – барша ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағы, көнеден келе жатқан асыл мұрамыз. Ол − халық тарихын, дәстүрлі дүниетамының алтын

қоры, халықтың рухани жан дүниесінің айнасы. Қай халықтың болмасын тамырының қайда жатқанын анықтауда, ұлттық келбетін айқындауда ғылым ең алдымен дүниетанудың оқулығы – фольклорға сүйенеді.

Фольклор – көп дәуірдің, әр заманның, түрлі қоғам өзгерістерінің жемісі болғандықтан да ол көпқырлы, қатпарлы, көпсатылы – таным және өнер. Фольклорлық шығармалардың дүниеге келтірген де, айтушы да, таратушы да – халық. Ол үнемі қолданыста болғандықтан, адам тұрмысының қажетті бөлшегіне айналған. Атаның балаға мирас етіп қалдырған қазынасы, дүниені тани білуге жаңа келген келешекке тәрбие мен бағыт беретін руханият − фольклор.

Қазақ ғұрыптық фольклоры зерттелуінің екі ғасырға жуық тарихы бар. Қазақ балалар фольклорның зерттелуі жалпы фольклорымыздың зерттелуі құрамында – ұлттық фольклортану ғылымының тарихымен бірге қалыптасты. Осы жолда жасаған қазақ ғалымдарының ұлттық фольклорымызды зерттеу еңбектерін, ерекшеліктерін, тұжырымды ой-пікірлерін, анықтап көрсету, қазіргі фольклортануда, жүйелеудегі жетістіктерізде алатын орнын айқындау – қазіргі маңызды міндеттердің бірі деп түсінеміз.

Қазақ халқы фольклорының халық арасынан жиналуы, зерттелуі XIX ғасырлардан бастап қоғамның әр түрлі өкілдерінің атсалысуымен іске аса бастағандығы фольклортану, әдебиеттану ғылымдары тарихынан мәлім. Қазақ фольклорының, оның ішінде, отбасылық ғұрып фольклорының жиналу, жариялану, насихатталу, зерттелуі, жүйелі хатқа түсе бастауы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Зерттеудің кеш жүргізілуінің себептері халық фольклор ауызша айтылып, таралып, күнделікті тұрмыста қолданғандықтан, халық оны қағазға жазудың қажеті жоқ деп және күнделікті тұрмыста қолданыста жүрген соң, ертең жойылып кетеді түсінуініктің, қауіптің болмағандығынан еді. Халық оны дәстүрлі мәдениет болғандықтан мәңгілік рухани мұра деп таниды, ұмытылмайды деп ойлады.

Қазақ фольклорын жинақтау мен хатқа түсіруді басқа ұлт өкілдері мен көрші елдер бастады. Себебі, басқа ұлт өкілдерін бұл мәдениет ерекше қызықтырды, тосын, таңсық көрінді де, бір жағынан, жазба мәдениеті қалыптасқан бұл мәдениеттің ертең заман ауқымы мен жаһандану үрдісінің әсерінен басқа мәдени түрдің ықпалына түсіп, өзгеріске ұшырайтынын білді және ең басты мақсаты, халықтың мәдениетін зерттеу – сол халықтың даму қарқынын анықтай алды. Дамудан кенже қалып қойған елдің дәстүрлі мәдениетін Еуропа ғалымдары құлшына зерттеп, материал жинады.

XIX ғасырда Шоқан Уәлихановтан бастау алған ғылыми жүйелеудің алғашқы талпынысы XX ғасырдың алғашқы жартысысында А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. сол сияқты ғалымдармен жалғасты. Фольклортану ғылымының дамуына байланысты

фольклор жанрларын жүйелеу, ерекшеліктерін айқындауда да жаңаша ізденістер, көзқарастар қалыптасып, дамып отырды.

Қазақ фольклоры үлгілерінің жиналып, алғаш рет хатқа түсуі XVIII ғасырдың 2-жартысынан басталады. 1771 орыс әскерлерінің құрамында болған Н.П.Рычков Ор бекінісінен Ұлытауға дейінгі аралықта өзінің көргенін хатқа біршама түсіріп отырған. Ол қазақ тілін жетік білмегендіктен жазбаларында фольклорлық мәтіндер емес, қыз ұзату, өлік жөнелту рәсімдері баяндайды. Өзі көрген жағдайлар туралы мағлұматтар берген.

И.Георгидің «Описание всех в россиском государстве обитающих народов» деп аталатын еңбегінде, сонымен қатар капитан И.Г.Андреевтің «Описание средней орды киргиз-кайсаков», А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсакских орд и степей» еңбектерінде қазақтардың этнографиясы мен фольклорына қатысты мол мағлұматтар берілген. Ал отбасының тыныс тіршілігін көрсететін арнаулы мақалаларды М.Киттары, Ф.Лазаревский, К.Дужан, И.Ибрагимовтар жазған. Осы мақалалардың толық көлемін А.ЕАлекторовтың, В.М.Сидельниковтың библиографиялық көрсеткіштерінен көруге болады [1, 19-б].

Қазақтың ғұрыптық фольклорының XIX ғасыр – XX ғасырдың басында зерттелу кезеңін С.Қасқабасов «Ойөріс» кітабында бірнеше белеске бөледі. Алғашқы белес − XIX ғасырдың I жартысына дейін созылды. Бұл белесте фольклор жеке жиналмады. Тек жазбаларда, тарихи еңбектерде қамтылды да ғалымдар, негізінен шығарманың өзін емес, мазмұндамасын ғана жазды.

Екінші белес − XIX ғасырдың II жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі уақыт. Бұл кезеңде ғұрып фольклоры арнай түрде, ғылыми тұрғыда зерттеліп жариялана бастаған. Осы істің басында жүріп мол еңбек сіңірген адамдар, орыс ғалымдары: Л.Ф.Костенко, А.К.Харузин, И.И.Крафт, И.А.Кастанье, В.Радлов, А.Васильев, Я.Лютш, Н.И.Гродеков, М.Готовицкий, А.Е.Алекторов, А.Н.Харузино, И.Ибрагимов, Л.Ф.Баллюзек, Н.Ф.Катанов, И.Аничков, А.Самайлович, И.С.Колбосенко, Г.Н.Потанин т.б. қазақ ғалымдары: Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ә.Диваев. Осы белесте фольклорды жинаудың бағдарламасы жасалып, әртүрлі басылымдарда көлемді материалдар жарияланды [2, 52-б].

XIX ғасырда орыс фольклортануында ориентализм дүниеге келді. Ориентализм − (латын тілінде orientalist – шығыстық) шығыс мәдениетін зерттейтін ғылым [3, 192-б]. Бұл ғылым Қазақстан, Орта Азия, Алтай, Сібір жерлерін мекендеген көшпелі тайпалар – қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, әзербайжан, татар, құмық, башқұрт, түркімен, ұйғыр, қалмақ халықтарының тарихы мен тілін, этнографиясын, археологиясын, фольклорын зерттеді.

Жиналған мәтіндерді басып шығарып, елге таратудағы еңбектің басында 1870 жылы жарыққа шыққан В.В.Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» еңбегі тұрғаны анық. Аталмыш еңбекте ғұрып

фольклорының жар-жар, беташар, сыңсу, жоқтау үлгері енген. Ғұрып фольклорының баспаға беріліп, ел арасында таралуын дәлелдейтін тағы бір еңбек – 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасынан жарыққа шыққан «Қазақтың той бастары» деп аталытын шағын кітапшасы.

XIX ғасырдың алғы жартысында өмір сүрген ағартушы-ғалым Ш.Ш.Уәлихановты қазақ фольклористикасының атасы десек артық айтпаймыз. Ол шығыс халықтарының поэзиясы туралы бірнеше еңбек зерттеулер жазған [4, 59-б]. Ғалымның пікірінше, фольклор – халықтың тұрмысын ғана емес, мұң-зарын келешектен күткен армандарының таңбасын көрсететін дүние.

Қазақтың тұңғыш ағартушы педагогі Ы.Алтынсарин да қазақ фольклоры мен этнографиялық материалдарын жинап, орыс тілінде жарық көрген «Орынбор ведомствосы қазақтардың өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очерктері», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсіу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очерктері» деген құнды зерттеу еңбектерін қалдырғаны және бұл еңбектер Н.И.Ильминский, В.В.Катаринский, Ф.Д.Соколов, А.А.Мозохин, В.В.Григорьев сияқты орыс ғалымдарының қазақ мәдениетін зерттеу еңбектерінің ізімен жазғандығы жөнінде Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» атты студенттерге арналған оқу құралында атап өткен [5, 26-б].

Орыс ғалымдарының шығыс өнерін, мәдениетін зерттеу осы халықтардың арасындағы тарихи-мәдени байланыстың айғағы болды.

Қазақ халқының фольклорын зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым-ориенталистер: В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.А.Диваев.

Экспедиция сапарларында В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев т.б. сынды ғалымдар көптеген ауыз әдебиетін жинауда тілшілер мен өз елінің мәдениеті мен фольклорына жанашыр көзқараспен қарайтын белсенді адамдардың көмегіне жүгінген.

Бұл кезеңдегі фольклордың зерттелуінің бір ерекшелігі – алғашқы қазақ фольклорын зерттеушілер балалар фольклорын жеке жанр ретінде бөліп қарастырмағаны анық, тек бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлең ертегілер сияқты танымал, кең таралған үлгілері хатқа түсті.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ фольклорын жинап, жүйелеу үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, зерттеу мен мәтін жинауға ғалымдар, халық мұрасының жанашырлары мен студенттер де тартылып отырған.

Фольклор жинау экпедицияның басында фольклортанушы, этнограф Ә.Диваев болды. Ғалымның басшылығымен 1920-1921 жылдары Түркістан республикасының атынан Жетісу, Сырдария, Орта Азия жеріне сан рет фольклорлық экспедициялар жіберілген. Ә.Диваев дүниеден өткен соң, артында қалған еңбектері Ташкент қаласындағы А.С.Пушкин атындағы орталық ғылыми кітапханасына, 5000 жолдық фольклор материалдары кейінірек Қазақ ССР Ғылым академиясының қол жазбалар қорына өткізген. Ғалым Қоңыратбаевтың айтуынша ол материалдарының ішінде:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат бөпем.
Жылама, балам, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін, -

деп келетін көркемдігі биік фольклор үлгілері көп болған екен [5, 33-б].

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазып алған мол мұрасының ішінде де балалар фольклорының үлгілері енгізілген [6, Б. 5-35].

ХХ ғасырдың басындағы алғашқы зерттеулерде қазақ фольклорын зерттеушілер балалар фольклорын жеке жанр ретінде бөліп қарастырмаған. Оларда тек бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлең сияқты танымал, кең таралған үлгілері хатқа түсіп, пікірлер берілді.

1926 жылы қазақ фольклорының үлгілері алғаш рет жинақталып жарияланып, 1927 жылы толықтырылып қайта басылған «Балаларға тарту» атты кітапта бесік жырының, саусақ ойындарының, тақпақтар мен сұрамақтың, арнау-тілек өлеңдердің, қызықтама, жаңылтпаштардың, жұмбақтардың үлгілері енген.

Х.Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде: «Қазақ баласы шыр етіп жерге түскенінен ер жеткенге дейінгі ғұмыры өлеңге толы. Қазақ баласының алғашқы еститіні – ана әлдиімен айтылатын бесік жырының әуені», - деп келтірген.

Көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы да «Әдебиет танытқышында» балалар фольклорының өзіндік ерекшеліктеріне сипаттамалар берген болатын.

С.Сейфулиннің 1932 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті» еңбегінде балаларға арналған халық жырларын топтастырып, халық мұрасының ішкі жанрлық түрі деп қарастырған. Бесік жырын, балалар тақпақтарын, ойын өлеңдерін, арнау-тілек өлеңдерін тұрмыс-салт жырларының арнасына сарлаған [7, 455-б].

Қорытындылай айтқанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы фольклор үлгілерін жинау мен алғашқы зерттеулер, жарық көрген жинақтар, олардың оқу құралдарына енгізіле бастауы кейінгі кезеңдердегі қазақ фольклорын тану мен зерттеулердің, көпшілік қауымға таныту, насихаттау, оқу орындарында оқытылуының негізін қалады деп айтуымызға болады.

Әдебиеттер

1. Ісләмжанұлы К. Қазақ отбасы ғұрып фольклоры. Монография − Алматы: Арыс, 2007
2. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфиясы, 2009.
3. Краткий словарь иностранных слов. – Москва: Руский язык, 1979

4. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. IV том. – Алматы: Толағай групп, 2010.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фолкьлорының тарихы. – Алматы: Ана тілі 1991.
6. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы 5-кітап. – Алматы: Алаш, 2006.
7. Сейфуллин С. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1991.

ӘОЖ 811.512.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МОРФЕМА ҰҒЫМЫ:КӨЗҚАРАСТАР МЕН ОЙ- ПІКІРЛЕР

Омар Б.Қ.ф.ғ.к.доцент,Қалымбет Ж.117-27 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент,Қазақстан

Резюме
В статье рассматриваются особенности морфем в казахском языке
Summary
Abstract the article discusses the features of morphemes in the Kazakh language

Тіл білімі тарихында морфема атауы өткен ғасырдың 50 жылдарынан бастап айтыла бастаған. Морфемалар жайлы алғаш пікір айтып, морфема ұғымының негізін салған, ғылыми айналымға енгізген,морфеманы түбірмен және аффикс ұғымымен пара-пар деп айтқан И.А.Бодуэн де Куртенэ болды. Морфема ұғымы алғашқыда тұтас сөздің де, оның жеке бөлшектерінің де, қосышалар түрлерінің де атауы ретінде түсіндірілді[1].Ғалымдар тарапынан морфемаға берілген анықтамалар өте көп. Мысалы, Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Морфема-одна из основных единиц языка, часто определяемая как минимальный знак,т.е.такая единица, в которой за определенной фонетической формой(означаемое) и которая не членится на более простые единицы того же рода»,-деп түсіндіреді [2,312]. Ал О.С. Ахманова өзінің лингвистикалық сөздігінде: «Морфема,найменьшая (предельная,неделимая далее без потери данного качества) и регулярно воспроизводимая согласно моделям данного языка единица системы выражения,непосредственно соотносимая и соответствующим ей элементом системы содержания (сememой)»-деген анықтама берген[3,240].Осыған жақын анықтамалар түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде де кездеседі. Дегенмен морфемаға берілген анықтамалар да, морфема жайлы түсінік те бір деңгейде деп айта алмаймыз.

1960 жылдардан бастап қазақ тіліндегі сөздердің құрылысын зерттеу ісі басқаша сипат алды.Мысалы,Ә.Т.Қайдаров1962жылы жарық көрген «Современный казахский язык » деген еңбегінде сөздердің морфологиялық құрылымы әр түрлі аффикстер үстемеленіп айтылу арқылы өзгеріп отыратынын, ондай аффикстердің қазақ тілінде 8-ге дейін, тіпті одан да көп болып кететінін *қам-сыз-дан-дыр-ыл-ма-ған-дық-тан* деген мысалды келтіріп, ондағы морфемалардың бәрін жеке-жеке талдап көрсетеді[4,120-121]. Сөздің морфологиялық құрылымы, соның ішінде морфема туралы алғашқы ұғым қазақ тіл білімінде А.Ысқақовтың 1964жылы «Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке» деген атпен қорғаған

докторлық диссертациясынан, осы жылы жарияланған монографиялық еңбегінен(Қазіргі қазақ тілі,морфология) бастау алады[5].Қазақ тіл білімінде бұған дейін сөз құрамындағы морфемалар жүйесі арнайы зерттелмеген еді,автордың бұл еңбегі толықтырылып, 1974,1991 жылдары оқу құралы болып жарық көрді. Қазіргі қазақ тілі салаларына арналған ғылыми монографиялар мен академиялық жинақтарды айтпағанда, ЖОО филология мамандығында оқытылатын ҚҚТморфология пәні көп жылдар бойы А.Ысқақовтың жоғарыда аталған оқулығымен оқып келеді. Автор өзіне дейін айтылған пікірлерге сүйене отырып, сөз құрамын екіге бөліп, алғашқысын түбір морфема,екіншісін қосымша морфема деп атайды да: *Сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектер морфемалар* деп аталады деген анықтама береді.

X1Y ғасырда жазылған жазба ескерткіштер тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымын анықтауға арналған А.Ибатовтың 1983жылы жарық көрген еңбегінде ең алдымен «сөз» деп нені түсініп алуымыз керектігін, одан кейін барып, оның қандай тұлғалардан тұратыны немесе қандай морфемаларға бөлінетіні әңгіме болады да, сөздің лексика-грамматикалық және грамматикалық бөліктен тұратыны талданады. Зерттеуші сөздің морфологиялық құрылымын қарастыру барысында «сөздің құрамы» мен «сөздің құрылымы» деген екі мәселені даралап көрсетеді:«Сөздің құрамы» дегенде біз сөздердің қандай морфемалық бөлшектерден құралатынын сөз етеміз.Онда негізгі морфемалар мен қосымша морфемалардың түрлері және солардың өзіндік сипаттары баяндалады. Ал «сөздің құрылымы » дегенде сөздің негізгі және қосымша морфемалардың сөз құрамындағы орын тәртібі мен реттік жүйесі анықталады. Демек, «сөздің құрамы» дегенде сөздің негізгі-негізгі лексикалық және грамматикалық мағына беретін бөліктері, олардың түрлері қаралады да, «сөздің құрылымы» дегенде сол лексика-грамматикалық және грамматикалық бөлшектердің іштей таралып, жіктелген тұлғаларының сөз құрамындағы өзара құрылым жүйесі айқындалады,-деп түсіндіреді. Ал сөздер құрамына қарай *негізгі морфема, қосымша морфема* болып бөлінетінін, *негізгі морфеманың негізгі түбір және туынды негіз морфемаларға, қосымша морфеманың іштей жұрнақ морфема, жалғау морфемаға* ажыратылатынын мысалдар арқылы көрсеткен [6,22-23,26-36].

Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі алғаш рет 1986 жылы жарық көрген А.Қ.Қалыбаева мен Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» атты монографиялық еңбегінде арнайы, ғылыми негізде зерттелді.Еңбекте қазақ тіліндегі морфемаларды екіге бөліп, *негізгі морфемалар* және *көмекші морфемалар* деп қарастырады.Авторлар негізгі морфемалардың лексика-семантикалық дербестігін,әрі қарай бөлшектеуге болмайтынын, өзінен туындаған сөздердің мағыналық діңгегі болатынын,сондай-ақ «морфеманы-морфтар жүйесі»,-дей келіп, морфеманың морфтардан тұратынын айтқан орыс тіл біліміндегі қағидалар қазақ тіліне де үйлесетінін басшылыққа алдық деп морфоногиялық тұрғыда түсіндіреді де, негізгі морфеманың тілдегі түбір

сөздерді қамтитынын, ал көмекші морфемалардың түбір морфемалардан соң келетінін, қолданылу ерекшеліктері мен түрлерін санамалап, көрнекілеп көрсеткен[7,5-9].

Ғалым С.Исаев сөздің морфемалық құрамына, сөз құрамындағы морфема мәселесіне байланысты ойлары мен тұжырымдарын 1998жылы жарық көрген еңбегінде айтқан болатын.Сөз құрамындағы түбір морфема мен қосымша морфеманың білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі,түбір морфема мен сөздің сәйкес бола беретінін,бірақ барлық түбір сөздердің сол түбір күйінде жұмсала бермейтінін,түбір морфемада мағыналық, тұлғалық дербестігі болып, жаңа сөз жасаудың ұйытқысы болатынын т.б. сан-салалы ерекшеліктерін, сондай-ақ қосымша морфеманың түбір морфемаға қосылып, әр түрлі үстеме мағына беретінін, оның түрлері мен мағыналық ерекшеліктерін т.б.өзінен бұрынғы ғалымдардың зерттеулерімен салыстыра отырып,*айт,айту,айтылды,айтсаң,айтатының,айтпағың,айтпаса,айтқызбағың,айтқызбаған* деген мысалдармен тұжырым жасайды да:*Басқа сөздерге негіз болатын бөлшек те (айт), оған әр түрлі мән-мағына үстеп тұрған бөлшек те (-ың,-ар...)тіл білімінде морфема деп аталады*. Демек,*морфема дегеніміз контексте, сөйлеу процесінде сөздің жалпы грамматикалық(түбір),немесе категориялық я болмаса қатысты грамматикалық(қосымша морфема) мағыналарды білдіре алатын ең кіші бөлшегі,-деп түсіндіреді*.Сонымен сөз құрамындағы әрбір бөлшек, атап айтқанда, басқа сөздерге негіз болатын бөлшек те, оған әр түрлі мән-мағына үстеп тұрған бөлшек те тіл білімінде морфема деп аталады.Автор көптеген зерттеулерде айтылатын «сөздің түбірі лексикалық мағына береді»деген қағидаға «сөздің түбірі лексикалық мағына білдіретіні үшін морфема деп аталмайды,керісінше грамматикалық мағына білдіретіні үшін морфема деп аталады,түбір білдіретін грамматикалық мағына-лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына...»деп кейінгі зерттеушілерге ой тастайды[8,204-207].

Түркі жалғамалы тілдерінде сөз құрамының жігі анық,айқын болуы басқа тілдермен салыстырғанда дәлме-дәл талдауға икемді болып келеді.Сөйлемде сөздердің бір тұтас бірліктен тұруы өте сирек кездеседі, әдетте сөйлемдегі сөздер бірнеше мағыналы бөлшектерден құралады. Мысалы,*Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез* деген Абай өлеңінен алынған мысалдағы сөздерді морфемаларына қарай бөлшектесек: *біл-ім-ді-ден шық-қан сөз,талап-ты-ға бол-сын кез*, бұлардың әрбір бөлігін әрі қарай тағы бөлшектеуге болмайды.Осы он үш морфеманың алтауы, *біл,шық,сөз,талап,бол,кез* лексикалық мағынаны білдірсе, қалған жетеуінде *-ім,-ді,-ден,-қан,-ты,-ға,-сын* лексикалық мағына жоқ, бұлар лексикалық мағыналы морфемаларға түрлі грамматикалық мағына қосып тұр. Осыған байланысты морфемалар түбір морфемалар және қосымша морфемалар болып бөлінеді. Түбір морфема деп әрі қарай бөлшектеуге келмейтін лексикалық мағынасы бар морфемалар (*ақ,ас,бар,жоқ,өс,із,ән)* болса, қосымша морфемалар деп өздігінен жеке қолданылмайтын, сөйлемде сөздің

құрамында ғана қолданылып, оған түрлі граматикалық мағына үстейтін морфемалар аталады**.**

Орыс тіл біліміндегі морфемаға берілген анықтамаларды түркі тілдері, соның ішінде қазақ тіліндегі морфемалардың табиғатын ашуға негіз етіп алуға болмайды,-дейді М.Оразов морфемаларды арнайы талдаған бір мақаласында. Оның себебі орыс тілі мен қазақ тілінің морфологиялық жүйесі бір-біріне сәйкес келмейді.Қазақ тілі жалғамалы (аглютинативті) тіл болып есептелінсе, орыс тілі флективті тілдердің қатарына жатады.Мәселен, орыс тіліндегі түбір сөздер қазақ тіліндегідей толық мағынаға ие бола алмайды.Мысалы,(*куп (ец)-купец, от(ец)-отец, крас(ный)-красный*) деген орыс сөздерін салыстырып көріңіз.Ал қазақ тілінде мүлдем басқа.Түркі(қазақ) тілдеріндегі түбір сөздер басқа қосымшалар қабылдамай, түбір күйінде тұрып-ақ белгілі мағына білдіре (*кел,кет,ал,су,боз,ақ т.б.*) алады.Демек, түбір сөздерді морфема деп танитын анықтамалар жетерлік.Бұл қарақалпақ, өзбек,ұйғыр,хакас тілдерімен байланысты жазылған еңбектерде де, қазақ тілшілерінің зерттеулерінде де кездеседі,-дейді М.Оразов[9,32]. Аталған ғалымдардың айтқандарына Ы.Маманов: «Қазақ тілінде түбір сөз морфема емес.Олар туынды,біріккен,қосарлы сөздер қатарында,солармен тең праволы лексикалық бүтін»,-деген өз пікірін білдірген [10,18]. Бұл ойды ары қарай жалғаған М.Оразов: «Түбір сөз дегенде біз *негізгі түбір,туынды түбір,қос сөз,қысқарған сөз,біріккен сөзді* түсінеміз,бұлардың морфологиялық құрылымы бірдей емес, бірақ сөздің барлық талабына жауап береді.Ал морфемаға сөзге қойылған талаптың бәрін қоя бермейміз. Бұл-бірінші.Екіншіден, бір не бірнеше морфемадан құралатын сөздер бар, әр морфеманың өзіне тән мағыналық реңкі сақталынады.Айталық, *малшы* деген туынды түбір сөздің мағынасын компонентті талдауға салсақ, оның лексикалық мағына құрамында шешуші сема-*мамандық*, екінші сема-*мал(төрт түлік*) екендігіне көз жеткізуге болады. Сонда оны бір морфема деп санай аламыз ба?»-деген ой тастайды да,мынадай тұжырым жасайды: 1)*Морфема тілдің ең кіші мағыналы бөлшегі. 2)Морфемаға қазақ тіліндегі түбір морфема мен қосымшалар кіреді.Сөздің бәрі морфема бола бермейді,яғни сөз морфемадан кең түсінік,-дейді*[9,30-33].

Сөздің морфемалық құрамын негізгі түбір морфема және қосымша морфема деп екі жікке бөліп қарағанымыз сияқты,морфема құрамындағы тұлғаларды да лексикалық мағынасы бар тұлғалар және тек грамматикалық мағынасы бар тұлғалар деп екі бөлікке бөліп қарастырады ғалымдар.Бұл бөліктердің алғашқысы-*сөздің лексика-грамматикалық бөлігі*, ал екіншісі *сөздің грамматикалық бөлігі* деп аталады.Сөз құрамын бұлай бөлгенде, бірінші бөлікке дербес лексикалық мағынасы бар негізгі түбірлер мен сөзге жаңадан лексикалық мағына беретін сөз тудырушы жұрнақтар, демек солар арқылы жасалған туынды түбір тұлғалар жатады да, жаңадан лексикалық мағына тудыра алмайтын функционалді жұрнақтар мен жалғаулар екінші бөлікке кетеді.Сөзді бұлай бөлшектегенде, айрықша көзге түсетін ерекшелік бар.Ондайда жаңадан сөз тудырушы жұрнақтар сөздің қосымша

морфемасының тобынан негізгі морфемалар қатарына ауысады. Сөйтіп негізгі морфема мен қосымша морфемалардың (сөз тудырушы жұрнақтардың) ара жігі әуелгідей емес жаңаша із табады.Мысалы *білімділікті* деген сөзді құрамына қарай талдасақ, *біл* тұлғасы негізгі морфема болып шығады да *-ім,-ді,-лік* және-*ті* тұлғалары қосымша морфемалар(жұрнақ пен жалғау) тобына жатады. Осы сөзді сөз құрамының лексика-грамматикалық және грамматикалық бөлігі тұрғысынан қарасақ, *білімділік* үш жұрнақты туынды түбір болып шығады да, сөздің лексика-грамматикалық бөлігіне жатады , ал грамматикалық бөлігіне *–ті* табыс септігінің жалғауы қалады.

Ойымызды жинақтасақ,морфема, оның түр-түрлері,атаулары төңірегінде айтылар ой жетерлік деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1.Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию.М., 1968
2.Лингвистический энциклопедический словарь.М.,1990.
3. Ахманова О.С.,Словарь лингвистических терминов.М.,1969.
4. Кайдаров А.,Современный казахский язык.А.,1962.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.А.,1964.
6.Ибатов А.Сөздің морфологиялық құрылымы.А.,1983.
7.Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі,А.,1986.
8.Исаев С.,Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.А.,1998.
9. Оразов М.,Морфема және оған теңдес атаулар//ҚР Бжәне ҒМ-ніңҰҒА-ның Хабарлары.Тіл,әдебиет сериясы.2000.№3.
10. Маманов Ы.,Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік//Қазақ тілі мен әдебиеті.1991.№7.

ӘОЖ 82.1
М 83

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ АРАСЫНДАҒЫ ОЙ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мукашева А.М., ғылым магистрі, аға оқытушы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті, Тараз қ.
Мухтанова А., қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенті,
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті, Тараз қ.

Резюме:

В данной статье, наряду с представлением двух мыслителей, таких как Аль-Фараби и поэт Абай, на основе великих личностей, раскрывается суть преемственности мысли, которая стала основой их творчества среди мыслителей. Аль-Фараби и Абай-мыслители высокой научной мобильности, внесшие вклад в становление научной мысли в разных странах мира. В произведениях поэтов звучали разные темы, а в обширных произведениях, прославляющих наши национальные ценности, звучали произведения, способствовавшие развитию нашей страны.

Summary:

This article, along with the presentation of two thinkers, such as Al-Farabi and the poet Abai, on the basis of great personalities, reveals the essence of the continuity of thought, which became the basis of their creativity among thinkers. Al-Farabi and Abai are thinkers of high scientific mobility, who have contributed to the development of scientific thought in different countries of the world. In the works of the poets, different themes were heard, and in the extensive

works that glorify our national values, there were works that contributed to the development of our country.

Қазақ халқының жыраулар поэзиясын және ислам дәуіріндегі әдебиет жайындағы көркем дәстүр арақатынасын айтқанда, бір жайтқа назар аудару қажет. Әр түрлі халықтың әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың бір бөлігі болып саналады. Тарихи жалғастық дегеніміз-ең бірінші ақыл-парасат жалғастығы деген сөз. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің философия және әлеумет, этика жайлы ой-тұжырымы өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшылдардың туындыларынан ерекше көрініс тапты. Әл-Фарабидің «Интеллект ұғымы жайында» деп аталатын зерттеу еңбегінде адам баласының ақылдылық және парасаттылық деңгейін кеңінен зерттей келе, оларды «потенциал интеллект», «актуал интеллект», «жүре пайда болған инттелект», «әрекетші интеллект» секілді философиялы сатыларға бөліп қарастырады. Әбу Насыр әл-Фараби «жүре пайда болған интеллект» жайлы сөз еткенде, адам баласы дүниеге келгеннен саналы, озық ойлы болып туылмайтынын, ой-сананың өзі жүре келе, ести және көре келе пайда болатынын айтады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ой-сана жайлы пәлсапалық ой-толғанысын тоғыз ғасырдай уақыт өте келе, Абай Құнанбайұлы аса білгірлікпен жалғастыра түсті. Абай Құнанбайұлы өзінің «Он тоғызыншы» қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сонымен қатар, Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылым-білімді игерудегі ой-сананың рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы» қара сөзінде барынша дәлелдей түскен. Абай өз ойын: «Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды [1,37]. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абайдың қара сөзінде (7,17,27,38,43-сөздер) қайталануы кездейсоқтық емес, Әбу Насыр әл-Фараби: «Ақылдылық пен парасаттылықтың қайнар көзі – адам баласының ойлануына, тұжырымдауына, ілім мен өнер атаулыны түсінуге және де жақсылық пен жамандықты ажырата білуіне бағыт беретін негізгі күш болып есептеледі» деп көрсеткен.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты пәлсапалық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» секілді анықтамаларға түсінік бере отырып: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді [2]. Әбу Насыр әл-Фарабидің

«Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі пәлсапалық қорытынды пікірі Абай Құнанбайұлының «Он жетінші» қара сөзінде логика тұрғысынан дәстүрлі жалғасын тапқан іспетті. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының аталған қара сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» әрқайсысы өзін күштіге балап, тартысып, соңында «ғылымға» келіп кеңес сұрайды. Сол кезде «ғылым» барлықтарыңның дегендерің шындық, барлықтарың да керексің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман », – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай осы үшеуінің басын да қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – депті деген қорытындыға келеді [1,33].

Ұлы ақын Абайдың бастаған ғылымының түпқазығы – адам баласын ізгілікке баулу. «Әлемнің көрінген және көрінбеген сырын айтпай, барлығын өзіне ұқтырмастан, адам адам баласы болып қалыптаса алмайды». Абай адам баласының өзін-өзі тануы жолындағы адамға бағыт сілтеуші алғашқы қазақтың ақыны бола білді.

Адам баласы ғарыштық "топырақта – жерде" өзіндік орын таба алып, өзі-өзімен болуға тиісті. Өзіңді тану арқылы сен ақиқатты тани аласың. Аталған іс-қимыл өзінің бастауын ең бірінші болып діни пәлсападан алады. Абайдың туындыларында адам баласының рухтық әлемінің қажетті бөлімі – Жаратқанға сену мәнмәтінінде болатын өмірдің мақсаттары мен парасаттылығы хақында пәлсапалық пікірлер жадымызда қаларлықтай.

Әбу Насыр әл-Фараби ғаламының құрылысын бірізділікпен ұғынуға талпынды. Бастапқы көрінісі - бұл Алла Тағала. Ортасы-болмыс иерархиясы. Адам баласы – ғаламды ұғынушы және әрекет етуші. Соңғы көрінісі-шынайы бақытқа қол жеткізу.

Қазақ халқының екі ұлы ойшылдары - Әбу Насыр әл–Фараби мен Абай Құнанбайұлының еңбектері жайлы сөз еткенде, біз ойшылдардың пәлсапалық құрылымында ортақ идеяны және ортақ тақырыпты көре аламыз. Атап айтқанда, мәселелер мен шешімдер, олардағы рухани құндылықтар. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының философиялық ойларында бір-біріне қатты ұқсастық бар деуімізге болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиясы қоғам өркениеті дамуына негізделген, сол себепті жылдардан-жылдарға дейін оның озық ойлары ескірмейді, керісінше қызығушылықты оятады және білімге жетелейді. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының өмірге деген ойлары руханилық пен ақылдылық секілді адамға тән құндылықтарға, жаңашыл нақты ойларға бастау бола алады. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасыр» атты мақаласында халқымыздың рухани дамуы үшін қажет ұлы ақын мен философтың мұрасына ерекше назар аудару керектігін атап өтті. Біздің ата-бабаларымыз мемлекетті қалыптастыру, нығайту кезінде тарихи біліммен жеке танысқанын түсіну маңызды. Олар оны адамдар үшін ортақ үй ретінде насихаттады және елдердің мүдделеріне батыл қызмет етті. Әл-Фараби мен Абай өз заманының мәдениеттерін жарқын бейнелеген [3].

Әл-Фараби үлкен ойшыл және оның қоғамдастық табиғаты мен болмысын зерттеу арқылы «екінші мұғалім» деп аталды. Ол өзінің уақытында қоғамның дамуы оның өзгермейтін, негізгі құндылықтары арқылы жүретініне сенімді болды. Ғылым, технология, саясат-бұл жаңа жағдайда пайда болатын және қалыптасатын қоғам үшін құрал. Ал дін, мәдениет, тіл, дәстүр, тәжірибе оның терең және тұрақты дамуына әсер береді.

Әлеуметтік онтологияның көптеген мәселелерін нақтылау үшін өткеннің философиялық тәжірибесін интерпретациялық қайта құру қажет, өйткені ол адам өмірін рухтандырған, оған мән беретін моральдық әлеуетке ие болды. «Күнделікті нан» іздегенге дейін әр адамның өмірі төмендемеді, фәни дуния – «өлім әлемі»-мәңгіліктің мағынасына ие болды. Қоғам әділ, адамгершілік, рационалды, үйлесімді өмір сүру моделіне сәйкес құрылады. Әл-Фараби мен Абай осылай философиялық тұжырым жасайды және осындай тәжірбиеде біз бүгін онтологиялық қажеттілікті сезініп келеміз [4].

Әл-Фарабидің пайымдауынша, кемелдену жолы-бұл процесс. Ол бақытты сапалы білім алу, Мәңгілік моральдық құндылық ретінде түсінді. Бақыт-руханилықты жетілдірудегі сыйлық. Бақытқа жету-жақсы, жарқын істерді орындау арқылы адамның өзі жасаған жұмыс. Ал Абай философиясы адамгершілік-гуманистік идеяларға, ізгілікке, құрметке, достыққа, махаббатқа толы. Абай өз шығармаларында адам деген не деген сұраққа жауап бере отырып: «Адамның мәні-махаббат, әділеттілік және шынайылық. Адамдар бұл бастамаларсыз жасай алмайды. Адам адамға дос», - деді ғалым.

Екі ойшылдың ең үлкен сабақтастығы- олар өз шығармаларында гуманизм, ағартушылық және адамгершілік идеяларына негізделген әр мемлекеттің, қоғамның дамуына, жалпыадамзаттық маңызы бар идеяларға қатысты тұжырымдамаларды білдірді.

Әл-Фараби мен Абай-әлемнің түрлі елдерінде ғылыми ойдың қалыптасуына үлес қосқан жоғары ғылыми мобильділіктің ойшылдары. Осы ғалымдардың идеялары мен шығармаларының нәтижелерін жеткізу, қайта құру, көбейту қажет. Бұл-Қазақстан халқының өзіндік сана-сезіміне жетелейтін, өз мәдениетін түсінудің маңызды қадамдарының бірі.

Әдебиеттер
1. Абай қарасөздер. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2010 ж.
2. Әл-Фараби. «Қайырымды қаласы» және қазақ утопиясы. Әдебиет парталы. Байтанұлы А., мақала, 17.04.2020 ж.
3. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" мақаласы. «Егемен Қазақстан» газеті, 09.01.2020 ж.
4. Әл-Фараби мен Абайдың әлеуметтік онтологиясы: философиялық өзектендіру тәжірибесі / баспа / Автор Нысанбаев а. Н., Курмангалиева Г. К., Сейтахметова Н. Л. 06.11.2014 ж.

УДК (378:372.8:811.111)

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Киясова К.К. к.п.н.,
Абилова М.А. –магистрант гр. 1301-10, Карабай А.-студентка гр.102-18
Южно-Казахстанский государственный университет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада бастауыш сыныптарды ағылшын тілін оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшеліктері жайында айтылады.

Summary

The article discusses the features of the methods and techniques used in teaching English in primary school.

В своем послании «Новый Казахстан – в новом мире» Глава государства представил культурный проект «Үш тұғырлы тіл». В ходе Послания он отметил, что «Казахстан должен быть признан во всем мире как высокообразованная страна, население которой использует три языка. Наш казахский язык - это государственный язык, русский – язык межнационального общения, а английский – язык успешного вхождения в глобальную экономику».

Изучение английского языка в междисциплинарной связи с предметами: математика, познание мира, естествознание, художественный труд способствует быстрому овладению языком, легкому запоминанию. В то время как предмет грамотно улучшает устную речь ребенка, увеличивает словарный запас, учит распознавать буквы, читать, писать, мы можем наблюдать тесную преемственность английского языка с ним.

Образовательные организации стремятся создать образовательную среду, влияющую на предметное содержание и овладение языком. Каждая дисциплина имеет свой языковой стиль, который можно назвать «научным языком» конкретной дисциплины. Научный язык – это основной инструмент, используемый для изучения содержания предмета, улучшения его мышления и работы с основными понятиями предметного содержания.

Языковые цели являются важным инструментом для овладения научным языком. Если языковые цели реальны, учащиеся могут понять, чего они ожидают от себя. Языковые цели также помогают преподавателям и учащимся формировать, измерять и поддерживать мотивацию к обучению.

Учителя-предметники, постоянно ориентирующиеся на изучение содержания предмета и развития научного языка, служат примером для учащихся и помогают в изучении предмета и языка, то есть: 1) использование учащимися всех четырех языковых навыков для достижения различных целей в различных видах деятельности (например, чтение-аудирование, чтение-письмо, чтение-говорение, аудирование-письмо и т.д.); 2) стимулирование критического мышления о языке (например, сравнение языков, стимулирование учащихся к более конкретному использованию языка, оценка достижений в овладении языком); 3) установление языковой цели в начале урока и обсуждение достижений по этой цели в конце урока.

Хотя языковые цели также можно считать целями предметного содержания, разделение содержания и языка помогает учащимся сосредоточиться как на содержании, так и на языке. Это помогает сбалансировать внимание, которое уделяется ответам/решениям, процессу, необходимому для поиска этих ответов/решений. В частности, акцент на таких процессах помогает улучшить реальное использование языка и мыслительную деятельность.

Языковые барьеры у младших школьников могут быть определены путем построения диалога в соответствии с их возрастными особенностями, вопросов-ответов, анкетных вопросов, письменного эссе или теста. Дифференцированное обучение по уровням в учебном процессе и составление заданий по уровням учащихся возлагается на тандемных учителей.

Формирование совместного краткосрочного плана учителем английского языка и начальных классов имеет большое значение для решения языковых барьеров учащимися класса.

Использование эффективных методов и приемов с учетом возрастных особенностей детей стимулирует интерес детей к предмету, языку.

Методы «Полиглот», «Алфавит» («Әліпби») в дисциплине «Сауат ашу» («Обучение к грамоте») имеют большое значение при изучении английского языка. Метод «Алфавит» используется при повторении домашнего задания или пройденных тем в разделе «мозговой штурм» («миға шабуыл»). В алфавите может быть указана любая буква, ребенок произносит на этой букве слова, которые он знает на казахско-русско-английском языке.

Ну а метод «Полиглот» можно использовать при повторении опорных слов и домашнего задания на новую тему. Например, название опорных слов на

трех языках, связанных с темой, мектеп-школа-school открывает путь для знакомства с новыми словами на русском и английском языках.

Метод «Биопоэмы» («Биопоэма» әдісі) - удобный способ для передачи ребенком информации о себе. Кроме того, метод «Радуга» («Кемпірқосақ» әдісі) часто может быть использован в предмете художественного труда что способствует легкому усвоению ребенком семи цветов радуги на трех языках: казахском–русском-английском например, қызыл-красный- red.

Большое значение в повышении функциональной грамотности детей и освоении первых чисел имеют методы «Лестница» («Баспалдақ»), «Теңге алу». Прямой и обратный отсчет или спуск по лестнице в школе, дома способствует запоминанию чисел. Вы также можете повторить это на трех языках. Этот метод учит считать числа в прямом и обратном порядке на русско-казахском и английском языках. Метод «Теңге алу» в математике, распознавая деньги и монеты, может стоить того. В методе «Теңге алу» монеты используют в магазинах либо в школьной столовой, учат общаться с продавцами на русском и казахском языках.

В естественно-научной дисциплине с помощью метода «Фрукты и овощи» («Жемістер мен көкөністер» әдісі) можно учить детей названию овощей и фруктов на английском языке. Ученики садятся по кругу на стулья. Учитель подсчитывает учащихся по порядку, в котором они сидят, по названию фруктов: «яблоко, вишня, слива, банан». После этого учитель называет один или несколько плодов, при этом учащиеся, плоды которых названы, должны заменить их местами. А учитель сидит на одном свободном месте. Школьник, которому не хватает места, становится водителем и называет фрукты на трех языках. Этот метод также способствует запоминанию детьми названий фруктов и овощей на английском языке.

Одним из наиболее часто используемых методов в естествознании является «Батискаф». Две группы поочередно прячут слова друг в друга. Один ученик группы должен жестом передать слово, спрятанное в своей группе. Данное слово звучит на казахско-русско-английском языках.

Используя методику «Солнышко» («Күншуақ») с целью повторения новых слов, усвоенных в познании мира, можно увидеть, насколько увеличился словарный запас детей. Здесь, чем больше ребенок передает слова на трех языках, тем больше солнечного света становится все ярче и жарче. Одно солнечное сияние в каждом слове увеличивается в изображении солнца. Это незаменимый способ наблюдать и оценивать словарный запас языка ребенка.

Метод «Пирамида» способствует усвоению букв, слов, предложений. С помощью этого метода можно наблюдать увеличение количества слов в предложении.

В методе «Бросок мяча» («Допты лақтыру») учитель задает вопрос, бросая мяч. Ученик, выбивший мяч, отвечает на вопрос и задает свой вопрос. Если ученик не может ответить на вопрос, он передает мяч другому ученику. Этот метод помогает оценить ученика при повторении новых опорных слов, выполнении языковых целей. Кроме того, у младших школьников можно использовать различные методы и приемы.

В заключение, тандем показывает, что благодаря обучению учителя могут тесно взаимодействовать друг с другом, обмениваться опытом, что может способствовать повышению качества знаний обучающегося. Интегрированное тандемное изучение английского языка с предметами начальных классов позволяет убедиться в увеличении словарного запаса обучающегося, увеличении богатства языка, а также повышении качества знаний в языковых дисциплинах.

Литературы:

1. Типовая учебная программа по 1-4 классам уровня начального образования. - 2016 г.
2. Особенности эффективного применения методов и приемов в учебном процессе в рамках обновленного содержания образования. - 2018 г.

ӘӨЖ

ЖАЗУШЫ, ҒАЛЫМ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТІҢ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ

Омаров Т.Қ. ф.ғ.к**, Абдуманап Д.**
Қазақстан, Шымкент. ОҚМПУ

Резюме

В этой статье анализируются размышления писателя З. Сәніка, касающиеся казахской мифологии

Summary

This article analyzes the thoughts of the writer Z. Sanik concerning the Kazakh mythology

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына ықпал еткен бір құнарлы, мол арнаның қосылғанын атап өткеніміз орынды. Ол арна Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашырап жүрген қандастарымыздың басын қосып, атажұртқа көшіріп әкелуге ерекше көңіл бөлгендігі еді.

Көрнекті ғалым ф.ғ.д., профессор У.Қалижановтың сөзімен айтқанда; «Алыс-жақын шетелдерден бір миллондай қандастарымыз байырғы Отанына біржола қоныс аударды. Бұл егемен елімізге қосылған адам ресурстары ғана емес, сонымен бірге мемлекетімізге құйылып жатқан әдеби, мәдени және ғылыми күш болды.

Алыстан келген ағайындармен бірге елге жетіп жатқан мәдени бұлақтар отандық ұлы мәдениет айдынын толықтырып, деңгейін өсіре түсуде. Бұл ретте қазақтың қаймағы бұзылмаған шұрайлы тілі мен баға жетпес фольклорлық

мұрасы, құнды көркем шығармалары, дәстүрлі діні мен тұрмыс-салты, ұлттық рух пен мінез-құлқы, халқымыздың ұмыт болып бара жатқан ән-күйлері мен билері шетелдік қандастарымыздың атажұртқа оралуы арқылы соңғы жиырма жылда отандық мәдениет игілігіне айналды. Ұлттың рухани қазына қорына қосылды. Бұл құндылықтардың барлығы шөліркеген шөліне сусын болғандай ыстық ықыласпен қабылданды» [1, 5 б].

Осы әдеби, мәдени күштің басында көрнекті жазушы, шежіреші, әдебиет пен мәдениетті, тарихты зерттеген кең құлашты қаламгер, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Зейнолла Сәнік ағамыздың тұрғандығын мақтанышпен айта аламыз.

Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік 1935 жылдың 15 сәуірінде Қытай Халық Республикасының ШУАР, Тарбағатай аймағы Шағынтоғай ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін, 1954 жылы Қытайда аудандық комсомол комитетінің қызметкері ретінде өмір жолын бастайды. Ол да өз замандастары сияқты Қытайда жүргізілген «мәдени төңкерістің» құрығына ілігіп, «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшырайды. Алайда бұл зобалаң жылдар халқын сүйген қаламгердің қаламын мұқалта алмаған.

Қаламгердің 1955 жылдан басталған шығармашылық жолында «Баспай», «Сергелдең» сияқты романдары мен «Тау жұлдызы» атты повестер жинағы, «Мұралар нені айтады», «Атаның алтын іздері», «Қазақ этнографиясы», «Хан батыр – Қабанбай» т.б жиырмадан астам кітабы жарық көрген екен. Ата мекенге оралған жазушының 80 жылдық мерейтойына орай 2014 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғылыми-практикалық конференция өткізді. 2017 жылы «Ан Арыс» баспасы З.Сәніктің 15 томдық шығармалар жинағын басып шығарды.

Біз бұл шағын мақаламызда жазушының қазақ мифологиясына қатысты кейбір ғылыми көзқарасын білдірген «Алтай мифтері туралы аз аял» атты мақаласына тоқталмақпыз.

Ұлттың ұлылығын танытатын құнды мұралардың бірі халық ауыз әдебиеті. Бұған ғасырлар бойы жиналып, зерттеліп, жарияланып келген жәдігерлеріміз дәлел. Фольклорлық мұралардың ішіндегі қара сөзбен айтылып келген жанрлық түрлер туралы жазылған жекелей де ұжымдық та зерттеулер бар. Фольклорлық проза – бұл қазіргі кездегі халық психологиясын зерттеу үшін де өте маңызды және қажет халық шығармашылығы болып табылады. Содан да болар фольклорлық прозаға деген қызығушылық соңғы кезде артып келе жатыр.

Академик С.Қасқабасов фольклорлық проза шығармаларын айтылу мақсатына қарай танымдық (познавательный), мағлұматтық (информативный) және көркемдік-тәрбиелік (эстетический-воспитательный) деп үш топқа бөліп [2, 32 б.], алдыңғы топқа мифтің барлық түрі, кейбір аңыздар, екінші топқа хикая, меморат-әңгіме жататынын, ал, үшінші топқа классикалық ертегілердің барлық түрі кіретінін атап өткені белгілі [2, 32 б.]. Әрине, осы сараланған проза жанрларының арасында қатып қалған шекара жоқ. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне кірігіп жатады. Сонымен қатар, сюжеттік желінің

дамуына байланысты прозалық жанрлар бір түрден екінші түрге ауыса береді. Мысалы, өмірде жиі кездесетін оқиғалардың бірі жайлы айтылып жүрген әңгіме келе-келе тұтастанып, көркемделіп, сюжеттік дамуға ие болған кезде ол аңызға немесе ертегіге айналып кетуі мүмкін.

Қазақ фольклористикасында өткен ғасырдың 60-70 жылдарына дейін халық прозасының түрлері, соның ішінде біз қарастырғалы отырған мифтер жанрлық тұрғыдан арнайы зерттеле қойған жоқ. Оның да толып жатқан өзіндік себептері бар. Енді солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік. Мәселен, академик С.Қасқабасов мифтердің арнайы зерттелмеу себептерінің бірі ретінде – оның жанрын анықтаудың қиындығын алға тартады. Яғни, мифтердің тек таза түсінік күйінде, не болмаса тек таза әңгіме түрінде кездесе бермейтіндігі. Өйткені кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. «Тіпті көп жерлерде миф пен басқа да фольклорлық прозаны ашып айырмайды, себебі, миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сипатта да баяндалады екен» [2, 65 б].

Ал, қазақ мифологиясын арнайы зерттеген ғалым С.Қондыбай «миф» деген сөздің өзін біз бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мағынада түсінетіндігімізбен байланыстырады. Бірінші, мифті ертегі сияқты өтірік, жалған, ойдан шығарылған, қияли дүние ретінде қабылдаймыз. Екінші жағынан «миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта), нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық, жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының (социумның) өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда, «түсіндім» деген стереотипі. Яғни, бұл жағдайдағы миф ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес. Нақты халықтың дүние мен өзі туралы Шындығы, басқаша айтқанда «шын» деп есептелінген тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты» [3, 15 б].

Ғалым назар аударған тағы бір мәселе, мифтерді қалай танып, қалай түсіндіретінімізге байланысты. Жалпы, ғалым мифтердің жалғандықты, ойдан шығарылғанды білдірмейтінін, бірақ «жалған миф» деген де, «ақиқат миф» деген де болатынын айта келіп, дұрыс түсінілсе мифтік мұраның нақты қоғамға берері мол екендігін, ал, шалағай түсініліп оны тар мүдделі ортада, әсіресе саяси мақсаттарда пайдаланар болса мифтің қоғамға, нақты халыққа тигізер зияны шаш етектен болатынын айтады.

«Міне, сондықтан да, 20 ғасырдың 1-ші жартысындағы «арийшылдық» мифологияның тарихынан сабақ алған, сөз жүзінде коммунистік-интернационалдық болмысты, іс жүзінде ұлы орыстық шовинизимнің астыртын бағытын ұстанған Кеңес билігі, өз билігіне, мақсатына кедергі келтіріп, қарсы тұра алатын «түрк факторының» фотенциалын жан-тәнімен, тұла-бойымен сезіне алатындай деңгейде еді. ...Сондықтан орыс тарихындағы «түрк ықпалының рөлін» төмендетіп көрсету, елемеу, айтпау кеңестік дәуір

ғылымының басты міндеті болды. Оның үстіне Кеңес Одағындағы түрк тілдес халықтардың сандық үлесі, демографиялық потенциалы, діни, мәдени тұрғыдан алғанда бөгделігі де қауіп туғызатын.

Міне, осындай тарихи өткен және реалды баршылық жағдайында түрк халықтарының тарихындағы «орыстың өзін уысында ұстаған сәттердің болғаны», «түрк тілді көшпелілердің бір кездері орыстарға жоғары мәдениетке ие болғандығы, т.б. осы сияқты жартылай аңыз бен жартылай тарихи шындыққа негізделген тарихи жад, егерде фольклорлық, тілдік материалдармен ұштастырыла отырып, ең бастысы – зерттелуіне шығармашылық еркіндік пен мүмкіндік берілген жағдайда, жаңа ақиқат мифті туғыза алуға қабілетті еді. Ал мұндай миф Кеңес мемлекетінің тұтастығына, орыс ұлтының тарихи «евразиялық» миссиясына (миссионерлігіне) қауіп төндіретін. Сондықтан, осындай ықтималдықты жөргегінде, тумай жатып тұншықтырмақ болған кеңестік саяси идеологиялық билік 1940-шы жылдардың аяғынан бастап-ақ түрк халықтарының фольклорлық мұрасына, ең алдымен батырлық, тарихи жырларына шүйліккен еді (оны татарлардағы «Едіге», «Шора батыр» жырларына тиым салынуынан, осындай науқанның қазақ, басқа да түрк халықтарының жырларына қарсы жүргізілгендігінен көруге болады) [3,17-18 бб].

Бұл жерде тек батырлар жыры ғана емес, мұндай соққыны ең алдымен «зар заман» әдебиетінің өкілдері алғандығын да айта кеткен орынды.

Жоғарыда аталған және аталмаған басқа да себептердің әсерінен миф жанрын зерттеудің кенжелеп дамығаны шындық. Содан да болар мифтердің классификациясын жасағанда біз көбіне шет елдің, әсіресе орыс ғалымдары мен батыс ғұламаларының еңбектеріне сүйенетініміз шындық. Ал фольклоршы ғалым З.Сәніктің мифология жайлы ой-толғамдары шынында біраз қызықты мәліметтерді алға тартады. Алдымен миф дегеніміз грек тілінен аударғанда, аңыз, нақыл деген мағына береді. Ал түркі халықтарының көпшілігінде аталатын афсана сөзі парсы тілінен аударғанда аңыз деген мағынаны береді екен. Сонда біздің афсана-хикаят деп жүргеніміз – аңыздық хикая болып шығады.

Ғалым алдымен мифтердің даму сатысына назар аударады. «Біріншісі сатысы – адам мен хайуанды және басқа заттарды ұқсас деп санайтын сәбилік саты; екінші сатысы – адам мен хайуанды парықтайтын және адамды басқа жақтан парықтайтын саналы саты; үшінші сатысы – әртүрлі затқа өзіндік түсінік беретін түсініктеме мифтер сатысы» [4, 50 б].

Сондай-ақ ғалым қазіргі мифологияда қалыптасқан жай мифтер мен әдеби мифтердің де ара-жігін ажыратады. Атап айтқанда австриялық, африкалық, американдық мифтерді жәй мифтер, ал ежелгі Рим, Вавилон, Үнді мифтерін шоғырланып, циклденіп, көркемдік жүйеге түскен әдеби мифтер. Жалпы мифтердің пайда болуы мен таралу аймағы деген мәселеде ғылымда әртүрлі пікірлердің бар екендігі белгілі.

Сонымен, арғы-бергі мифтердің дамуын қарастырған ғалым қазақ, соның ішінде алтай мифтерінің тууын бес түрлі діни наным-сенімге байланысты бөліп қарастырады. Бірінші, Ислам дініне кіргенге дейін қазақ тайпалары әр түрлі діндердің ықпалында болғандығы белгілі. Соның негізінде гректердің көп құдайлы дініне ұқсас бізде де әр түрлі мифологиялық түсініктер қалыптасты.

«Мысалы, мүшірік діні – айға, күнге, көкке, отқа табынады. Әлемдегі әрбір құбылыстың өз иесі бар деп есептейді. Сондықтан сол кездегі қазақ тайпалары Тәңірге, Жасағанға табынған. «Көк тәңір жарылқасын, Аспан ата, Жер ана, Су ана» деген сияқты сөздер, жаңбыр жаумай қалғанда тасаттық беріп, көк Тәңірінен жауын тілеу біздегі сол дәуірден қалған ырымдар екендігі хақ. Қазақтың жаңа айдың туғанын көргенде:

Ай көрдік, аман көрдік,
Жаңа ай жарылқасын,
Ескі ай есіркесін, –

деп бата беруі де өте ертедегі ұғымның сарынын білдіреді. Күнді құрмет тұту, күнге тіл тигізбеу, жауынды Тәңірдің нұры деп түсіну сол бір ұғымның сарқыны болса керек. Міне, осындай наным ықпалынан қазақтың аспан әлемі, дүниенің жаратылуы жөніндегі ең алғашқы мифтері туындаған» [4, 52 б], дейді ғалым.

Екінші, төтемдік діннің ықпалынан туындаған мифтік ұғымдар. «Табиғаттың алып тұлғасына, тарпаң күшіне, әртүрлі хайуанаттарға табыну төтемдік дінге жатады. Ертедегі түркі халықтары, соның ішінде қазақтар да биік тауға, асау дарияға, тағы жануарларға табынған. Ертедегі грек құдайларының Олимпияда тұрғаны сияқты түркі халықтарының Тәңірлері Отыген тауында (Монғолия), Алтайдың асқарында, Тәңір тауында, Хантәңірде (Жетісудағы Ортау – Кертауда) тұрған.

...Бұдан сырт түркі халықтарының бірқыдыруы бөріге табынған. «Оғыз батырды Бөрі жеңіске бастаған». «Үйсін патшасы Күнбейді Бөрі емізіп баққан. «Хұн патшасы Бөрімен үйленген». Найманның бір жарлы батыры Алтайдың Еркене Көкшоқысында Бөрімен үйленіп, сонан Еркөнекті Найман таралған.

...Адамның Алып атасы болуымен қатар қойдың Шопан атасы, жылқының Қамбар атасы, сиырдың Зеңгі атасы, түйенің Ойсылқарасы, т.б әр хайуанның өз иесі, атасы болған» [4, 53-54, бб], деп дәлелдейді.

Сондай-ақ ғалым қазақтың жыл қайыруына кіретін он екі хайуан туралы айтылатын мифтік аңыз, міне осыны әйгілейді. Сонымен бірге қарақұм, айдahар, балық т.б хайуандар айтылатын мифтер де қазақта аз емес екендігіне тоқталады.

Ғалым Мажус дінінің ықпалынан туған негізінен әруаққа, өзінің ата-бабаларына, әуелі Тәңір атаға, онан соң Жер анаға, онан кейін Умай анаға табынатынын. М.Қашқаридың «Ұмайға табынған ұғыл болар» дегені сол аруаққа табынудың сарыны екенін. Қазақтың Алладан бұрын әруақты ауызға алуы, бәлкім осының сарқыншағы болуы мүмкін деген қорытынды шығарады.

Ал Несториан, будда, шаман діндеріне қатысты мифтердің қазақта араласып кеткендігін, өлген батырды сауыт-сайманымен жерлеу, бал аштыру, бақсы-балгер жорамалына сену, арбау, шарғу т.б. нанымнан туған ұлттық ұғымдар осыған жатады. Бұдан сырт басқа халықтардың мифтік ұғымдары әртүрлі жолмен түркі халықтарына, қазақтарға сіңіп, сол ұлттың өз мифтеріне айналып кеткен. Адамның хайуанға, хайуанның адамға айналуы тәріздес мифтер бізге Үнді, еуропа мифтерінен келіп сіңген. Дию, Қызыр перілері жөніндегі мифтер ежелгі Иран мифтерінен келіп сіңген. Бірақ, бұлар өз қанымызға сіңіп, өзімізге тән ұлттық сипатта қазақ мифтеріне айналып кеткен, деген қызықты мәлімет ұсынады.

Сонымен қатар ғалым ислам дінінің келуі бұрынғы діни ұғымдарды ығыстырып, оның кейінгі ұрпаққа жалғасуына кедергі жасағандығын да атап өтеді. Дегенмен, Ислам діні өзіндік мифтік сарынымен бірге араб-парсы елдерінің мифтік ұғымдарын ала келіп, қазақ мифологисының дамуына белгілі ықпал көрсеткен. Қазақ мифтерін толықтырып, кемелдендірген жағы да бар деп атап өтеді.

Қорыта келгенде З.Сәніктің мифке қатысты кейбір ой-толғамдары осындай. Оның кейбірімен толық келісуге болатынын айта кеткен орынды. Сондай-ақ, соңғы кездері қарқынды түрде зерттеле бастаған қазақ мифологиясына қатысты тұжырымдарды анықтауда көп көмегі болатындығы да анық деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қалижанов У. Алғы сөз. Кітапта: Зейнолла Сәнік. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: «Ан Арыс», 2017. – 328 б.

2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: «Ғылым», 1984. – 272 б.

3. Қондыбай С.Миф. Кітапта: Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. 2 том. –Алматы: «Жазушы», 2005. – 568 б.

4. Сәнік З. Алтай мифтері жайлы аз аял. Мақалалар, рефераттар. Көп томдық шығармалар жинағы. 12 том. – Алматы: «Ан Арыс», 2017. – 316 б.

ӘӨЖ

«ҚАСІРЕТ КЕШКЕН ДҮНИЕ» НЕМЕСЕ ЖӘЛЕЛ КЕТТЕБЕКТІҢ АҚЫНДЫҒЫ

Омаров Т.Қ. Жапарбекова А.А.
Қазақстан, Шымкент. ОҚМПУ

Резюме

В данной статье анализируется поэтическое искусство Жалиля Кеттебека

Summary

This article analyzes the poetic art of Jalil Kettebeck

Өлең өлкесіне әркім әрқалай келеді. Біреу өмірден келсе, енді бірі сол киелі өнердің өзінен келеді. Және бір қызығы әркім сол өлкеден өзіне тиесілі

орынды еншілегісі келеді. Біздің сөз еткелі отырған ақынымыз өзін өлең өлкесінен тапқандардың қатарынан емес. Ол бар бақытын да, байлығын да қара сөзден, яғни прозадан іздеген жан. Бірақ мұнда да оған тиесілі енші әзірге бұйыра қойған жоқ. Ал өзінің қалайша ақын болып кеткенін «Мұқағалидың бұлтты аспаны» атты естелігінде былайша түсіндіреді.

«Тоқсаныншы жылдары, жекешелендіру трагедиясының нағыз қызған кезінде мен бір қыс өлең жаздым. Қара сөзге қолым жүрмей-ақ қойды. Жаза бастаймын, артынша тоқтаймын. Маңдайыммен жар сүзгендей болам. Қолым жүрмейді. Тағы жазам. Тағы тоқтаймын. Содан кейін апталап жазбай кетем. Бірдеме ойлайын десем, ойлай алмаймын. Бір қарасам, миымда өлең жолдары ұйқасып келе жатады. Алла тағаланың маған бұндай жазаны қай қылығыма жібергенін ақылмен де, түйсікпен де түсіндіріп бере алмаспын. Сол кезде бір өлеңімді Мұқаңа (Мұқағалиды айтып отыр) арнадым [1, 358 б].

Жәлел Кеттебекке бұл өлең жолдарын жазуға итермелеген Мұқағалидің «Жазылар естеліктер мен туралы» атты өлеңі болса керек. Тағы бір жайт, оның Мұқағалимен Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтында біраз уақыт бірге оқығандығы еді. Жәлел ағаның Мұқағалимен болған аз уақыттағы осы таныстығы кейін жоғарыдағы әдемі естелігін жазуға да түрткі болды. Ж.Кеттебекке әсіресе өз құнын, өз бағасын білген, ерекше бір түйсікпен сезінген Мұқаңның:

«Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы» [2, 228 б], деген өлең жолдары.

Осы жолдар ақынға қатты әсер еткен болуы керек. Әсер еткені сонша, ол оған жауап ретінде өлең жазады. Осыған жауап, енді бір жағы жұбату ретінде айтылып тұғанымен осы өлең жолдарында талай шындық жатыр. Көзі тірісінде ер-тұрманы бір бүтінделмей-ақ кеткен екі тұлпар бір-бірін қалай танып, қалай табысқан? Әрине, ол шындық тек Кеттебек ашқын жаңалық емес. Талай айтылып, талай ақын жырға қосқан шындық. Мәселе, Кеттебектің сол шындықты жеткізудің басқаша, өзіндік формасын тапқандығында. Бұл тұрғыдан келгенде Жәлел ақын кез келген бүгінгі кәсіби ақындардан кем түспейді. Тіпті сол көп ақындардан оның мойны анағұрлым озық жатыр. Ендеше өлеңді оқып көрелік.

«Атақ. Мансап. Шен-шекпен.
Керегі не?
Бізге солар бірдеме береді ме?
Азып-тозған дүниеге әлек салдық
Бар құдірет өзіңнің өлеңіңде.

Басыл енді. Біздерге ірісінбе.
Ірінің де күнәсі тұр ішінде.

Ешбір халық қазақтай ақындарын,
Қорламаған көзінің тірісінде.

Айыра алмай ұлыны топ қарадан,
Қызғаныш пен өштікке тоқтамаған.
Ешбір халық қазақтай ақындарын,
Өлтіріп ап, артынан жоқтамаған.

Атақ, мансап, шен-шекпеннің керегі жоқ дегенімізбен, ол шын мәнінде ақынның өсуі үшін керек нәрсе екен. Ешкім де атақ-абырой үшін жазбайды. Алайда атамаудың атумен тең екенін (А.Сүлейменов) ескерсек, ол жазушының шабытына шабыт қосып, болашаққа деген сенімін, рухын оятатын қажеттілік екен. Қазір ойлаймын, егер біз Мұқағалидың ұлылығын, оның дарын қуатын дер кезінде мойындап, оған көңіл бөлгенде, мүмкін жүрегіне жүк артқан ақын мына жарық жалғанда 45 жыл емес, одан да көбірек жасар ма еді деп. Өлтіріп ап, енді мақтағаннан не пайда? Егер ақын не жазушы делік сол атақ, абыройға лайық болса, неге соны көзінің тірісінде, қызғаныштың қызыл итіне талатпай-ақ бере салмасқа. Жо-Жоқ. Біз бере салмайды екенбіз. Біз керісінше, неге оған беруміз керек деп өре түрегеледі екенбіз. Өйткені, өзімізге бұйырмаған нәрсені өзгеге тіпті де қимайтын жаман әдет қайдан жұқты екен бізге. Соны түсінбеймін. Міне, бұл біз кешіп отырған заманның ащы да болса шындығы.

Бұл өлең жолдары Ж.Кеттебектің «Қасірет кешкен дүние» атты алты баспа табақ көлемінде 1994 жылдары дайындалып, алайда сол күйі жарық көрмеген өлеңдер жинағынан алынды.

Жинақ бірнеше эпиграфтармен басталыпты. Жалпы, Жәлел Кеттебектің өлеңдерінде, не болмаса әңгіме-повестерінде болсын, алдағы болатын оқиғалардан хабар беріп тұратын, сондай-ақ, ақынның, өзіндік ұстанымы мен көзқарасын, шығарманың идеясын танытатын эпиграфты жиі пайдаланатынын көреміз. Бірақ, оның мәнісін сол шығарманы толық оқып шықпайынша түсіне қою қиын. Мәселен, осы жинаққа ақын бірнеше мәселені қамтыған мынадай сөз тіркестерін таңдайды.

«Халқымды көгертер іске қайрат қылмасам, онда менің бетіме түкіріңдер;
Халқымды көгертпес іске қайрат қылсам, онда да менің бетіме түкіріңдер”.
(Қуғынға түскен серілердің серті).

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы».
(Халық мақалы).

«Құдай Заңын бұзғандарды жазалау мүмкін болмағанда ашу-ыза да, қасірет те қасиетті».
(Қаламдағы жазу).

«Еркіндік оларға алтын ақшаның жалт-жұлт еткен сәулесі болып көрінді, ал бізге жаналғыш әзірейілдің бейнесінде келді».
(Моладағы жазу).

Жинақтың ішіндегі көптеген өлеңдер белгілі бір өнер адамдарына, әсіресе ақындарға арналған. Ол ұлы Абайдан басталып, жоғарыда аты аталған Мұқағали, Ж.Нәжімеденов, Е.Раушанов, А.Байтұрсұлы, Ә.Балқыбекке дейін жалғасқан. Сол аталған арнаулардың әрқайсысы аталған тұлғалардың бейнесін өзіндік тұрғыдан танытуға арналған. Және сол арқылы біз ол тұлғаларды тағы бір қырынан тани түсеміз. Мәселен, оның Жұмекенге арнаған өлеңін алайық.

Ақыреттің алдында ақталарда,
Шақырды ма оңаша Хақ Тағала?
Қолын салып қылыштың қынабына,
Адам кешкен күнәңді сұрады ма?
Домбыраны алдырып құлдарына,
Сағынышын жаныңның тыңдады ма?
Малдас құрып біздіңше отырдың ба?
Тамсандырып жырыңды оқыдың ба?
Тебіреніп жазған жыр боздағында,
Жаратқанның қиялын қозғады ма?
Күн нұрына малынған баққа қарап,
Күрсінді ме ақырын Хақ Тағала.
Деген жоқ па: «Сыртыңнан білдім сұрап,
Қалайша бұл азапқа жүрдің шыдап?

Ия, бұл Жұмекен жырларының өміршеңдігін танытар бір үзік сыр болса, сол арқылы әр қазақтың жүрек қылын шертер ақынның жырларына деген Жәлелдің сағынышы. Ал, Жұмекен жырларының өзі қазақтың мұңы мен сағынышынан өрілген сылқым дүние болатын. Ақынның сан қырлы сезімдерінен өрілген сылқым сазды көркем дүниелерін көр кеуде біреу болмаса, кеудесінде жүрегі бар кез келген адам сезінер еді. Шынында да Жұмекен жырлары адамның жүрек түкпіріндегі сезім қылын шертер тылсым поэзияның нақ өзі болатын. Енді бір арнау өлеңдерінде, жалпы Жәлелдің барлық арнау өлеңдерінде сол ақындармен сырласу бар. Былайша айтқанда сол ақындармен өмірдің мәні жайлы толғанған ақынның бейнесін көреміз. Қайдан келдік және қайда бара жатырмыз. Келешекке не қалдырамыз? деген мәңгілік сұрақтарға жауап іздейді. Бүгінгі күннің кеселді-кесапаттарына деген ішкі қарсылығы да бой көрсетіп отырады. Оны мысалы оның Есенғали Раушановқа арнаған мына өлеңінен байқауға болады

Есенғали!
Бауырым!
Раушанов!
Тұрсаң қайтті артымнан сұрау салып?
Қинады ғой кәззаптар бұрау салып,
Қалды менің көңілімді қырау шалып.

Жасап жатыр біреулер жоқтан аңыз.

Ертеңгіге немізді ап барамыз?
Ер қазағым жылап тұр. Еңіреп тұр.
Қалып жатыр ашылмай ақ-қарамыз,
Ақыретте біз қалай ақталамыз?»

Ақынның қасіреті, өз басының қайғысы емес. Қалың елі, қазағының қасіреті. Маңдайынан соры бес елі қазақ халқы тәуелсіздіктің арайлап атқан ақ таңында да қасіреттен арылмапты. Ол біздің сөздің қасиетін жоғалтып алғандығымыз. Сөздің қасиеті кеткен жерде берекесіздік орын алатыны белгілі. Сөзге тұрмаған соң өтірік, жалған куәлік, жағымпаз жәдігөйлік белең алмақ. Ақын ендігі мұңын Ахмет атасына (Байтұрсынұлына) шағады.

«Шаршадың-ау мәні жоқ дабырадан,
Қарап тұрсың қарайып қабырғадан.
Жатсынбағын, ағатай,
Інің едім,
Еш керегі жалғаннан табылмаған.

Құны қашты арлыға құны бардың,
Қасіретті жанымды ұғынар кім?
Ұрыларға көл-көсір мына заман
Қуырып тұр апшысын ұлылардың.

Жәлел ақынның бірсыпыра өлеңдерін табиғат лирикасына жатқызуға болады. Бұл қатарда оның «Наурыз», «Күз», «Ақпан», «Қараша», «Көктем», «Көктем, сен келіп қалдың ба? сынды өлеңдерін атауға болады. Алайда осы өлеңдердің өзі әртүрлі стилде жазылған. Бірі таза табиғаттың тылсым сырларына құрылса, енді бірі таиғат пен адам өмірінің диалетикасына құрылған. Мәселен оның «Қараша» атты өлеңіне кезек берейік.

Тарқатып жаздың базарын,
Сыңсиды мұңды бал құрақ.
Тыңдап тұр күздің азанын,
Сәмбі тал басы салбырап.

Өтер де кетер бір түнде,
Сары-ала қаздар тізбегі.
Өшеді сосын біртіндеп,
Бүгінгілердің іздері.

Ж.Кеттебек өлеңдерінің қамтыған тақырыптары әртүрлі. Тіпті кейбірінің тақырыбы да жоқ. Тек бір сәттік, бір ғана сезімнің жалт еткен сәулесі секілді әсер қалдырады. Біршама өлеңдері мәңгілік тақырып – махаббат мәселесін қаузайды. Бірақ, бұл өлеңдерді 20-25 жастағы жалындаған жастықтың қуатымен бұрқырап шыққан жырларға жатқыза алмаймыз. Бұл жырлар сезімін

ақылға жеңдіре білген сарабдал саха ақынның жырлары екендігін танытады. Енді бір алуан топтама өлеңдері өмірдің сан қилы ситуацияларына ой жүгіртеді. Жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, шындық пен жалғандық туралы ақын өзінше философиялық түйіндер жасап, шешімдер шығарады. Алайда жалған уағыз айтып, жасандылыққа бармайды. Тек өзі сезіп білген, түйсіне алған нәрселерін өлең өрнегіне салады. Мысалы, ұлы Абайда негізі қаланған единицалар мен тобырдың ара-жігі. Абай не деуші еді? «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел» немесе «Единица кеткенде не болады өңшең нөл» демеп пе еді. Ал осы мәселелер Жәлел ақында былайша көрініс табады.

Қамшылап жүр пасықтар жауыр атын.
Қалмады елде ер мінез тәуір ақын.
Тізіп тұрып құртып ек ұлыларды,
Келді мезгіл тобырға табынатын.

Еш қасиет қалмады-ау пәктігімде,
Кәпірлер кеп жармасты ақ дініме.
Тыңдаңдар, халайық, тыңдаңдар!
Надандығым сөйлеп тұр жат тілінде.

Тағы бір өлең топтамаларында ақын Ахмет атасының масасы секілді ызыңдап, елдің ұйықтап кеткен намысын оятуға әрекет етіп жүр. Тіпті осы жолда олардың түсіне де кіруге бар.

Мен тірімін. О, ғажап, тірі жүрмін,
Сыр аша алмай ішімнен іріп жүрмін.
Қасіретті халқымның кегін сұрап,
Мықтылардың түсіне кіріп жүрмін.

Бұл, Ж.Кеттебектің шығаруға дайындап, бірақ көзі тірісінде көре алмай кеткен «Қасірет кешкен дүние» [3]. атты жыр жинағына енген біршама өлеңдеріне жасалған шолу ғана. Оның қазақ әдебиетінің тарихынан ойып тұрып орын алатын күндері алыс емес деп ойлаймыз. Бұл жалпы оқырманды Оңтүстік өңірінде осындай талантты да, талғампаз ақын әрі жазушы болғандығымен таныстырудың бір жолы ғана.

Әдебиеттер:

1. Кеттебеков Ж. Түйсік. – Алматы: «Арна», 2009. – 400 б.
2. Мұқағали. Шығармалары. IV томдық. 3 том. – Алматы: «Жалын», 2002. – 432 б.
3 Кеттебек Ж. Қасірет кешкен дүние (Он жыл түрмеде жатқан кітап). Өлеңдер жинағы. 1994.

UDC 371.036.6

PHRASEOLOGICAL UNITS AS AN OBJECT OF LINGUISTIC RESEARCH

G. Mirzatay, Master student
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
G.I. Abramova, PhD, associate professor, scientific supervisor
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Мақалада фразеологиялық бірліктер қарастырылады, олардың құрамына әр түрлі тіркестер - идиомалардан бастап сөйлеу маркаларына дейін кіруге болады. Осы мақалада көрсетілген жіктемелер зерттеушілерге фразеологиялық бірліктерді семантикалық және құрылымдық-грамматикалық деңгейде әр түрлі құрылымды тілдер мысалын қолдана отырып, толығырақ талдауға мүмкіндік береді.

Резюме

В статье рассматриваются фразеологизмы, к которым можно причислить различные типы сочетаний – начиная от идиом и заканчивая речевыми штампами. Выделенные в данной статье классификации позволяют исследователям более детально проанализировать ФЕ на примере разноструктурных языков как на семантическом, так и на структурно-грамматическом уровнях.

Researches in the field of Phraseology show that the word *phraseology* has several meanings. As a linguistic term, it is used to designate a special branch of Linguistics that studies “stable phrases with complicated semantics, which are not formed by generating structural-semantic models of variable combinations”, called phraseological units, as well as to designate a set of similar phrases characteristic of a given language [1, p. 5]. Referring to the etymology of the term, *phraseology* is defined as “the science of phrase”, although most often it does not denote the science itself, but rather its material. The range of Phraseology studies includes only phraseological units, which are called differently in different sources: ‘indecomposable combinations’ (Shakhmatov), ‘stable combinations’ (Abakumov) or ‘unchangeable expressions’ (set expressions) (Arnold), that is, close unity consisting from several words and expressing a holistic concept.

Phraseology is evidence of the brightness, brilliance of the language. The phraseological units reflect the history of the people, the originality of its culture and life. The images inherent in phraseological units serve as a reflection of the national identity of the people, and therefore phraseological units often have a clearly national character. Along with completely national phraseological units in the phraseology of different languages, there are many international phraseological units. In some phraseological units, archaic elements are preserved - representatives of previous eras.

4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз.

5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасты.

6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланды.

7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгеледің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренді.

8. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдады.

9. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

10. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренді.

Оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану -заман талабы. Мектептегі технологияларға теледидар бағдарламалары, электрондық оқулықтар, интернет, ұялы телефон, компьютер, т.б жаткызсақ, сабақтарымызда оқушылардың қызығушылығын ояту, ынтасын арттыруда бұл құралдарды пайдаланып жүрміз. Өз сабақтарымда электрондық оқулықпен жұмыс, бейнефильмдер көрсету арқылы окушылардың естерінде ұзақ сақтау дағдыларын жетілдірумен қатар, үйге тапсырма берген уақытта көбіне интернет беттерінен іздеуді ұсынып, кейде нақты интернет сайттарына сілтеме беріп отырдым.

Әрине қазіргі оқушылар кітапханаға барғаннан гөрі интернетпен жұмыстануға көбірек қызығушылық танытады, заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеуде АКТ таптырмайтын тәсіл болып қала бермек. Қажетті білім мен дағдыларын пысықтау үшін олар интерактивті тапсырмалар, үйде немесе сыныпта таңдаған тақырыбына шығарма немесе эссе түріндегі шығармалық жұмыстар, тест жұмыстарын орындайды.

Оқу жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануда мынадай нәтижеге қол жеткіздім:

• Оқушылар электронды оқулықтармен және интернет желісімен жұмыс істей алды;
• Оқушының білімі қысқа мерзімде және кез келген уақытта бағаланды;
• Сабақта уақыт та үнемделді;
• Оқушының зерттеу дағдылары дамыды;
• Оқушының пәнге деген қызығушылығы артты;
• Әрбір оқушының шығармашылық деңгейі ашылды
• Оқушының коммуникативтік қабілеттері дамыды;
• Ақпараттық мәдениеті дамыды.

Жоғарыда аталған оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану барысында, яғни берілген шығармашылық жұмыстар арқылы балалардың бойындағы дарындылық қасиеттерін де анықтауға болады.

Жеті модулді қолдана отырып, өзімнің де көптеген қызықты идеяларымды жүзеге асыру жөнінде белсенділігін арта түсті. Мұғалімдік тәжірибемдегі ендігі мақсат - заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастыруда осы жеті тәсілді жүйелі колдана отырып, өз тәжірибемді толықтыру, жетілдіру болмақ.

Әдебиеттер

1. С. Мирсеитова Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды, 2011
2. Г.Байтілешова инновациялық технологияларды қазақ тілі сабағында қолданудың тиімді жолдары// қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте, №4 2012 б 5-6

ӘОЖ

ОҢТҮСТІК ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ДИДАКТЫ

(Әбу Насыр мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн әл-Фараби, әт-Түрки (870-950)

Пошаев Д.Қ., Байбатшаева А.Е., Ұзахова А.С.

Резюме

В статье рассматриваются сущность и теоретические основы трудового и воспитания Великим дидактом.

Summary

T he article discusses the essence and theoretical foundations of labor and education by the Great Didact.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да тілегей – теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім – тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған.

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі.

Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады.

Еңбектің өзі - өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, - деген болатын Фараби. Еңбек тәрбиесінің теориясын "Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды "деп тұжырымдайды. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым — "оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу" деген сөз әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған.

Фараби еңбектерінің, оның ішінде еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы тағылымының тәжірибелік маңызы мынадай:

1. Еңбек әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек — еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін береді.

2. Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі (феодализм, капитализм, социализм) әлеуметтік мәнін ашып, еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негізін қалыптастырды.

3. Ғылымдар тізбегін жасау, оны әрбір топқа бөлу арқылы болашақ жасөспірімдерді жан-жақты жетілдірудің қажеттілігін ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

4. Еңбектің, еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін сала отырып, оны өмірде қолданудың тәжірибесін көрсетіп берді.

5. Әл-Фараби білімі шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің дамуында төңкеріс болып есептеледі.

Еңбек теориясының негізі:

- тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы- ғылымға негізделуі қажет;
- еңбектің өзі — өнер;
- еңбек тәрбиесі - өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады;
- еңбек- өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты;
- адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады;
- еңбек тәрбиесінің теориясында- еркін еңбек- адамның жан-жақты дамуы үшін маңызды;
- еңбек ету, сапалы болу,- адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындайды;
- адам - жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі;
- адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтеріледі;
- оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу - адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты;
- таза еңбек, адал еңбек - тәрбиенің алғы шарты;
- тәрбие неден басталады – философияны меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйренуден;
- үйрену, үйрету реттері - тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымы, үлгісі болашақ ұрпаққа өнеге, тәлімі;
- жас ұрпақты еңбекке үйрету- еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалауға алып келеді;
- тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы - әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік - еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелейді;
- кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысса ғана нағыз - ел адамы бола алады;
- адамның өзін танымақтығы - еңбектің нәтижесі;
- ілімнің ғылымилылығы оның тәлімділігі - еңбекте;
- еңбек, тәрбие, оның ішінде еңбек тәрбиесі - адамның игілігі, бақыты үшін қолданылады;
- адамның игілікке жету жолдары - еңбек тәрбиесінің меселелеріне байланысты;
- адамның өмірлік іс-әрекеті, еңбек қана - адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау көрсетед;

- адамзат қоғамының өмір сүруіне ең керектісі - оның материалдық тұтыну қажеттері;
- еңбексіз- заң да, қоғам да ілгері дами алмайды;
- адамды адам еткен – еңбек;
- логикалық еңбектерде де - еңбек пен еңбек тәрбиесінің даму элементтері кездеседі;
- пайдалы қоғамдық еңбекті (тіршілік - еңбегі) дамыту - өмір сүрудің құралы;
- білім алу мен оқу еңбегі - пайдалы еңбек;
- еңбек, әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек — еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін береді;
- тәрбиенің, әрбір қоғам кезіндегі әлеуметтік мәні - еңбек тәрбиесінің теориялық негізі;
- практикалық дағды, шеберліктер, жақсы мінез-құлықты дарытады;
- зиялылық дағды, имандылық қасиеттерінен туындайды;
- іс – әрекетке демеу беріп отыру қажет;
- бір кәсіпке, не өнерге талпынуда адамға табандылықты қажет;
- әрбір нәрселермен шұғылдана беруде - тәртіпсіздік пайда болады;
- жақсы әдет мен қажетті дағдылар, икемділік пен шеберлік машықтану біртіндеп қалыптасады;
-еңбек, еңбексүйгіштік - адам баласын жетілдіретін, бақытқа кенелтетін ізгі қасиеттер;
- еңбек ету денеге күш береді, ал шектен тыс артық немесе жеткіліксіз еңбек күшті қайтарады немесе әлсізді әлсіз халінде қалдырады

Жоғарыдағы ұстанымдар мен қағидалардың оқыту үдерісінде жүзеге асыруына бағытталған тұжырымдары болып табылады.

Осы тұрғылардан қарағанда, әл- Фараби *еңбек теориясының негізін қалаушысы*, өйткені оның :

- тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы- ғылымға негізделуі қажет;
- еңбектің өзі — өнер;
- еңбек тәрбиесі - өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысьн қалыптастырады;
- еңбек- өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты;
- адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады;
- еңбек тәрбиесінің теориясында- еркін еңбек- адамның жан-жақты дамуы үшін маңызды;
- еңбек ету, сапалы болу,- адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындайды;
- адам - жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі;
- адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтеріледі;

- оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу - адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты;

- таза еңбек, адал еңбек - тәрбиенің алғы шарты;

- тәрбие неден басталады – философияны меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйренуден;

- үйрену, үйрету реттері - тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымы, үлгісі болашақ ұрпаққа өнеге, тәлімі;

- жас ұрпақты еңбекке үйрету- еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалауға алып келеді;

- тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы - әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу;

- еңбексүйгіштік - еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелейді;

- кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысса ғана нағыз - ел адамы бола алады;

- адамның өзін танымақтығы - еңбектің нәтижесі;

- ілімнің ғылымилылығы оның тәлімділігі - еңбекте;

- еңбек, тәрбие, оның ішінде еңбек тәрбиесі - адамның игілігі, бақыты үшін қолданылады;

- адамның игілікке жету жолдары - еңбек тәрбиесінің меселелеріне байланысты;

- адамның өмірлік іс-әрекеті, еңбек қана - адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау көрсетед;

- адамзат қоғамының өмір сүруіне ең керектісі - оның материалдық тұтыну қажеттері;

- еңбексіз- заң да, қоғам да ілгері дами алмайды;

- адамды адам еткен – еңбек;

- логикалық еңбектерде де - еңбек пен еңбек тәрбиесінің даму элементтері кездеседі;

- пайдалы қоғамдық еңбекті (тіршілік - еңбегі) дамыту - өмір сүрудің құралы;

- білім алу мен оқу еңбегі - пайдалы еңбек;

- еңбек, әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек — еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін береді;

- тәрбиенің, әрбір қоғам кезіндегі әлеуметтік мәні - еңбек тәрбиесінің теориялық негізі;

-еңбектің, еңбек тәрбиесінің ғылыми негізі - оны өмірде қолдану тәжірибесі болып саналады деген тұжырымдары осының дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Бейсенов А. Әл-Фрабидің тұжырымдары» //Ақиқат, -2006. - № 6. –Б.70-73

2. Кенжебаев Т. Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы» // ҚҰлт тағлымы -2002. №1 Б28

3. Құл-Мұхаммет. М.»Ұлттың қлы қстазы! //Егемен Қазақстан.- 2003.-12 желтоқсан 3 бет

4. Нұрланова Г. «Фарабидің еңбек теориясы туралы»//қазақстан мектебі.-2003 №7 Б35-38

ӘОЖ 37.014.5

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІН ҒЫЛЫМИ ШЕШУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Әсен З.Ш.
Тарих ғылымдарының магистрі
Халқаралық гуманитарлық-техникалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Сыдықова З.Е.
п.ғ.к.
Халқаралық гуманитарлық-техникалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Сәбденова Ә.С.
Саясаттану ғылымдарының магистрі
Халқаралық гуманитарлық-техникалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этом статье рассматривается современное состояние научного решения этнокультурной компетентности педагога-психолога.

Summary

This article examines the current state of the scientific solution of the ethno-cultural competence of a teacher-psychologist.

Қазіргі жаһандану және интеграция үдерістері дамып жатқан әлемде адамдардың мәдениетаралық қарым қатынаста болуы жиі кездеседі.

Төзімділікті және этнорелятивизмді тәрбиелеуге негізделген этномәдени құзыреттіліктердің негізін білмей, өзінің этноцентризмін, қате түсініктерін сезінбей, жеңбей тиімді көпмәдениетті диалог құру мүмкін емес.

Біз көпмәдениетті қоғамда өмір сүріп жатқандықтан білім беру жүйесі тұлғада этникалық және әлемдік мәдениетті үйрену арқылы қалыптасатын сындарлы өзара әркеттестікті дамытуға бағытталған.

Біздің қоғамымыздың қалай болатыны, әлеуметтік, экономикалық мәселелердің қалай шешілетіні білім беру жүйесі қалыптастыратын әлеуметтік-мәдени әлеуетке байланысты. Сондықтан мәдениетара құзыреттілікті тәрбиелеу, оның компоненттерін дамыту қазіргі білім берудің негізгі мақсаттарының бірі болу керек.

Этномәдени құзыреттілік тұлғаны қоршаған қоғам, отбасы және барлық әлеуметтік орта арқылы қалыптасады. Бұл үдерісте мектептің алатын орны ерекше. Себебі мектеп те негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып есептелінеді.

Мектеп баланың нормаларды сақтай отырып, басқа мәдениеттердің құндылықтарын құрметтей отырып, жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда өмір сүруге үйретеді.

Қазақстан Республикасы этномәдени білім беру тұжырымдамасында «Бізге қажетті - жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» - деп атап көрсеткендей, еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу, білім берудің барлық салаларының алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Осы міндеттерді шешудің бір жолы ұлттық құндылықтар арқылы студенттердің этномәдени құзіреттілігін қалыптастыру [1].

Ең алдымен этномәдени құзыреттілік ұғымына семантикалық талдау жасау оның құрылымында үш түзілімді ажыратуымызға алып келеді: «этнос», «мәдениет», «құзыреттілік».

Осыған орай, этностық мәдениет пен ұлт тілдерінің өткені мен келешегіне көз жіберу үшін этностардың шығу тегін ғылыми методологиялық тұрғыдан қарастырғанымызда, ұлт мәдениетін ғылыми-әдіснамалық жағынан терең зерттеген, тарихшы-этнограф ғалым Л.Гумилев «Халықтар қалай пайда болады және жоғалады?» деген еңбегінде «этнос дегеніміз - жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның бірлігінде жатқан салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы» деген анықтама береді. Ал, Ю.В. Бромлейдің этнос теориясы автордың мұқият түрде күрделі және көп компонентті білім беруді талдауымен сипатталады. Қазақстанның барлық тұрғындары экономикалық және басқа да өзіндік әлеуметтік байланыстармен қамтылса да, бірақ қазақ ұлтына тек қана соған сәйкес этникалық белгілері бар бөлігі жатады. Аталған байланысқа сәйкес, Ю.В. Бромлей «ұлт этникалық формада ғана өмір сүретін тарихи әлеуметтік құбылыстарға жатады». Мұны өзгешелеу айтсақ, этникалық ұлт үшін құрылым құрушы рөл атқаратын фактор ретінде қарастырылады [2].

Ю.В.Бромлей «Өзіндік этноска жалпы белгілері бар, мәдениеттің және психиканың тұрақты ерекшеліктері бар, сонымен бірге өз бірлігін және басқа өзіне ұқсас құрылымдарды, тіркелген өзіндік атауын саналы ұғынатын, белгілі теорриторияда тарихи қалыптасқан тұрақты ұрпақаралық адамдардың жиынтығы» ретінде анықтама береді. Демек автор осы арқылы мәдениет этностың негізгі сипаттамасы екендігін, оның жүйе ретіндегі қамтамасыз етуші қызметін атап көрсетеді.

Психологиялық сөздікте: этникалық психология ұғымына (грекше ethnos – халық, тайпа) белгілі ұлтқа немесе этникалық қауымдастыққа қатыстылығымен негізделген, адамдардың мінез-құлқы мен психикалық құрылымының ерекшеліктерін зерттейтін әлеуметтік психология саласы делінген.

Осы анықтамада көрініп тұрғандай этнопсихология ұлттық мінезді, ұлттық өзіндік сананы, ұлттық сезімді қалыптасастыратын мәселені қарастырады.

Мәдениет – тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өткен, өзіндік бейнелі құбылыс. Ол аса күрделі, көпқырлы және қоғамдық өмірдің барлық салаларына енеді. Мәдениет «әлеуметтік ағзаның біртұтас денесіне енгізілген сияқты».

Бұл терминнің алғашқы мағынасы жер-анамен, оны өңдеп-баптаумен тығыз байланысты болды. Демек «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, дәлірек айтсақ, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланыста қарастырылды. Оған қоса мәдениеттің тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры сонау көне заманда жатыр [3].

Мәдениет – бұл біртұтас орта, «белгілі кеңістікті мекендейтін қарапайым тұрғындардан – халықты, ұлтты жасайтын, үлкен біртұтас құбылыс. Мәдениет ұғымына әрдайым дін, ғылым, білім беру, адамдардың мінез-құлқының адамгершілік және моральды талаптары және мемлекет енуі қажет және енеді».

«Мәдениет» ұғымын ғалымдар өте кең тұрғыда мәдениетті таратушылардың жалпы білімділік деңгейіне, кәсіби әрекетіне, әлеуметтік мәртебесіне сәйкес құндылықтар ретінде түсіндіреді.

Ұлттар мен ұлыстардың өздеріне тән ұлттық мәдениеті ұлттың сезімімен, мінезімен, психологиясымен біте қайнасып кетеді. Қазақ халқының этномәдениеті халықтың сезімі, мінезі, рухы, психологиясы сияқты әр қырынан көрініс береді. Бұған М.Арынның «Бес анық» атты кітабынан жауап табамыз. «...Ұлттық сезімді білдіретін бес шарт немесе бес анық бір ғана ұлтқа қатысты емес, кез келген ұлтқа байланысты айтылар әңгіме. Жеке-жеке алған кезде бұлардың қай қайсысы да тұтастықты білдіре алмайтын сияқты. Бес шарттың бірімен бірінің диалектикалық байланысы бар. Жоғарыдағы аталмыш анықтамалар этномәдениеттің тірегі болып табыланыты сөзсіз.

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау тетіктерін талдау болды.

Құзыреттілік теориясын дамытуға «Ключевые компетенции для Европы» (Берн, 1996) симпозиумында шешім қабылданды. Ол қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен АҚШ мектептерінде кең қолданыс тауып отыр. Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаттарының жиынтығы құзыреттіліктерді дамытуды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді практиканың қажеттіліктерімен байланыстыру икемділігі, өмірлік жағдаятты бара-бар бағалай алу және проблеманың шешу жолдарын табу және т.б. білімдік мақсаттарға барынша сай келетін әдіснаманың болуы[3].

Педагогикалық сөздікте «құзыреттілік, білік» («компетенция») - деген ұғымдар адамның іс-әрекет нысанына дербес қатынасын қамтитын біліктілікті меңгеру дәрежесі және оқушылардың, іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін

меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі дегенді білдірсе, ал, этномәдени құзыреттілік студенттерге өзара сенім мен келісім атмосферасын қолдауды, бірлескен іс-әрекетте жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін мінез-құлық үлгісін табуға көмектеседі делінген.

Әдебиеттер

1. Этномәдениеттің көптүрлілігі мен бірегейлілігі - қоғам дамуының басты шарты [Мәтін] / Ә. Әлжанов// Дарын. – 2017. - N 1. - 25-41 б.

2. Этномәдениет құндылықтары - отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру құралы [Мәтін] / Ә.О. Қамақ // Мектепте құзыреттілік білім беруді енгізу жағдайында педагог кадрларды дайындау" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның еңбектері : 6-7 желтоқсан. – Тараз, 2016. – Т.1.- 109-111 б.

3. Этномәдениеттік бағыттағы пәндік-кеңістік дамытушы ортаны құру [Мәтін] / Ж. Турсынбек, Г.К. Нигметжанова// Современные научные направления: от прикладных исследований до инноваций : сб.докладов 4-го междунар. форума молодых ученых (17-20 марта 2014 г.). – Усть-Каменогорск, 2014. – Ч. 4.- 25-29 б.

4. Этномәдениетті дамыту және рухани - адамгершілік тәрбие [Мәтін] / Г. Тілегенова// Тәрбие құралы. – 2011. - № 3. - 33-34 б.

ӘОЖ: 347(075.8)

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕДЕ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОРНЫ

Сартбаева У.К. з.ғ.к

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Битұрсын Ғ.Ш. құқық магистрі

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Сапаров Э.

ОҚМПУ, 6В01405 –Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

Резюме

В данной статье раскрываются значимость и место личных не имущественных прав в гражданско- правовой системе. Одним из основных гарантий обеспечения прав и свобод человека и гражданина является защита от сталкинга, данное понятие широко применяется в таких странах, как Германия, Англия, США., Франция т.д. В существующей судебной системе Казахстан и сложившейся практике на сегоднешний день следует отметить необходимость повышения степени морально – психологической защиты человека и гражданина.

Summary

This article reveals the significance and place of personal non-property rights in the civil legal system. One of the main guarantees of ensuring the rights and freedoms of a person and citizen is protection against stalking, this concept is widely used in countries such as Germany, England, USA, France, etc. In the existing judicial system of Kazakhstan and the current practice today it is necessary to note the need to increase the degree of moral and psychological protection of a person and a citizen.

Қазақстан Республикасы Конституциясының сәйкес, «адам өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын қорғау» мемлекеттің басты міндеті болып табылады. Осы нормативтік-құқықтық актінің **18-бабына сай,**

«Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Сонымен қатар, «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» [1].

Бүгінгі таңда аталған құқықтар мен бостандықтар мемлекет тарапынан қорғалып отыр. Оны қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бойынша қаралған істер арқылы көз жеткізуге болады.

Бірақ, әлі де шешімін таппаған мәселелер көп, оған адам мен азаматтардың ар-ождан бостандығын құқықтық, моральдық және психологиялық тұрғыдан қорғалуын жатқызуға болады.

Ол туралы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Бес институттық реформасын іске асыру жөніндегі 100 қадам – Ұлт жоспары» мемлекеттік бағдарламасында тоқталып өтті[2].

Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында да адамның ар-ождан бостандығын қорғауды жетілдіру басты міндет екендігі көрсетілген[3].

Біздің пікірімізше адам мен азаматтардың аталған бостандықтарын кепілдендірудің негіздерінің бірі сталкингтен қорғау болып табылады деп есептейміз.

Сталкинг (ізге түсу): адам кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан азаматтық құқықтық қорғау заңмен қарастырылуы қажет. Сталкинг (от англ. *stalking*, негізінде «стóкинг» — ізге түсу) - адамдардың басқа тұлғаның немесе топтың бір адамға қажетсіз обессивті көңілі. Сталкинг бұл, қорқыту және қорқыту нысаны; әдетте, жәбірленушіні іздеп, оны қадағалауынан көрінеді. Зерттеулерге сүйенсек, сталкинг салдарынан қорқыныш пен үрейді сезінеді, дүрбелең шабуылдары, түнгі қорқыныштар, ұйқысыздық, депрессия зардап шеккендер танылады. Жәбірленушілер еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне, өзін-өзі қорғауға арналған заттарды мәжбүрлеп сатып алуға, жұмыс орнының мәжбүрлі өзгертуіне немесе тұрғылықты жеріне байланысты экономикалық шығындарға да ұшырауы мүмкін. Бұрынғы серіктесті қадағалау жағдайында зорлық-зомбылық көбінесе физикалық зорлық-зомбылықпен соның ішінде жәбірленушіні өлтіруге дейін әрекет етуінен жүзеге асыруынан байқаймыз.

Көптеген елдерде сталкинг - бұл қылмыс. Дегенмен, сталкерлер қолданатын жеке әрекеттер мен тактикалар заңды болуы мүмкін - мысалы, ақпарат жинау, телефон қоңыраулары, сыйлықтар, хат жіберу, электрондық пошта немесе жылдам хабарлар. Олар құқық бұзушылық туралы құқықтық анықтаманы бұзған кездегі әрекеттер заңсыз болып саналады. Мысалы, Ұлыбританияның заңдарына сәйкес, екі адамның іс-әрекеттерін сталкинг ретінде білу үшін жеткілікті, егер сталкер өз іс-әрекеттерінің қалаусыз екенін

білсе: ол бейтаныс адамға екі телефон қоңырауы, екі сыйлық, жәбірленушіден бір жеке оқиға және бір телефон қоңырауы болуы мүмкін[4].

Субъективті құқық, ол адамға тиесілі болса да, бірақ құқық бұзушылықтан қорғаудың қажетті құралдарымен қорғалмаса,ол тек декларациялық құқықпен қорғалады. Бірақ, мемлекеттік құқық қорғау шараларымен кепілдік берілмей тиісінше ол ерікті негізде рұқсат етілмеген тұлғалар тарапынан сақталады және тек моральдық нормалармен ғана қамтамасыз етіледі. Өйткені ол бұзылған жағдайда мемлекет немесе уәкілетті орган заңда тиісті шаралар болмағандықтан қорғау құқығын жүзеге асыра алмайды. Осылайша, құқығы заңмен қорғалмайды. Жоғарыда айтылғандай, жеке мүліктік емес құқықтар қорғаудың әмбебап әдістері арқылы қорғалмайды. Кейбіреулер осы жағдайларда қолданылуы мүмкін болса да, олардың әрқайсысына тән психологиялық, әлеуметтік және физиологиялық факторлармен байланысты қорғау объектісі анықтайтын бірқатар ерекшеліктерді ескере отырып қолданылуы керек.

Моральдық зиян – жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.).

Азаматтық құқық нақты адамға белгілі бір субъективті құқықтар мен міндеттерді мойындай отырып, уәкілетті тұлғаға және оларды қорғауға құқық береді. Жеке тұлғаладың психологиялық – моролдық қауіпсізігін қорғауды азаматтық құқықтық реттеу.

Моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің немесе олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

Жан азабы (адамның эмоциялық-еріктік уайымдары) деп оның басынан кешкен қорлануына, ызалануына, қысым жасалуына, ашулануына, ұялуына, түңілуіне, залал шегуіне, қолайсыз жағдайға болуына және т.б. қатысты сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер жәбірленушінің өзінің, сондай-ақ оның жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының өмірі мен денсаулығына құқыққа қарсы қол сұғылудың; бас бостандығынан заңсыз айырылудың немесе шектелудің, не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айырылудың; денсаулығына зиян келтірілуінің, оның ішінде адамның бет әлпетіне танымастай болып жарақат пен сызат түсіретін; отбасылық, жеке немесе дәрігерлік құпиясы ашылуының; хат-хабар алмасу, телефон немесе телеграф ақпараты құпиясы бұзылуының; азаматтың қадір-қасиеті мен ар-намысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтердің таратылуының; өз атына, өз

бейнесіне құқықтарының бұзылуының; оның авторлық құқығының және аралас құқықтарының бұзылуының және т.б. салдарынан келтірілуі мүмкін.

Тән азабы деп күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты азаматтың сезінетін тәнінің ауырғанын түсіну қажет[5].

Мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша сот жүзеге асырады. Сот тәжірибесінде моральдық зиянды өтеу санаты бойынша азаматтық істерді қарау аса қиындық тудырмайды, бірақ сол зиянның мөлшерін анықтау кезінде түрлі сот актілері бар екендігі жасырын емес.

Аталған мәселені толығырақ тарқату мақсатында халықаралық тәжірибені талқылау жөн болар.

Атап айтқанда, неміс заңнамасында нақты орнатылған сома жоқ, бірақ соттар белгілі бір дау аясында осыған дейін шығарылған сот актілеріндегі моральдық зиян мөлшерін басшылыққа алуы мүмкін. Бұл қағида судья үшін міндетті емес, тек бірыңғай сот тәжірибесін ұстану мақсатындағы ұсыныс ретінде қарастырылады.

Толығырақ айтқанда, Германияда тиісті түрде жасалған электронды жүйе бар, онда қаралған сот істері бойынша моральдық зиянның мөлшері, жәбірленушінің зиян келтірілген дене бөлігі, оның жасы, емделу уақытының ұзақтығы және тағы басқа қажетті мәліметтер көрсетілген.

Моральдық зиянды өндіру туралы талаптарды қарау барысында жауапкершіліктің шарттары болып, зиянның болуы,азаматтың құқыққа қайшы әрекетінің немесе әрекетсіздігінің салдарынан тұлғаның жан немесе тәназабына түсуі, зиян келтірген адамның әрекетінің құқыққа қарсы болуы; құқыққа қарсы әрекет пен келтірілген зиянның арасында себептік байланыстың болуыжәне зиян келтірушінің кінәсі анықталуы тиіс.

Моральдық зиян, зиян келтіруші тарапынан оның заң актілерінің нормаларының тікелей талабына сәйкес ол іске асыруға міндетті немесе жәбірленушінің талабы бойынша сот шешімімен белгіленген ақша нысанында моральдық зиянға өтем жасалған кезде моральдық зиян толық өтелген болып табылады[6].

Сот тәжірибиесінде моральдық зиянды өндіру барысында өтем тек ақша нысанында жасалатындықтан, келтірілген моральдық шығынның ақшалай мөлшерін анықтау барысында қиындықтар туындайтыны рас.

Алайда соттар моральдық зияннан келген өтемнің мөлшерін анықтау барысында әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге ала отырып, анықтайды. Себебі кейбір жағдайларда талап қоюшылар моральдық зиянды өндіру туралы талабын жоғары мөлшерде бағалап, соттан өндіруді талап етеді. Соттар істің мұндай жағдайында мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтап, сот анықталған өтем мөлшері талапкер мәлімдеген талаптардың тиісті мөлшерде қанағаттандырылуы туралы негізді тұжырым жасауға мүмкіндік берсе, ол әділ әрі жеткілікті мөлшерде жасалды деп саналады. Егер бірінші сатыдағы сот

өндірген мүліктік емес зиянға жасалатын өтемнің мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған заң талаптары мен принциптерге сәйкес келмейтін болса, аппеляциялық және қадағалау тәртібі бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Сот тәжірибиесінде коптеп кездесетін жағдай, ол жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян үшін өтем өндіру туралы азаматтардың талаптары, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің қасақана ниетінің салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде оның ырқынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзі иесінің моральдық зиян үшін ақша нысанында өтем жасауға тиіс.

Моральдық зиян – азаматтық құқықта жеке және заңды тұлғалардың өзіндік беймүліктік игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылу, соның ішінде жәбірленушіге қарсы жасалған құқық бұзушылықтың салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы. Моральдық зиянды өтеу – ҚР Азаматтық кодексінде бейматериалдық игіліктерді қорғау тәсілдерінің бірі. Егер азаматқа моральдық зиян оның өзіндік беймүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттермен не азаматқа тиесілі басқа бейматериалдық игіліктеріне қол сұғушылық әрекеттермен келтірілсе, сондай-ақ заңда көзделген өзге де жағдайларда сот зиян келтірушіні аталған зиянды ақшалай өтеуге міндеттей алады. Азаматтың мүліктік құқығын бұзушының әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген моральдық зиян заңда көзделген реттерде өтелуге тиіс. Моральдық зиянды өтеу мөлшерін айқындау кезінде сот зиян келтіруші кінәсының деңгейін, өзге де мән-жайларды ескереді. Сот моральдық зиян келтірілген адамның жеке өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оның басынан кешірген тән және жан азабының деңгейін де ескеруге тиіс. ҚР АК-нің 951-бабына (3-тармағы) сәйкес азаматқа келтірілген моральдық зиян мына жағдайларда зиян келтірушінің кінәсына қарамастан өтеледі:

- азаматтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру арқылы зиян келтірілсе;
- азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алудың, үйде қамауда ұстаудың немесе ешқайда кетпеуі туралықолхат алудың, қамауда ұстау, психиатр. немесе басқадай емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімш. жазаны заңсыз қолданудың салдарынан зиян келтірілсе;
- ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы зиян келтірілсе. Заңда өзге де жағдайлар қарастырылуы мүмкін

Зиян келтірушінің кінәсі бар болған кезде, моральдық зиянды (ақшалай түрінде) өтеу. Моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің ізгілік қасиетіне келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті түрде бағалау да, сондай-ақ жәбірленушінің жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де есепке алынады.

Қорыта айтқанда, азаматтық құқықтық жүйеде жеке мүліктік емес құқықтардың маңыздылығы және орнын анықтай отырып Сталкинг(ізге түсу)

нормасын қолданудың маңыздылығын ашу арқылы азаматтық кодекске еңгізу қажеттігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2 Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» 2015 жылғы 30 қараша

3 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.

4 Michele C. Black et al., "The National Intimate Partner and Sexual Violence Survey: 2010 Summary Report," (Atlanta, GA: National Center for Injury Prevention and Control, Centers for Disease Control and Prevention, 2011).

5 «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы.

6 «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII.

ӘОЖ 330

БАСҚАРУ ІСІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Бердыбекова А.Л, Э.г.к.

Әліқұлова Аяулым, 3 курс 113-38А

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Содержание науки-изучение закономерностей управления производством, единство и соотношение управляемых и управляющих систем. Хотя управление как деятельность и опыт имеет очень древний характер,оно является относительно новой наукой в виде науки и области исследований.

Summary

The content of science is the study of the laws of production management, the unity and correlation of controlled and control systems. Although management as an activity and experience is very ancient, it is a relatively new science in the form of a science and a field of research.

Басқару ғылымының пәні әр-түрлі тізбектерінде және басқарудың әр-түрлі деңгейлерінде материалдық құндылықтарды өндіру саласында басқарушылық қатынастар болып табылады олардың мәні, жүйесі мен өзара байланысы. Басқарудың «құпиясы» мен мәселелері әр заманда да қоғамның ортасында болған. Қоғамның дамуындағы басқарудың ролін бағалау оңай емес. Көбіне, оның мағынасы мемлекеттің, ұжымның және жеке адамның табысында дұрыс бағаланбайды. 1994 жылғы ағылшын тіліндегі Оксфордт сөздігінде «басқару» және «менеджмент» ұғымдары синоним ретінде қарастырылады. Бірақ та «басқару» ұғымының мәні, «менеджмент» ұғымына қарағанда кеңірек,

өйткені басқару табиғатта да, техникада да, тірі организмдерде де және әлеуметтік ортадағы осы ғылымның пәні ретінде де орын табады.

Қазіргі заманғы менеджменттің көрнекі өкілдерінің бірі Питер Ф. Друкер түсіндіруінше, жоғарыда аталған элементтері бола тұрса да, менеджмент ғылым немесе кәсіптен гөрі тәжірибеге жуықтау. Ол менеджмент ұғымына кең мағынада түсінік беруге қарсы болып, оны іскерлік кәсіпшілікке, былайша айтқанда тауар өндіру мен алуан түрлі экономикалық қызмет көрсетуге жатқызады.

Сонымен басқару – бұл алдыменен ежелгі тәжірибе. Басқару тәжірибесін жүйелі түрде жинақтау және өнер деңгейіне жеткізе отырып, оны тәжірибелік іс - әрекетте қолдану, тиімділікті жоғарлатады. Бұдан басқару ұғымы жөнінде өнер ұғымы ретіндегі түсінік пайда болады. Басқару өнері ежелгі заманнан бері бизнесте, сауда да табысты болған. Қазіргі кезде басқару өнерін «бизнес-менеджмент» деп атау қабылданған. Басқару ғылымы экономикалық-ұйымдастырушылық ғылымға қатысты, өйткені ол өндірісті басқару және тұтас экономика процесінде адамдардың қарым-қатынасын, байланысын зерделейді..

Басқару өте ежелгі тәжірибе болып саналады. Адамдар топтар мен ұйымдарға бірігіп, өмір сүре бастаған кезден басқару қажеттілігі пайда болды. Ерте кездегі Вавилонды, Египет пирамидаларын, Македонияны, Римді еске алатын болсақ, соның барлығы да үлкен үйлестіру, ұйымдастыру қызметтері арқылы жүзеге асырылып келді. Дегенмен, басқару-қызмет пен тәжірибе ретінде өте ежелгі сипатқа ие болғанымен, ғылым мен зерттеу саласы түрінде салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады. Өйткені, көптеген басқару қызметін орындайтын орта буын басшыларының болмауы, басқару қызметтерінің нақты және деректі түрде бөлінбеуі, басшылықтың мұрагерлік және тартып алу арқылы берілу әдісі осыған түрткі болды. Қорыта айтқанда, XX ғасырға дейінгі кезең де жүйелі, жан жақты түрде басқару ғылыми жайлы ешкім терең ойлана қоймады. Мәселен, XX ғасырдың басындағы Нью-Ланердегі Роберт Оуэннің батыл да тамаша әлеуметтік сипаттағы тәжірибесін ешбір басшы өз тәжірибесінде қолдаған емес. Басқаша айтқанда, соңғы ғасырға дейінгі басқарудың ғылыми әдістемелік маңызы айтарлықтай дамымай келді.

Өндірісті шоғырландыру мен жаратылыстану-техникалық білімдері жетістіктері нәтижесінде басқаруға ғылыми жүйе ретінде қызығып көңіл бөлу XX ғасырдың басынан орын алады. 1991 жылы жарияланған Фредерик У.Тэйлордың "Ғылыми басқару қағидалары" атты еңбегі осы үлкен ғылыми бастаманың ұйытқысы еді. Тэйлордың пікірінше, тиімді ғылыми басқару ұдайы бақылау, тәжірибе жасау және ой – саналық, топшылау арқылы анықталған көрсеткіштер көмегімен бизнесті жандандыратын қызмет саласы болып саналады. Тэйлор өз теориясын тұжырымдай отырып мынадай тоқтамға

келді: "дәстүрлі әдістің орнына ғылым, қарама-қарсылықтың орнына - үйлесімділік, дербес жұмыстың орнына ынтымақтастық, еңбек өнімділігін арттыру, өте қажетті барынша қолайлы жағдай жасау ...

Ғылымның мазмұны – өндірісті басқарудың заңдылықтарын зерттеу, басқарылатын және басқаратын жүйелердің бірлігі мен арақатынастылығы.Басқарудың негіздерін зерттеу кезінде теориялық және әдістемелік келісімдер болып табылады: тарихи, кешенді, жүйелік, құрылымдық, жүйелік-құрылымдық.Басқару ғылымы басқа ғылымдардың категорияларына сүйенеді – экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, ұйымдастырушылық-құқықтық.Өндірісті басқарумен барлық қатынастар тығыз өзара әрекеттеседі, демек, өндірісті басқару әлеуметтік басқарумен қабысады, жалпы оның негізін құрайды. Сипатына байланысты өндірісті басқару қатынасы жеке аралық, жүйе аралық және аралас болып жіктеледі.

Ғылым ретіндегі басқаруда ғылыми танымның келесі әдістері пайдаланылады:

— зерттеу объектісін бақылау;
— объект туралы ақпаратты жинақтау, өңдеу және зерттеу;
— талдау мен синтез құралдары бойынша зерттеулер;
— индукция және дедукция;
— кешендік және жүйелік келіс[1]

«Менеджмент» курсының мақсаты мен міндеттері – болашақ менеджерде еңбекті ынталандыру жүйесі арқылы персоналдың алдыңғы қатарлы әрекетін басқаруға мүмкіндік беретін нақты білімдер мен тәжірибелік машықтарды дағдыландыру, ғылыми негізделген шешімдерді қабылдауға, басқа адамдардың әрекеттерін құрылымдауға, ұйымды басқаруға үйрету. Менеджменттің негізгі қалыптары мен тәжірибелік жабдықтарын әрбір маман білуі керек.

Менеджмент ғылыми пән ретінде экономикалық ғылымдар жүйесіне жатады, онда үш негізгі топ бөлінеді:

- жалпы теориялық және тарихи тұрғыдан өндірістік қатынастарды зерттейтін жалпы экономикалық ғылымдар экономикалық теория, экономикалық тарих, экономикалық ғылымдардың тарихы
- өндірістік қатынастардың жеке жақтарын функцияларын және экономиканың макро-, мезо- және микродеңгейлерінде олардың маңызды жақтарын қарастыратын арнайы экономикалық ғылымдар менеджмент, қаржы, бухгалтерлік есеп, экономикалық талдау, еңбек экономикасы
- салалық экономикалық ғылымдар, олар ұлттық экономиканың жеке салалары мен субсалаларында өндірістік қатынастардың ерекшеліктерін, нақты саланың заңдылықтары мен қарқындарын зерттейді сала экономикасы, кәсіпорынның немесе фирманың экономикасы [2].

Менеджментті зерттеу объектісіне байланысты экономиканың арнайы да, салалық та ғылымдарына жатқызуға болады.

Жалпы теориялық тұрғыдан менеджмент экономикалық пәндердің жалпы жүйесінде пәннің рөлін жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін келесі негізгі функцияларды атқарады:

1) ғылыми функция – шаруашылық әрекеттің негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын қалыптастырады

2) танымдық функция – экономиканы басқару заңдылықтарын ойластыруға, әртүрлі экономикалық үрдістердің күрделі өзара байланыстарын анықтап алуға көмектеседі

3) болжамдайтын функция – менеджментте шешімдерді қабылдау үрдістері кезінде экономикалық болжамдар мен ықтималдылық көрсеткіштері, ғылыми-техникалық прогресстің қарқындары мен бағыттары, экономикалық өсудің нұсқалары және т.б. маңызды мәнге ие

4) тәжірибелік функция – экономикалық үрдістердің заңдылықтарын көрсетеді. Менеджмент экономикалық идеяларды жүзеге асыру жолдарын, экономикада инновациялық технологиялардың жолдарын анықтайды.

Басқару функциялары.Менеджменттің өзіне тән ерекшеліктері белгілі бір қызмет арқылы жүзеге асады.Қызметтері – басқару субъектісі басшы, кәсіпорынды басқару аппараты басқарылатын объектіге еңбек ұжымы ықпал ететін қызмет түрлері.

Басқару функциялары төмендегідей болады:

— жалпы – қызмет түрі жүйелі болатын басқару циклінің бөлігі

— нақты — өндіріс үрдісінің нақты бір кезеңіне тиістілігіне қарай анықталады

— арнайы – нақты бір қызметтің бір бөлігі[3]

Кез келген кәсіпорын басқару функцияларының құрамын анықтауды және келесі факторларды ескеруді қажет ететін күрделі жүйе ретінде қарастырылады:

— ресурстар: материалдық, еңбек, қаржы, жабдық, ғимарат, құрылыс, ақпарат, өндірістік технология, өнім;

— басқару үрдісінің мазмұны: жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, бақылау, есепке алу;

— басқару шешімін қабылдау циклі: дайындық, бекіту, енгізу, бағалау;

— өнімнің өмір сүру циклі кезеңі.

Қазақстанның басқару ойлары тарихының тамырлары ғасырлар қойнауынан бастау алады. Жүздеген жылдар бойы басқару ойы біртіндеп жетілдірілді. Менеджментке деген қажеттілік адамның және оның біріккен қызметінің пайда болуына байланысты туды. Мемлекетті басқару жөнінде біздің еліміздің дамуының әрқилы кезеңіндегі әртүрлі міндеттер өткенімізге үлкен әсер етті және бүгінгі күні де Қазақстанның басқару ойының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізуде.

Менеджменттің мазмұнын суреттейтін жалпы қызметтерін 1916 жылы А. Файол құрған. Оған ұйымдастыру, жоспарлау, үйлестіру, бақылау және басқаруды жатқызады. Қазір оларға мотивация, ақпарат беру және дамытуды қосуға болады.Менеджменттің басты қызметі жоспарлау болып

саналады.Басқарушы осы қызметті жүзеге асыра отырып, ұйымның қазіргі жағдайын тереңінен және жан-жақты талдау және даму болжамы негізінде ағымдағы және болашақ мақсаттарын құрастырады, іс-әрекет стратегиясын әзірлейді, қажетті жоспарлар мен бағдарламаларды құрастырады.

Жоспарлар, бағдарламалар және стратегиялардағы түпкі ойды ұйымдастырушылық қызмет іске асырады. Ол ұйымдастыру және басқару құрылымдарын жобалау және құру, өзара қарым-қатынас қызметінің тәртібін анықтау, қажетті құжаттамалар қызметін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады.Әрбір субъектіге алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін не істеу керектігін басқарушы функция хабарлайды.Ұйымның, бөлімнің және жеке тұлғалардың қызмет нәтижесі тексеру, бағалау және түзетуді қажет етеді. Сонымен бірге төніп тұрған қауіпті уақытылы анықтауды,қателікті табуды, қолданылып жүрген стандарттан ауытқушылықтарды анықтау қажет. Осының бәрі менеджменттің бақылау қызметінің мазмұнын құрайды. Бұл іске асырылса, жұмыс жетілдіріліп, қызметкерлер мадақталады [4]

Қорытындылай келе,егер адамдар ынталандырылмаса қандай да болмасын жұмыс сапалы және ең аз мөлшерлі шығынмен табысты шешілмейді. Бұдан менеджменттің ең маңызды мотивациялық қызметі байқалады.Ақпарат басқару қызметінің мәні мен нәтижесі болғандықтан, ақпарат қызметінің рөлі алдын ала анықталады. Сондықтан ол ақпаратты жинау, өңдеу, талдаудан басталады.НТР кезеңінде әлемде болып жатқан өзгерістерге бейімделіп отыру керек. Сондықтан қазір ұйымның барлық салалары мен қызмет тараптарын – құрылымын, басқару, өнім жүйесін, қоршаған ортамен, сондай-ақ, ең бастысы, персоналдардың қарым-қатынасы менеджменттің маңызды қызметі болып табылады.

Әдебиеттер

1. К.Б. Бердалиев, С.Ы. Өмірзақов – “Менеджмент негіздері”
2. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. – “Менеджмент негіздері”,
3. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009.- 240 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1999

УДК 378:811:37.035.6

БОЛАШАҚ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Саймбетова Ж.Т. PhD доктор,
Қасмырзаев Б.Н. магистр оқытушы,
Орал Е.Қ. 1-ші курс магистранты.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

Резюме:

В статье рассматриваются дидактические возможности формирования профессиональной компетентности будущих учителей художественного труда и черчения.

Summary:

The article examines the didactic possibilities of forming the professional competence of future teachers of art work and drawing.

Болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өте күрделі және маңызды үдеріс болғандықтан, оның нәтижелі болуы көптеген субъективті және объективті факторларға байланысты.

Объективті факторларға:

- жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың шарттары;
- кәсіби даярлықты жетілдірудің дидактикалық мүмкіндіктері;
- негізгі бейіндік пәндер бойынша сағат көлемінің аздығы;
- кәсіби орта білім беретін оқу орнының шынайы әрекет етуші оқу-тәрбие процесімен қатынастың өз деңгейінде болмауы;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің аздығы және т.б. жатады.

Субъективті факторларға:

- болашақ мамандардың педагогикалық ерік-жігерінің жеткіліксіздігі;
- болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша білім берушілердің әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан даярлығының жеткілікті болмауын айта аламыз.

Аталмыш факторлар бізге болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің әрбір кезеңдерінде шешілуі тиіс міндеттер логикасы, олардың өзара сабақтастық байланысы, бір кезеңнен екіншісіне өту барысында болашақ мамандармен жұмыс істеу құралдарының, шарттарының, көлемдері мен әдістерінің жүйесін анықтап, дидактикалық мүмкіндіктерін іске асыру керектігін көрсетті [1].

Бұл мүмкіндіктер болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі негізінде:

- ҚР МЖМБС-на сәйкес базалық және бейіндік арнайы пәндер

бойынша білім мазмұны;
- оқыту құралдары; жаңа ақпараттық технологиялар;
- оқытуды ұйымдастыру формалары анықталды.

Болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жалпы кәсіби даярлық жүйесінде базалық және бейіндік арнайы пәндерді оқыту барысында жүзеге асырылады.

Бұл пәндердің негізгі мазмұнын кәсіптік педагогика және көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау тәжірибесі құрайды. Мазмұн білімді меңгеруту тәсілін анықтайды, мұнда жүйе элементтерінің белгілі бір дәрежеде өзара әрекеттесуі талап етіледі және оқытудың құрамы анықталады, сонымен бірге мазмұн оқу іс-әрекетінің әдістері, ұйымдастыру формалары және оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту үдерісі құрылатын негізгі фактор болып саналады [2].

Болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдеріне берілетін білім мазмұны оның болашақ кәсіби қызметіне қажетті білім, білік және дағдыларды игеру барысы мен нәтижесін қамтамасыз ете отырып, болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Мазмұнға білім, білік, дағдылармен қатар үдерістің өзі де кіреді, оларды игеру мен күнделікті өмірде қолдану тәжірибесі, өз бетімен білім алу жолдары мен тәсілдері білім мазмұнының компоненті болып табылады. Мұнда болашақ маман оқу-тәрбие үдерісінің айқын басымды объектісінен оның субъектісіне айналады. Болашақ маманның субъекті ретінде қалыптасуы оның санасын, өзіндік санасын және рефлексиясын белсендіреді, шығармашылығы мен ізденімпаздығын арттырады, жауапкершілігі мен қабілеттерін жетілдіре түседі.

Базалық пәндер бойынша болашақ мұғалімдерге берілетін білім, білік, дағдылардың мазмұны мынадай болады: конструкторлық құжаттар түрлерін, сызбалар мен схемаларды, сызбадағы бейнеленгендердің шарттылығын ресімдеу бойынша стандарттық талаптары; технологиялық құрал-жабдықтар туралы негізгі мәліметтер; электротехника, электротехникалық машиналар мен аппараттардың, электрондық техника негіздері; металдардың, құймалардың конструкциялық материалдардың негізгі қасиеттері және олардың қолданылуы; статика, кинематика және динамиканың негізгі заңдары; деформация түрлерін, конструкция элементтерін, төзімділігін, қаттылығын және тұрақтылығын есептеу тәсілдері; конструкцияның негізгі өлшемдерін, жұмысқа қабілеттілік түрлері мен өлшемдерін, типтік бөлшектерін, түйіндер мен агрегаттарын жобалау және есептеу тәсілдері; өзара алмастырудың негізгі мәліметтері, өлшеу құралдарының жұмыс жасау принциптері; маркетинг және маркетинг негіздері; технологиялық процестерді жобалау және жүзеге асыруда ғылыми еңбекті ұйымдастырудың негізгі талаптары; еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік, өндірістік тазалық және оттан сақтандыру ережелері мен нормалары; өндірісте экологиялық тазалықты және қоршаған ортаны қорғау шараларын жасау және қолдау; еңбек құқықтарының негіздері; адамның ағзасының биологиялық

табиғаты мен тұтастылығы; салауатты өмір сүрудің негізгі принциптері; халықтың ерте мүгедектігі мен ерте өлімінің негізгі себебі болып табылатын ең көп таратылған аурулар, тәуекел факторлары және адам өмірінің әр түрлі кезеңдеріндегі профилактиканың негізгі әдістері; табиғи, техногендік және әлеуметтік бастамадағы өмір сүру ортасында болатын аса қауіпті және төтенше жағдайлар; өмір сүру қауіпсіздігінің құқықтық, нормативтік-техникалық және ұйымдастырушылық негіздері; комплекстік сызбада бейнелеу (түрлер, өлшемдер, қималар), кесілген қосылыстарды және тісті берілістерді алдын-ала шартты бейнелеуді қолдану арқылы бөлшектерді жобалау білігі; агрегаттар мен машиналардың жай бөлшектері мен түйіндерінің сапасын бақылау және басқару үшін құрал түрін таңдау білігі; бөлшектерді, түйіндерді және механизмдерді құрастыру дағдысы; жобалап сызу дағдысы; есептеу техникасын пайдалана білу дағдысы.

Бейіндік пәндер циклі бойынша болашақ мамандар білулері керек: оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін; психологиялық-педагогикалық концепциялар мен пәндік әдістемелердің дамуының тарихы мен қазіргі тенденциялары туралы білім жүйесін; білім беру үрдісінің субъектісі ретінде адам туралы, оның жас аралық және жеке ерекшеліктері, әлеуметтік даму факторлары туралы білім жүйесін; психикалық даму заңдылықтары, тұлғалық өсуге әсер ететін факторлар туралы білім жүйесін, тұлғаны өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттайды; жеке адаммен және топпен қарым-қатынас және басқару тәсілдері туралы заңдылықтар жүйесін; педагогикалық қарым-қатынас жасай білу; оқыту барысында компьютерлік техниканы пайдаланудың негізгі психологиялық-педагогикалық критерийлерін; психологиялық-педагогикалық диагностика жасай білу; оқыту барысында жобалау, іске асыру, баға беру және түзете білу; оқу-бағдарламалық құжаттарды дайындай білу және оқу мазмұнын құру үшін оларды пайдалана білу; оқу-өндірістік жұмыстардың құрылымы мен мазмұнын жобалау әдістерін, сабақты дидактикалық құралдармен жабдықтау тәсілдерін білу; оқушылардың кәсіптік дағды мен шеберлікті қалыптастыру және жетілдіру әдістерін; жеке тұлғаның тұрақты кәсіптік бағытын қалыптастыру әдісін білулері шарт [3,4].

Болашақ көркем еңбек және сызу мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту құралдары ерекше мәнге ие болады. Олардың негізгі атқартын қызметін былай бөліп көрсетуге болады: көрнекілік қызмет, яғни берілетін оқу материалын, ақпаратты білім алушылардың саналы қабылдауын қамтамасыз етеді; ақпараттық қызмет, оқыту құралдары ақпаратты жеткізу көзі болып табылады; орнын толтырушылық қызмет, оқу процесін оңтайландыруды қамтамасыз етеді, уақытты және танымдық күшті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді; бейімделушілік қызмет, оқу процесінде қолайлы жағдайлар туғызуға, демонстрацияларды, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік бере отырып, білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді; кіріктіру қызметі, белгілі бір объектіні немесе құбылысты тұтастай да және оның бір бөлшегі ретінде

қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл қызмет оқу құралдарын кешенді түрде қолдану және жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады Кәсіптік оқыту барысында қолданылатын оқыту құралдарын үш түрлі көрсеткішке бөліп көрсетуге болады, олар: оқытудың көрнекі құралдары, оқытудың техникалық құралдары және өндірістік оқыту құралдары [5].

Бүгінде, жоғары білім беретін орындарының оқу процесінде кеңінен қолдануды қажет етіп, пәндерді оқыту сапасын қамтамасыз ететін техникалық оқыту құралдары жаңаша сипат алып, білім алушылардың белсенділігін артыруға, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және білім беруші мен білім алушының өзара бірлескен іс-әрекетін оңтайландыруға бағдарланып отыр. Мұндай оқыту құралдарына экрандық және экрандық-дыбыстықты жатқыза аламыз.

Ғылым мен техниканың ілгері дамуымен байланысты болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық мүмкіндіктері мол жаңа заманның техникалық құралдары ерекше мәнге ие болып отыр. Олардың ішінде біртұтас эпидокоптар, табиғи түсті, сан алуан бейнелерді тез арада өзгертуді және т.б. қамтамасыз ете алатын сұйық кристалл панелдері бар проекторлар, лазерлік көрсеткіштер, сандық фотокамералар, т.б. кеңінен қолданылып, даярлық үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етті.

Экрандық құралдар өндірістік оқытуға қарағанда теориялық оқытуға тән. Оқытуда бейнефильм қолдану білім берушінің үлкен жұмысын қажет етеді.

Бейнефильмдер білім адушыларға жаңа техниканы, еңбек технологиялар мен тәсілдерін көп уақытты жоғалтпай көрнекі және қарқынды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Оқыту барысында бейнефильмдерді 10-15 минут қолдануға ұсынылады. Экрандық құралдарды, оқу киноларын қолдану еңбек тәсілдерін өндірістік оқыту сабақтарында тиімді екендігін айта аламыз.

Кино қойылымның ерекше техникалық мүмкіншіліктері: жеделдетілген және бояулатылған съемка, кадр-тоқтату, ірі, орта, ұсақ кадрларды жоспардың сәйкестігі, дыбыстық сүйемелдеу, қажетті кадрларды бірнеше рет қайталау, мультипликациялық – кескіндер суреттерін ұғымды ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Диафильмдер мен диопозитивтер көрнекі құралдар сияқты иллюстрациялау мен ақпараттар көзі құралы болып табылады. Оларға қойылатын талаптар жалпақ көрнекі құралдарды көрсетуге қойылатын талаптар сияқты. Өндірістік оқу процестің кейбір жағдайларында машина механизмдерінің ақауларының әр түрлі көрнекіліктері және олардың көріністерін байқау, жұмыс процесіндегі жөндеулері және т.б., дыбыс таспасы қолданылады. Дыбыс таспасының көп қолданатын жері әр түрлі құрал-жабдықтардың жөндеулерімен жақсартулары және машиналарды қамтамасыздандырумен пайдалануына байланысты. Дыбыс таспа болашақ маманның кәсіби қабілеттілігін дамытуда, техникалық диагностика дағдыларын қалыптастыруда кеңінен қолданылады.

Іс-әрекет тәсілдерін демонстрациялау – бұл әдістемелік және техникалық тұрғыда дұрыс көрсету, жаттығу барысында түсіндіре, үлгілерді қабылдауына ұмтылу. Тәсілдерді, операцияларды алғаш меңгертуде еңбек әрекетін көрсету маңызды орын алады. Көрсетілгенді қабылдау арқылы білім алушылар олардың детальдарын тек қана ұғынбайды естерінде де сақтайды.

Өндірістік-оқыту құралдары – өндірістік-оқу шеберханаларын, оларда орналасқан құрал-жабдықтарды, қосымша қызмет орындарын қамтитын өндірістік оқудың материалдық-оқу базасының басты бөлшегі болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогрестің дамыған заманында әлеуметік-экономикалық жағдайдағы адам өмірінің қай саласына болсын түбірлі өзгерістер жасауда. Оның бүкіл әлемдік білім кеңістігіне енуі білімге, барлық оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қояры сөзсіз. Бұдан оқу-әдістемелік жүйенің салаларына түзетулер енгізіп, оқу үдерісін қайта құруды, ондағы педагогтың ролін қайта қарау қажеттігі туындап, қалыптасқан әдістер мен технологияларды оның жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлері мен ұтымды ұштастыру әрекеттері қарастырылуда. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дами түсуі күрделі бағдарламалық оқуларды техникалық құралдар көмегімен пайдалануға жол ашады [6].

Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ғылымымыз бен біліміміздің өркендеуіне тікелей байланысты. Дамыған ақпараттық технологияның жылдан-жылға кең құлаш жайып, оның тұлға қызметінің барлық салаларына енуіне орай білім алушылардың оқу жұмыстарын компьютер арқылы ұйымдастыру – «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілгендей көкейкесті мәселелерінің бірі екендігі анық көрсетілген. Елімізде білім беру жүйесі бойынша ақпараттық технологияларды енгізу айтулы мәселелерге айналуда. Осындай ізгі мақсаттарды іске асыру жолындағы Елбасы мен өкімет басшыларының еңбектері орасан зор деуге болады. Республикамыздағы барлық жоғары оқу орындары және орта білім беретін мекемелердің компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы - оның анық дәлелі.

Сол себепті, болашақ мамандар осы алға қойған мақсаттар мен айтылған міндеттерді ұстана отырып, ғаламтор ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы, әрі басқа пән сабақтарымен байланыстыра білуі шарт.

Әдебиеттер:

1. Саймбетова Ж.Т. Көптілді білім беруді іске асыру жағдайында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының этностық-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру: 13.00.08. философ.(PhD). док. ... дис. – Астана, 2018. – 139 б.
2. Мәлібекова М.С. Ақпараттық қоғам шартында студенттерді кәсіптік даярлаудың педагогикалық негіздері. - Қарағанды: ҚарМУ, 2004. – 257 б.
3. Ильин В.С. Процесс воспитания в обучении как педагогическая проблема. Его сущность. Проблематика исследования // Совершенствование учебно-воспитательного процесса. - Волгоград, 1976. - 147 с.
4. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. - 144 б.

5. Краевский В.В. Методология педагогического исследования: пособие для пе Батышев С.Я. Реформа профессиональной школы (опыт, поиск, задачи, пути реализации). - М.: Высшая школа, 1987. - 343 с.

6. Егоров В.В. Информационные технологии в подготовке инженера-педагога. – Алматы: Ғылым, 1994. – 260 с.

УДК

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПРОЕКТИРОВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

Л.С. Канаева докторант, научный руководитель А.К. Калжанова, к.ф.н., и.о. доцента
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада орыс тілі мен әдебиетін оқытуға назар аудара отырып, гуманитарлық цикл пәндерін мектепте оқытудың заманауи тұжырымдамалары қарастырылады. Қазіргі қазақстандық негізгі мектеп оқушыларын гуманитарлық пәндерді оқыту бойынша креативтілікті, ұтқырлықты, икемділікті, динамизмді, конструктивтілікті қамтитын функционалдық сауаттылықты қалыптастыру басты бағдар болып табылады.

Summary

The article examines the modern concepts of teaching humanities subjects at school, with an emphasis on teaching Russian language and literature. The main reference point in the modern Kazakh school for teaching humanities to secondary school students is the formation of functional literacy, which includes creativity, mobility, flexibility, dynamism, constructiveness.

В Послании народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050» от 14.12.2012 г. Лидер нации Н. А. Назарбаев, определяя знания и профессиональные навыки как «ключевые ориентиры современной системы образования», подчеркивал: «Наши граждане должны быть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовом оборудовании и самом современном производстве. Необходимо также уделять большое внимание функциональной грамотности наших детей, в целом всего подрастающего поколения. Это важно, чтобы наши дети были адаптированы к современной жизни».

Современное общество переживает период становления новой системы ценностей, которая нацелена на выявление приоритета интересов гражданина и формирование основ гражданского общества. В связи с этим большое значение приобрела проблема социальной адаптации человека в новых условиях. Социализация личности школьника среднего школьного звена происходит под влиянием многих факторов, но в большей мере решающим из них является педагог. Перед основной школой стоит задача создания максимальных благоприятных условий для развития творческой, высококультурной личности, формирования инициативы, психологической свободы, осознанной потребности в самообразовании. Чтобы добиваться больших успехов, идти в ногу со временем, в современной школе должны создаваться условия, когда

каждый ученик приходит на занятия с радостью, а знания, полученные за годы учебы, находят применение в дальнейшей жизни наших выпускников. Выпускника основной школы должны отличать ответственность и инициативность, продуктивность и эффективность, адаптивность к динамично меняющимся условиям, способность к множественным выборам, он должен обладать функциональной грамотностью, основа которой закладывается в процессе обучения в школе.

Согласно определению ЮНЕСКО под грамотностью (в буквальном смысле) понимается способность личности читать, понимать и составлять простые короткие тексты, имеющие отношение к повседневной жизни. Вместе с тем, существует более широкое понимание термина *грамотность,* как минимального объема навыков, обеспечивающих нормальное функционирование личности в системе социальных отношений. В связи с тем, что объем этих навыков существенно варьируется в зависимости от конкретных условий, в современной образовательной практике используется термин «функциональная грамотность». Под ней понимается способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться к ней.

Более успешно решить эти задачи в школе можно в процессе изучения общественно-гуманитарных дисциплин, которые наиболее полно дают представление обо всех сферах жизнедеятельности общества, помогают решить проблемы ориентации в правовых нормах и административных структурах, в нормах поведения и формах общения, проблемы ориентирования в явлениях природы и социальной жизни, во взаимодействии с патриотическим, нравственным воспитанием, формированием гражданина, развитием толерантности. Содержание предметов данного цикла, таких как история Казахстана, всемирная история, литература, обществознание, казахский, русский и иностранные языки способствует формированию прочных нравственных принципов, гражданской ответственности на основе общепринятых духовных ценностей, приобретению духовного богатства отечественной и мировой культуры, навыков общежития с представителями иных национальностей.

Одним из ведущих предметов гуманитарного цикла в системе школьного образования является русский язык. Анализ состояния преподавания русского языка показывает, что школа не вполне обеспечивает функциональную грамотность учащихся, их орфографическую и пунктуационную зоркость, навыки устной и письменной речи; теоретические сведения часто изучаются изолированно, поэтому не способствуют формированию практических умений. В Послании Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050» подчеркнуто: «Нельзя игнорировать тот факт, что именно посредством русского языка уже на протяжении не одного столетия казахстанцы обретают дополнительные знания,

расширяют свой кругозор и круг общения как внутри страны, так и за ее пределами».

Как известно, в Национальном плане действий по развитию функциональной грамотности школьников, среди целей определены предметные компетенции и названы следующие ожидаемые результаты: навыки общения на казахском языке как государственном, на русском языке как языке межнационального общения, на иностранном языке; умение быть мотивированным к общению как на родном языке; понимание значимости литературного наследия и использование в нужном контексте.

В преподавании русского языка и других гуманитарных дисциплин появилось новое понятие: универсальные учебные действия. Одной из существенных особенностей является его ориентированность на формирование, развитие, проверку и оценивание не только предметных, но и метапредметных результатов образования, которые тесно связаны с понятием функциональной грамотности. Она понимается, как способность человека получать, понимать, осваивать, перерабатывать хранить, передавать, эффективно использовать информацию в ежедневной бытовой, учебной, профессиональной и общественной жизни.

Умение общаться, добиваться успеха в процессе коммуникации, высокая социальная и профессиональная активность являются теми характеристиками личности, которые во многом определяют достижения человека практически во всех областях жизни, способствуют его социальной адаптации к изменяющимся условиям современного мира. Это очень важно сегодня, когда от выпускника школы требуются мобильность, креативность, способность применять свои знания на практике, умение мыслить нестандартно. Все это призывает учителя уходить от привычной структуры урока, традиционных педагогических технологий.

Универсальные учебные действия – это обобщенные способы действий, открывающие учащимся возможность широкой ориентации, как в различных предметных областях, так и в строении самой учебной деятельности, включая осознание учащимися ее целевой направленности, ценностно-смысловых и операциональных характеристик. Таким образом, достижение умения учиться предполагает полноценное освоение всех компонентов учебной деятельности, которые включают: 1) учебные мотивы, 2) учебную цель, 3) учебную задачу, 4) учебные действия и операции (ориентировка, преобразование материала, контроль и оценка).

В составе основных видов универсальных учебных действий, диктуемом ключевыми целями общего образования, можно выделить четыре блока: 1) личностный; 2) регулятивный (включающий также действия саморегуляции); 3)познавательный;4)коммуникативный.

В блок личностных универсальных учебных действий входит жизненное, личностное, профессиональное самоопределение; действия смыслообразования и нравственно-этического оценивания, реализуемые на основе ценностно-

смысловой ориентации учащихся, а также ориентации в социальных ролях и межличностных отношениях.

В блок регулятивных действий включаются действия, обеспечивающие организацию учащимся своей учебной деятельности: целеполагание как постановка учебной задачи на основе соотнесения того, что уже известно и усвоено учащимся, и того, что еще неизвестно; планирование, прогнозирование, контроль, коррекция, оценка, осознание качества и уровня усвоения.

В блоке универсальных действий познавательной направленности целесообразно различать общеучебные, включая знаково-символические и логические действия постановки и решения проблем, смысловое чтение как осмысление цели чтения и выбор вида чтения в зависимости от цели; извлечение необходимой информации; определение основной и второстепенной информации; свободная ориентация и восприятие текстов разных стилей; понимание и адекватная оценка языка средств массовой информации; умение адекватно, подробно, сжато, выборочно передавать содержание текста и др.

В блок коммуникативных универсальных учебных действий входят социальная компетентность, умение участвовать в коллективном обсуждении проблем, строить продуктивно взаимодействие и сотрудничество со сверстниками и взрослыми.

Функциональная грамотность – явление метапредметное, и поэтому она формируется при изучении разных школьных дисциплин и имеет разнообразные формы проявления. Выделяется несколько основных индикаторов функциональной грамотности:

1) коммуникативная грамотность, предполагающая свободное владение всеми видами речевой деятельности в их единстве и взаимосвязи; способность адекватно понимать чужую речь (устную, письменную) и самостоятельно выражать свои мысли в устной и письменной речи, а также свободное владение новой формой речи, зарождающейся и активно формирующейся в современном социуме, - компьютерной, которая совмещает признаки устной и письменной форм речи;

2) информационная грамотность, которая прежде всего опирается на умение осуществлять поиск информации (в учебниках, в справочной литературе), извлекать её из различных источников (например, из Интернета, компакт-дисков учебного содержания), перерабатывать, систематизировать информацию и предъявлять ее разными способами;

3) деятельностная грамотность как проявление организационных умений и навыков: способности ставить и словесно формулировать цель деятельности, планировать и при необходимости изменять ее, словесно аргументируя эти изменения, осуществлять самоконтроль, самооценку, самокоррекцию и др.

Формирование функциональной грамотности, совершенствование речевой деятельности учащихся строится на основе знаний об устройстве языка и об

особенностях его употребления в разных условиях общения. Процесс обучения должен быть ориентирован не только на формирование навыков анализа языка, способности классифицировать языковые явления и факты, но и на воспитание речевой культуры, формирование таких жизненно важных умений, как использование различных видов чтения, информационная переработка текстов, различные формы поиска информации и разные способы передачи ее в соответствии с речевой ситуацией и нормами литературного языка и этическими нормами общения. Основные компоненты функциональной грамотности базируются на видах речевой деятельности и предполагают целенаправленное развитие речемыслительных способностей учащихся, прежде всего в процессе изучения родного (казахского, русского) языка в школе.

Главным ориентиром в современной казахстанской школе по обучению гуманитарным дисциплинам учащихся основной школы является формирование функциональной грамотности, включающей в себя креативность, мобильность, гибкость, динамизм, конструктивность. Выпускник основной школы должен обладать стремлением к самообразованию на протяжении всей жизни, владеть новейшими технологиями, уметь принимать самостоятельные решения, адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере, разрешать проблемы и работать в команде, быть готовым к стрессовым ситуациям и уметь быстро из них выходить.

Литература:

1. Назарбаев Н. А. Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050» - новый политический курс состоявшегося государства». // Наука и образование Казахстана, 2012, №5-6. -С.2-33.

2. Национальный план действий на 2012-2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников, утвержденный постановлением Правительства РК от 25 июня 2012 г. № 832.

3. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы при освоении дисциплин общественно-гуманитарного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 40 с.

ӘӨЖ 037.107

VI В ТОПША ЭЛЕМЕНТТЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ

Керімбаева К.З., Қыстаубаев Е.И. т.ғ.к., Избан Н.А. магистрант, Болат С.Қ.студент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

М.Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Многие инновационные технологии используются в современных методах обучения. Для улучшения обучения необходимо использовать модульную технологию. Демонстрирует, как использовать методы во время урока.

Summary

Many innovative technologies are used in modern teaching methods. To improve learning, it is necessary to use modular technology. Demonstrates how to use the techniques during the lesson.

Білім беру жүйесі — барлық елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Дүнежүзілік оқу үрдісінің өзегі — инновациялық технологиялар екені айқын. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Қазіргі заман талабына орай ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын азаматтық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда білім берудің түрлері мен әдістерін жақсартуымыз керек. Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан – жақты дамуына қолайлы жағдай жасау [1].

Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері әсер ететін жайттар баршылық. Дарынды ұстаз К.Д. Ушинский: «Қызығушылығын туғызбайтын оқу бірте – бірте оқушының білімге деген құмарлығын жояды,ал тек қызығушылыққа негізделген оқу оқушының еркін, күш – жігерін тәрбиелемесе мәнін жояды» деген екен. Олай болса мұғалім өз сабағының жоғары мәнінде оқушының қызығушылығын оятатын, әсерлі болуын қадағалап отыруды қажет етеді. Бүгінгі күні білім сапасын арттыру үшін сабақта не қолдану керек? – деген сұрақ туады. Оған жауап: Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдаланудың оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін біз, мұғалімдер қауымы әр сабақта жаңа технологияларды қолдануымыз қажет. Себебі, жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан – жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу – танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан – жақты дамытуға жетелейді [2].

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден- бір технология. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі: 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі; 2)

оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.

Модульдік оқытудың құрылымы: 1. Оқытудың жалпы мақсатын қою; 2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу; 3. Оқушылардың білім деңгейін бағалау: 4. Оқу әрекетінің жиынтығы; 5. Нәтижені бағалау.

Осының арқасынды оқу процессі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блокттардан жасалады. Ол оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөледі.

1. Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.
2. Алгормитмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.
3. Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдеибеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.
4. Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны , білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді [3].

Модельде 3 деңгейлік тапсырмалар: тест сұрағы, сынақ тапсырмасы, шығармашылық жұмыс бойынша жұмыс жүргізіледі. 3 деңгей – мемлекеттік стандарт деңгейі, бұны барлық оқушылар орындауы, білуі міндетті. 2 деңгей – бұған қарағанда күрделірек, ал 1 деңгейді – өзіндік пікірін жеткізе алатын, өз ойын шығармашылықпен дәлелдей алатын қабілетті, озат оқушылар ғана орындай алады.

Модульдік оқыту технологиясының «осы нұсқасын құруда біз толық меңгеру әдістемесінің негізгі шарттарын, құрылып жатқан педтехнологиялардың негізгі қағидаларын ұстандық. Сонымен қатар, дидактиканың қазіргі талаптарына байланысты бірқатар өзгерістер енгіздік: Балаларды оқытуға емес, тұлғалық бағытталған танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу процесін өзара сөйлесу негізінде құруға ұмтылдық» (М.М.Жанпейісова). Модульдік технологиядағы біршама әрекеттер: балаларды оқу мақсаттарымен таныстыру; сынып мазмұны жақын тақырыптар тобы (блогы) немесе тарау бойынша жасалған жалпы үлгімен (модульмен) таныстыру; мұғалімнің оқу материалын қысқаша баяндауы (белгілер жүйесі сызбалар, кестелер негізінде); өзара сөйлесу негізінде оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру және әрбір оқушының қызмет нәтижесін әр сабақта

бағалап отыру; жалпы тақырыпқа, тарауға (өсу бағытымен) 4-7рет қайта оралу негізінде оқу материалын оқып-үйрену; тұтас тақырып бойынша тестілеу; тақырып бойынша қалыпты немесе «релелік» сынақ жүргізу. [3]

Модульдік технология дегеніміз - білім алушының ішкі мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы. Модульдік оқыту технологиясы – оқушының белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, бала өз әрекетін жоспарлай, талдай, өзі бақылай білуге үйретеді.

Химияны оқытуда қолданылып жүрген модульдік оқыту технологиясы ,,VI топтың қосымша топша элементтері'' тақырыбының мазмұнын негізін жүйелі түсіндруге тиімді деп табылды. Модульдік оқыту әдісі көп көлемді мақсаттар мен қатынас түрлерін қамтыды. Модульдік оқыту әдісінің мақсаты әрбір оқушының даму деңгейіне сай оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ететіндігі және жай ақпарат беріп қоймай оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге бейімдейтіндігі. [4]

Модульдік оқыту техологиясының құрылымы ,,VI топтың қосымша топша элементтері'' тақырыбын оқытуға бағытталып, сабақ жоспары құрылды.

Сабақ өту әдістемесінің құрылымының негізінде көрнекіліктер мен деңгейлік тапсырмалар ,,VI топтың қосымша топша элементтері'' тақырыбын модульдік оқыту технологиясы бойынша дайындалды. Оқушылар белсенділігін арттыру мақсатында сұрақ – жауаптар, деңгейлік есептер, химиялық жұмбақтар және оқушылардың өзін – өзі тексеру үшін тест сұрақтары дайындалды.

Зерттеу барысында оқушылардың бойындағы білім, білік дағдыларын қалыптастырудың нәтижесі қорытындыланды. Оқушының білім деңгейін көтеру мен бақылауға арналған модульдікп оқыту технологиясы бойынша оқыту әдістемесі ,,VI топтың қосымша топша элементтері'' тақырыбын оқытуда қолданылып, нәтижесінде оқушылардің білім деңгейі -90% дәрежесін көрсетті.

Химия пәнін модульдік оқыту технологиясы оқушылардың ойын дамыту, өз бетінше ізденуге баулу, түсінік беру оның күнделікті сабақты меңгеруіне көмектеседі. Оқушылардың химияға деген қызығушылығын дамытуда олардың өздігінен жұмыс жүргізуі, негізгі химиялық ұғымдарды жете танып білуіне ықпал етеді. Нәтижесінде оқушылардың таным – түсініктері жоғарылап, саламандық дағдылары қалыптасып, қорытынды жасауды меңгереді. Талабы таудай, қабілеті мол, ізденімпаз оқушы көбейсе, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой. Мектептегі оқу тәрбие жұмысы, оның әдістемелік саласының қайсысы болса да оқушының сана- сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың дара ерекшеліктерін ескеру қажет.

Әдебиеттер:

1. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар, Қазақстан мектеб, №2 2001
2. Сабыров Т.С Оқыту технологиясының негіздері Алматы Республикалық баспа кабинеті 2003
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2006
4. Қ.Жүнісханов Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу, 2008 ж.

ӘОЖ 130.2

ҰЛТ ТАЛҒАМЫНЫҢ ТАМЫРЫ ХАЛЫҚТЫҚ БОЛМЫСТА

Бегдаулетова Қ.Д. филос.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент. Қазақстан.
Кемелбеков Қ.Б. филос.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент. Қазақстан.

Резюме

В статье подчёркивается, что для казахской нации задача современного поколения - собрать, воспроизвести и передать будущим поколениям образцы национального мировоззрения. Ведь без знания таких основ, без ощущения национальных особенностей своего народа невозможно понять характерную черту другого народа.

Summary

The article emphasizes that for the Kazakh nation, the task of the modern generation is to collect, reproduce, and pass on to future generations samples of the national worldview. After all, without knowledge of such basics, without a sense of the national characteristics of own nation, it is impossible to understand the characteristic feature of another.

Бүгінде тәуелсіздік алып, ұлттық дүниетаным үлгілерін жинақтап, жаңғыртып жатқан қазақ ұлты үшін бұл мұраны өз бойына сіңіру және келешек ұрпаққа қалдыру – асыл парыз. Әр халық өз ғұламаларын тану, дәріптеу, насихаттау арқылы ғана шын мәніндегі өркениеттілікке үйренбек. Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрімен қоса, жалпы мәдени-рухани дүниелеріне зер сала бастады.

Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстың рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін менгерудің уақыты келді. Бірақ, Еуропаға тән нәрсенің барлығынан бойды ала қашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпыадамзаттық рухани байлықтарды тиімді үйлестіру мәселесін алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтасыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастықта қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді.

Адам еркінен тыс санамен бейнелеуге қатыспайтын физиологиялық, психикалық құбылыс «санасыздық» делінеді. Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасыретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет.

Көшпелі қазақ халқы туыстық-қандастық жүйені қатаң сақтаған, оны өмір сүрудің моральдық-этикалық өлшемі деп түсінген. Отбасында әке-шеше, үй-іші

адамдары, ал мектепте мұғалім өсіп, жетіліп келе жатқан баланы заман ағымына сай өзгерістер мен құбылыстарға талдау жасатып, өз бетімен саналы сезіне, түйсіне білуге бағыт-бағдар беруі қажет. Аталған талаптарға сай болу үшін бүгінгі ұрпақ өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып, дәстүрлерімен тереңірек танысып, оның танымдық, әлеуметтік мәндеріне талдау жасап, күнделікті тіршілікте қажетіне жарата алатындай тұлға болып қалыптасуы қажет. Өйткені мұндай негіздерді білмей, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезінбей, басқа халықтың өзіне тән белгісін түсіну мүмкін емес екені даусыз.

Әрбір халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген әлеуметтік, философиялық ой-пікірлері болған. Көне тарихпен зейін қойып таныссақ, қазақ халқы ежелден парасатты, өте зерек, зерделі, дархан көңілді, жаны жомарт, өмірге тез бейімделгіш, ынтымағы жарасқан ел болғанына куә боламыз.

Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан, қоршаған табиғи ортаның түрлі қасиеттері мен құбылыстары туралы ой толғап дүниетанымы қалыптасады. Табиғат құбылысының терең тынысына үңілуде адамзат баласы талай жолдардан өтіп, бай тәжірибе жинақтады.

Табиғат - жеткіншек дүниетанымын қалыптастырушы негізгі және басты ұстаз. Бұл туралы А. Машанов әл-Фараби туралы еңбегінде: «Ол өзінің космология еңбегінде табиғат матбуғат деген қағиданы дәлелдейді. Оның мағынасы адам баласының білім алатын көзі – табиғат. Сол табиғатты бақылау, зерттеу оны қорыту, тексеру, оның заңын табу, сырын шешу... Ғаламның ғажайып көркі де сонда, сыры да сонда, мақамы да сонда ... ғылымы да сонда, діні де сонда, адамдардың өмірі де сонда» [1, 11 б.], – дейді.

Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адам үнемі жетілу, даму үстінде болады. Талаптану, іздену арқылы жаңа әрекеттерге итермелеуші түрткілер пайда болады. Адамның сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың қозғаушы күші – сенім. Сенім адамда біртіндеп қалыптасады. Сенім өмір көріністерін топшылау – салыстыру - тәжірибе жинақтау – қорыту – сыннан өткізу. Сенім көзқарастар қақтығысында шыңдалады. Сенім – адамның ерік-жігер, қажыр-қайраттың қандай екенін көрсететін, өмір сүру мақсатына айналған өміршең білім.

Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда олардың тарихи танымдарын дамытуымыз керек. Тарихты тану кейбіреулердің ойлағанындай, тарихи оқиғалар мен деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректер арқылы ақиқатқа жету. Төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады. Шындығында, жан-жақты мәдениет иесі тарихи сана белгілерін мол меңгерген адам. Басқаша, айтқанда тарихи сана - этикалық және жалпы мемлекттік сананың негізі. Ұлттық ой-сана, этностың мындаған жылдық аңыз этнос санасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшеленеді.

Жер бетіндегі тіршілік эволюциясының қолы жеткен ең жоғарғы жетістігі – ойлай білетін адамның дүниеге келуі. Адам санасының қалай пайда болғандығын ғылыми тұрғыдан бірден-бір дұрыс түсіндіреген марксизм-ленинизм классиктері болды.

Адамның санамен тілдесуі. Эволюциялық процесті білмей тұрып, әлемді түзеу мүмкін емес. Шежіре айналымға түсетін рухани әлем. Тарихи сана өз жолында мына баспалдақтардан өтеді: өмір-өлім, ұғымтал-ұмытшақ, ізгілік-зұлымдық, өсу-өшу. Бұл баспалдақтардан өту пендеге борыш, парыз.

Моральдың ұлттық жүйесін ұғыну оңай шаруа емес, оны әрбір ұлттың түпкі негізіне талдау жасау арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін. Жалпыадамзаттық және ұлттық моральдың бір-бірімен байланысы өте тереңде, әрі жалпыға ортақ ұғымдар баршылық. Мораль қасиеттері: ол бәріне ортақ ізгілік, тұлғаны бағалау, кісілікті құрметтеу.

Қоғамның әр кезеңінде адамзат баласы небір моральдық-этикалық талғамдарды бастан кешірді. Мысалы, бір ұлт үшін әйелдің некелік адалдықты бұзуы сорақылық болса, екінші бір ұлт үшін керісінше, «іскерлік» т.б. тарихи дерек: Палестинаны басып алған рыцарлар арабтардың көп әйел алатындығына шошына қараса, ал арабтар француз әйелінің бетін ашып жүруін нағыз әдепсіздік санаған.

Тұжырым: әрбір ел, ұлт өзінің қылық қасиетін, ұғым түсінігін ең озық, ең адамгершілік деп есептеген. Мораль, мәдениет түсінігі көп жағдайда этика, талғам ұғымдарына тәуелді. Көшпелі тұрмыста өмір сүрген қазақ халқында өзіндік ұлттық ерекшелік болған.

Адамзат дамуы XIX ғасырдың ғылыми-техникалық жетістіктерін меңгергенге дейін әр елдің өмір сүруіне лайықталған салты, мәдениеті, моральдық-этикалық қарым-қатынасы қалыптасты. Жалпыадамзаттық мәдениет үшін ұлттардың өзіндік болмыс-бітімін бір-біріне таңу әбестік. Этнография ғылыми халықтың этникалық тегін, рухани болмысын, мәдени талғамын, моральдық-этикалық қалыптарын саралайды. Мысалы, дәстүрдің озығы бар, тозығы бар.

Адам баласының бойында жан сұлулығы мен тән сұлулығы қатар, сабақтас дамымаса, қоғам рухани тығырыққа тіреледі, оның салдарынан адамгершілік ауқымына сыймайтын қылықтардың өрістеуіне апарады. Егер жас ұрпақ руханилығынан айырылса, онда ол жалаң жұтаңдыққа бой алдырады.

Ұлт талғамы – тегінде. Рухани биіктік, рухани ізденіс, рухани талғам. Адам өзін-өзі тануға ұмтылғанда қажеттілік - ұят сезімі оянады, нәтижесі – талғам.

Қай ұлт болмасын өз бойын өзі ұдайы ұқыптап, тексеріп тұрмаса ұлт ретінде ұлық пен кішік сипаттарын, құлықтық көзқарасын, тәлім-тәрбиесін, салт-санасын, мәдени өріс қонысына жіті зерделемесе, ол зерделегенінен тағылымдық-тұрмыстық ғибрат алып отырмаса, онда кейбір қасиетсіз әдет-қылықтар атадан балаға ауысып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әр ұлтқа мінез, салт болып ене бастайды. Асқына келе мұндай дерт ұлттық мінездің құрамдас

бөлшегіне, ажырамас серігіне айналып кетеді. Мысалы, кеңестік дәуірдегі 70-жылда тегімізден (тектілік) қалған талғам, құдірет төтеп бере алады. 70-жылдық саясаттан рухани талғамда «қуыс» пайда болды; алған талғам адам болмысына жұғыспайды. Мысалы, теледидардағы хабарлар мазмұнына уақыт өте келе пікір өзгереді, көзқарас пайда болады. Тәрбиесіз білім мен әлем кеңістігіне шығу мүмкін емес. Ұлттың ұлылығы оның тектестік, тұтастық денгейінен, атадан қалған қанатты қазынасы - тілінен, өнегесі - өрісі болатын тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан мұрасы - дәстүрлі өнеріне деген құштарлықтан көрінеді. Ұлт талғамының тамыры - халықтың тегінде, болмысында. Тегінде бар тозбайды. Қажеттіліктер:

1. Қолда барды бағалау, парқын білу. Мысалы, Абай эпопеясын дүниежүзі бағалаған кезде, қазақ түсінбеді, себебі тұтастықта қалыптасқан рухани талғам болмады.
2. Әдеби шығармалар тауар, оны ұлттық әлемдік денгейде жарнамалау, өткізу керек.
3. Рухани талғамға ширығу қажет.
4. Ұлттық денгейдегі болмысқа тән сұраныс, талғам болуы.

Жас ұрпақты рухани мәдени мұралар негізінде баулу, өсіп келе жатқан жас өрендер өздерінің ұлттық мәдениетін дамытып отырып, ғылымда, өндірісте, әскери және құқық салаларында еуропалық сияқты алға басу, яғни өркениетте оларға теңелуі қажет. Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген мәдениеттің болмысына байланысты толысады. Адам баласының рухани жетілуінде шарықтаулар мен құлдыраулар алмасып отырған. Адамзат баласының әлеуметтік және рухани өмірінде үздіксіз қозғалыс болуы заңды құбылыс. Ұрпақ өткенді меңгеріп, қабылдап, түсініп, өзіміздің тарихи, рухани-мәдени байлықтарымызды оның берік ірге тасына сүйене отырып игеретін, бүкіл әлемдік өркениетке лайықты орын алатын кез туды.

Жалпыадамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени-ғылыми, философиялық ойлары бар халық. Мұнда зерделі халықтың әлемдік мәдениеттен тыс қалуы қиянат. Мақтануға да, өзгеге жарқыратып көрсетуге де болатын рухани қазынамыз, ата-баба қалдырған өткеніміз бар. Әрбір халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген әлеуметтік-философиялық ой-пікірлері болады. Жастардың мәдени және рухани өсу белестерін анықтау ісі өз алдына бір мәселе.

Сонымен, ұлттың рухани мұрасы адамзатқа ортақ болғанымен, әр халық осы түсінікке өз тіршілігі тұрғысынан келді. Қазақ жерінің батысы Атыраудан, шығысы Алтайға дейін созылып, орасан зор көлемді алып, ертеден рулық, тайпалық бөлінуіне қарамастан, түрлі аймақтардағы дүниетанымдық көзқарастары ортақ. Қазақтың кең алқапқа қоныс тепкен, сан жағынан көп,

өзіндік этномәдени мұрасы бар, бірегей антропологиялық тұрпаты, ұлттық мінез-құлқы бар екенін де естен шығаруға болмайды.

Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда олардың тарихи танымдарын дамытуымыз керек. Тарихты тану кейбіреулердің ойлағанындай тарихи оқиғалар мен деректерді білу ғана емес, сол тарихи деректер арқылы ақиқатқа жету. Шындығында жан-жақты мәдениет иесі тарихи сана белгілерін мол меңгерген адам. Басқаша айтқанда, тарихи сана - этникалық және жалпы мемлекеттік сананың негізі ұлттық ой-сана, этностық мыңдаған жылдық аңыз, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшелінеді. Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында болып халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық ерекшелігін терең зерттеген, өзінің «Из Сибири» деген еңбегін жазған неміс оқымыстысы, академик В.В. Радловтың еңбегінде былай деп көрсетілген: «Менің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат - бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұрарлық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқараспен қарау керек... Олардың өмірге көзқарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан жыл бойы көшіп-қонуға негізделген» [2, 54 б.]. Ойды бейнелеп беруі және ашық өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды) тіпті Батыс Азияның француздары деуге болады. Қазақ халқының дара ерекшелігіне небір шетел зиялылары бас иген, құдіретін мойындаған. Демократ, интернационалист ғалым А. Янушкевич: «өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасында бұл көшпелілердің құрметті орын алатын кезі келді» [3, 88 б.] - деп, көрегендік пікір айтқаны дәлел.

Қазақ халқының әлемдік өркениеттегі орны немесе тарихи сахнадағы рөлі туралы ой қозғасақ, әуелі жеке әрі бірегей ұлт ретінде оның өнерін, ұлттық психологиясын, салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын, мінез-құлқын, сенімін жете түсініп, дұрыс көзқараспен бағалау қажет. Тіпті, тамыры ортақ, тегі бір, тілегі үндес жатқан түркі халықтарының өздерінің де айырмашылық арақатынасы бар. Ауыз әдебиетінсіз халық болмайтыны ақиқатты шындық. Сондықтан да қазақ халқының жеке ұлт ретінде дараланауына дәлелдердің бірі - қазақ халық ауыз әдебиеті түрлеріндегі өзіне тән ерекшеліктері. Бұл ерекшеліктер халықтың төл-тәрбиесімен ұштасып, өзекті түрде жалғасып жатыр. Заман желісінің оңынан туып, қазақ халқы егемендікке қол жеткізіп өз қазынасына үңілгелі халықтың тәлім-тәрбие ілімі қайта түлеп, жаңарып, тұрмыс-тіршілікте іске асырыла бастағаны, бұған деген халық құлшынысы қуанарлық жай. Осы жолда тәрбиенің таза, шынайы мөлдір болуы басты шарт.

Әдебиеттер

1. Машанов А. Әл-Фараби және Ислам // Зерде. - 1993. - № 11. - 8-19 бб.
2. Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. Из Сибири. – Л.: Наука, 1975. – 243 с.
3. Сейдімбек А. Көшпенділер тарихы. – Алматы: Мектеп, 1995. - 353 б.

ӘОЖ 821.512.122

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР

Мамыт А.А.ф.ғ.к. доцент, Қуанбаева Ж.С. магистр-оқытушы
ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается духовно-культурное наследие тюркских народов.

Summary

The article considers the spiritual and cultural heritage of the Turkic peoples.

Еліміздің егемендік алуы түбі бір халықтардың жақындасуына қолайлы жағдай туғызды. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі туысқан түркі ұлыстарын бір-бірінен алыстатып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне өзіндік өзгерістер жасағаны баршаға аян.

Түркітану ілімінің негізі ерте қаланса да, туысқан халықтардың бір-бірімен жақындығы, рухани құндылықтарының ортақтастығы жайлы сөз арасындағы айтылған пікірлер болмаса, салыстырмалы түсініктер кең көлемде жүзеге асырылмады. Әрбір түркі халықтары бұл тұрғыдан ойлану керектігі бүгінгі уақыттың үкімі мен үзілген тарихтың алға бастар үкілі үміті екендігі даусыз.

Көне тарихтың куәсіндей болып, бізге қадым замандардан жеткен ежелгі түркі мәдени жәдігерліктерін жан-жақты зерделеп, олардың ішінен інжу-маржандай ең асылдарын сұрыптап алу және сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл қазынаны бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып, рухани жаңғырып жатқан егеменді еліміздің игілігіне айналдыру – қазіргі қоғамдық ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп білеміз. Сондай-ақ, ел бірлігі мен ынтымақтастығын нығайту үшін де түркі халықтарының рухани-мәдени өзара байланысын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұрғанын уақыт дәлелдеді.

«Мәңгілік Ел» идеясының қайнар көзі ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде айшықталған бабаларымыздың арман-тілегі екені анық. «Күлтегін» жырында: «Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған», - деп жазылған. Көне түрік дәуірінен қалған бұл жазба дерек сол кездегі түркі дүниетанымы мен наным-сенімдерінен хабар береді. Көк Тәңірі кәдуілгі көзге көрінетін, заттық аспан түсінігінен алшақ. Аспанды ежелгі дәуірде тек қытайлар ғана Көк Тәңірі деп түсінген сияқты. Түріктердің ұғымында Көк Тәңірі – адам танып-біле алмайтындай құпия тылсым. Түріктер оған Жаратушы деп емес, желеп-жебейтін жарылқаушы күш ретінде сыйынған. Тәңірілік діннің Исламнан өзгешелігі пендені Тәңір жаратты деген сенім жоқ. Көне түркі жазба ескерткішінде: «Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған», - деп, бір құдіретті тылсым күштің бар екендігіне бас иеді. Түркілер ақиқатқа жарылқаушы деп табынады. Ертеден жеткен аңыз Көк Тәңірдің құдіретімен түріктер Көк бөріден

өрбиді деп түсіндіреді. Бұл – түркілердің тотемдік нанымы. Түркі халқының өмір салты табиғатты анимистік сеніммен қастерлейтін дүниетанымына негізделген. Ал өз халқының азаттығы түріктер үшін Көк Тәңірдің ақиқаттығындай еді. Нақ осы ақиқат үшін түрік халқы жан қиюға дейін барған.

Қазіргі кезде түркі халықтарына ортақ ежелгі рухани-мәдени құндылықтардың әрқайсысын жеке-жеке, дербес күйінде зерттеумен шектеліп қалудың өзі жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет – ежелгі тарихтың түрлі кезеңдерінен белгі болып қалған рухани-мәдени мұралардың бірінен-бірі туындап жататын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын көне жазба әдебиет пен фольклор арасындағы өзара қатынасын талдау, сұрыптау.

Әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен ұрпақтардан мирас рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы заңдылық. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады. Міне, сол себепті біз түркі халықтарының рухани мұраларында сан ғасырлар бойы желісі үзілмей ұласып келе жатқан рухани жалғастық мәселесін зерделеуді жөн көрдік.

Бүгінгі қоғамдық-саяси өмірімізде орын алған өз ішіміздегі және көрші елдердегі жағдайлар түркі тектес халықтардың өзара байланысын ғылыми негізде айқындап, ынтымақ-бірлікті нығайту жолдарын айқындауға мүдделі етіп отыр.

Соңғы жылдары түркі халықтарына ортақ мәдени ескерткіштерді зерттеуге арналған бірқатар құнды еңбектер өмірге келді. Алайда, түркі халықтары тарихындағы түрлі кезеңдерді, сан қилы рухани-мәдени байланыстарын зерттеуге арналған ғылыми еңбектер өзара жалғаспай, бірін-бірі толықтырмай, сол арқылы түркі тектес халықтардың рухани мұраларының тұтас ғылыми бет-бейнесін жасамай, діттеген мақсатқа жете алмаймыз.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңыншы жылдың аяқ шегінде адам баласы жылқыны қолға үйретті. Салт атты көшпелілер пайда болды. Украинаның Дерьевка елді мекені, Ресейдің Воловад қонысы, Қазақстанның (Көкшетау) Ботай қонысындағы археологиялық қазбалар осыны айғақтайды. Көне Әмудария мен Сыр бойы арқылы ертедегі түркі тайпалары қытай-парсы, үнді, араб өркениеттерімен тоғысты. Түркілерде YII ғасырда сына жазуы қолданылды. Ол жазу ғылымда XYIII ғасырдың жиырмасыншы жылдары белгілі болды. Енесей өзендері бойынан табылған бұл жазуды неміс ғалымы Д.Мессершмидт пен оның жанында болған швед офицері И.Страленберг ашты. Скандинавиядан табылған руна жазуларына ұқсас болғандықтан бұл жазуды да руна деп атады. 1889 жылы орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Солтүстік Моңғолияның Орхон өзені аңғарынан да тапты. Мәтінді дат ғалымы В.Томсен мен орыс ғалымы В.Радлов оқыды. Ежелгі ескерткіштердің табылған жеріне байланысты бұл жазу Орхон-Енисей деп аталынды. Орта Азия мен Қазақстанда руна жазуы ферғаналық (керамикаға түскен ұсақ таңба) және жетісулық (қырғыз және қазақ жерлерінде табылған) деп екіге бөлінеді [1,87].

Тек түркі халықтарының ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзі мәдениетінен елеулі орын алатын осынау тарихи мұралар өскелең ұрпақтың айрықша мақтанышына айналуы тиіс. Түбі бір түркі халықтарына ортақ ежелгі мәдени ескерткіштер ынтымақ пен бірлікті арттыратыны ақиқат.

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір және Орталық Азия жеріндегі жазу-сызу мәдениетіне Орхон және Талас аңғарларынан табылған ескерткіштер айғақ.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түрік» дәуіріне сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон-Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген деп тұжырымдайды ғалымдар. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің ең көп табылған жері – Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойы.

Ежелгі таңбалар өзінің жазу ерекшеліктері мен қолдану өрісіне сай Орхон-Енисей және Талас жазуы деп екі топқа бөліп қарастырылып жүр. Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының аталған жерлерден табылуымен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Олардың ішінде кішігірім жазбалармен қатар ірі мәтіндер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеумен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді [2,52].

Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының құрамында болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Моңғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған үш тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі – Күлтегінге, екіншісі – Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер.

Орхон ескерткіштерінің мерзімі мен жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірі. Көне мұрада мынадай сөйлемдер кездеседі:

«Түркі халқын жиып, ел еткендеріңді де мұнда бастым, жаңылып кеткендеріңді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліңдер түркінің қазіргі халқының бектері», - дейді [3,26]. Жазба ескерткіштегі Білге қаған – ел басқарушы, Күлтегін – өз заманының даңқты батыры, Тонықөк – әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кемеңгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тонықөк мемлекет қамын ойлайтын басшы бейнесінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білге қаған кезінде әскер басы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Сол жазбалардың ішінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған шешендік сөз үлгілері мен өлең ұйқастары, мақал-мәтелдер, арнаулар мен жоқтаулар молынан кездеседі. Мысалы: «Көрур көзум көрмес тег бопты, білер білігім білмес тег бопты», «Түн қатып» деген сияқты қолданыстар аздаған дыбыстық ерекшеліктері болмаса, күні бүгінге дейін тіліміздe сол күйінде қолданылып келеді.

Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр. Талас өзенінің бойынан, Қырғызстан жерінен барлығы 23 ескерткіш табылған. Таластан табылған ескерткіштер көлемі шағын және сан жағынан да аз.

Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар алатаяқ та қызықтыра түсті. Оның төрт қырында да көне түркі әліпбиімен жазылған. Бұл алатаяқ шыршадан жасалған. Оның құндылығы да осында. Алатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы. Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба жазуы бар тастар Әулиеата түбінен, Талдықорған өңірінен, Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған. Сонымен ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп, өзіне лайық жазуын, тілін, өзге де мәдениетін дамытқан. Ежелгі түркі мәдениетінің Орталықтары Енисей, Орхон, Селенгі, Талас өзендерінің бойы, Минуевльск ойпаты, Алтай тауы, Қазіргі Тува, Краснояр, Жетісу аймақтары болды. Оған Шығысы – Хангай, Сарыөзеннен, батысы – Карпат тауларына, Оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан, Терiскейі – Ленаға дейінгі аралықтағы байтақ аймақты мекендеген түрік халықтарының жазу-сызу дәстүрінен қалған барлық мұралар енеді.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонынкөк, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагой білімдарлары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді. Түркі тайпалары өзінің өткенін келер ұрпақ үшін VI ғасырда Орхон-Енисей бойындағы тастарға ежелгі әріптерімен ойып жазғанда қазіргі кейбір халықтар әлі тарих сахнасында жоқ болатын.

Көне ескеркіште сақталған Тонықөк үшін халық пен Отан даңқы бәрінен жоғары еді: «Бүкіл түркі халқына қарулы жау келтірмедім. Атты әскер жолатпадым. Елтеріс қаған жауламаса, оған еріп мен жауламасам, Елім, Халқым жойылар еді, қағандар әрекетінің нәтижесінде, менің де әрекетімнің нәтижесінде, еліміз қайта ел болды, халқымыз қайта халық болды» [3,68].

Ел бірлігін мақсат тұтқан, сол үшін күш-қуатын аямаған Тонықөк дананың бейнесі, іс-әрекеті бүгінгі түркі халықтарына үлгі-өнеге болуы тиіс деп білеміз.

Түркі халықтарының ежелгі мәдени мұралар ортақтығын зерделеу бүгінгідей жаһандану заманында түбі бір ұлттар мен ұлыстардың бір-бірімен жақындасуы мен рухани жаңғыруы үшін де ауадай қажет. Ең бастысы, әлемдік өркениеттен өзінің орнын анықтауға, біртұтас түркілік мәдениетті қалыптастырып, орнықтыруға айрықша мүмкіншілік туып тұрғаны да айдан анық.

Әдебиеттер:

1. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. СПб., 2003.
2. Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. М.,1994.
3. Йоллығтегін. Күлтегін. Алматы: Жалын, 1986.

ӘОЖ 371.39 (37)

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

[1]Асанов Е.Ә. [2]Есмаханова О.Ш., [3]Джаймаев А.Р.

[2]№ 52 мектеп-лицейі., [2] Silk Way Халықаралық университеті

[3]№ 131 Жалпы орта білім беретін мектебі

Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В процессе взаимодействия в учебном процессе цель менеджера - «собрать» каждую конкретную ситуацию, чтобы понять более глубокий смысл действий и поведения субъектов образовательного процесса. Понимание всегда начинается с выявления недоразумения, а затем оценивается как движение в процессе мышления собственными мыслями, эмоциональными, оценочными, культурными, педагогическими чувствами, чувствами после размышлений в практике управления. В теории управления могут быть представлены управленческие решения как на основе ценностей и концепций субъектов и объектов образовательной деятельности.

Summary

In the process of interaction in the educational process, the goal of the manager is to "collect" each specific situation in order to understand the deeper meaning of the actions and behavior of the subjects of the educational process. Understanding always begins with the identification of a misunderstanding, and then is assessed as a movement in the process of thinking with one's own thoughts, emotional, evaluative, cultural, pedagogical feelings, feelings after reflections in the practice of management. In management theory, management decisions can be presented both based on the values and concepts of subjects and objects of educational activity.

Ел Президенті Н.Назарбаевтың биылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауын жандандыру мақсатында, жолдаудың жетінші бағыт: Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі. Оның бесінші жолында, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс. Үкіметке мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын

дамыту жөнінен бесжылдық Ұлттық іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырып отыр.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан тұста жаһандық жаңғырумен қатар рухани жаңғыруды тең ұстау – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Рухани жаңғырудың басты шарты білім екені даусыз. Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов кезінде: «Елді түзетуді бала оқыту ісінен бастау керек», – деген еді. Білімге қатысты бұл ой-пікір бүгін де өз өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда жастарға білім беру жаңа идеяларды, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, оларды жан-жақты қолдануды, білім сапасын жетілдіруді талап етеді [1].

Педагогтың басқарушылық бағытын айқындауда басқарудың ізгілікті бағыт теориясына сүйенеміз. Ғылымда аталған теорияның бастауы, яғни гуманистік, ізгілікті басқару туралы ойлар ежелгі философтардың (Сократ, Аристотель, Платон және т.б.) мен түркі ғұлама ойшылдарының (Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иассауи, А.Иүгінеки және т.б.) еңбектерінде көрініс тапқанын айтып өткендей, олар еңбектерінде мемлекет басқарудағы тұлғаның адамгершілік рөліне терең мән беріп, ізгілікті басқару қағидалары мен ережелерін жасағандығы туралы С.А.Ұзақбаева, Ә.Көбесов, Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Н.Көшербаева, Ұ.М.Әбдіғапбарова және т.б. ғалымдар зерттеулерінде жан-жақты талданып берілген [2, 324 б].

Отандық ғалымдар А.А.Бейсенбаева, С.Қ.Қалиев, Л.К.Керімов, Н.Д.Хмель және т.б. еңбектерінде білім беру саласындағы гуманизм, адамгершілік тәрбие беру мәселелері жетілдірілген болса, А.Жайтапова, Ә.Көшербаева, Ұ.Әбдіғапбарова, З.Садуақасова және т.б. ғалымдар зерттеулерінде білім беру саласындағы гуманды басқару, лидерлік харизма, басқарудағы адамгершілік қарым-қатынас мәселесі терең талданған [3, 289].

Басқарудағы ізгілікті бағыт аса маңызды. Мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігінің құрамын анықтау барысында басқару функцияларына да талдау жасалды. Ол үшін мұғалім қызметінің барлық құрамдарын (мақсаттарын, қағидаттарын, мазмұнын, технологияларын және т.б.) қамтитын ғылыми-теориялық, операциялық-технологиялық және әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары қарастырылды.

Басқару қызметінің операциялық-технологиялық сипаттамалары оқу үрдісін мақсатты белгілеу, оқыту мақсаттарына жету үшін нақты тапсырмалар қою, осы тапсырмаларды басымдыққа көшіру және үйлестіруге барабар бағдарлауды көздейді. Басқару функциялары белгілі бір ережелерге және белгілі бір рәсімдердің негізінде жүйелі түрде жүзеге асырылады. Оқытушының ұжымдық қызметтегі мақсаттарының дербестігі, олардың сипаттамалары, жетістіктерін бақылау, мақсаттардың мүмкіндіктері мен дағдыларын салыстыру, білім алушылардың мүмкіндіктері «кәсібилік дәрежесін сипаттайтын кіріктірушілік қабілет» болып табылатын «жедел және технологиялық құзыреттілік» тұжырымдамасына енгізілген [4, 117-135б].

Білімді, өз мамандығының қыр-сырын жете меңгерген әрі рухани тұрғыда кемел дамыған адамдар ғана заманның жаңа талаптарына сай қоғам дамуына өзіндік үлес қоса алады. Сондықтан ұстаздар қауымының басты міндеті – жастарға терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы ұрпақ бойына басқарушылық құзыреттілігін сіңіру.

Мұғалімдердің алдына қойылған мақсаттарда әрекет ету және жаңа мақсаттарды қою қабілеті олардың кәсіби дамуының жоғары деңгейін, практикалық дайындығын білдіреді, ол кәсіби дағдылар мен басқару дағдыларының қажетті деңгейде болуын талап етеді.

Мектеп мұғалімінің басқару қызметінің ғылыми-теориялық сипаттамасы оның ғылыми-теориялық дайындығын, оның ішінде психологиялық, педагогикалық және арнайы білімдерді меңгеруін, когнитивтік қабілеттерін дамытуды ұйымдастыруды қамтиды [5, 168 б].

М.И.Марьин басқару қызметінің теориялық мазмұнын білім беру ұйымы жұмыстарының талаптарына сәйкес іске асырылуы мүмкін білімдерді тұрақты қалыптастыруды, сондай-ақ педагог-менеджердің практикалық міндетін шешу үшін білім қорын жүйелі пайдалану дағдысын меңгеруі екенін түсіндіреді [4, 117-135б].

Тиімді басқару әрекеті интеллект арқылы қалыптасқан рефлексиялық деңгейдің болуымен, оның барлық ойлау үдерістеріне және басқарушылық әрекеттерге қатысуымен байланысты болады. Басқаша айтқанда, мұғалім өзінің танымдық ресурстарын басқаруы керек. Ғылыми-теориялық компонент басқару қызметінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті білім шеңберін сипаттайды.

Мұғалімнің әлеуметтік психологиялық құзыреттілігі оның кәсіби маңызды қасиеттері шоғырланған сипаты болып табылады. Ол адамның жағдайын: оның бағыттылығын, гуманитарлық даярлығының дәрежесін, кәсіби білімінің деңгейін, бастапқы қабілетіне негізделген білімінің, білігінің, дағдысының деңгейін көрсетеді.

Нәтижесінде әлеуметтік-психологиялық сипаттама мұғалімнің саналы түрде, әртүрлі басқарушылық тапсырмаларды уақтылы және шығармашылық түрде шешуге дайын екендігін білдіреді. «Бұл жеке мотивациялық құндылық, эмоционалдық-мақсаттық, мазмұндық құрамдас бөліктердің бірлігін білдіреді әрі жеке тұлғаның және оның қызметінің кәсіби деңгейін сипаттайды» [4, 117-135б].

Басқару құзыретіне талдау жасау үшін функционалдық-аналитикалық тәсіл қолданылады, оның мәні басқарушылық құзыреттілік сипаттамалары топтастырылған нақты басқарушылық функцияларды анықтау болып табылады [4, 117-135б].

Осыған сәйкес, «басқарушылық құзыреттілік» тұжырымдамасын анықтауда функционалдық-аналитикалық тәсілдемеге сүйене отырып, басқару функцияларын анықтаймыз.

Басқарудың ақпараттық-аналитикалық функциясын құзырлы орындау үшін келесі дағдылар қажет:

- тиісті ақпаратты талғап, таңдап алу;
- ақпаратты талдау;
- оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау;
- оқыту технологияларын талдау;
- білім алушылардың білімдерін, дағдыларын диагностикалау және өлшеу құралдарын талдау.

Басқарудың мотивациялық-мақсаттық функциясын жүзеге асыру үшін мұғалім төмендегілерді білу керек:

- білім алушылардың және өзінің алдына диагностикалық мақсаттар қою және қалыптастыру;
- кәсіби қызметті білім беру мекемесінің мақсаттарымен байланыстыра білу;
- білім алушылар тобымен қарым-қатынас стилін белгілеу;
- білім алушылар ұжымының және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қамтамасыз ете білу;
- оқушылардың оқу жұмысына қызығушылығын ынталандыру;
- топтың істеріне (проблемаларды топтық көру), мақтаныш пен командалық рухты құруға деген сезімді қалыптастыру;
- тыңдаушылардың қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

Басқарудың жоспарлық-болжамдық функциясын орындау мұғалімнен келесі дағдыларды талап етеді:

- педагогикалық қызметтің дамуын болжау;
- білім беру мекемесінің даму стратегиясына сәйкес дайындалған өз ісәрекеттері мен білім алушылардың іс-әрекеттерінің мақсаттарын жоспарлау;
- кәсіби қызметке тән құжаттарды әзірлеу, оны пайдалану;
- техникалық құралдарды пайдалану (әсіресе компьютер).

Басқарудың ұйымдастыру-орындаушылық функциясын жүзеге асыру үшін мұғалім:

- білім алушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру әдістерін,тәсілдерін, технологияларын қолдануды;
- өз қызметін ұйымдастыруды (өзін-өзі басқару);
- бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда ойын әдістерін қолдануды;
- қойылған мақсаттарды іске асырудың барлық түрлері бар ресурстарын тарату және бағалауды білу керек.

Басқарудың реттеу-түзетушілік функциясын жүзеге асыруда мұғалім келесі дағдыларға ие болу керек:

- білім алушыларға жүктелген міндеттердің орындалу барысын қадағалау;
- білім алушылармен кері байланыс жасау;
- жоспарланған оқыту мақсаттарын жүзеге асыру кезінде ауытқудың себептерін талдау;

- жоспарланған оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін білім алушылардың оқу іс-шараларына қажетті түзетулер енгізу;

- білім алушылардың жұмысын қорытындылау.

Осы айтылғандар негізінде болашақ педагогтың басқару функциялары ақпараттық-аналитикалық, мотивациялы-мақсаттық, жоспарлыболжамдық, ұйымдастырушы-орындаушылық, реттеуші-түзетушілік деп тұжырымдаймыз. [6, 107 б].

Педагогтың басқарушылық іс-әрекетінде оқушылар ұжымын және атааналардың педагогикалық білімінің дамуын басқару міндеттері де жүзеге асырылады. Мұғалімнің міндеті – оқушының дамуының мәнін, оны қалыптастырудың көздері мен механизмдерін, даму үдерісін басқарушылық қабілеттілігін зерттеу. Болашақ педагогтың жұмыс тәжірибесіне жүргізілген зерттеулер, яғни оның басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру (атап айтқанда, оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың дамуын, т.б басқарушылық) болашақ педагогті басқарушылық қызметке арнайы дайындаудың маңыздылығын растауға мүмкіндік береді. Бұдан шығатын қорытынды болашақ педагогтың басқару іс-әрекетінің нысаны оқушының тұлғасын дамыту, сынып, сабақ үдерісі болыптабылады. Болашақ педагогтың осы оқу үдерісі субъектілерін басқару құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымы мен мазмұнын анықтау барысында оның «ұстанымдық бағытын» қалыптастырудың маңызы зор.

Қоғамымыздың әрбір мүшесі рухани тұрғыда жаңғыруды, дәлірек айтқанда, рухани тұрғыда жаңарудың жаңа белесіне көтерілуді өзінің азаматтық парызы деп білгені жөн. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастарымызды із ісінің қыр-сырын жетік білетін, қоғамға керекті маман, саналы азамат, ұлттық мүдде жолына қызмет ететін, Отанын, елін сүйетін қайраткер етіп тәрбиелеу – басты міндет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». «Егемен Қазақстан» 2017 жыл 12 сәуір
2. Ұзақбаева С.А. Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1993. – 324 б.
3. Сухомлинский В. Как воспитать настоящего человека. – Минск, 1998.- 288 с.
4. Марьин М. И., Иванихин И.В., Ловчак С.И. и др. Оценка управленческой компетентности руководящих кадров ГПС: метод. пособие. - М.: ВНИИПО, 1998. - 117 с.
5. Добудько А.Ф. Профессиональная компетентность учителя в информационном обществе: Структура, содержание, принципы формирования: дис. ... канд. пед. наук . - Самара, 2000. - 163 с.
6. Лобанова Н.Н. Профессиональная компетентность педагога. - Самара; СПБ.: Ин-т образования взрослых РАО, 1997. - 107 с.

ОӘЖ 159.9:373

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МІНДЕТ

Таджибаев Ш. Д.
Айша бибі ЖОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается роль и значимость нравственное воспитание в обществе

Summary

This article discusses the role and importance of moral education in society

Тәрбиенің күрделі үрдісін мұғалімнің бір ғана нысанға бағыттай жүргізуіне болмайды. Кезінде А.С.Макаренко тәрбие жұмыстарының ұйымдастыру нысаны өздігінен не жақсы, не жаман бола алмайтынын айтқан.

Белгілі кеңестік педагог В.А.Караковский ізденімпаз энтузиаст мұғалімдердің оқушылардың бос уақыттарын өткізуге арналған тәрбие шаралары нысандарынан төрт мыңға жуық түрлерін ойлап тапқандарын атап көрсетеді [1].

Тәрбие жұмысы нысандарының көпқырлылығы, олардың жүйесі жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің көпқырлылығына, оның жан-жақты дамуына сәйкес келеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта: «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» - деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік – адамның қоғамдық өмірінің негізі. Адамгершілік білімі – қоғамдық білімдердің басты және бастапқы бөлігі, оның базасы болып табылады. Қоғамдық білімдерге жататын саяси, құқықтық, эстетикалық, философиялық, діни білімдердің барлығы да адамгершілік білімдерге, яғни кез келген саясат, эстетикалық идеал, құқықтық нормалар, діни наным-сенімдер адамдарда және қоғамда қалыптасқан адамгершілік идеяларға, нұсқамаларға, мақсаттарға тәуелді және онымен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені

адамгершілік білімі адамдардың дүниетанымын, олардың қызметін және мінез-құлқын, істері мен әрекеттерін анықтайды.

Адамгершілік - Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды - мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» - деп дәріптеген. Қайырымды, мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал, адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік – адамның рухани арқауы.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» - деп атап көрсеткен.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Рухани адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

«Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң - қаларсың ұятқа...» «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» — деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады [2].

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт - дәстүрлерді, әдет-ғұрпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» - деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам, — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» - деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-

әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

Қорыта айтқанда, «Еліміздің күші - патшада, сәбидің күші - жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек – ұлы жеңіс болары анық.

Әдебиеттер

1 Караковский В.А. Любимые мои ученики. - М.,1987
2 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995.

УДК 327(4/5)

ТРОН И КОРОНА КАК СИМВОЛЫ ВЛАСТИ

Марина Г.А.
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақала монғол дәуірінен бастап Қазақ хандығына дейінгі дәстүрлі билік нышандарының қалыптасу тарихына арналған. Онда осы кезеңдердің тарихи деректері, кәсіби тарихшылардың зерттеулері, билік рәсімдеріндегі билеушілердің мәртебесі мен тақққа отырғызу мәселелері талданады.

Summary

The Article is Devoted to the History of the Formation of the Symbol of Traditional Power, from the Mongol era to the Kazakh Khanate. It Analyzes the Historical Sources of these Periods, Research by Professional Historians, Coronation and the Status of Rulers in the Rituals of Power.

Перечень внешних символов власти в средневековых государствах Центральной Азии может быть значительным. Российский исследователь А.Г. Юрченко к властным атрибутам кочевой империи относит: золотой шатер, трон с «подушкой власти», зонт, корону, государев флаг, государственную печать, пайцзы, воинский барабан, халаты с геральдическими символами, воинские пояса, булавы, жезлы, мужские шапки-орбелге и женский головной убор боктаг, золотой полумесяц [1, с. 87]. В исторических источниках имеются данные, свидетельствующие о наличии в Казахском ханстве таких символов власти как трон (каз. яз.– тақ, персид. яз. – تخت) и корона (каз. яз. – тәж, персид. яз. – تاج).

В средневековых исторических нарративных сочинениях содержатся о них сведения, подтверждающие это письменные свидетельства и наглядные иллюстрации. Так, например, о троне Чингисхана имеются сведения в отчете китайского дипломата Чжао Хуна (1221 г.). Китайский дипломат пишет, что монгольский император «восседает в кресле [– сиденье] северных варваров, украшенном головами драконов, обложенными золотом» [1, с. 90-91]. В

иллюстрациях к рукописи *Джами ат-таварих* Рашид ад-Дина Чингисхан часто изображается сидящим на троне, на голове у него головной убор напоминающий корону [2; 3]. В сочинении *Тарих-и Абу-л-Хайр-хани* Масуда бен Усмана Кухистани (XVI век) Чингисхан также изображен на некоем помосте, который можно рассматривать как походный вариант трона [4]. Имеются также китайские миниатюры XIV века, где Чингисхан изображен с короной и на некоем сидении.

О троне великого хана Угедея китайский дипломат Сюй Тин сообщает следующее: «Кресло, в котором восседает татарский правитель в шатре, - как сиденье проповедника в будийском монастыре и также украшено золотом» [1, с. 91]. У Плано Карпини, францисканского монаха, посетившего в XIII веке ставку Батыя и столицу монгольской империи Каракорум, имеется сообщение о троне Гуюк-хана: «Трон же был удивительным образом вырезан из слоновой кости. На нем также были золото и драгоценные камни, и, если мы правильно помним, и жемчуга. И по ступеньям он поднимался на этот [помост], который сзади был круглым»[5, с. 85]. В «Донесении брата Бенедикта Поляка» (1247 год) имеется следующее описание Гуюка и внутреннего устройства его золотого шатра: «...он имел на голове корону, блистал удивительным одеянием, сидел посредине шатра на некоем помосте, многообразно украшенном золотом и серебром и снабженном сверху решеткой, на который поднимались по ступеньям, [пользуясь] четырьмя различными лестницами»: [1, с. 92]. В исторической энциклопедии Винцента де Бове (13 век) также при описании коронации Гуюк-хана говорится говорится, что он был посажен на «некое золотое сиденье» [1, с. 56].

У ильхана Газан-хана, по свидетельству его везиря и историографа Рашид ад-Дина, был очень роскошный золотой трон, усыпанный жемчугом и яхонтами [5, с. 85; 6, с. 189-190]. На одной из средневековых миниатюр Газан-хан изображен сидящим на троне со своей женой Булуган-хатун. Сохранились и другие миниатюры с изображением трона ильханидов. Трон в них часто украшен лотосом и фигурами драконов [1, с. 95]. В миниатюре *Маджма ат-таварих* Хафизи Абру представлены монгольские правители, сидящие на тронах с коронами на головах. А.Г. Юрченко отмечает также, что в каменных изваяниях в имперском заповеднике в Монголии (XIII-XIV вв.) имеются изображения фигур, сидящих в креслах [1, с. 91].

Имеются данные о сушествовании подобных атрибутов верховной власти и у джучидов Дашт-и Кыпчака. По словам Вильгельма де Рубрука, трон Бату представлял собой «длинное и широкое позолоченное ложе; к трону вели три ступени; сидели же на троне правитель с госпожой» [1, с. 90-91. На Лицевом летописном своде, именуемом «Князь Ярослав на приеме у Бату», основатель Золотой Орды изображен сидящим на «подушке власти» (троне), с короной на голове [1, с. 364]. У арабского путешественника XIV века Ибн Батуты имеется следующее описание трона золотоордынского хана Узбека: «... деревянный престол, обложенный серебряными позолоченными листиками; ножки его из

чистого серебра, а верх усыпан драгоценными камнями. Султан садится на (этот) престол» [7, с. 290]. В среде историков России существует версия о золотоордынском происхождении знаменитой шапки Мономаха, «символа великокняжеской власти и суверенитета Московии» [8].

Данные атрибуты власти сохранились в государствах, возникших после распада Золотой Орды. Так Д.М. Исхаков предполагает о существовании в тюрко-татарских государствах XV-XVII веков определенной государственной символики. Он приводит сведения источников о наличии в них таких элементов государственной власти как корона, трон, печати и др. Он пишет: «на существование трона в Касимовском ханстве намекает автор «Сборника летописей» Кадыр-Али-бек, рассказывая о «поднятии» четырьмя карача-беками на «золотой кошме» Ураз-Мухаммета, приводит изображение престола (тәхет) в виде четырехугольника». [8, с. 101-103].

Следует отметить, что в дипломатических документах Московского государства XV-XVI веков имеется указание на наличие у джучидов некоего «золотого столца Саин-хана», под котором может подруземаваться трон Батыя. В 1514 году Ахмед-Гирей, сын хана Большой Орды Менгли-Гирея, писал польскому королю Сигизмунду I: «Отца нашего Саина царя золотой столец в руках у нас»[19, с. 46]. В послании Менгли-Гирея к киевскому воеводе сообщается: «Шы Ахмата царя прогнал, царя отца столец взял» [10, с. 174]. Кроме этого в сочинении XVI века *Чингиз-наме* Утемиша-хаджи дважды упоминается трон Саин-хана. В одном случае он пишет «... на троне Саин-хана в вилайете Сарая...»; в другом «... в городе Сарае на троне Саин-хана...» [11, с. 109,118,136, 144]. Имеется упоминание «трона Саин-хана» в *Тарих-и Абу-л-Хайр-хани*. Описывая интронизацию Абу-л-Хайр-хана в Орду-Базаре, автор данного сочинения Масуд бен Усман Кухистани пишет: «...трон Саин-хана украсился присутствием влиятельного хана...» [12, с. 155]. В связи с этим В.В. Трепавлов пишет о символичности «тронов Саин-хана» [10, с. 175].

В источниках содержатся данные о существовании рассматриваемых символов власти и у других Шибанидов. Так, например, в *Фирдаус ал-икбал* Муниса и Агахи имеются следующие сведения о потомках Шибанида Йадгар-хана, которые сначала правили в казахских степях и в начале XVI века перекочевавали в Хорезм: «После Аминек-хана ханский престол украсился его (Ильбарс-хана*)* персоной. В году девятьсот одинадцатом он овладел Хорезмом и возложил себе на голову корону хорезмшахов» [12, с. 437]. О наследственной короне и престоле (تاج و تحت موروثی) пишет Шибанид Мухаммад Шейбани-хан в своем письме к правителю Казахского ханства Касыму [13, ص. 253].

Существует мнение, что с распадом Монгольской империи ее коронационный ритуал был вытеснен тюркским обрядом поднимания ханов на войлоке [1, с. 63]. По-видимому, в постмонгольских тюркских государствах долгое время сохранялся и ритуал интронизации. Например, до нашего времени дошло предание «Бограхан (Карахан)», где описан ритуал возведения башкирских ханов на престол из белого камня («Акташ») [14, с. 63]. О том, что

в XIX веке ханы Бухары при своем восшествии на престол должны были воссесть в Самарканде на кукташ («голубоватый мрамор»), находящийся в медресе Мирзы Улугбека сообщал русский дипломат барон Е.К. Мейендорф [15, с. 90].

Учитывая, что Казахское ханство является наравне с другими постджучидскими политическими объединениями наследником государственных традиции Золотой Орды, а через нее и Монгольской империи, мы вправе предположить преемственную связь в их символах власти. Исходя из этого, нами осуществлен поиск подтверждающих данное предположение материалов.

Неиссякаемым источником информации по истории и культуре казахского народа является его фольклор, передававшийся устно из поколения в поколение. Именно в нем встречаются указания на существование трона и короны у казахских ханов. Так, например, в исторической песне «Сабалак», посвященной великому казахскому хану Абылаю, описывается его вошествия на трон [16, с. 213-214].

В другой посвященной Абылай-хану исторической песне «Абылай хан әңгімесі» имеются строки посвящения на трон [16, с. 224].

О троне и короне говорится в исторической поэме «Қожеке» [17, с.48], в историческом эпосе «Жанқожа батыр» [17, с.296], в новеллистических дастанах «Орқа – Күлше» [18, с. 222] и «Шаһмаран» [19, с.194]

В фольклоре многочисленны упоминания о троне. Так в поэме-обращении знаменитого Бухар-жыру к Абылай-хану встречаются строки: В двадцать пять достались тебе счастье и трон» [20, с. 94].

Также в фольклорных материалах казахов имеется конкретизация трона «алтын тақ» - «золотой трон». Например, знаменитый жырау и батыр XVII века Маргаска так обращается к известному казахскому хану Турсыну: «Пусть лежишь ты на золотом троне, Смерть уже настигла тебя» [20, с.6]

Умбетей-жырау, извещая Абылай-хана о смерти знаменитого батыра Богенбая, говорит: «... Пусть [Бог] дарует тебе счастье, а сыну твоему золотой трон» [20, С.80].

В одном из поэм-обращении Бухар жырау к хану Абылаю говорится: «... Алтын тақтың үстінде Үш жүздің басын құрадың ...» [20, 98 б.].

В исторических эпосах «Жантай батыр» [21, 342 б.], Мырзаш батыр [22, 104 б.], легенде в стихах «Алаша хан» [23, 137 б.], в новеллистическом дастане «Сыршы молда» [24, 44 б.] упоминается только корона (тәж).

Свидетельством глубокого проникновения этих символов власти в сознание и быт казахского народа являются упоминания короны и трона в казахских народных загадках [25, 147, 241 бб.].

В ходе изучения письменного наследия мусульманского Востока удалось обнаружить некоторые данные, которые подтверждают материалы казахского фольклора. Так в *Тарих-и Рашиди* Мирзы Мухаммад Хайдара Дуглата имеется сообщение, что после смерти Мамаш-хана «на ханский трон сел Тахир хан»

[26, с. 324; 11, с. 222]. Сведения о троне и короне у казахских правителей содержатся анонимном персоязычном сочинении Сефевидской историографии *Алам-ара-йи Шах Исмаил* [27, с. 73-84]. Описывая поездку в первой четверти XVI века посла Шибанидов Джанибек султана к правителю Казахского ханства Касым-хану и его прием казахским ханом, неизвестный автор данного сочинения пишет: «....Приглядевшись, он увидел Кāсим-хана, который, как свирепый див, восседал на Чингизхановом *троне* (بر بلای **تخت** چنگیز خانی), сделанном из чистого золота; и четыре угла этого трона были сделаны в виде льва, леопарда, тигра и дракона. На голове у него была украшенная драгоценными камнями корона Чингиз-хана (کلاه چنگیز خانی) стоимостью в семьдесят тысяч туманов» [27, с. 80; 16, с. 483].

Литература

1. *Юрченко А.Г.* Элита Монгольской империи: время праздников, время казней. – СПб.: Евразия, 2012. – 232 с.
2. *Филлипс Э.Д.* «Монголы. Основатели империи Великих ханов». 2003, [PDF] / http://www.historylib.org/historybooks/E--D--Fillips_Mongoly-Osnovateli-imperii-Velikikh-khanov-/22
3. **Из глубины столетий** / Сост., вступительные статьи и комм. Б.Л.Хамидуллина. – Казань: Татар.кн. изд-во, 2004. – 271 с.
4. *Пугаченкова Г., Галеркина О*. Миниатюры Средней Азии. В избранных образцах. Из советских и зарубежных собраний. М.: Издательство: Изобразительное искусство, 1979.
5. *Султанов Т.И.* «Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть». Москва: АСТ, 2006. – 445 с.
6. *Скрынникова Т.Д.* Харизма и власть в эпоху Чингисхана. – М.: Издательская фирма «Восточная литература РАН, 1997. – 216 с.
7. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В. Тизенгаузена. Т.1. Извлечение из сочинения арабских. - СПб., 1884. – 564 с.
8. *Исхаков Д.М.* Тюрко-татарские государства XV-XVI вв. Казань: Татарское книжное издательство, 2009. –143 с.
9. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1549 гг. Подгот. текста Н. М. Рогожина. Махачкала, 1995. – 356 с.
10. *Трепавлов В.В.* Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды / Отв. Ред. И.М. Миргалеев. – Казань: ООО «Фолиант», 2011. – 252 с.
11. *Утемиш-хаджи.* Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В. П. Юдина. Комментарии и указатели М. Х. Абусеитовой. Алматы: Ғылым, 1992.- 296 с.
12. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. - Алма-Ата, 1969. – 652 с.
13. عالم ارای شاه اسماعیل / با مقدمه و تصحیح و تعلیق اصغر منتظر صاحب – چاپ دوم / تهرن – 1384.ص.703
14. *Шамиль Исянгулов.* Ритуал возведения на престол древнебашкирского хана / http://pandia.org/text/77/499/12023.php
15. *Мейендорф Е.К.* Путешествие из Оренбурга и Бухару. Москва: Главная редакция восточной литературы, 1975, - 183 с.
16. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.57: Тарихи жырлар / Дайынд.: Қ. Алпысбаева, А. Әлібекұлы (жауап.шығ.), С. Дәуітұлы, Ж. Салтақова. - Астана : Фолиант, 2010. – 408 б.

17. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.62: Тарихи жырлар / Дайынд.: Н. Елесбай (жауап. шығ.), С. Қосан, А. Оралбек. - Астана : Фолиант, 2010. – 376 б.

18. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.1: Хикаялық дастандар / А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік ун-ті. - Астана : Фолиант, 2004. – 360 б.

19. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.2: Хикаялық дастандар / Құраст.: Б. Әзібаева; бас ред. И.Н.Тасмағамбетов. - Астана: Фолиант, 2004. – 352 б.

20. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 бет, суретті.

21. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.60: Тарихи жырлар / Дайынд.: С. Қосан, С. Сәкенов; Т. Әкімова (жауап.шығ.). - Астана : Фолиант, 2010. – 448 б.

22. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.63: Тарихи жырлар / Дайынд.: Қ.Алпысбаева (жауап.шығ.), Т. Әкімова, Г. Рахымбаева, Ж. Салтақова. - Астана : Фолиант, 2010. –456 б.

23. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.89: Аңыздық жырлар / Құраст.: Т. Әлбеков, Н. Елесбай, Қ. Алпысбаева (жауап.шығарушы); Ред.алқа: Т. Әлбеков (жауап.ред.), У.Қалижанов, С. Қасқабасов, С. Қирабаев, С. Қорабай, С. Қосан. - Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.

24. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.1: Хикаялық дастандар / А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік ун-ті. - Астана : Фолиант, 2004. – 360 б.

25. Бабалар сөзі: 100 томдық. Т.64: Тарихи жырлар: Жұмбақтар / Дайынд.: К. Шәмшәдин, Т. Әкімова (жауап.шығ.). - Астана : Фолиант, 2010. – 432 б.

26. *Мухаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди. Перевод с персидского языка А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой, 2-е издание дополненное. Алматы: Санат, 1999. - 656 с.

27. ***Атыгаев Н.А.,*** *Джандосова З.А.* Новый источник по истории Казахстана XVI века: предварительные результаты изучения ʻĀлам-ārā-йи Шāх Исмāʻūл // Отан тарихы-Отечественнная история. 2013. №2. – С. 73-78.

ӘӨЖ

МАХМҰД ҚАШҚАРИДІҢ «ДИУАН ЛУҒАТ АТ -ТУРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ САЯСИ БИЛІК ПЕН БИЛІК ИЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ДЕРЕКТЕР

АНАРБАЕВ ҚАЙРАТ САПАРХАНҰЛЫ

ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі басшысы, т.ғ.к., доцент м.а.

Резюме

В статье рассматривается историческая преемственность мировоззрений средневековых тюрков относительно политической власти и правителей в произведении М. Кашкари «Дивани Лугат ат-Турк».

Summary

The article examines the historical continuity of the worldviews of medieval Turks regarding political power and rulers in the work of M. Kashkari "Divani Lugat at-Turk".

Жалпы сана тәуелсіздігі болмай, саяси тәуелсіздіктің мәнін түсіну де оңай емес. Сондықтан кешегі тарихымызға шегініс жасай отырып бабаларымыздың кешегі тарихтағы асқақ рухы мен жаттың идеологиялық жетегіне ермеген, намысын ешкімге де бермеген тәуелсіз тарихи санасындағы сабақтастықтар мәселесіне тоқталудың өзектілігі және қажеттілігі анық байқалады. Ол үшін халқымыздың өткен тарихындағы ұлттық рух пен тарихи санамызды сабақтастықпен сақтап, қилы кезең, сан белестерден өтіп ұрпақтарына мұра

ретінде жеткен фольклорлық, жазба еңбектер арқылы бізге дейін жеткен деректер мен ұлт бойындағы қасиеттер мен салт-дәстүрлерге ерекше назар аудару қажет.

Осындай құнды дүниелерді бойына жинаған ортағасырлық жазба мұралардың ішінде тек түрік халықтарының тіліне ғана емес, тарихына, этнографиясы мен мәдениетіне, дүнитанымы мен ойлау жүйелеріне қатысты бірден бір қайнаркөз еңбектердің арасында М.Қашқаридің «Диуан Луғат ат-Түрік» еңбегі де бар.

Бұл еңбектің энциклопедиялық сипаттағы мазмұны терең шығарма екені зерттеушілер тарапынан айтылып та, жазылып та келеді. Біздің мақсат М.Қашқари еңбегінде көрініс тапқан тарихи жайттарды әңгімелеп хатқа түсірудегі ұлттық рухтың қатысы мен түрік халықтарының ел, мемлекет болу туралы арман-мақсаттарындағы ерте түріктік кезеңмен танымдық ортақтықтары мен тарихи сабақтастық тұстарына назар аудару. Оның ішінде саяси билік және билік иелерінің рухани қызметі, дәрежелері туралы халықтың қарапайым түсініктері мәдениетін қалыптастыруды рухпен сабақтастыру, олардың алдыңғы кезеңдермен кейбір тарихи сабақтастықтары мәселелері туралы деректер және солардан туындайтын тарихи танымдық пайымдауларды айқындай түсу.

М. Қашқари еңбегімен танысқан адамға аталарымыз ұрпағына төл тарихын асқақ түркілік рухпен тануға, жат сананың жетегінде емес, ұлттық таным арқылы өзектеп танымай дербес тарихи санаға ие бола алмасын айтып, тәпіштеп түсіндіріп тұрғандай әсер береді. Тіпті М.Қашқари еңбектері жазылған кезеңде түріктер Ислам дінінің ықпалында болған деп қарағанның өзінде, ондағы рух сабақтастығын түріктер арасында исламның кең тарауынан алдыңғы кезеңдермен тікелей байланысаты жақтарын байқауға болады. Мысалы, Көк Түріктер дәуірін алып қарасақ олар исламды ұстанбады. Бірақ бір Тәңіріге сенді. Билікті Тәңірінің сыйы деп қабылдап билеуші тайпалар, әулеттер қол астындағы халықты Тәңірінің «аманаттары» ретінде түсіне білген. Сондықтан бұл жерде байқалатын шындық кешегі бабалардың ең алдымен ұрпағына аманаты үлкен сеніммен өмір сүру, яғни Жаратушыға сену. Соның ішінде Бір Жаратушының жолына сай өмір сүру мен оның бергенінің бәріне «тәубе», «шүкірлік» жасай отырып, өмір сүруге қарай әрекет еткеннің жүзі екі дүниеде де жарық болатыны туралы ойлары мен танымдарындағы сабақтастықтар ізі айқын байқалып тұрғандай... .

Ал ол іздерді тереңдеу тану үшін сол бабалардан қалған тарихи танымдарға сүйену керек. Бір сөзбен айтқанда, бабаларымыз сияқты төл тарихымызды ұлттық танымнен тану өзекті. Ал ол түсініктердің іздері ұлттық салт-дәстүрден, ұлттық психологиядан ішінара болса да айқын байқалып қалып тұрады. Мысалы, халқымызда қатты қуанғанда, мәртебелі марапат көрсетілгенде т.б. айтылатын «Төбем көкке бір елі жетпей қалды!» немесе «Төбем көкке жетті» деген сияқты сөздердің астарлы мағыналарында талай деректер жасырын жатыр. Ал «Көк» атауының көне түріктерде зеңгір

аспанның, құдіретті күш - Тәңірінің синонимі ретінде қолданылғаны түркітанушылар арасында белгілі пікір. Олай болса жоғарыдағы сөз тіркестерінің өзі байыптай қараған кісіге «Тура жол» - Тәңірі, Құдай, Алла жолы, адамның мақсаты сонда қарай, яғни көне түріктік «жоғары әлемге» бағытталған деген танымдар мен түсініктерінен алшақ жатқан жоқ. Керісінше, ұятты іске душар болса төменгі әлемге қарай бағытталған «кірерге тесік таппадым», «жерге кірдім» т.б. төл түріктік танымдарға лайық сөздермен үн қатқан деп санауға келеді деп ой түйеміз. Өз кезегінде осындай ойлар кешегі бабаларымыз кез-келген ерге де, елге де еңсесі биік, көңілі асқақ болу үшін, яғни басты көтеріп ұстау үшін Тәңірі ісіне лайық жолмен жүруді және барлығы да Жаратушының сыйлығы сынды қабыл алуды ұрпағына аманатағаны туралы ойларға әкеледі. Біздіңше бұл түсініктер жалпақ елге де, оған билік етуші билеушілерге ортақ таным болып ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен өте отырып барлық қоғамға ортақ елдік мүдделерді қалыптастырған. Ол- тәуелсіз де, қуатты ел «Мәңгілік ел» болу мүддесі. Сол мүддеге сай тірліктер жасап, яғни қоғамда өзара үйлесімде, келісімде өмір сүріп бір-біріне, тұтас елге деген жауапкершілік сияқты қасиеттерді қадір тұту мәдениетін ұрпақтарының бойына сіңірген.

Үйлесімділік басты қағида саналған. Ол дегеніміз ел, мемлекет болу үшін ең алдымен билік пен қарашаның өзара үйлесім табуы маңызды екенін ұққан және ұрпағына аманат етуі дер едік.

Ортағасырлық түркі жазба деректеріндегі мағлұматтардан елге билік ету «Тәңірі қалауы, сыйы», яғни қалауы мен бірге сый деген ой айқын көрініс береді. Және бұл ханға да қарашаға да ортақ сенім ретінде болған. Халыққа сый болатыны «жақсы, ақылды билеуші елді көркейтеді, өсіреді», өз кезегінде ол үшін халықты билеушінің өзі сол «Тәңірінің аманаты» деп қабылдайды. Ал «аманатқа қиянат жасау күнә»! – деген түсінік барлық уақыттардан сабақтасып келеді.

Халыққа ел билеушісі Тәңірінің жердегі «көлеңкесі» деген түсінік арқылы билеушілердің рухани көсемдер ретіндегі орнын қоса айқындай түсудің мүмкіндіктері бар екенін зерттеушілер айтып келеді.

Екіншіден, ерте кезеңдерден бүгінгі күнге дейін қуатты ел болу әскерге, оның саны ғана емес сапасына, жауынгерлік рухына да тікелей байланысты екенін байқау қиын емес. Бұл орайда «Ұлы Дала» халықтарының даңқы әлемге танымал болғаны белгілі. Мысалы, б.э.д. VI ғ. өмір сүрген грек тарихшысы Фукидидтің жазбаларында: «Европада скифтерге (яғни сақтарға. Автор) әскери күш-қуаты жағынан тең келетін ел жоқ. Тіпті, Азияда да жоқ» - деп келетін жолдар көп дүниені аңғартады. Яғни сақтар Европада да, Азияда да саяси үстем болғанын антик дүние авторы нақты айтып тұр.

Ортағасырлық түріктерде елдік, ел болуға керекті рухани бірлік мәселелері ата-бабаларымыз тасқа қашап жазған «бітік тастарда» жиі кездеседі. Біз осы ескерткіштердің оқылуы мен зерттелуіне қатысты қазақ ғалымы Қ.Сартқожаұлының ғылыми аудармасынан мысалдар келтіріп отырмыз.

Күлтегін тасындағы мәтін: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаратылғанда, екеуінің арасында (ортасында) адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған (таққа) отырған» -деп басталады [1, 264 б.]. Одан ары түркіні бұзар қытайдың «тәтті сөзі» мен «сыйға берілетін асыл тастары» екенін айта келе, оларға алданбай елдікті ойлап іс қылуға шақырады. «Түрік халқының ұмытшақтығын» сынай келе, осы тасты жаздырғанын да тасқа қашаған. Тек бірлік ғана елдік мұратқа жеткізетінін тасқа қашайды. Ал Тонықөк жазбаларында: 1 «Білге (дана) Тұй-ұқұқ мен өзім Табғач елінде қылындым (туылдым). (Ол заманда) түрік халқы Табғачқа қараушы еді». 2 «Түрік халқының қағаны жоқ еді. Табғачтан бөлініп, қағанды болды. Қағанынан айырылып, Табғачқа және бағынды. Тәңірі былай деген-ді: қаған бердім. Қағаныңды жойып, (басқаға) бағындың. Бағынғандығың үшін Тәңірі сені өлімші етті....» [1, 452 б.]. Көріп отырғанымыздай бабаларымыз сол кезеңнің өзінде тәуелсіз ел болудағы саяси билікті киелі (Тәңірі сыйы) деп ұғыну, билік басындағы билеушіге деген құрметті ғана емес, билеушінің халық үшін жауапкершілігін де нақты айтып тұр. Және Қаған лауазымына тек белгілі бір билік тайпасының өкілдері ие болу құқығын иемденгені (Ашина тайпасының өкілі) және өзгелер қанша ақылды, батыр болса да қағандыққа таласуға болмайтындығы да жазба деректерде сақталған. Тіпті кейінгі ортағасырларда қыпшақтарда билік тайпасы ретінде Елбөрі тайпасының саналғанын деректер растап отыр. Осы дәстүр Шыңғыс хан шабуылдарының әсерінен саяси билікке тек оның ұрпақтарының ие болатынын көрсеткен «Жосық» заңдарында нақтылануы түрік тайпаларындағы саяси билік туралы түсініктердің сабақтастығынан хабар береді.

Осы бір ертеортағасырлық түркілерге тән жоғары асқақ рухқа толы ұлттық психологиясы ислам келген соң біршама «жуаси» түскен шығар деп ойлағанымызды жасырмаймыз. Алайда қандай кезеңде де тарихи саналары жоғары түркілердің рухы да асқақтығын жоғалтпағанын байқау қиын емес. Олай болса ендігі жерде осындай деректер мен түсініктерді көрсететін тарихи деректерге, соларға сүйеніліп айтылған зерттеу пікірлерге ден қоя отырып оның кейбір іздерін М.Қашқаридің «Диуан Луғат ат-Түрік» еңбегімен тарихи-салыстырмалы тұрғыдан қарастыруды жөн санаймыз.

Ең алдымен аталған еңбектің лингвистикалық сипаты басымдау екенін ескере келе М.Қашқаридің тіл тазалығына баса назар аударғанын айтпай кетуге болмас. Ол «ең таза, көркем тілдер қатарына жат парсы тілінің сөздерін қоспай сөйлейтіндер мен бөгде салт-дәстүрлерді қабыл алмайтындарды жатқызатынын» ашып айтқанының астарлы мағынасында талай-талай танымдық мәселелер бар екенін ескеру керек [2, С. 69]. Өйткені, қала халқымен араласқандардың тілі екі немесе одан көп тілдердің элементтерінен тұрып «таза тіл» бола алмайтынын және ал кейбір сырттан кірме тайпалардың тілі түркіленгенін ашық жазған (сонда). Бұдан шығатын қорытынды таза тілге ие халық аз деген сөз. Соның ішінде түріктерде аралас тайпалардан құралған. Бірақ оларды тіл біріктіруші күш, құрал екенін және өзіндік ойлау жүйесі жоқ

халық, яғни рухани тұтастығын көрсететін негізгі белгілерге ие емес халық біртұтас ел бола алмайтынын да айтып тұрғандай. Иа ортағасырлық түріктердің алып империясы құрамындағы тайпаларды сипаттап беруде олардың тіліне айрықша тоқтала отырып, М.Қашқари сол заманның өзінде тілдің елді біріктіруші факторлық қызметін жақсы білген. Мысалы, М.Қашқаридің: «....өз тілі мен жазуы бар Хотандықтар сияқты Түбіттердің өз тілі бар. Олардың екеуі де түрікше еркін меңгермеген», «Көшпенді Жумулдар, сонымен бірге Кай, Йабаку, Татар, Йасмилдердің өз тілі бола тұра, түрік тілін жақсы меңгергені » туралы мағлұматтарды келтіреді [2, С. 69-70].

М.Қашқари еңбегінен билікке қатысты дүниетанымдық мәселелер де анық байқалады. Оның ішінде ерте ортағасырлардан қалыптасқан түркілік рухты жоғары қойып сөз қозғау дәстүрі ислам келгеннен соңда бәсеңдемегенін анық байқатады. Оны жазбагердің: «Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқанын және ғарышты солардың заманы үстіне айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың қағандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады.....»-деп жазғаны айқын көрсетіп тұр. Әрине М.Қашқари өмір сүрге кезең тарихи жағдайда түріктердің саяси тұрғыдан үстем болып тұрған кезеңі. Дегенмен ондай асқақ рухсыз түріктер саяси үстемдікке қол жеткізе алмасы тағы белгілі.

Осындай деректер біздерге Ұлы Дала көшпенді өмір салтын ұстанған қазақтардың да бойындағы кейбір «мен қазақпын» деген асқақ рухтың тарихи жағдайда ертеден сабақтастығы бар екенін көрсетеді деп санауға мүмкіндік береді. Осы рухтан айырылмаған қазақтар өз тәуелсіздігіне қол жеткізе алды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 05.01.2021 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тарихи сана мен қазіргі жағдайдағы тарих ғылымының өзекті мәселелеріне қатысты келелі ойлары айтылды. Сол қатарда Президент: «*Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет*»- деп елімізде мемлекеттік деңгейде қолға алынып отырған «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстардағы тарихи сана мен оны қалыптастырудағы тарих ғылымының рөлін тағы бір нақтылып өтті [3].

Президент мақаласында айтылған мұраттардың мазмұнын ұғыну үшін де, ұлттың жаңа болмысының тарихи негіздерінсіз қалыптаспайтын ескере келгенде ортағасырлық жазба мұраларды ұлттық танымменен зерделеудің өзектілігі айқындала береді. Бұл орайда М.Қашқаридің «Диуан Луғат ат-Түрік» еңбегінің тарихи дереккөздік маңызын тек кешенді ғылыми зерттеулер арқылы бағамдай аламыз демекпіз.

Әдебиеттер.

1. Қаржаубай Сартқожаұлы. Орхон ескерткіщтерінің толық атласы. Үш томдық. I том. Алматы, «Samga Press»6 2019. -510 б.

2. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. Перевод З.-А. М. Ауэзовой. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с. + 2 с. Вкл.

3. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»// Егемен Қазақстан. 05.01.2021.

UDC

THE ESSENCE OF GLOBALIZATION, PURPOSE AND DIRECTION

Muratova M.A. master teacher

South Kazakhstan State Pedagogical University

Түйін

Таңдалған тақырыптың өзектілігі жаһандану бүгінде жоғары білім беру үшін маңызды мәселе болып табылатындығына байланысты, өйткені болашақ білім беру жүйесінің моделі немесе басқаша айтқанда, еңбек ресурстарының біліктілік деңгейі білім беру процесіне жаһандану мен интернационализацияның құрамдас элементтерін барабар енгізуге байланысты.

Резюме

Актуальность выбранной темы обусловлена тем, что глобализация сегодня является важной проблемой для высшего образования, поскольку, по сути, сама модель будущей системы образования, или, другими словами, уровень квалификации трудовых ресурсов, зависит от адекватного внедрения в образовательный процесс составляющих элементов глобализации и интернационализации.

In the twentieth century humanity has entered under the sign of globalization. The process of globalization has affected a very wide range of phenomena and processes in the field of economics, politics, sociology, education, etc. This term has acquired interdisciplinary content and very contradictory interpretations. Today there are different, and even opposite points of view on the essence, causes and consequences of this process. [2]

For the first time the topic of globalization was raised in 1981 by the American sociologist J. McLean. Already in the mid-1980s, the concept of globalization was widely accepted. The British researcher R. Robertson noted that the concept of globalization refers both to the compression of the world and to the intensification of awareness of the world as a whole to a specific global dependence ..., a global whole in the twentieth century. M. Waters defined globalization as a social progress in which geographical and cultural constraints are weakening and in which people feel this weakening.

Globalization is a process of worldwide economic, political and cultural integration and unification. Globalization is a process of drawing the world economy, quite recently understood as a set of national economies linked to each other by the system of the international division of labor, economic and political relations, into the

market and the close intertwining of their economies on the basis of transnationalization and regionalization. On this basis, a single world networked market economy is being formed - geo-economics and its infrastructure, the destruction of the national sovereignty of states that have been the main actors in international relations for many centuries. The process of globalization is a consequence of the evolution of state-formed market systems. [1] The main consequence of this is the world division of labor, migration (and, as a rule, concentration) on a planet-wide scale of capital, labor, production resources, standardization of legislation, economic and technological processes, as well as the convergence and fusion of cultures of different countries. This is an objective process that is systemic, that is, it covers all spheres of society. As a result of globalization, the world is becoming more connected and more dependent on all of its subjects. There is both an increase in the number of common problems for a group of states, and an increase in the number and types of integrating subjects. [1]

Views on the origins of globalization are controversial. Historians view this process as one of the stages in the development of capitalism. Economists are counting from the transnationalization of financial markets. Political scientists focus on the proliferation of democratic organizations. Culturologists associate the manifestation of globalization with the Westernization of culture, including American economic expansion. There are information technology approaches to explaining the processes of globalization. Political and economic globalization is different. Regionalization acts as a subject of globalization, which gives a powerful cumulative effect of the formation of world poles of economic and technological development.

Globalization in its modern manifestation appears as a multilevel and multilateral system of various integration manifestations. The main ones, in our opinion, are: global communication, global economy, global politics, global culture, global science, global language, global lifestyle.

Global communication. New means of communication, in conjunction with improved old ones (jet aircraft, television, radio, Internet, mobile phone), connect people on different continents. Geographic obstacles and interstate boundaries are receding. Space and time are shrinking, people and nations are drawing closer. [5]

The global economy. A global economy is emerging. An increasing number of goods are produced by the combined efforts of many countries. But the emerging global economy is dominated by 40,000 transnational corporations (TNCs), which are overwhelmingly owned by the capital of the United States, Western Europe and Japan. They often overshadow or even subjugate the economies of medium and small

countries. Of the 100 largest economic entities on the planet, 51 are TNCs and only 49 are countries. We are talking about such TNCs as Coca Cola, Ford Motor, Philip Morris, Mitsubishi, General Motors, Toyota. General Motors' annual turnover exceeds the gross domestic product (GDP) of Thailand and Norway, while Ford's turnover exceeds the GDP of Poland, Greece, Malaysia. [3]

Global politics. Global politics is emerging, and its most influential and powerful subject has become the community of developed Western states, of which the United States is the leader. The Western powers, relying on their economic and military might, either directly form their most influential international organizations (NATO, the G7), or crush them under themselves (World Agreement on Tariffs and Trade, World Bank, International Monetary Fund, International Bank for Reconstruction and development). [4]

The impact of globalization on education is due to the following factors:

- Transfer to the social sphere in general and to education in particular of the neoliberal ideology, which is characteristic of the global economy;
- Development of scientific and technological progress and information technologies, which objectively determine the possibility of integration processes in educational systems of the regional and global level;
- The desire of the world community to form in modern conditions new global values - the values of common human culture, among which the leaders should not be the power of the strong and the rich, but humanism, tolerance, respect for representatives of other cultures, nations, races, religions, a tendency to cooperate with them , in the mutual enrichment of cultures;
- Westernization (Americanization) of spiritual values associated with the dominant position of Western civilization in the economic, scientific, technical and political life of mankind. [5]
- World science is polystructural: it is characterized by spatial (territorial) and organizational structures. The processes of globalization in education can be considered in several aspects: institutional, conceptual, procedural.
- Institutional aspect. These include UNESCO, the World Bank, the Council of Europe, the Organization for Economic Cooperation and Development, etc. UNESCO carries out organizational regulation of the development of the world educational space. This organization develops for all countries international legal acts of both global and regional character. [5]
- By actively contributing to the development of integration processes in the field of education, UNESCO's norm-setting activities are focused on:

- Creation of conditions for the expansion of cooperation between peoples in the field of education, science and culture;
- Ensuring universal respect for the rule of law and human rights;
- Involvement of more countries in the process of preparing the legal framework for international integration in the field of education;
- Research of the state of education in the world, including separate regions and countries;
- Forecasting effective ways of development and integration;
- Promotion of adopted conventions and recommendations;
- Collection and systematization of state reports on the state of education for each year.

Bibliography

1. Байденко В.И. Болонский процесс. Курс лекций. - Изд-во Логос - М.: 2008, 208с.

2. Болонский процесс: нарастающая динамика и многообразие (документы международных форумов и мнения европейских экспертов) / Под научной редакцией проф.В.И. Байденко. М., 2009. - 409 с.

3. Давыдов Ю.С. Болонский процесс и Российские реалии - М.: МПСИ, 2004

4. Добрынин М.А. Болонская декларация как фактор формирования европейского образовательного пространства / М.А. Добрынин // Педагогика. - 2009. - № 9. - С.103-108.

5. В.Б. Касевич, Р.В. Светлов, А.В. Петров, А.А. Цыб. Болонский процесс в вопросах и ответах. - Изд-во С. -Петерб. Ун-та, 2008.108с.

ӘОЖ 372.891

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байназарова Б.А., т.ғ.к.

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются методические аспекты преподавания историчкских дисциплин в школе, а так же вопросы формирования навыков исторического мышления у учащихся в рамках обучения обновленного содержания образования

Summary

The article discusses the methodological aspects of teaching historical disciplines at school, as well as the formation of the skills of historical thinking among students in the framework of teaching the updated content of education.

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап даму заманында мектепте дәстүрлі оқыту оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отыр. Мұны оқушылардың білім

жетістіктерінің нәтижелерінен көрінуде. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі педтехнологияларын жетілдіріп, оны күнделікті сабақтарда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлатуға болады

Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына сай білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған орай мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр.

Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Әрбір қазақстандық білімнің болашақта табыстың ең іргелі факторы екенін түсінуі қажет. Жастардың басымдықтарында білім бірінші орында тұруы керек. Егер білім беру жүйесі құндылық жүйесінде басты құндылыққа ие болса, онда ұлт табысты болады» [1] деген еді. Табысты ұлттың жарқын болашағы білімді, білікті ұстаздардың ғылыми, әдістемелік және шығармашылық салаларда шеберліктерін үздіксіз шыңдап отыруымен тығыз байланысы. Сондықтан кез келген мемлекеттің дамуында басымдық берілетін негізгі салалардың бірі - білім беру жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республиксының президенті Қ.Тоқаев үстіміздегі жылдың 26 қаңтарында үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде қолданылып жүрген оқулықтардың сапасына назар аударып, онда еліміздің және әлемнің тарихында көптеген сәйкессіздіктердің кездесетінін, тарихи жағдайлар мен деректер оқушыларға бұрмаланбай жеткізілудің керектігіне тоқталып, «...Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихы бойынша біріңғай мектеп оқулықтарын әзірлеп, енгізуді» [2] тапсырды. Бұл жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасып дамуында шынайлық пен ақиқатқа сүйенген білім ғана табысты болады деген сөз. Тарқатып айтатын болсақ, білімді демократиялардыру қажеттігі және тәрбиенің халықтық сипатта болу идеясын насихаттаушы, орысты ұлы педагогы К.Ушинский «адам санасы біртіндеп деректерді көбейту, екіншіден оны өңдеу арқылы баийды. Деректік білім неғұрлым парасатты болған сайын, ол шикі материал неғұрлым жақсы өңделген сайын адам дами түседі, күшейе түседі» [3] - деген еді. Шынында фактілерге негізделген тарих адамдардың әлеуметтік, рухани, жасампаз, қатысымдық тәжірибесінің жиынтық бейнесі, ал тарих сабағынының оқулықтары заманауи қоғамның ізгілік дәстүрлерін және демократиялық құндылықтарын игеруге, әлемнің мәдени алуан түрлілігін түсінуге жәрдемдеседі. Адамның табиғатпен және қоғаммен өзара қарым-қатынасы туралы түсініктің маңызды дереккөзі ретінде қызмет етеді.

Қазіргі кезеңде орта білім беру жүйесінде заман талабына сай жаңа форматта оқыту үлгісі жетекші рөлге ие болды. Жаңартылған орта білім беру мазмұныны аясында оқыту оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін

қалыптастыруға, сондай-ақ білім сапасын көтеруге бағытталатыны белгілі. Тарих пәндерін жоспарлау кезінде оқушылардың танымдық дағдыларының өсуіне жағдай жасау арқылы дамытушылық, проблемалық оқыту арнасында жүзеге асырылады.

Сабақтарды орта мерзімді жоспарлау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген оқу бағдарламасы негізінде жасалады[4]. Ал қысқа мерзімдік сабақ жоспары мұғалімнің тақырып бойынша сабақты ұйымдастыруының педагогикалық тәсілдерінің жиынтығы десек те болады. Мұғалім оқушының тарихи ойлау дағдыларын бастауыш сыныптарда ақ қалыптастыра бастайды.

Оқушылары ойлау әрекетінің алғашқы дағдыларын қарапайым сұрақтар, айтар болсақ, тарихи оқиғаға қатысты кім?, қандай?, неге?, қалай? не үшін? деген сұрақтарға жауап беру арқылы мазмұндауға үйретеді. Сыныптардың жоғарылауымен материалдың мазмұны күрделеніп, оқытудың әдіс-тәсілдерері, сабақ бойынша қол жеткізілетін оқу мақсаттары айқындалады. Сабақ мақсаттары жүзеге асқан жағдайда оқушылардың негізгі бөлігі жаңа мәліметтер алады, деректермен танысып, тілдік дағдыларды жүзеге асырады, топтық жұмыс барысында әр түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді меңгерді, құрастырылған дескрипторлар арқылы оқушының білім жетістігі бағаланды.

Бағалау критерийі - білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Дескриптор - оқушының ең жақсы нәтижеге жетудегі әрбір қадамының жетістігі ретінде қабылдану керек. Сабақ барысында оқушылардың қолданатын белсенді тәсілдері барысында қойылатын тапсырмалар оқушының құзыреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және т.б.) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқу үдерісінде оқушылардың тапсырмаға қатысты пікірі, жауабы кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Кері байланыс нәтижесінде мұғалім бірқатар жетістіктерге жете алады. Атап айтқанда, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады;

- оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етеді;

- оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады;

- мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқытылатын «Дүние жүзі тарихы» - жалпы орта білім беретін мектептерде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар пән [5]. Себебі, біріншіден, оқушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу, толеранттылығын, елдер мен халықтардың тарихы мен мәдениетіне деген құрметін дарытуға басымдық берілсе, екіншіден, оқушыларда зерттеушілік, тарихи ойлау, коммуникативті

дағдыларды дамытуды мақсат етеді.

Тарихи деректерді қолданудың ерекшеліктерін айқындау үшін «Дүние жүзі тарихы» бойынша 6-сыныпта өтетін «Шығыс пен Батысты байланыстырудағы Ұлы Жібек жолының алғышарттары» тақырыбын талдап көрейік. Тақырып өте ауқымды, сонымен бірге мұғалім әр түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқу мақсаттарын орындай алады.

Мұғалім осы тақырыпқа кіріспес бұрын талқылауға қандай проблемаларды ұсынуға болатынын, сабақта қандай ресурс, бейнематериал пайдалануға, бұл оқу мақсатына арнап қандай жаттығу әзірлеуге, оқу нәтижелеріне қол жеткізгенін көрсететін қандай бағалау критериийлерін белгілеуге болатынын анықтап алады.

Ескеретін нәрсе, жаңартылған білім беру мазмұны аясында Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени-экономикалық қатынастардың даму тарихын зерттеу барысында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың бірқатар құзыреттіліктерін, солардың ішінде тарихи ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға болатынын айта кеткен дұрыс. Сонымен бірге пән мұғалімдерінің сабақты тиімді жоспарлаудың кәсіби-педагогикалық дағдыларымен бірге Ұлы Жібек жолының (бұдан әрі – ҰЖЖ) даму тарихын оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану құзыреттілігін дамытуға жағдай жасайды. Міне, бұл тақырыптың ерекшелігі осындай.

Оқудың мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру үшін оқу процесін тарихи концепттер (тұжырымдар) негіздеп ұйымдастыру қажет. Олар:

- өзгеру мен сабақтастық (тарихи кезеңдерді салыстыру арқылы қоғамның қаншалықты өзгеріске ұшырағанын анықтауға болады);
- себеп-салдар (мысалы, бер кезеңде саяси прцестерге қандай негізгі факторлар әсер еткен);
- дәлелдемелер (мысалы белгілі бір кезеңнің өнер, мәдениет саласындағы жетістіктері, құндылықтары, сенім-нанымдары мен технологиялары туралы баяндау)
- ұқсастықтар мен айырмашылықтар (мысал, Шығыс пен Батысты арасындағы тауар алмасудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қандай?);
- мағыздылығы (мысалы. ҰЖЖ өткені мен бүгініндегі маңызы қандай?;
- интерпретация немесе алынан нәтижелерді түсіндіру, мағынасын ашу, мағынасына түссінік беру, оларды тудырушы себептер мен жағдайларды түсндіру (мысалы, зерттеушілер, саудагерлер, дипломаттар және т.б. ҰЖЖ қалай сипаттайды, оқушылар осы тарихи құбылысқа, орын алған әр түрлі көзқарастарды түсініре білуі және бағалай алуы керек).

Материалды игеру барысында білім алушыларға отансүйгіштік қасиеттерді дамыту жолдарын жүзеге асыратыны байқалады:

- патриотизмнің қалыптасуы, өз елің мен әртүрлі елдердің тарихы мен мәдениетіне деген құрмет пен қызығушылығы оянады;
- «Ұлы даланың жеті қыры» жобасын насихаттау қолға алынады;
- қазіргі әлемде ҰЖЖ мәдени мұрасының маңыздылығын көрсететін

бейнежазбаны пайдалану;

- саяхатшылардың, көпестердің және қолөнершілердің өмірі негізінде еңбексүйгіштікке және адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, мамандықтармен таныстыру;

- сыныптағы әр түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылығы мен сыни ойлауын дамытып, ұжымдық, коммуникативті дағдыларды, төзімділік пен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.

Сабақ барысында география, Қазақстан тарихы, көркем еңбек пәндерімен пәнаралық байланыс қолданылады. Білім алушылар «Дүниежүзілік тарихтан» және Қазақстан тарихынан зерттелген бөлімдер мен тақырыптардың негізінде сауда-экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынстар туралы бұрын алған білімдерін пайдалана отырып, оқу міндеттерін шешуде өзіндік іс-әрекетін жоспарлау және алгоритмдеу қабілетін дамытады.

«Дүние жүзі тарихы» сабағында білім беру мәтінін талдау, карталармен, графиктермен жұмыс жасау сияқты талдаудың барлық түрлеріне ерекше көңіл бөлінеді. Пікір білдіру және кері пікір айту қабілеті қалыптасады, соның негізінде жаңа білім алуға болады. Оқушылар ұғымдарды өз бетінше анықтауды, қоғамдық дамудың заңдылықтарын тұжырымдауды және т.б. үйренеді. Мұның бәрі оқушыларды сабақта білімді өз бетінше алуға, білім беру ақпараттарымен кез-келген формада жұмыс істеуге бейімдейді.

ҰЖЖ маршруты бойынша жүруге болатын «Әуе шары» әдісін қолдану арқылы оқушылардың тарихи мағлұматтармен жұмыс жүргізу дағдыларын дамытылып, пәнге деген қызығушылығы артады. Бұл мұғалім үшін өте маңызды. Осы мақсатта оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, оқу жұмысын ұйымдастыруда мынандай тиімді жолдарды ұсынуға болады:

- дидактикалық, рөлдік және іскерлік ойындар жүргізу;
- оқытудың ғылыми сипатын арттыру;
- проблемалық жағдайларды құру;
- өзіндік жұмысты ұйымдастыру;
- шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды қолдану;
- тарихи, оқу және ғылыми-көпшілік әдебиеттерді оқу және т.б.

Оқу процесінде оқушылар мәтінмен өз бетінше жұмыс істейді, флипчартпен жұмыс істейді, кестелер құрастырады және орамдағы жетіспейтін заттарды толтырады. Жұмыс формасын таңдайды (кластер, фишбаун, постер); картаға жазба енгізеді немесе шыққан жеріндегі тауарларды көрсететін стикер жапсырып және жебемен тауарлардың алға жылжу жолын көрсетіп береді.

Сабақтың соңғы кезеңінде шығармашылық жобаларын қорғайды. Топтар «маңыздылық» пен «интерпретация» тарихи тұжырымдамаларын негізге алып, құжаттарға салыстырмалы талдау жасайды.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру аясында оқытылатын тарих пәндері және оқытудағы әдістемелік әдіс-тәсілдер оқушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.

Әдебиеттер:

1.Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жыл 10 қаңтар.

2. https://alashainasy.kz/bil/tokaev-mektepte-kanday-panderge-basyimdyik-beru-kerek-ekenn-ayttyi-156006

3. https://melimde.com/tarihti-oitu-edistemesi-penini-ou--edistemelik-kesheni-poek.html?page=6

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген оқу бағдарламасы

5. «Дүние жүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы. Ұлттық Ғылым Академиясы, 2016 ж.

УДК(574)

ИСТОКИ ПОЧИТАНИЯ ХЛЕБА –ТРАДИЦИИ И ПОВЕРЬЯ

Агулыкова У.А. – магистр,старший преподаватель

Южно - Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

Аталған мақалада ежелгі заманнан бастап шығыс пен батыс халықтарында нанды қастерлеудің тарихы мен осы уақытқа дейін сақталған нанға қатысты ырымдар мен ғұрыптар жайлы сөз қозғалған.

Summary

This article examines the history of the veneration of bread in Eastern and Western peoples since ancient times, as well as the customs and rituals associated with bread that have survived to the present day.

Несколько лет назад создатели духов в поиске наиболее привлекательных ароматов провели исследование, включавшие в себя десятки ароматов, которые тестировала группа испытуемых.Победившим запахом оказался аромат горячего хлеба**.** Это и неудивительно, для большинства людей аромат свежей выпечки ассоциируется с домашним теплом и уютом.С давних времен считалось, что человек уронивший кусок хлеба, подняв его, должен обязательно поцеловать хлеб.

Ученые предполагают, что хлеб впервые появился на земле свыше пятнадцати тысяч лет назад.Но наш взгляд это спорный вопрос. В те далекие времена главной заботой людей было пропитание. И в поисках пищи они обратили внимание на злаковые растения, которые являлись предками нынешних (пшеница, рожь, овес, ячмень).Первый хлеб имел вид жидкой каши (она и является прародительницей хлеба). Первые упоминания о профессиональных пекарях относятся к первой половине III века до н.э. (у Плиния Старшего).

Первыми хлебопекарями считаются египтяне. В Древнем Египте разрыхлять тесто, изготавливать хлеб и хлебобулочные изделия стали по подсчетам ученых 5-6 тысяч лет назад. Египтяне первые научились разрыхлять тесто способом брожения. Хлеб они пекли совершенно разных

форм: пирамидальный, продолговатый, круглый, в форме плетенок, рыб. В Древнем Египте зерно и в том числе то, что из него получали считали одним из священных даров бога Ра, вследствие хлеб почитали. В принятой В Древнем Египте скорописи солнце, золото и хлеб обозначались одинаково – кружочком с точкой посередине. В честь хлеба слагались гимны. Египтяне, считая зёрна хлеба святыней, клали их в могилы с умершими. Зерно было обнаружено в гробницах фараонов, захороненных более пяти тысяч лет назад. В одной из египетских пирамид был обнаружен хлеб, которому, как утверждают археологи, четыре тысячи лет. Этот самый древний в мире хлеб хранится в Лондоне, в Британском музее.

Считается что имя хлебу дали древнегреческие пекари.Хлеб они выпекали в глиняных формах- горшках, называвшихся «клибанос». Именно от этого слова и появилось слово «хлеб».

Гомер, описавший трапезы своих героев, оставил нам свидетельства того, что аристократы Древней Греции считали хлеб совершенно самостоятельным блюдом. На обед подавали, как правило, два блюда: кусок мяса, жаренный на вертеле, и белый пшеничный хлеб. Каждое из этих двух блюд ели отдельно, а хлебу при этом отводилась самая значительная и почетная роль. Он говорит, что чем богаче хозяин дома, тем обильнее угощают в его доме белым хлебом.О том, с каким суеверным почтением относились в Древней Греции к хлебу, говорит и такой любопытный факт. Эллины были твердо убеждены, что, если человек поедает свою пищу без хлеба, он совершает большой грех и будет непременно наказан богами. Хлеб в Греции считался главным блюдом на столе (потому, что его было мало), всё остальное было только добавкой к дефицитному хлебу.

О том как в Индии почтительно относились к хлебу говорит и тот факт, что малейшее неуважение к хлебу приравнивалось к самому страшному оскорблению, какое можно нанести человеку.Большинство сортов индийского хлеба сделано из пшеничной муки очень тонкого помола из зерна, которое называется «ata». Они обычно пресные и чаще всего для их приготовления не используют дрожжи. Однако, благодаря подготовке и методам при готовления, хлеб получается восхитительно легким и воздушным О том что хлеб был одним из основных продуктов пропитания говорят те времена, когда человек отбывая наказание в специальных учереждениях, в зависимости от степени тяжести его преступления, ему запрещалось употреблять в рацион хлеб.

Дж. Тилл, опираясь на житийные Памятники и стихи византийского поэта Феодора Продрома (XII век), пришел к выводу, что византийцы питались преимущественно хлебом, рыбой и овощами и что хлеб скорее всего являлся главным элементом их каждодневной пищи. Византийцы питались пшеничным и ячменным хлебом: первым – преимущественно в Малой Азии, последним – на Балканах. Рожь и овес, распространенные на средневековом Западе, и рис, возделывавшийся на Востоке, встречались здесь лишь спорадически. Ели один

или два раза в день. Хлеб был дорогим удовольствием.В уставах византийских цехов X-го века было оговорено: «Хлебники не подвергаются никаким государственным повинностям, чтобы они безо всяких помех могли печь хлеб». Вместе с тем в той же Византии за выпечку плохого хлеба пекаря могли остричь наголо, выпороть, привязать к позорному столбу или изгнать из города.

В России Этот культ хлеба имеет начало еще со времен язычества, когда от урожая зависела жизнь целых поселений. Если случались заморозки, и пшеница не уродилась - люди начинали голодать. А с принятием Русью православия отношение к хлебу, как к телу самого Бога, жизнью искупившего грехи всех людей, легло на благодатную почву. У славян с давних времен существовал обычай: люди становятся друзьями на всю жизнь, если они преломят хлеб. С хлебом провожали и встречали. На Руси существовали следующие поверья, связанные с хлебом: нельзя рукой со стола смахивать крошки хлеба, иначе придется просить милостыню, нельзя вонзать нож в каравай – будешь голодать, нельзя давать хлеб собаке со стола – быть бедным, нельзя, чтобы хлеб лежал вниз коркой, а то случится неудача, нельзя оставлять недоеденным на столе кусок хлеба – заболеешь, нельзя доедать за кем-то хлеб или есть за спиной другого человека – можно забрать его силу и счастье. На Руси считали, что судьба человека, его удача, сила и здоровье зависят от обращения с хлебом (буханкой, куском и каждой крошкой).С приходом к власти большевиков-атеистов культ хлеба не исчез: по-прежнему процветали всевозможные суеверия: в советских семьях то не резали ножом, то не собирали крошки со стола ладонью. Культ хлеба укреплялся тем, что простое население России жило впроголодь вплоть до XX-го века. В средние века голод приходил на Русь часто, достаточно вспомнить Смуту, вызванную трехлетним неурожаем, в результате чего цена на хлеб выросла в 100 раз. Голодные годы были и в XIX веке.

Действительно, с историей хлеба связано очень много обрядов, традиций. Например, в Польше при рождении девочки закладывают тесто, замешанное на меду. Подобно сыру, тесто зреет до дня её свадьбы. В Словакии пряник, выпеченный из медового теста, по народному обычаю преподносят невесте. Она хранит его в сундуке и вручает в день свадьбы своей дочери. А у нас в России дорогих гостей и невесту встречают хлебом-солью.

Восточная культура хлеба более древняя, чем европейская. Практически повсюду – от Турции и Ирана, от Кавказских гор и среднеазиатских песков до джунглей Южной Индии и коралловых побережий Таиланда – хлеб выглядит как лепешка. Лепешки бывают пышными и плоскими, как блины, пресными, дрожжевыми, сдобными, печеными, жареными. Но у них всегда есть кое-что общее: лепешки рвут руками, а не режут ножом. Иначе не просто вкус теряется, но оскорбляются традиции. Секрет приготовления лепешек дошел до нас из глубины веков, к счастью, абсолютно не подвергшись изменениям и модернизации. Издревле лепешки делались круглой формы, и это имело свой

особый смысл. Круглый диск символизировал солнце, ведь без хлеба, как без солнца, нет жизни на земле

Один из самых популярных видов восточного хлеба в мире – пита

Узбекские, таджикские, туркменские лепешки готовятся не на дрожжах, а на заквасках (это то, к чему возвращаются сейчас в хлебных бутиках Европы), отчего вкус их становится более насыщенным. Скажем, узбекские ширмай-нон на основе горохово-анисовой закваски. Их выпекают в тандуре, глиняной печи, установленной в земле,

По законам степи у казахов лепешка и хлеб вообще были безусловной гарантией правдивости и честности. Давая клятву, человек держал в руках Коран и съедал кусочек лепешки. Коран – слово божье, а хлеб – священная еда.Казахи делили еду на три вида: аќ (белая) – молочные продукты, ќызыл (красная) – мясные продукты и кок (зеленая) – зелень, овощи и фрукты. Высоко ценя хлеб, они не относили его ни к какому из перечисленных видов. Даже хлебные крошки не выбрасывали, а отдавали детям, приговаривая при этом: «Кто ест крошки хлеба, тот станет богатым».Хлебу казахи отводят особое место в питании и очень высоко ценят его, это святая пища. Бросить хлеб на землю или перешагнуть через него – святотатство. На дастархане ему особое место. Отламывать хлеб одной рукой считается большим грехом. Приглашенным гостям в первую очередь подают хлеб.По народному поверью, казах, отправляющийся в дальний путь, должен съесть кусок хлеба, чтобы вернуться назад. Оставшийся хлеб хранится в доме и доедается по возвращении.

В Средней Азии право разломить лепешку есть у присутствующего на трапезе старейшины. Он берет лепешки и, разламывая, раздает собравшимся. Лепешки ни в коем случае нельзя резать ножом или класть «лицом» вниз – это неуважение к хлебу. Любое серьезное дело начинается с преломления хлеба. Во время свадебного обряда родители молодых людей ломают за столом лепешки, что означает помолвку молодых. К слову, похожий обычай был и на Руси. Отправляясь свататься, обязательно брали с собой хлеб, на него клали руки молодых при заключении договоренности о свадьбе (это называлось рукобитье). На свадьбе родители благословляли жениха с невестой не только иконой, но и хлебом. После венчания молодых встречали хлебом и солью. Потом этот хлеб везли вместе с приданым невесты.

А вот обычай преломлять хлеб над головой невесты и по сей день существует у некоторых народов Средней Азии. Этот обряд символизирует достаток в будущей семье, поэтому ломают хлеб именно над невестой, будущей хранительницей очага. После совершения ритуала гости могут вручать подарРаспространены и свято чтутся и такие лепешечные обычаи – покупают лепешки и вносят в дом только в четном количестве. Если у вас на руках нечетное количество, одну надо разломать и сделать из нее как бы 2 штуки и так вносить в дом. Нечетное количество приносят на поминки или подобные мероприятия (якобы для того, чтобы из этого дома больше никто не ушел).

Согласно древнему суеверию, если перевернуть лепешку или ее кусочек коркой вниз, то это приведет к неудаче. Кроме этого, недоедать и оставлять один кусок хлеба нельзя. Как оберег лепешку клали в изголовье колыбели новорожденного, брали лепешки с собой в дальнюю дорогу, чтобы они охраняли в пути. Еще одна узбекская традиция – если ты приезжаешь в другой город, надо купить хлеб домой.

Армяне считали хлеб главным пищевым ингредиентом любого стола и называли его «царем любого праздника». Поэтому работа пекаря в Армении всегда была одной из самых почитаемых и уважаемых профессий.

Хлеб почитался почти как живое существо: его нельзя было перевернуть с ног на голову; его нельзя было уронить и оставить лежать на земле. Эти истины, не написанные ни в одном законе, были бесспорными.

Одна древнеармянская легенда гласит, что когда кусок хлеба падает на землю, ангел спускается с небес с целью защитить упавший хлеб, чтобы на него никто не наступал и не осквернял. Ангел держит этот кусок хлеба до тех пор, пока этот кусок лежит на земле.

По преданию на каждом кусочке хлеба, на каждой крошке, лежащей на земле, есть ангел, охраняющий его. Вот почему люди должны прийти на помощь этим ангелам, взять кусок хлеба и поставить его высоко над землей.

Объяснение такого почтения простое. Бросить хлеб на землю — грех, так как этот хлеб родился в огне пекарни, и этим огнем он был очищен и, таким образом, освящен.

Проходит время, переоцениваются и меняются ценности, а отношение к хлебу у всех народов остается незыблемым.Во всей нашей жизни хлеб не заменим,он бесценен!

Литература:

1. Филушкина П.А.Ценность хлеба как важная составляющая жизни человека.-М.:2016
2."Мифы народов мира. Энциклопедия". В 2-х т. Гл. ред. С.А. Токарев. М.: НИ «Большая Российская энциклопедия», 1998
3. Гура А. В. Каравай // Славянские древности: Этнолингвистический словарь в 5-ти томах /Под ред. Н. И. Толстого; Институт славяноведения РАН. — М.: Международные отношения, 1999. Т. 2. С 466.
4.Лепёшки //Товарный словарь/И. А. Пугачёв (главный редактор). — М.: Государственное издательство торговой литературы, 1958. Т. V. 588 с.
5.Марк Порций Цензорий Катон Старший “О сельском хозяйстве” (электронная энциклопедия Академик).
6.Степаненко В.И. Вечный хлеб— М.: 1982

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Утеева Н.
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ аға оқытушысы
Абдураманова Айнур Мубараковна
Шымкент қаласы, №43 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются пути формирования патриотических чувств младших школьников

Summary

The article is shown the ways of forming the patriotic feelings of younger students.

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нышандары - Ел таңба, Ту, Әнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялыларының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үгілетін болсақ, XY – XYIII ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз.

Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты. Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (YI ғасыр, Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой – толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс - термелерде, жұмбақ - жаңылтпаштар мен мақал – мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік –

имандылық, ақыл – ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ халқы бала тәрбиесімен арнайы айналысатын қоғамдық орындар (балалар бақшасы т.б.) ашпаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезіннен бастап - ақ өлең – жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал – мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс – тіршілікте, қоғамдық жайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал – мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Мақал – мәтел ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Онда ел, жер, халық, Отан жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. Мысалы, «Өз елім өрен төсегім», «Ел – жұрты бардың жұтамы жоқ», «Туған жердің күні де, күлі де ыстық», «Туған жер – тұғырың, туған ел - қыдырың», т.б. мән мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдаланылды. Өзінің мақалдарында туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық енді оларды қорғау әрбір ер – азаматтың басты борышы деп біледі. Ел талап, ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану, қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан Отанды қорғап қалу халқын сүйген әрбір ер жігіттің азаматтық борышы болатындығын көрсетеді. «Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол», «Елін сүйген ер болар» деген мақалдар осының айғағы. Халық мақалдары ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жену жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар.

Жұмбақ - өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Алдында айтылған мақал – мәтелдер тәрізді жұмбақтар да балаларды ерлікке отаншылдыққа, патриотыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі. Өйткені көптеген жұмбақтардың астарында батырлық ел қорғаған ерлердің бойындағы бес қарулы жасырын түрінде айтылады. Мысалы: Белі қайқы, жоны тайқы. (қылыш).

Сүмбелі теректі,
Қызыл желекті.
Ерден қалмайды,
Жауда керекті. (найза)

Негізі, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Жұмбақтардың шешуін іздеймін деген баланы ойына және қиялына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар қылыш, найза тәрізді ер қаруын қолға ылып, елін жаудан қорғауға деген құштарлықтар пайда болады.

Аңыз әңгімелерде елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қаһармандар өскелең буынға тәрбиелі де ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, көпшілікке мәлім, ұлы даланың абыз жырауы атанған Асан Қайғы туралы айтсақ артық болмас. Асан Қайғының халқы уайым - қайғыны білмейтін, жан – жануары жылына екі мәрте балалайтын жазы самал, қысы шуақты Жерұйықты іздеуі баяндалады. Желмаяға мініп тынымсыз сапар шегетін, Алтай мен Атырау арасындағы жер – судың қадір – қасиетіне қарай сипаттама беретін дала даңышпаны қартайған шағында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрсе, ол халқы үшін жасаған қызметі.

Сол үшін де халқы да оны қадірлеген, оны кейінгі ұрпағына Асан Қайғының отаншылдығын, үлгі етіп ұсынған. Асан Қайғыдай ел ұлы болуға үндеген. Жалғыз Асан Қайғы емес, сонымен бірге Жиренше шешен туралы айтылған аңыз әңгімелерді де патриотизм туралы айтылған. Айталық, ұзақ мерзім бойы әз – Жәнібек ханның ақ ордасында болып, өзінің ұядай қосына анда – санда бір оралатын Жиреншенің екі тізесі сыртқа шығып жататын баспанасы жайлы «қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп айтатын қанатты сөзінде патриоттық ой жатыр. Өйткені, ел деген ұғым осы шағын қостан басталатынын, туған жерге деген сүйіспеншілік осындай түсініктен нәр алатынын қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпелі жақсы білген. Сондықтан, оны ұрпақығына өнегелі жол деп көрсетті.

Ертегілерге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының ой – қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттық тәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны талған жеріне деген құмтарлығы ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғалар бас кейіпкер өзінің елден ауып кеткен ағаларын іздеп тауып әкелуі, өз басына, еліне қауіп төндірген перінің қызы Бекторы мен Жалмауыз кемпірден құтылып, кек алуы жалаң батырлық емес, ізгі пейілді азаматтығын да байқатады. Халық ертегілері өткенді ғана баяндаумен шектелмейді, болашақ, келешек туралы қатты ойланады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен

адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа – үлгі ретінде ұсыналады.

Отаншылдық, ел – жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар – намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар – намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік - психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтық елін, жерін, тілін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар – намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердің, ер – азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден кем жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың Отанды сүю, басқыншы жаудан елді қорғау, халық үшін емес ерлік еңбек ету идеясынан туған. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс – тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан. Мысалы, «Қамбар батыр» жыры ересектермен қатар, кіші сынып оқушыларының қабілетіне сай шығарма. Қамбар батырдың ерлік істері, халқына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы өжет іске бастайды.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден – ақ білген. Бәйге аттың озып келуі баланың батылдық пен өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелейді. Жастайыннан ат құлағында ойнайтын қазақ баласы үшін бәйге ертеңгі әскери мектептің бір сынағы іспеттес. Қазақтың баласы жасы жетіге келгенде атқа мінгізіп үзеңгіні ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Бұл жерде баланың жетіге келгенде мектепке баруы да, оң – солын, танудағы алғашқы қадамы да кездейсоқтық емес.

Бастауыш сынып оқушыларының ұстаздары балаларды алғашқы боп Отанмен, қоршаған ортамен таныстыратындарын ұмытпаулары тиіс. Патриоттық сезімге тәрбиелеудің жолдары әр түрлі болады, ең бастысы оқушыларда Қазақстан Республикасының азаматығына деген, ең керемет сезімді қалыптастыру.

Қорытындылай келе ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

Әдебиеттер:

1. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп. 1986, №9.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының және оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
3. Патриоттық тәрбие беруде ауыз әдебиетінің атқаратын рөлі – Бастауыш мектеп. 2005. №8.

ӘОЖ 371.134

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, п.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Темірхан Бағдаулет Әмірханұлы, магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Кенжетай Айман Үсенқызы, студент
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Резюме. *В статье рассматривается педагогические технологии обучения в дистанционном образовании.*

Summary. *The article deals with pedagogical technologies of teaching in distance education.*

Қашықтықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, қашықтықтан, кешкі оқытуды ұйымдастырудың дамыған жүйесі. Осы замандағы телекоммуникациялық және элентронды басылымдар жаңа оқыту түрінің барлық құндылықтарын ұсына отырып, кемшіліктерімен күресуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту технологиясы – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құрал-жабдықтары мен түрлері, білім беру барысында үздік дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер пайдаланылатын, күндізгі және қашықтықтан білім алу түрінде білімді игеру болып табылады.

Қашықтықтан оқыту бүкіл әлемде бар және әр ел оны әр түрлі салада қолданады. Ал Қазақстан Республикасы қашықтықтан оқыту маңызын, мәнін осы 2020-жылы «COVID-19» коронавирусына байланысты болған карантин режимінде анық түсінді деп ойлаймыз. Мемлекетімізді бұл жағдайға толығымен дайын деп айтуға келмейтін еді. Сол себепті де, осы тақырыпты кеңінен зерттеп, Қазақстанда қолданыс таппаған әдіс-тәсілдерді ұсынып, осы ұсынылған ақпараттарды білім беру аясында кеңінен қолданыс тапса дейміз.

Қашықтықтан білім беру үдерісін әр түрлі жүйелерде ұйымдастыруымызға болады.

Жүйелер дегеніміз не? Жүйе – бір-бірімен байланыс жасау және қарым-қатынасты ұйымдастыру. Яғни қашықтықтан білім беру немесе білім алу барысында әр түрлі жүйелерді пайдалана отырып оқу үдерісін көлемді әрі тиімді ақпараттармен бөлісу.

Пандемияға байланысты «қашықтықтан оқыту» ең маңызды, әрі ауқымды тақырыптардың бірі болып отыр. Осыған орай, қашықтықтан білім берудің үдерісін әр түрлі жүйелерде ұйымдастыру, білім беруші мен білім алушының

интернетке қосылған гаджеттерді әр түрлі жүйелерде талқыланып, сапалы және қолайлы білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тақырыпты зерттеуіміздің тағы да бір себебі: Қазақстанның қазіргі даму кезеңі, мемлекетімізді әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қоғамдастығына жедел ілгерілетуге негізделген. Осыған орай, білім беру саласындағы саясатымыз әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірілген және әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, Ақпараттық қоғам деп аталатын ҚР білім беруді дамытудың 2030 жылға дейінгі саясаты қоғамның ұдайы өндірісінің негізі ретінде білім беруді одан әрі дамыту үшін жаңа бағдарлар мен құндылықтарды белгілеуге бағдарланған.

«Ақпараттық қоғам 2030» деп аталатын Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2030 жылға дейінгі саясаты білім беруді одан әрі дамыту үшін жаңа құндылықтар мен бағдарларды белгілеуге бағытталған қоғамның көбеюінің негізі. Сондықтан да ҚР білім беруді дамыту саясатының мақсаты - 2030 жылға қарай Қазақстанда білім беру жүйесін құру [1].

Барлығына қол жетімді білім беру жүйесі – мемлекетіміздің білімді қоғамға қол жеткізуіне көмектеседі. Сонымен қатар, бұл ең маңызды гуманисттік талап пен әлеуметтік мемлекеттің ең қажетті элементі. Жоғарғы оқу орындары қоғам мүшелеріне өздерінің шығармашылық әлеуеті мен адами қасиеттерінің тиімді дамудың, әлемдік нарықтағы бәсекелестіктің, азаматтардың жоғары өмір сүру сапасының және ел қауіпсіздігінің басты ресурсына айналған кезде, халықтың кәсіби дамуы даму мүмкіндіктерін кеңейтуі тиіс.

XXI ғасырда, телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялар ғасырында дәстүрлі білім беру жүйесі адамзат өмірінің жаңа жағдайларына және уақыт талаптарына сәйкес келмейтіндігі айдан анық. Білім бұл болашаққа апаратын жол. Сондықтан, қазіргі қоғамның алдында біздің планетамыздың халқын өркениеттің жаңа жағдайларындағы өмірге дайындай алатын, өзгеше және ерекше, сонымен қатар жаңа перспективалы білім беру жүйесін құруға бағытталған маңызды міндеттердің бірі тұр. Қазіргі қоғамда технологиялық парадигманың елеулі өзгерісі байқалуда. Осыған байланысты жиырмасыншы ғасырдың бейнесі мен мәнін анықтаған ақпараттық технологиялар Smart-технологиялармен, Smart-біліммен алмастырылып, Smart-қоғамның қалыптасуы мен дамуына жол ашуда десек те болады. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық қоғамды жаңа ғасырдың білімі мен дағдыларын дамыту есебінен бәсекеге қабілетті білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін креативті қоғам алмастырады. Ол ынтымақтастық, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, сыни ойлау, проблемаларды жедел және сапалы шешу сынды қасиеттерден тұрады.

Қашықтықтан білім беру технологияларын жаңа деңгейде жүзеге асыруға ақпараттық және мультимедиялық технологиялардың заманауи құралдарын дамыту мүмкіндік береді, осы мақсаттар үшін әр түрлі типтегі ақпаратты

ұсынуға және өңдеуге мүмкіндік беретін ең прогрессивті техникалық инновациялар қолданылады [2].

Бүкіл әлемде соңғы жылдары сәтті дамып келе жатқан қашықтықтан білім беру практикасынан ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдануға негізделген үш негізгі технологияны бөліп қарастыруға болады:

1. Кейс-технология, бұнда оқу-әдістемелік материалдар арнайы кейске жинақталады және білім алушыға өз бетімен меңгеру үшін (осы мақсаттар үшін аймақтық оқу орталықтарында құрылған арнайы оқытушы-тьюторлардың мерзімдік консультацияларымен қоса) жіберіледі;

2. TV-технология, оқытушы-тьюторлардың консультациялары бар телевизиялық дәрістерді қолдануға негізделген;

3. Желілік технология, Интернет желісін оқушыларды оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету үшін де, оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивті өзара әрекет үшін де қолдануға негізделген.

Қашықтықтан білім беруде желілік компьютерлік технологияларды қолдану жаңа мүмкіндіктер ашады, солардың ішінде:

- бірлескен зерттеу жобаларын ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік ақпаратына қол жеткізуді кеңейту;
- жедел консультативті көмекті ұйымдастыру;
- қашықтықтан оқыту желісін ұйымдастыру;
- серіктестерде коммуникативті дағдыларды, сөйлесу мәдениетін, ақпаратты іздеу қабілетін қалыптастыру;
- ғылыми-зерттеу іс-қызметін үлгілеу;
- виртуалды оқу сабақтарын, оның ішінде семинарларды, дәрістерді шынайы уақыт режимінде өткізу.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи құралдарын қолдана отырып ашық білім берудегі нақты тиімді инновациялар жаңа білім беру бағдарламаларын, соның ішінде жобалар әдісін қолданудың арқасында қол жеткізіле алады. Оны жүзеге асыру үрдісінде оқытуда оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың мынадай жаңа формалары іске асады:

- топтағы білім алушылардың желілік серіктестермен жұмысы;
- жалпымәдени білімдерді игеру, оқушылардың дүниетанымын олардың телекоммуникациялық арналар бойынша алған ақпараттары негізінде қалыптастыру;
- жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;
- білім алушылардың коммуникативті жазбаша сөйлеуін дамыту.

Бұдан басқа, осы тектес педагогикалық технологияларды пайдалану бірнеше педагогтің бірлесе жұмыс атқаруына, жұмыстың оқу және оқудан тыс формаларының бірігуіне, білім алушылардың әлемдік ақпарат ресурстарына жаңадан сапалы жол ашылуымен байланысты білім беру мазмұнының өзгеруіне, ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын аспап ретінде барлық оқу пәндерінде қолданылуына септігін тигізеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын кеңінен қолдануға негізделген өз бетімен оқытуды жүзеге асырудың анағұрлым кеңінен таралған амалдарының бірі кешенді кейс-технология болып табылады. Мұндай технологиялар білім алушыларға арнайы формада, яғни кейс түрінде ұсынылатын баспа және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарын өз бетімен игеруге негізделген. Мұндайда сабақтың күндізгі формаларына елеулі рөл беріледі. Бұл сабақтар бекітілетін дәрістерден, ал бастысы – белсенді семинарлық, тренингтік, ойын формаларынан, сондай-ақ консультативті және бақылау-тексеру формаларынан құралады. Көп жағдайда білім алушылардың топ құрамында арнайы даярланған оқытушы-тьюторлармен белсенді жұмысына басымдық беріледі. Мұндай технологияларды консультациялар, конференциялар өткізу, хат алмасу және оқушыларды электронды кітапханалардан, мәліметтер базасынан және ашық оқу мекемелерінің электронды әкімшілік жүйелерінен алынған оқу және өзге де ақпараттармен қамтамасыз ету үшін компьютерлік желілер мен өзге теңдес ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары қолданылады. Осы топ технологиясының маңызды жетістігі білім алушылардың анағұрлым жедел басқару мүмкіндігі, оның оқытушымен және топпен қарым-қатынас үрдісінде тәрбиеленуі болып табылады, бұл күндізгі оқытудың дәстүрлі формаларының сөзсіз артықшылығы деп есептейміз

Әдебиеттер

1. «Ақпаратты қоғам-2030» Қазақстан ғылымын дамыту саясаты әзірленді 2013 жылғы 16 мамыр, Астана.

2. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты) . 3-е изд., доп. М.: ИИО РАО, 2010. -356с.

ӘОЖ 371.134

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, п.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Қанай Ботагөз Нұрғалиқызы, магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Кенжетай Шолпан Үсенқызы, студент
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Резюме. *В статье рассматривается информационно-коммуникационная компетентность будущих учителей, использования информационно-коммуникационных технологий и цифровых ресурсов в обучении.*

Summary. *The article deals with the information and communication competence of future teachers, the use of information and communication technologies and digital resources in teaching.*

Адамзат өркениетінің қазіргі заманғы дамуы өмірдің барлық салаларына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі АКТ) енгізілуімен

сипатталады. XXI ғасыр - жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры. Заманауи білім алушы электрондық мәдениет әлемінде өмір сүреді. Әр адамның АКТ дағдылары ақпараттық қоғамға, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы жоғары қоғамға көшу үшін негіз және материалдық базаны құрайды. Технология XXI ғасырдағы білімнің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Қазіргі студенттер жаһандық әлемде өмір сүріп жатқандықтан, бүкіл әлемдегі құрдастарымен зияткерлік бәсекелестікке мұқтаж. Сараптамалық бағалаулар, сандық құралдар мен мықты педагогикалық база оқушыларға XXI ғасырдың дәстүрлі және арнайы дағдыларын игеруі үшін тиімді болып табылады.

Қазіргі заманауи-ақпараттық қоғамда адамдардың өмір сүру жағдайын және кәсіби қызметін сапалы түрде өзгертетін ақпараттық қоғамды дамыту олардың АКТ-құзыреттілігін қалыптастыруды және осының негізінде болашақ мұғалімдерді жаңа жағдайға даярлау мәселесін өзекті етеді. Цирфлық қоғамның қазіргі кезеңі жаңартылған білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Болашақ жас мамандар қажетті ақпараттарды және бағдарламалау әдістерін игеріп қана қоймай, ең алдымен АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру өзінің шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту және қолдау үшін, сонымен қатар қоғамның инновациялық әртүрлі аспектілерін ескере отырып, кәсіби шешімдер қабылдауы үшін тиімді пайдалануды үйренуі керек. Сондықтан, жоғары білім беруді ақпараттандыру ақпараттық технологияларды оқыту құралы ретінде пайдалану тұрғысынан, АКТ-құзыреттілік – мамандардың кәсіби құзыреттілігінің басым құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Мұғалімдердің АКТ-құзыреттілік деңгейін арттыру мәселесінің өзектілігі қазіргі заманғы білім беру кеңістігін ақпараттандыру және білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді енгізілу қажеттілігімен негізделген. Оқытушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша құзыреттілігі және білім беру процесінде АКТ қолдану компьютердің пайда болуымен, оны күнделікті өмірде де, білімнің модернизациялау аясында білім беру процесінде де қолданумен байланысты. Осыған байланысты мұғалімге қойылатын талаптар өзгерді, ол АКТ–сауатты болуы керек.

Педагогикалық әдебиеттерде құзырет және құзыреттілік ұғымдарына келесі түсіндірмелерді айтуға болады:

Құзырет - бұл адамның жалпыланған және қалыптасқан қасиеттері, оның алған білімі мен дағдыларын барынша әмбебап пайдалану және қолдану қабілеті болып табылады. Сонымен қатар, субъектінің өзгеретін жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік беретін білім, білік пен дағдылардың жиынтығы, осы жағдайларда әрекет ету және өмір сүру қабілеті [1].

Құзыреттілік - белгілі бір пәндік салада белгілі бір әрекетті орындау үшін қажет адамның арнайы қабілеті, оның ішінде жоғары мамандандырылған білім, дағдылар, ойлау тәсілдері және олардың әрекеттері үшін жауап беруге дайын болу қасиеті [2].

АКТ құзыреттілік - бұл маманның белгілі бір кәсіби қызметті орындау барысында өзінің ақпараттық өнімін құру мүмкіндігі. Мысалы, мұғалім АКТ дағдыларын қолдана отырып, белгілі бір тақырып бойынша эксперименттің компьютерлік моделін жасайды және т.б.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі жоғары оқу орындарының мақсаты болашақ мұғалімдердің АКТ-ны пайдаланудағы кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Өз жұмысын жоспарлай білетін, сапалы білім алған, кәсіби маман иелері арқасында еліміздің бүкіл әлемдік аренадағы әлеуметтік жағдайын байқауға болады.

Ақпараттық технологияларды білім беру саласына пайдалану үшін алдымен сандық білім беру ресурстарын түсініп, оны оқу үдерісінде қолданудың алғышарттарына тоқтала кету қажет.

Сандық білім беру ресурстары - сандық формада ұсынылған сурет, видеобейнелер, дыбыс жазбалар, аудиокітаптар, графикалық және картографиялық материалдар, виртуалды және интербелсенді объектілер және оқу үрдісіне қажетті басқа да оқу материалдарын айтамыз.

Сандық білім беру ресурстардың мазмұны әр пәннің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес болуы қажет. Яғни, бұл жағдайда электрондық оқыту – оқыту әдісінің дәстүрлі жүйесімен кірігуін білдіреді және оқытушының түсіндіруін, оқушының оқулықпен жұмыс істеуін, олардың жауаптарын электрондық нұсқада жүргізілуін қамтамасыз етеді. Атап өткен әрекеттер іске асырылу үшін, сандық технологиялардың білім беру саласындағы мүмкіндіктерін қарастыруымыз керек. Сандық технологияларға жүйені автоматтандыру, жасанды интеллект, мәліметтер қоры, бұлтты технологиялар, робототехника, мультимедиялық бағдарламалар мен құрылғылар, виртуалды және интерактивті объектілер т.б. жатады. Аталған салалардың үнемі дамып отыруы, еліміздің тікелей экономикасының қарқынды дамуына мол әсерін тигізеді. Яғни, сандық теххнологиялар қоғамның барлық саласын түгелімен қамтып отыр. Осы мүмкіндіктер педагог-маман иелеріне жаңа талаптар мен шарттар қоятыны анық.

АКТ-құзыреттілік терминіне бірқатар ғалымдар түсініктемелер келтірген, Олар:

– В. Ф. Бурмакина: «АКТ-құзыреттілік – бұл оқу, білім беру және басқа да қызметтерде туындайтын мәселелерді шешу үшін АКТ-сауаттылық дағдыларының барлық құраушыларын сенімді меңгеру».

– А. А. Елизаров: «АКТ-құзыреттілік – бұл білім, білік және тәжірибе жиынтығы және дәл осы тәжірибенің болуы кәсіби функцияларды орындауға қатысты шешуші болып табылады».

– О. Н. Шилова және М. Б. Лебедева: «АКТ-құзыреттілік – дегеніміз жеке тұлғаның ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу барысында, тұрмыстық жағдайда немесе кәсіби жағдайдағы міндеттерді шешу қабілеті».

– Л. Н. Горбунова және А. М. Семибратов: «АКТ-құзыреттілік – бұл мұғалімнің кәсіби қызметінде осы технологияларды өз бетінше және жауапкершілікпен пайдалануға дайындығы мен қабілеті".

Негізінде, АКТ-құзыреттілік жоғарыда айтылған барлық терминдерді қамтиды, себебі осы саладағы сауаттылық – бұл жеке компьютерлер, бағдарламалық өнімдер, олардың мүмкіндіктері мен функциялары, қажетті батырмаларды басу мүмкіндіктері, компьютерлік желілердің бар екендігі туралы білім, АКТ- құзыреттілігі бұл педагогикалық қызметте ақпараттық құралдарды тиімді пайдалану және қолдану.

Алдағы уақытта АКТ-құзыреттілігі терминін компьютерлік сауаттылық, ақпараттық мәдениет, ақпараттық коммуникациялық құзыреттілік және ақпараттық сауатталық секілді терминдерден айырмашылығына назар аударатын боламыз.

Бүгінгі таңда АКТ-құзыреттілікке қарағанда мұғалімдердің сандық сауаттылығы жайлы көбірек айтылып жүр. Мұндағы сандық сауаттылық дегеніміз – бұл сандық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығы. Сандық сауаттылықтың негізгі аспектілеріне сандық тұтыну (мобильді және стационарлық интернетті, Интернет-БАҚ-ты, әлеуметтік желілерді, мемлекеттік қызметтерді, телемедицинаны және бұлтты технологияларды белсенді пайдалану), сандық құзыреттер (ақпаратты іздеу, сандық құрылғыларды пайдалану, әлеуметтік желілердің функционалы, қаржылық операцияларды және интернет-сатып алуды жүргізу және мультимедиялық контентті өндіру дағдылары мен іскерліктері) және сандық қауіпсіздік (жеке деректерді қорғауды қамтамасыз ету, сенімді құпия сөздерді пайдалану, заңды мазмұн және ақпаратты сақтау) жатады.

Білім, дағды және біліктіліктің қалыптасуы маманды құзіретті тұлға ретінде сипаттайды. Мысалы, М.Л. Митиннің еңбегінде «Педагогикалық құзіреттілік» деп – пәннің мазмұнын білу, сабақ берудің әдістерін меңгеру біліктілігі, педагогикалық қарым-қатынастың әдістерін меңгеру, оның мәдениеттілігі, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіру жолдары мен құралдары болып табылады. Педагогикалық құзіреттілік психологиялық-педагогикалық құрылымда үш бөлімді анықтауға мүмкіндік береді: іскерлік; коммуникативтілік; жеке тұлғалық.

Қорытындылай кетсек, құзіреттілік маманның кәсіби қызметінен көрініс табады. Құзіреттілік - маманның кәсіби саласы бойынша туындаған мәселелерді ұтымды шешу тәсілдерін арттыруға мімкіндік беретін жиынтық десек болады. Біздің ойымызша, құзіреттілік маманның өзін-өзі көрсете алу қабілеті және өзін-өзі тану мәдениеті. Маман иесі өзін-өзі дамыта отырып, аз да болса жаңа туынды жасайды және шешім қабылдауда өз әрекетіне деген жауапкершілігі нығаяды. Яғни, маман иесі өз бойындағы құндылықтарын дамыту арқылы алға қойған мақсатына жетеді. Маман иесінің білімі мен біліктілігі оның құндылығы болып табылады. Сонымен қатар, білімнің негізгі

мәні – құзіреттілікте, оның ішінде жалпы мәдени құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, коммуникативті құзіреттілік, әлеуметтік және еңбек құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілік, жеке тұлға ретіндегі өзін-өзі жетілдіру құзіреттілігі ерекше мәнге ие.

Әдебиеттер

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F.
2. *Гарфинкель Г.* Концепция и экспериментальные исследования «доверия» как условия стабильных согласованных действий / Пер. с англ. А. М. Корбута. — Социологическое обозрение, 2009. — Т. 8. — № 1. — С. 3—25.

ӘОЖ 371.134

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Мырзахметова Баян Шалатаевна, т.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, п.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Салменова Фатима Дауренбайқызы, магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме. В статье рассматриваются применение современной информационной технологии, smart-сервиса Kahoot в обучении.

Summary. The article discusses the use of modern information technology, smart-service Kahoot in training.

Бүгінгі таңда қоғамдағы әрбір мамандық иесі өз саласында ақпараттық, коммуникациялық және сандық технологияларды қолдана білуі шарт. Ал болашақ педагог-мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары қоғам дамуына тікелей ықпал ететіні белгілі. Осыған байланысты білім беру жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды қолдану жүзеге асырылуда. Білім саласында қызмет ететін әрбір оқытушы бағдарламалау саласынан маман болу міндетті емес, бірақ оларға бағдарламалаудың негізі түсінігі мен бағдарламашы еңбегінің мәнін түсіне білу міндеттеледі. Демек, оқытушы оқушымен байланысқа түсу үшін қазіргі заманғы әдістемелер мен заманауи білім беру технологияларын, ақпараттық және сандық білім беру ресурстарын меңгеруі және оны өз саласында қолдануы тиіс. Сондықтан оқу үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану дәстүрлі сабақты жандандырып, оған өзгешелік енгізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылықтарын дамыта отырып, шығармашылық қабілеттерін арттырады және оқыту сапасын жақсартады.

Ақпарат (лат. informatio - түсіндіру, мазмұндау) ұғымы күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы

алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты. Көп адам бұл жайлы Білім дәуірі немесе білім қоғамы тудырған Ақпарат дәуірі туралы айта бастады; ақпараттық қоғам, ақпараттық технологиялар, тіпті информатика, ақпарат ғылымы және компьютер ғылымы назарға көп түсуде, ал “ақпарат” сөзі білдіре бастаған мағыналары ұқыпсыз пайдаланылуда [1].

Ақпарат технологиясы дегеніміз компьютерді және телекоммуникациялық жабдықтарды деректерді сақтау, шығару, тасымалдау және өзгертуге арналған технология [2].

«Ақпараттық технологиялар» термині 1958 жылы Гарвард Бизнес шолуында алғаш рет пайда болды; Гарольд Дж.Я. Либет және Томас Л. Висслер былай деп жазды: «Жаңа технология әлі де басқарылмайды. Біз ақпараттық технологиясы (IT) деп атаймыз.” Анықтамасы үш санатты қамтиды: өңдеу әдістері, шешімдерді енгізу және модельдеудің статистикалық және математикалық әдістері, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етудің жоғарғы тәртібін енгізу.

Ақпараттық технологиялардың заманауи құралдарын дамыту ашық және қашықтықтан білім беру технологияларын жаңа деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, осы мақсаттар үшін әр түрлі типтегі ақпаратты ұсынуға және өңдеуге мүмкіндік беретін ең прогрессивті техникалық инновациялар қолданылады. Оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі бағдарламалық оқытудың тұжырымдамасы негізінде пайда болғаны белгілі. Ол оқытуды дараландырудағы мүмкіндіктерді ұлғайту мен жетілдірудегі жаңа технологиялық құрал ретінде қарастырылды. Мұнда оқытуда қолданылатын ақпараттардың көрнекі түрде жеткізу мүмкіндіктері кеңейді, сол арқылы оқушылардың білім алуға деген қызығушылық дәрежесі артты. Сонымен қатар компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктерін әртүрлі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды модельдеуде пайдаланды. Дәстүрлі оқыту жүйесінде осындай қуаты күшті оқыту құралы болмаған еді. Бірақ, заман талабына сай қазіргі уақытта заманауи бағдарлама көмегімен оқыту пәннің мазмұнына сәйкес оқыту әсерін жасауды бағдарламалық қамсыздандырумен шектелуде. Ашық білім беру саласына ене бастаған анағұрлым заманауи ақпараттық технология құралдарының бірі әр түрлі үлгілеу құралдары және жұмысы виртуалды шындық деген атауға ие болған технологияларға негізделген құралдар болып табылады. Виртуалды объектілер мен үрдістерге шынайы өмірде бар, сондай-ақ қиялдан ойлап табылған объектілердің немесе үрдістердің электронды үлгілері жатады. Виртуалды сөзі қағаз және өзге де материалдық тасымалдағыштарда ұсынылған білім беру және басқа да объектілердің электронды теңдестерінің сипаттамаларын айқындау үшін қолданылады. Бұдан басқа, бұл ұғым электронды үлгі-теңдестермен жұмыс кезінде шынайы кеңістік метафорасын жалғастыратын, мультимедиалық технологияларға негізделген интерфейстің бар екендігін білдіреді. Виртуалды

шындық бағдарламалар қатарына жататын ақпараттық технология құралдары тек дыбыстық және кеңістікті көру ақпаратын ғана емес, сонымен қатар денемен сезуге болатын ақпаратты да ұсынады және оқушылардың шынайы уақытта стереоскопиялық көрінетін экрандық әлемге кіруі мен сонда болу елесін, қолданушының осы әлемнің объектілеріне қатысты орналасу елесін тудырады. Виртуалды шындық жүйесі қолданушы осы әлемді тікелей сенсорлы қабылдауы үшін, ондағы объектілерді тікелей басқаруға болатын үш өлшемді үлгі әлеміне енгізетін жаңа сапалы типтегі адами-машиналық интерфейстен құралады. Ақпараттық технология құралдары – виртуалды шындық жүйелері оқушының тек көру мен сөйлеу жүйелерінің ғана емес, сондай-ақ оның басқа да сенсорлы-перцептивті (есту, сезу және тіпті иісті сезу) жүйелеріне де интерфейс болып табылады.

Оқу үдерісінде виртуалды объектілер, smart және сандық білім беру технологияларын, мобильді қосымшаларды оқу үдерісінде қолдану кеңінен таралуда және онлайн тестілеу формасы енгізілуде. Онлайн тест құруға арналған бірнеше баңдарламалар бар, солардың бірі Kahoot smart-сервисінің мүмкіндіктеріне кеңірек тоқталамыз.

Kahoot smart-сервисі 2006 жылы Норвегия ғылым және технология университетінің магистранты Мортен Версвик және профессор Альф Инг Ван жүргізген зерттеуге негізделіп әзірленген, яғни оның «Ұялы телефондарды пайдалана отырып үлкен экран арқылы ойын концепциясын құру» атты магистрлік диссертациялық жұмысының жемісі. Одан бөлек жүйені құрастыруға оның командасы Осмунд Фурусет, Мартин Квернстуэн, Джеймс Миклетвейт, Карла Карсенцуола, Шон д'Арси, Крейг Нарвесон ат салысқан.

Kahoot smart-сервисінің жұмысы 6 айттан тұрады:

- *create.kahoot.it* –мұғалім үшін тест құруына арналған сайт;
- *play.kahoot.it* – мұғалім үшін тесті іске қосатын сайт;
- *kahoot.it* – сандық құрылғылар көмегімен оқушыларды kahoot-қа кіргізетін сайт;
- *test.kahoot.it* – құрылғының интернетке қосылу сапасының деңгейін тестілейтін сайт;
- *media.kahoot.it* – сервистің медиа-файлдармен жұмыс жасауына арналған сайт;
- *getkahoot.com* – пайдаланушыларды қолдауға арналған қосымша сайт.

Kahoot цифрлық smart-сервисінде жұмыс жасау үшін оқытушы https://create.kahoot.it/register сайтына тіркеледі. Ары қарай сұхбат терезеде шыққан әрекеттерді орындайды.

Kahoot жүйесі негізінен ағылшын және орыс тілдерінде кеңінен қолданылып келген, қазіргі таңда қазақ тілінде де тапсырмалар әзірлеу мүмкіндігі пайда болды. Алдын ала дайындалған тапсырмаларды компьютерлерден немесе смартфоннан оқушылар автоматты түрде жасалатын ойын кодын енгізіп, kahoot.it сілтемесіне кіріп оқушылар өз атын енгізеді. Барлық оқушылар өз атымен аталатын бақылау жүйесіне кірген кезде мұғалім

«Бастау» деген батырманы басу арқылы тестік тапсырманы іске қосады. Сұрақтар мен сұрақтарға жауаптар интербелсенді тақтада пайда болады, ал оқушылар ұялы телефондардан немесе компьютерлерден түрлі-түсті фигураларды таңдау арқылы жауаптарын белгілейді. Нәтижесі тестік бақылау аяқталған мезетте экранға шығарылады.

Kahoot smart-сервисі оқу жылындағы барлық материалдарды толық қамтып, білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын құруға, сұрақ-жауап, білім марафонын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл smart-сервисті пайдалану өте ыңғайлы және тегін. Kahoot smart-сервисі оқытушы мен оқушының арасында интербелсенді байланыс орнату үшін әзірленген. Kahoot smart-сервисімен өткен материалды қайталау және сабақты қорытындылау кезеңінде қолданған тиімді. Kahoot бағдарламасы арқылы оқытушы лекциялық немесе практикалық сабақтарда оқушылардың, студенттердің білім деңгейін тексеріп, ұпайлық жүйе арқылы бағалай алады. Kahoot-та жасалған тапсырмалар фотосуреттерді және бейнефайлдарды қосуға мүмкіндік береді.

Kahoot тест құру жүйесі білім алушының ойлау қабілетін дамытып қана коймай, пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Оқытушы тестті экран бетіне шығарады, ал білім алушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын компьютер, планшет, смартфон ұялы байланыс телефондары арқылы белгілейді. Ол үшін білім алушылар мұғалім айтқан арнайы PIN-код, яғни құпия санды енгізулері қажет. Сұрақ экранда пайда болған кезде, әуен ойнай бастайды. Әр сұрақ үшін әр түрлі әуен ойнатылып, жауап беру уақыты шектелгенін еске түсіретін дыбыс естіледі. Оқушылар сұрақтарға жылдам жауап берсе, көп ұпай жинай алады. Бұл жүйе арқылы оқытушы әрбір оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғандығын, сондай-ақ барлық ұжымның үлгерім кестесін және диаграммасын, жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік алады.

Kahoot-тың артықшылығы: ол әрбір сынып үшін өте қызықты викториналық сұрақтар жасауға мүмкіндік береді; тапсырмалар құрастыру уақыты шектеусіз және тегін.

Kahoot-тің тағы бір ерекшелігі - бұл оқытушыларға уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін тестілерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі болып табылады.

Сонымен қатар оқытушы білім алушыларға ұпайлық шкала бойынша тесті және тестің тақырыпқа, материалға сәйкестігін бағалауға, өз сезімдерін білдіруге ұсыныс білдіре алады. Орта және жоғары білім беретін ұйымдарда бағалау жүйесіндегі тиімділігі маңызды көрсеткіштердің бірі білім беру әрекеттерінің қалай қызмет ететінін, даму жағдайын, білім алушыға, оның нәтижесіне әсер етуін көрсететін білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі болып табылады. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы құрылуы білім беру сапасын арттырудың шама деңгейіне соншалықты байланысты. Kahoot сандық smart-сервисін қолдану арқылы білім алушылармен жұмыс жасау өте қолайлы, әрі тиімді. Оқытушы заман талабына сай заманауи ресурсты пайдаланып тестілеу жүйесін меңгере

алады және оқушымен тығыз байланыста болады. Мұғалім мен білім алушылардың арасындағы кері байланыс қамтамасыз етіледі, сервисті оқушылар ойын түрінде қабылдап, ойында жеңімпаз болу үшін тақырыпты жетік меңгереді және сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі, оқу жетістігі дамиды.

Әдебиеттер

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.

2. Daintith, John, ed. (2009), "IT", A Dictionary of Physics, Oxford University Press, retrieved 1 тамыз 2012.

МАЗМҰНЫ

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы АЛҒЫ СӨЗ.....	3

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы ПРОФЕССОР БАЙТАНАЕВ - ҚҰНАНБАЙ ОБРАЗЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ.....	4
Абдыханов У. К. ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ – БЕСЦЕННО.....	10
Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. Әбіш Байтанаев – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазудағы шеберлігін зерттеуші ғалым.....	15
Байтанаева-Молдалиева Д.Ә., Полатова М.Х. ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕДЕЛДЕТІП ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ.....	21
Байтанаева-Молдалиева Д.Ә., Полатова М.Х.,ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ МӘТІНМЕН ЖҰРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ.....	27
Молдалы Ж.Ө., Пазилова С. САТТАР ЕРУБАЕВ ЖӘНЕ МЕНІҢ ҮЛКЕН ӘЖЕМ.....	32

Темирбекова Г.А.
СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РУССКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ: КОМПОНЕНТНО-СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ..... 36

Темирбекова Г.А.
ПРИЕМЫ АКТИВИЗАЦИИ СЛОВАРНОЙ РАБОТЫ В КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ..... 40

Молдалы Жасмина, Пазилова Сулушаш Жалгасовна
ЖАМБЫЛ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 43

Белякова Т.В.
ЗАИМСТВОВАННАЯ ЛЕКСИКА И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ…… 45

Нарожная В.Д.
СПЕЦИФИКА ПЕРЕДАЧИ НА РУССКИЙ ЯЗЫК ВОКАТИВОВ-ОБРАЩЕНИЙ В РОМАНЕ М.О. АУЭЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»..... 50

Тунгышбаева З.А.
ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА..... 56

Битас Кенжекүл Сапарқызы
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК УСЛОВИЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ..... 58

Елубаева С.Е.
ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИЧЕСКОГО СИНТАКСИСА В РАССКАЗЕ «Я И ТЫ ПОД ПЕРСИКОВЫМИ ОБЛАКАМИ» Д. РУБИНОЙ..... 63

Сарсенбек Ж.Г.
ЭКСПРЕССИВНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПУНКТУАЦИИ В ПРОЗЕ ЛЮДМИЛЫ УЛИЦКОЙ..... 68

Беркінбай А.К., Балкыбекова С.Ж., Абдукаримова А.А.
ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУДИОКІТАПТЫ ПАЙДАЛАНУ..... 73

Ибрагимова Т.А., Жекебаева Р.Д.
THE BUSINESS DISCOURSE IN MODERN LINGUISTICS..... 78

Құрбанов А.Г., Асан Н.Б.
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕР («Диуани лұғат-ат түрк» еңбегіндегі кісі есімдері)..... 81

Құрбанов А.Г. Ф.ғ.к., доцент., Кәрібек Анель
ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫ МЕН БҮГІНГІ КҮНГІ ТАЛАПТАР..... 89

Пазылова А.С., Тәкір Г.Ж.

КӨП КОМПОНЕНТТІ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 93
Пазылова А.С., Тәкір Г.Ж.
КӨП БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР..... 96
Маханова Г.Б.
ВОСТОЧНЫЙ КОЛОРИТ В ТВОРЧЕСТВЕ ПОЭТОВ СЕРЕБРЯНОГО ВЕКА..... 100
Пазылова А.С. , Турдикулова С.С.
БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛІ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНГЕН СӨЙЛЕМДЕР 105
Пазылова А.С., Турдикулова С.С.
КҮРДЕЛЕНГЕН СӨЙЛЕМДЕР ТАБИҒАТЫ..... 109
Дуйсенбаева Райхан Сейтханқызы
ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ ОРТАҚТЫҒЫНА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ..... 113
G.I. Abramova , A.K. Dildabekova
ISSUES OF CLASSIFICATION OF TRANSLATION DEFORMATIONS 118
A.K.Dildabekova, A.A.Dauletova , G.F.Sultanova
DEFORMATION AS A TRANSLATION STRATEGY 123
Zh. Turarova, M.M. Duisenova
THE WAY OF USING MOVIES IN TEACHING ENGLISH AS A FOREIGN LANGUAGE..... 128
М.Адайбекова, Р.Б.Кажиакбарова
М.МАҚАТАЕВТЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ..... 132
Н.А.Балқыбек, Р.Б.Кажиакбарова
АҢЫЗ ЖӘНЕ ӘПСАНА-ХИКАЯТ, ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ..... 137
Мүсір Арайлым, Р.Б.Кажиакбарова
Ә.ӘЛІМЖАНОВТЫҢ «МАХАМБЕТТІҢ ЖЕБЕСІ» РОМАНЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ..... 141
Каршибаев Иззат
М.БАЙҒҰТ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АНАЛИТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 146
Абдигаппарова Г.Д.
К ВОПРОСУ О ЖАНРАХ ПУБЛИЦИСТИКИ 150
Дилдабекова А.К., Абрамова Г.И., Мусабекова А.А.
THE INFORMATION ROLE OF THE LANGUAGE RESOURCES 155
Назарова Әйгерім Нарманқызы, Жолымова Света Камалқызы
ӨЗГЕ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ..... 162
Zhumagaliyeva G., G.I. Abramova
LITERARY STYLE OF CHARLES DICKENS'S NOVELS..... 166
Zhumagaliyeva G., G.I. Abramova
TO THE PROBLEM OF USING LITERALLY ALLUSION IN THE NOVELS BY CHARLES DICKENS..... 172
Ниетбай К.А.
ОБУЧЕНИЕ ПИСЬМЕННОЙ ДЕЛОВОЙ КОММУНИКАЦИИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «РУССКИЙ ЯЗЫК»..... 176
Г. Т. Мамбетова, О.А. Стычева
РОЛЬ И НАЗНАЧЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ..... 182
Мынбаева А.П. Нәлжігіт А.
ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ..... 187
А.П.Мыңбаева, Э.Е.Алдаберген
ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІГІ 193
Мамыт А.А., Қуанбаева Ж.С.
ЭПОС СЮЖЕТТЕРІНДЕГІ ҒАЖАЙЫП ТУУ САРЫНЫ..... 196

Үкібасова Қ.А., Пірмаханова А.Е.
ШЕГАРА ТІРКЕСТЕР..... 201
Беркінбай А.К., Мейірбек Н.Қ., Гусейнова М.
ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННАЯ ИНФРАСТРУКТУРА ВУЗА В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ..... 206
Мырзабекова С. Б.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ..... 209
Сайдазимова Х. С.
ӨЗБЕК ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ..... 213
Халкназарова Ш.Д.
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ ТУЫСТАСТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ 218
Якубова Г. Э.
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... **222**
Конкабаева Г.Б.
ЛИНГВОМЕНТАЛЬНАЯ СТРУКТУРА КОНЦЕПТА «БАТЫР» В ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ..... 226
Алтынбеков Қ.С., Амангелдиева Б.Д.
АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕ НӘЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ..... 230
Алтынбеков Қ.С., Дошан Ұ.Т.
АБАЙ СЫНШЫЛДЫҒЫНЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ 234
Алтынбеков Қ.С., Әбдіғали М.С.
ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫР МЕН ХХ ҒАСЫР БАСЫНДА ЖАРИЯЛАНУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ..... 237
Омар Б.Қ., Қалымбет Ж
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МОРФЕМА ҰҒЫМЫ:КӨЗҚАРАСТАР МЕН ОЙ- ПІКІРЛЕР..... 242
Мукашева А.М., Мухтанова А.
ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ АРАСЫНДАҒЫ ОЙ САБАҚТАСТЫҒЫ..... 246
Киясова К.К., Абилова М.А., Карабай А.
ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ 250
Омаров Т.Қ., Абдуманап Д.
ЖАЗУШЫ, ҒАЛЫМ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТІҢ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ..... 253
Омаров Т.Қ. Жапарбекова А.А.
«ҚАСІРЕТ КЕШКЕН ДҮНИЕ» НЕМЕСЕ ЖӘЛЕЛ КЕТТЕБЕКТІҢ АҚЫНДЫҒЫ **.....** 258
G. Mirzatay, G.I. Abramova
PHRASEOLOGICAL UNITS AS AN OBJECT OF linguistic RESEARCH..... 264
G. Mirzatay, G.I. Abramova
PHRASEOLOGISMS AS A REFLECTION OF NATIONAL LANGUAGE CONSCIOUSNESS..... 268
Аблаева Гульнур Биллаевна
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА РЕФЛЕКСИЯ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ..... 271
Таукебаева Р.Б.
О ФУНКЦИОНАЛЬНОМ ЗНАЧЕНИИ АНГЛИЙСКИХ АРТИКЛЕЙ В ТЕКСТЕ..... 275
Бегалиева Р.Н., Байырбекова Л.М.
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ..... 278
Пошаев Д.Қ., Байбатшаева А.Е., Ұзахова А.С.
ОҢТҮСТІК ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ДИДАКТЫ
(Әбу Насыр мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн әл-Фараби, әт-Түрки (870-950) 287

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ: ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТ

Әсен З.Ш., Сыдықова З.Е., Сәбденова Ә.С.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІН ҒЫЛЫМИ ШЕШУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ..... 288
Сартбаева У.К., Битұрсын Ғ.Ш. Сапаров Э.
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕДЕ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОРНЫ..... 291
Бердыбекова А.Л, Әліқұлова Аяулым
БАСҚАРУ ІСІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ..... 296
Саймбетова Ж.Т., Қасмырзаев Б.Н., Орал Е.Қ.
БОЛАШАҚ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ 301
Л.С. Канаева, А.К. Калжанова
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПРОЕКТИРОВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА 306
Керімбаева К.З., Қыстаубаев Е.И., Избан Н.А., Болат С.Қ.
VI В ТОПША ЭЛЕМЕНТТЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ 310
Бегдаулетова Қ.Д., Кемелбеков Қ.Б.
ҰЛТ ТАЛҒАМЫНЫҢ ТАМЫРЫ ХАЛЫҚТЫҚ БОЛМЫСТА..... 314
Мамыт А.А., Қуанбаева Ж.С.
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР..... 319
Асанов Е.Ә., Есмаханова О.Ш., Джаймаев А.Р.
БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 323
Таджибаев Ш. Д.
АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МІНДЕТ..... 328
Марина Г.А.
ТРОН И КОРОНА КАК СИМВОЛЫ ВЛАСТИ..... 331
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы
МАХМҰД ҚАШҚАРИДІҢ «ДИУАН ЛУҒАТ АТ -ТУРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ САЯСИ БИЛІК ПЕН БИЛІК ИЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ДЕРЕКТЕР..... 336
Muratova M.A.
THE ESSENCE OF GLOBALIZATION, PURPOSE AND DIRECTION..... 341
Байназарова Б.А.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 344
Агулыкова У.А.
ИСТОКИ ПОЧИТАНИЯ ХЛЕБА –ТРАДИЦИИ И ПОВЕРЬЯ..... 349
Утеева Н., Абдураманова Айнур Мубараковна
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ..... 354
Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, Темірхан Бағдаулет Әмірханұлы, Кенжетай Айман Үсенқызы
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР 358
Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, Қанай Ботагөз Нұрғалиқызы, Кенжетай Шолпан Үсенқызы
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ 361
Мырзахметова Баян Шалатаевна, Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна, Салменова Фатима Дауренбайқызы
ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ 365